

# Сүйіндік ЖАҢЫСБАЙ



ЗХІЖАН БЕКЕҢХАН  
ЖАҚЫН АҚБАЕВ  
ЗХІЖАН ЕРМЕКОВ

**АҚТОҒАЙ**  
**— арыстар мекені**

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

**АҚТОҒАЙ –  
арыстар мекені**

Қараганды, 2015 ж.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 қаз)

Ж 26

## Ж 26 ЖАНЫСБАЙ

«Ақтогай – арыстар мекені». Портреттер, сұхбаттар, әзілдер, өлеңдер. Қарағанды: «Tengri Ltd» басы. 2015 ж. 292 бет

**ISBN 978-601-7814-16-8**

Бұл кітапқа қарымды қаламғер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мәдениет қайраткери Сүйіндік Жанысбай әр жылдары Арқаның Ақтогайы және осы өнірдің тумалары туралы жазған портреттерін, сұхбаттарын, дуалы ауыз айтқыштардың әзілдерін, өлеңдерін және «Қызы-Балқаш пен Тоқырауын» аңыз-балладасын топтастырган.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған. Тілі жеңіл, қызықты оқылады.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 қаз)

**ISBN 978-601-7814-16-8**

© Жанысбай С. 2015 ж.



## АҚТОҒАЙ – АРЫСТАР МЕКЕНІ

### Сөз басы

Арқа өніріндегі Ақтогай жері ежелден киелі топырағымен әйгілі болған. Сол Ақтогай жерінде Алаштың көсемдері, қол бастаунылары Әлихан Бекейхановтың, Жақып Ақбаевтың, Әлімхан Ермековтің дүниеге келуі сонын бір дәлелі.

Міне, бұғын сол арыстар армандаған күн туып, егеменді ел болдық. Өткен тарихымызды саралап, қайта таразылаپ, арманда кеткен арыстарымызды жарыққа шығаруға қол жетті. Ұзақ жылдар бойы аттарын батыл айта алмай келген зиялыштарымыз Алаш партиясының, тұнғыш қазақ елінің Алашорда үкіметінің басшысы, елі мен жерінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін курескен Алаштың көсемі Әлихан Бекейханов, Ұлт азаттық қозғалысының көш басшылары қазақ халқынан шыққан тұнғыш заң магистрі Жақып Ақбаев пен математика саласында тұнғыш профессор Әлімхан Ермеков ортамызға оралды. Зұлмат, зобалаң жылдардың құрбаны болған аяулы арыстарымызды кейінгі үрпақтары есте қалдыруды мақсат етін, аудан орталығында әкімшілік үйінің алдындағы үлкен алаңға мәуелеген, биік еңселі ескерткіш орнатты.

Бұрын бұл алаңда Қызыл коммунистердің көсемі В.И.Лениннің ескерткіші түрган болатын. Заманың талағына сай осыдан екі-үш жыл бұрын тас тұғырдан жұлынған

Ильичтің орнын Алаш көсемдері басты. Ескерткішті жасаған мұсінші, белгілі суреткер Жаубасар Қалиев.



*Уш арыстың ескерткішін ашу кезінде лентаны облыстық мәслихаттың хатиысы Сұлтан Досмагамбетов пен аудан әкімі Толеуғасан Ахметбеков қиды.*

Еңселі биік тұғырдың үстінен үш арыстың белуардан жоғары бейнесі қойылған. Оргада қолын төсіне басқан, қияқ мұртты, қыран көзді Әлихан. Оның он жағында бір уыс қағазды шиырышықташ ұстаган Жақып, сол жағында жігері жалын атқан Әлімхан. Үшеуінің де отты жанарлары алысқа тігілген. Сірә, олар бүгінді күнді, болашақ егеменді елдің өмірінің қандай болатынын көз алдарына келтірін, қыырдан көрін түрган болар.

Осы ескерткіштің ашылу салтанатына халық өте көп жиналды. Бүкіл актогайлықтар:

«Төріме кеп тектілерім тұғырлы,

Өнікен жаңып, өлгеніміз тірілді», – деп тұргандай.

Олардың жанаарлары нұр шашып, көңілдерінде қуаныш күйі күмбірлейді. Сірә, қуаныштан болар, көзіне мөлтілдеп жас толтыргандар да бар. Өйткөш, Ақтоғай жерінде үш арыстың тұғандары мен туыстары бірталай. Олардың барлығы да осындағы қыын-қыстау кезенде қаржы тауып, той жасап, арыстарын ұмытпай ескерткіш орнатуға мұрындық болыш отырған аудан әкімі Төлеужан Ахметбековке, аудандық Мәслихаттың хатшысы Махмұт Жарылғапқа шын жүректен алғыстарын білдіруде.

### **«Бұлар – дара құбылыш»**

- деді өз сөзінде аудан әкімі Төлеужан Ахметбеков. - Кейінгі жылдары Ақтоғайды «Алаш арыстарының мекені» деп ашық айттар күнге де жеттік. Оның дәлелі Алаш ұранды қазақтың мақтанышы, ұлттымыздың тәуелсіздігі жолындағы күрестің көсемдері болған үш арыстың еңсөлі ескерткіш бой көтеріп отыр.


Ежелден ерлеріш дәрілтеп, батырын құрметтеп, сал-серісін үкілеп ұстаған халқымыздың мәрттігі мен елдігі тағы бір қырынан танылды. «Оян, қазак!» деп Алаштың аяулысы Міржакып Дулатов жалпақ даалаға жар салса, Әлімхан сынды боздақтар Алаштың бірлігін сақтап, қазақ атты ұлттың, ұлы халықтың салты мен дәстүрін, тілі мен рухының жоғалып кетпеуін көксеп, Алаш туын жоғары кетерді. Алаш жұртының тұғыры таймауын, бірлігінің ыдырамауын мақсат етті. Өздерінің алған білімін, ой-қабілетін, қажыр-қайратын халқының болашағы үшін сарп етті. Елден жырақта жүрсе де жүрек түкпірінде еліне, ағайын-туыска, ата жұртына деген сағыныш қоздап, ет бауыры елжіреген.

Алаштың қара шаңырағын көтеріп, туын тіктірген Әлихан Бекейханов асыл ер, қазақтың XX ғасыр басындағы интелилигенициясының атасы десек, профессор Әлімхан Ермеков Алапорданың вице-премьері, саяси салиқалы тұлғасында

ғаламдық сананың бар маржанын тізіп қосқан тектілік пен біліктіліктің, ұлылықтың сом туғасы. Ж.Ақбаев мырза – Алаштың бас прокуроры, заң магистрі, қалың қазақ арасынан зобалаң күнде қарангырық көгіне өрмелеп шығатын күндей дара құбылыс.

Алты Алаштың мандайына сыймаған алыптарын алты ауыз сөздің аясына сыйғызу мүмкін емес. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді бабалардан қалған асыл сез. Шындығында да зобалаң, зұлмат жылдардың құрбаны болып, жазықсыз жазаланған аяулы арыстарымыздың рухын аспандатып, есімдерін қайта бір жаңғыру артындағы үрпақтарына сын.

Өткен жылы ел Президентінің Жарлығына сәйкес құғын-сүргін құрбандарын еске алу және қоғамдық татулық жылы болып жарияланды. Бұл жылы біз аудан орталығында жазықсыз жазаланған агалар аруағын жаңғыртып, обелиск тақта аштық. Биыл асылдарымызды, аймандай арыстарымызды еске ала отырып, өткен жылдан бастап тек Ақтогайға ғана емес, Алты Алаштың да жарық жүлдізы болып туып, мандайымызға сыймай кеткен үш арысымызға үлкен ескерткіш қойдық. Бүгінгі үш арыстың бейнесін мәңгі тұғырға қойып, құрмет көрсетуіміз бабалар алдындағы үлкен парызымыздың бір ғана парасы.



Ұнарысымыздың бүкілой-арманы тәуелсіздіктің арқасында орындалды. Алаш жұрты босағасының беріктігі, іргесінің мықтылығы жолындағы көкбайрагын тік ұстап, Орта Азияның барысына айналуы жолына қадам басты. Осылайша Ақтогай халқы да жаңа баспалдақ, жаңа қадамдарын жалғастыра отырып, ұлы перзенттеріне тағзым етін, құрмет көрсетуде. Міне, бүгінгі халықтың

бас қосуында шапағаты шалқыған ардакты агаларымыздың ескерткішінің ашылуы өткен жылғы ел іргесінің кенейіп,

ауданның қайта құрылғанын атап өтуғе тұспа-тұс келуі нүр үстіне нүр құюда. Мұны жақсы ырым, ниет пен пейілдің түзулігі арыстар арманында адалдықтың тұнған ізі деп жорыған дұрыс.

Облыс әкімінің орынбасары Қайролла Қабжанов ескерткіштің ашылуын

### **«Айтулы оқиға»**

- деп бағалады. - Ақтогайда аса бір айтулы оқиға болып отыр. Бұл біздің бүкіл егеменді еліміз үшін үлкен оқиға. Біз осы үш арыстың қолы жетпеген арманына бүгін жетіп отырмыз.

Алаштың көсемдерін еске алыш, оларды құрметтеп, ескерткіш орнатып жатқан сіздерге Алла разы болсын. Өткенде еске түсіріп, жазықсыз жапа шеккен ағаларға ескерткіш қою елдігіміздің белгісі. Бүғінгі күні басымыздан оңай өтіп жатқан жоқ. Қыындыққа мойымай, арыстарын еске алыш жатқан ақтогайлықтарға мың рахмет.

Мұндай абыройлы іс бүгінгі күн үшін ғана емес, біздің келешегімізге аса қажет. Ертеңгі үрпаққа, келер ғасырға сіздер, үлкен мұра қалдырып жатырсыздар. Сол үшін де келер үрпақ сіздерге мол алғыс айтады. Соңдықтан да, мұндай істің маңыздылығы жыл өткен сайын арта бермек.

### **«Әкемнің тигізғен шапағаты мол»**

- деп толғанды Әлиханның баласы Мағаяиғ Ермеков. - Мен осы істің бастаунысы болған ауданның бұрынғы әкімі Сағадат Дүйсебековке рахметімді айтамын. Сонымен қоса, осындей қын заманда ескерткіш орнатып жатқан аудан халқына зор ризамын. Бәрімізді қуанышқа бөлеп отырган осы мереке Президентіміздің жазықсыз жала құрбандарын еске алу жылын жариялад, республика тарихына өте мұқият және аса сезімталдықпен қарауының нәтижесі.

Мен кейінгі жылдары әкемнің қоғамдық қызметін аша түсетін архив құжаттарын ақтаруды қолға алыш жүрмін. Он-

дай материалдарды бір жүйеге келтіру үстіндемін. Соның нәтижесінде әкемнің бұрын мәлім болмаған кейір кызметтері көріне бастады. Мәселен, Семей мемлекеттік архивінің деректеріне қараганда ол Бөкейхановтан кейін Алашорда үкіметінің құрылтай мәжілісіне екінші кандидат болған адам. Оның қогамдық еңбегінің нәтижесіне Ресей губернияларының қарамағынан Каспий жағалауынан бірталай жер, Ақмола және Семей облыстары, Корыстелев даласы (қайда екенін өзім де білмеймін) Қазақстанға қайтарылған. Ол Қазақ Автономиялық республикасының жобасы туралы мәселе қараган РСФСР Совнаркомның қортынды мәжілісінде баяндама жасаған. Бұл декрет қабылданып, 1920 жылдың 26 тамызында халықта жарияланған. Жасының отызга жаңа толғанына қарамастан заң, тарих, экономикалық география мәселелерін терең білуі мен қатар ұлттың егемендігі туралы қайтпас сенімде болды. Бұған қоса ол өзінің қарсыластарын да сендіре білді. Мына ескерткінте де ол сондай жастық жігер үстінде бейнелеген. Сол кездің өзінде-ақ Республиканың мұддесін корғау үшін ең жоғарғы органдарға бірнеше рет делегат болып қатысқан.

Жынырда тағы бір құжат таптым. Онда Ермековтердің аға үрпағы, Қ.И.Сәтбаевтың өз жолын тауып, геология ғылымының шынына шығуына ғана емес, сонымен бірге оның Томск институтына түсүіне де көмегін тигізгені туралы бұлтарппас айғақ бар.

Белгілі ақын Дәүітәлі Стамбеков үш арысқа арнаған

### «Отты белде»

деген өлеңін оқыды.

Сарыарқаның тесінде,  
Отты белде,  
Бұрын талай дауылдар,  
Соқты жел де.  
Әлихан мен Әлімхан, Жақып туыш,  
Бір еңкейткен секілді көкті жерге.

Бекер жырга қоспаймын, мақтамаймын,  
Көрген бұл жер ғажабын бақталайдың.  
Қарқаралымен жалғасқан Қызыларай,  
Сыры бар және осында Ақтоғайдың.

Қасиетін сеземін топырағымның,  
Жанымызға жанып жыр жапырағының.  
Шаңырағына шашылған әр үйінің,  
Әрбір талы бір уық Тоқырауынның.

Армандары ойланған орман ба едің,  
Арынданып ішінен алған демін.  
Ұлдарының бойына от беріпті,  
Алау болып, нұр болып жанған жерім.

Сарыарқаның белілде, отты жерде,  
Самалдар да, дауылдар,  
Соқты жел де.  
Сол дауылда сол оттар қуат беріп,  
Айналдырған ұлдарын тектілерге.

Сол оттардан біздерде бір от қалған, ,  
Жырақ болған бірақ та, мұратттардан.  
Бір ғаламат күші бар сезінемін,  
Осындағы елге де қуат болған.

Бұл жердегі сол отты сүйемін мен,  
Сезін түрмyn миыммен, жүрегіммен.  
Ағалардан қалған сол от пен жалын,  
Тоқ бол етіл барады сүйегімнен.

Сарыарқаның төсінде сандал керім,  
Қасиеті, киелі бар ма елім!?

Шу асаудай жалына жармастырып,  
Жанымды жеп келеді арман менін.

Бізге тастап кеткен соң оттарымды,  
Арман, ар мен жазылған аттарыңды.  
Қаруыммен қорғаймын «қалам» атты,  
Сездірмеуге тырысам жоқтарыңды.

Сарыарқаның жонында отты дала,  
Алаулары тау-тасқа соқтыға ма?  
Қазағым деп ортенін, жалындаған,  
Көздерінде солардың шоқты қара.

Майыспаган дауылға емендердей,  
Әрбіреуің бір елге кеменгердей.  
Аттарыңды жаттаймыз санамызда,  
Армен, қанмен жазылған өлеңдердей.

Республика Парламенті мәжілісінің депутаты Жұмағали Наурызбай:

### «Ту байлайтын тұғырым»

– сұлу Шатыршаның баурайы мен Сырлы Тоқырауынның жағасын шаттыққа бөлеп етіп жатқан тойларыңыз құтты болсың!

Тұған еліміздегі түбекейлі өзгерістерінің қай-қайсының да ту байлайтын тиянак-тұрағы болған атақты Ақтогай ауданының алар орны ерекше. Келешекте оның алмақ орны одан да зор боларына сенемін. Қазақ елінің табиғи, тарихи, рухани қазынасын игерудің игілікті істерінің ешбірі де бұл қара орманды айналып өте алмасы хак.

Тарих пен уақыттың толғагынын тұған, Алаштың суығына тоңып, ыстығына күйген, тәуелсіздік жолында, өмірін сарп еткен озат ойлы, от жанды ағаларымызға ескерткіш орнату

елдігіміздің белгісі, халқымыздың бақытты сәті. Ақ алмастай арыстардың әзиз есімін әспеттеп, асыл мұратын жарқырата ұстая, туған жердің қадір-қасиетін әуелі өзіміз танып, одан соң өзгеге таныту, қастерлеу біздің баршамыздың, әрқайсымыздың перзенттік парзымыз. Болашағының жарқырай түсүіне жан аямай атсалысуымыз қажет-ақ. Әр шаңырақтын қуанышы, әр дастарқанның ырзығы молая беру жолында тер төгу де баршамыздың перзенттік парзымыз. Өткенге қарап, аталарымызға бас иейік. Ертеңге қарап, білек сыйбанайық. Тәнәр мен тарих үш арысты берген елге береке бергей.

Жақып Ақбаевтың туысы Кәмилайын Ыбырайқызы:

### **«Мен ол кезде жас едім»**

— Мың да бір рахмет сіздерге. Осындаі той жасап, бабаларымызды құрметтеп жатқандарыңыз үшін. Ақбайда Бек, Ыбырай, Жақып, Мәжит атты торт ұл болған. Солардан қалған ешкім жоқ. Мен Ыбырайдың қызымын. Қазір қыдыратын жаста емеспін. Соған қарамастан сонау Алматыдан меңі Алла тағаланың өзі жетектеп әкелғен болуы керек. Мен Әлихан аганы 1933 жылы Мәскеуде қөрдім. Онда барлы-жоғы он жастағана едім. Жақкемді 1930 жылы айдан бара жатқанда артынан жүтіргенім есімде. «Атамын» деп маңына жолатпады. Әлімхан аганы 1964 жылы қордім.

Бұл кісілер туралы білетінім осы. Олардың жатқан жері жайлы болсын. Бәрінізге зор денсаулық тілеймін. Бұл кісілердің қорген михнатын, азабын, бейнетін сіздер көрменждер.

Саяси құғын-сүргінге үшыраған еңбек ардагері, зейнеткер Зікрия Көпбаев:

### **«Зобаланды мен де басымнан өткердім»**

— деп күнірене сөйледі. — Біздің халқымыздың арманын іздеп, қазақты егемен ел етемін деп арпалысқа түскен үш арысқа ескерткіш орнатылды. Олардың асыл бейнелері бүгін біздің алдымызда тұр.

Мен де көн қындық көріп, талай зобалаңды бастан кешкен адаммын. Сол уақыттарда «Ақтогайдың тбұрығына дейін өртесін. Бұл жерде тірі жәндікке дейін қалдырмау керек» дегенді өз құлағыммен естіген адаммын. Сондай қындық көргеніммен жазу солай шығар, әлі күнге дейін тірі журмін, бүгін сіздердің алдарыңызда тұрмын. Жас үрпақ осы үш арыстың арманын жалғастыра берсін деп тілек айтамын.

Облыстық мәслихаттың хатшысы Сұлтан Досмагамбетов:

### **«Аспазиямен бірге оқыдым»**

— деп еске алды. — Президентіміз бастап, халқымыз қоштап, егемен ел болып алға басып келе жатырмыз. Бүгін екі аудан қосылып, тұсаукесері де өтін отыр. Жұмыстың жүруі ойдағыдай. Бірталай ынтамен, ынтымақпен істелін жатқан жұмыстар бар екен. Бүгінгі мәңгі ескерткіш егемендігіміздің, жеке мемлекет болғандығымыздың арқасында бой көтерді.

Мен студенттік кезімде Аспазиямен бірге оқыдым. Ол әкесінің атына Жақыпов болып жазылуны еді. Бірақ, оған оңай болған жоқ. Соған қарамастан не істесе де ақылмен істейтін, білімді, адамгершілігі мол жан еді.

Қарағандыға келген соң, политехникалық институтта кафедра менгерушісі, институт партия үйімінің хатшысы болдым. Сол кездерде, яғни, 1955 жылдан 1970 жылға дейін Әлімхан Ермеков ағамызben жақсы араластық. Партия үйімінің хатшысы екенмін деп сактанды, бойымды алысқа салғаным жоқ. Үй ішімізben бір-бірімізге қатынасын жүрдік. Содан — Әлекең қайтыс болғанда үйден иығымызға салып алыш шыққанбыз. Әлекең тек математика профессорыға емес, ол терең тарихшы, философ, озық ойлы адам еді. Білім туралы, халықаралық жағдай туралы, әсіреке азаттық қозғалыстары жайлы әңгмелері аса мазмұнды болатын.

Президенттің Парламенттегі өкілі Қабылсаят Әбішев:

## **«Үш арысты терең зерттеу қажет»**

- деп ой таstadtы. - Алашорда мемлекетінің негізіп салған, Алашорда партиясын құрган, қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы агаpтушылық ойын одан әрі дамытқан, Абайдан кейінгі, Ыбырай Алтынсариннен кейінгі қазақ халқының басын біrіктіріп, көш бастап шыққан айтұлы адамдардың біrі – осы кісі еді. Ахмет Байтұрсынұлы Әлекенге «Көсемдердің көсемі» деп баға берген. Мұны айтып тұрған себебім — бұл үш арыс үкімет тараپынан да, ғылым тараپынан да, біздің зиялы қауым тараپынан да тиісті орнын тапқан жоқ. Біреулер Бекейхановты Ахметтен кейін қойса, біреулер Міржақыптан кейін қояды. Енді біреулер Тұrap Рысқұловпен қатарластырса, біреулер одан төмендетіп жүр. Ал, Ресей ғылымында, Ресейдің социал-демократиялық қозғалысында, ғылыми-саяси ортада, Әлекенің алғын орны өте жоғары. Оны «Қазақ халқын біr ғасырга алдыға сүйреген адам» деп бағалайды. Ол мемлекет туралы ой қалыптастырған, мемлекеттің қалай болуын түсіндірген адам.

Әлекен XIX ғасыр аяғында этноформ болған адам. Бұл – біr адам арқылы бүкіл халықты тану деген сөз. Сондықтан да, мен озім ол кісінің орны Абайдан, Шоқаннан кейін тұруы керек деп ойлаймын.

Әлихан Бекейханов осы Тоқырауын бойында туып, сұнаша шомылған адам. Сондықтан да, ол Тоқырауын тарихын жазып кеткен. Сұлтанхан Аққұлов деген зерттеуші Бекейханов туралы біr кітап шығарды. Сұлтанхан өзі де осы тойға келді. Кітабына деректі бүкіл әлемнен жинады. Сол жиналған еңбектердің ішінде Тоқырауынға байланысты жазбаларының өзі біr том болады. Аспирант кезімде Москвада ХИМКИ мен Ленин кітапханаларынан жасырын түрде көшірмелер жасатып алыш жүрдік. Солардың кейбірі кейін жарық көріп жатыр.

Батыста ұлы ойшылдар мен атақты жазушылардың жүріп өткен жерлеріне, тоқтаған үйлеріне ескерткіш тақта қойылады. Сондай дәстүрді біздің де жалғастырғанымыз

дұрыс. Бекейхановтың туған жері Қасым деген қыстақ бар. Бұл жаңа қыстақ. Соның бер жағында үш шакырым жерде ескі орны жатыр. Сол жерге ескерткіш тақта орнатын, мемлекет қамқорлығына алу ең бірінші шара. Элихандай ұлы бар ел мәнғілікке мақтануы қажет. Бұл шараны әлгі қораның тастарын біреулер жинап әкетпей тұрганда тезірек жүзеге асырған жөн. Енді Әлекең туралы ел ішінде көптеген әңгіме бар. Соны ықжадағаттап жинау қажет. Тек нақтысын жинап, бәрін қорытындылап, бір жүйеге келтіру керек.

Төрелердің ең бірінші тоқтаган жері – бұрынғы Егіндібұлақ ауданының «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозының жері. Әлекең солай жазған. Кейін Шоңбай деген кісі дауыс беру кезінде Бекейхановтың әкесінің сегіз інар даусын алу үшін, көінкіннің сегіз қыстағын алып беріп, оны кейін сарым жұртынан қайтарам деп сол қыстауларды бермей кеткен. Смахан төренің үйінде осындағы жазулар бар. Сол Желтауға алып келін орналастырған Шоңбай еді. Шоңбай болыс болған адам.

Екінші, Жақын ағамыз туралы. Оған Қарқаралы мен Ақтогай таласспай, ортақ қазына етіп қарауымыз керек. Жақанның қыстағы Қарқаралы ауданының Жамбыл атындағы совхозының жерінде. Ол тарихи ақықат. Жақанның өзінің салған қыстағы Ақжал деген мынау Ақтогайдың «Еңбек» совхозының жерінде, жайлauы да сонда. Кейін Ермековтермен құда болған соң, Әмірхан ауылына келін, «Береке» деген кооператив құрған. Қараталдың Шылымының бойында да кооператив құрын, бидай өсірген. Онда жарты жылдай тұрып, басқа да жұмыстар істеген.

Ақбаевқа байланысты тағы бір айттылатын мәселе – ол Қарқаралыдағы атақты Бекметовтердің күйеу баласы. Бекметовті татар деп зерттемей журміз. Ол «қазақпын», деп жазылған. Бекметовтердің толық шежіресі мениң қолымда бар. Оны маған Аргуния апай берген. Қазақтың ұлы адамдарының көпшілігі Бекметовтерге күйеу болған. Жақаң сол Қалилолла Бекметовтің

өз қызы Гүлбаһорға үйленген. Оны Ақбай қыстағына әкеліп түсірген. Сол тойда болған кісілермен әнгімелескенім бар. Қазір ол кісілер о дүниелік болып кетті.

Қарқаралыда Бекметовтің үйіне Құнанбай түскен, Абай түскен. Ол өте сыйлы адам болған. Мынау Керегетаста Смахан ауылының сыртындағы Бөлкембай қыстауының жаңында Жағыпар Бекметов деғен кісі бұзау қора салған. Осы мәселелерді Ақбаевқа байланыстырып зерттеген жөн. Бекметовтің алдынан сәлем бермей өткен жан болмаған. Кейін ол қайтыс болғанда артында патшаның жарты миллион «златых» ақшасы қалған. Халиолла өлген соң ол ақша талантаражға түсіп кетті. Қарқаралыдағы ең тәуір үйлер осы Бекметов пен Рязановтың үйлері екенін елдің бәрі біледі.

Енді Әлімхан Ермеков ағамыз туралы айтатын болсақ, оның да еңбектері толық зерттеліп біткен жоқ. Әлі күнге дейін ол кісінің жөні тузу бір кітaby шықпапты. Бул кісінің Мәскеуде, Алашордада, ҚазЦИК-те істеген, Қазревкомның құрамында болған кездердегі атқарған еңбектерінің барлығы архивте жатыр. Осыларды алып қарап, жақсылаپ сүзіп шығып Ермековтің екі-үш томдық еңбегін шыгаруымыз керек. Оган мұрындық болатын мына біздер. Осы үш ағамыздың аяғының басқан жерінен бастап, су ішкен құдығына дейін ескерткіш белгі орнатқанымыз дұрыс. Мұндай шараның тәлім-тәрбиелік мәні зор болмақ.

Республика мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі тіл маманы Әсет Болғанбаев:

### **«Ел – азаматымен киелі»**

- дегенді ұмытпайық. - Сынбайтұғын темір жоқ, өлмейтінді құдай жаратпайды, тозбайтынды ұста соқпайды. Қара жер біздің анамыз ғой, түбінде бәріміз де кезекпен барамыз ғой. Топырақтан жаралған пенде қара жерге қайтуы парыз. Қара қылды қақ жарған Қазыбек би айтқан екен:

Алтын ұяң Отан қымбат,

Құт-берекен атаң қымбат,  
Айналайын анаң қымбат,  
Асқар таудай әкең қымбат  
Түш-өскен елің қымбат,  
Ұят пенен арың қымбат,  
Өзің сүйген жарың қымбат...

Каздауысты Қазыбек тағы да:

Атадан ұл туады,  
Құл болуга қақысы жоқ .  
Анадан қыз туады,  
Күң болуга қақысы жоқ.  
Жер топырағымен киелі,  
Ел азаматымен қиелі»,

— деген. Сол айтқандай Ақтогай үш арысымен киелі.

Әлихан Бекейханов бастаған Алаш партиясы өз халқының азаттығы мен бостандығы үшін, саяси және мәдени автономия үшін алысты. Хан Кененің ансаған арманын, істей алмай кеткенін орындау мақсатымен кеуделерін оққа төсеп, ий қанбаған коммунистік . идеологияға қасқайш қарсы шықты. Олардың жүрген жолдары бүгінде қасиетті Сарыарқаның өн бойында сайрап жатыр. Сарыарқа — елім деп еңреген арыстар мен көзсіз қас батырлардың Отаны. Сарыарқа — сұлулық пен ұлылықтың ұшар ұясы, қонар қиясы. Сарыарқа — ән мен күйдің бесігі. Сарыарқа — актылы қой мен алалы жылқының ерісі. Сарыарқа — кен мен нанның байлығының сарқылмас көзі. Сарыарқа — халықтар достығының үлгі өнегесі.

Кенесары өлер алдында:

— Хош аман бол Сарыарқа өскен елім,

Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім, — деп қоштасуы тегін емес.

Қазақ халық, ел мұддесі үшін алысқан қасқасы мен жайсаңын ешқашан ұмытпақ емес. Бүгін үш арыска ескерткіш

орнатқан, солардың кіндік қаны тамған алтын үя Ақтогайдың салтанатты жиын соның нақты қуәсі. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген Алаш азаматтары екі бағытта курсес жүргізгенмен олардың жүректері Алаш, қазақ деп соқты. Олар ел намысын нанға сатқан жоқ, мансапқа, байлыққа, шен-шекпенге қызықпаган. Қыран қартайып өлмейді, қайғырып өледі деген.

Абай мектебінің белді қайраткерлерінің бірі болған Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деген екен: «Бізге барлық адамдарды түзетуғе, тату тұруға негізгісі адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуга керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай адам баласына тыңыштық жоқ. Арлы, ақылды адам, қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді».

Біздің қазакта мұндай адамдар әлі де баршылық. Осындай адамдарымыз көбірек болса екен деп тілеймін.

Көне Семей жеріндегі Абай ауданы әкімінің бірінші орынбасары Сейфолла Рақымбаев:

### **«Мұнда жұлдыздардың ізі қалған»**

- деп толғанды. - Әлемге Абайды берген, Мұхтарды берген Шыңғыстау жерінің сағынышты сәлемін әкелдік. Қабыл алыныздар, Біз Әлихан Бөкейхановтың нағашы жүртынан боламыз.

Сан ғасырлық сыры бар Сарыарқа жеріндегі Ақтогай ауданының тұсау кесер тойымен және Алаш арыстары Әлихан, Жақып, Әлімхан сынды халқымыздың біртуар перзенттеріне ескерткіш орнатылуымен құттықтаймыз. Ақтогай көне тарихы бар баһадүр батырлардың, дуалы ауыз шешен-білердің, орақ тілді ақындардың, өнер дүлдүлдерінің ордасы. Ақтогайда ел рухын көтерген Жалаңтөс батырдың, таршылықта тұрасын айтқан Қараменде, Жидебай, Шабанбай билердің, от ауызды орақ тілді Нарманбет пен Шашубай ақындардың, ұлттымыздың бостандығы үшін құрескен Әлихан, Әлімхан, Жақып арыстардың Күләш Манарбек, Мәғаузия сынды жұлдыздардың ізі қалған. Ақтогай бар-

иңа халықтың маңтанды ерекше ыстық, қасиетті өнір. Ескерткіш орнату елдің өткен тарихына құрмет, ұлылыққа тағзым. Бұл бүгінгі ұрпактың парзызы мен қарызының орындалуының бастамасы. Осындай еңбектеріңізге жеміс тілейміз. Жақсылықпен көрісуге жазсын.

### **Сөз соны**

Екі күнге созылған мереке аса көңілді өтті. Жосалы тауының баурайына ақшаңқан кінз үйлер тігіліп, аламан бәйге болды, жорға жарысты, балуандар белдесті.

Екі күн бойы әйгілі «Тоқырауын толқыны» халықтық ән-би ансамблі бастаған ауданның басқа да ансамбльдері, селолық окургтерден келген өнерпаздар шырқаған әсем ән мен күмбірлеғен күй бір толас тапқан жоқ. Әрбір талына дейін ән салатын Тоқырауын бойының өнерпаз қауымы бұл жолы да жиналған жүртты бір тәнті етті. Осылардың барлығы Алаштың үш арысына арналған зор құрметтің белгісі. Мұндай ұлағатты істің келер ұрпаққа деген тәрбиелік мәні аса зор екені әмбеге аян.




**Жидебай батырдың тұғанына – 300 жыл**

**«САРЫАРҚАДАЙ ЖЕР ҚАЙДА,**

**ЖИДЕБАЙДАЙ ЕР ҚАЙДА...»**

Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр, Жидебай Қожаназарұлының тұғанына 300 жыл толуына арналған ұлан асыр той Шет ауданының жеріндегі Нұра өзенінің бойындағы батырдың мазарының басында Қатым-құран түсірілуден басталды.



**Жидебай батыр мазары**

Ежелден қатар жатқан, төскейде малы, төсекте басы қосылған Ақсу-Аюлы мен Ақтогай арасындағы қара жолдан халық кетіп корген жок. Осында мәңгілік мекенін тапқан әулие батыр бабаның басына әуелі Қарағандыдағы Орталық мешіттің бас имамы Әмірзақ қажы Бекқожа Қатым-құран түсірген соң дүғаға жиналған қара құрым халық Ақтогайға қарай бет түзеді.

Сол күні түстен кейін Ақтогай аулының жанындағы Жосалы тауының етегінде бұрын батырдың 280 жылдығы тойланған жерде жағалай ақшашқан киіз үйлер тігілген. Ас беру еріккеннің ермегі емес. Ас беру кеңегі өткен бабаларды еске түсіріп, оның ерлігі мен өнегелі ғұмырын кейінгі ұрпаққа үлгі ету. Бұл жағынан келгендегі Ақтогай және Шет өнірі көш бастап тұр. Өйткеі, күні кеңе ғана Шет ауданында Абылайдың қолбасыларының бірі Дербісөлі батырга арнап ас берген болатын. Киіз үйлер дөңгелене тігілген жерде түстен кейін ақындар айтысы басталып кетті. Аузымен құс тістеген, орақ ауыз, от тілді сегіз ақын бақ сынасты. Олар Талдықорғанинан Балғымбек Имашев, Қызылордадан Мұхтар Ниязов пен Әлсейіт Ерденов, Түркістаннан Еркебұлан Қайназаров, Баянауылдан Асланбек Шұғайыпов, Қарағандыдан Дидар Қамиев, Шымкенттен Қалижан Ділдәшев, Астанадан Мейіrbек Сұлтанхан еді. Ақындар елді де, жерді де, батырды да тілге тиек етті, бір-бірін «шымшылады». Суырыш салма өнердің мәртебесін көтерді, бір-бірін тамам жүртқа паш етті. Ақыр сонында «Алаш» сыйлығының иегері, Ақтогай ауданының Құрметті азаматы Абзal Бекен бастаған қазылар алқасы бас бәйгеге Дидар Қамиев лайық деп тапты. Оған автокөліктің құны табыс етілді. Бірінші орын алған Мұхтар Ниязов 300 мың теңгеге, екінші орын алған Балғымбек Имашев 200 мың теңгеге, үшінші орын алған Асланбек Шұғатаев 100 мың теңгеге ие болды.

Ертеңінде арнайы жасалған биік сахна төріне құрметті қонақтар жайғасқан соң, той салтанатты жиынмен басталды. Оны Ақтогай ауданының әкімі Ниханбай Омарханов ашты. Ол ез сөзін:

- Жидебай батыр Қожаназарұлы қазақ мемлекетін қалыштастыруда айрықша тер төккен, халқына қадірі асқан, туған

жерін азат етуде ерлік көрсеткен, сөзімен елді аузына қаратқан, ісімен халқын ұйытқан оз заманының ірі тұлғасы, қазақ тарихының көрнекті қайраткері. Қаз дауысты Қазыбек бидің: «Заманым өтпес болсайшы, Жидекем өлмес болсайшы» дейтіні де сондықтан.

Батыр бір елдің немесе бір рудың ғана емес, бүкіл халықтың ұлы екенін есте сактағанымыз жөн. Қазақ халқының жонғар шапқыннылығы кезінде ерекше батырлығымен көзге түсken, Жидебай батырдың 300 жылдығы құтты болсын, - деп қысқаша сөзден бастаған аудан әкімі баяндама жасау үшін алғашқы сөзді осы асты өткізу алқасының төрағасы, ҚР еңбек сінірген қайраткері Рымбек Жұнісовке берді.

- Осы астың өткізілетіндігі туралы акпарат құралдарында сегіз ай бүрyn хабарланыш, Жидебай батыр туралы жарияланымдар сан мэрте басыльш, кулақтандырылды. Абылай ханың атақты сарбаздарының бірі – Жидекенің ауылында мамыр айында ескерткіш қойылды. Бабаның ескерткішін өзім орнаттыйм, - деп атап етті баяндамашы. – Одан соң ақындар мүшэйрасы өткізілді. Шет ауданының орталығы – Ақсу-Аюлының көшелерінің біріне Жидебай батырга және бір ескерткіш орнатылды. Шара барысында концерт берілді, құран оқылды. Сол асты, міне, Ақтогай жерінде жалғастырып жатырмыз. Осындағы батырларымыздың арқасында қорғап қалған жеріміз қазір әлемдегі жер көлемі жағынан тоғызынышы орында тұр. Бұғынгі күні гүлденген Қазақстанды дуние жүзінің 140 елі танып отыр. Біздің бұл бастауымыз әріден басталады. Қараганды облысы, оның ішінде Ақтогай елінің сиыннатын тұлғалары Сенкібай, Жалаңтөс, Қараменде, Шабанбай, Сана би, Жанғұтты, Керней Жарлығап батыр. Жидебай Қожаназарұлының тарихтағы орны ерекше. Ол аруақты батыр, әрі би, әрі шешен болған. Жидебай батыр өз замандастарының ішіндегі сыйлысы да, атақтысы. Олай дейтінім – Алатаудың Талғар шынының жанындағы Жидебай асуы, Шығыс Қазақстан облысының ұлы Абай елінде Жидебай қорығы деп жер аттарының

ataluы тегін емес. Қекшетау қаласының оргалығындағы аланға қойылған Абылайхан ескерткішіне Жидебай батырдың есімі алтын әріппен жазылғандығының өзі дәлел.

Тойға арнайы келген қонақтардың бірі, КР мәдениет және акпарат вице-министрі Арман Қырықбаевқа сөз берілгенде:

- Қадірлі ақтогайлық жерлестер, бабамыз Жидебай батыр туралы ақындар жыр арнады, жыраулар дастандарын толғады. Ал, жазушыларымыздың көшілігі өз шығармаларында батырдың ерлігін паш етті. Сондықтан, Жидебай батыр бабамыз туралы деректердің 100 томдық «Бабалар сөзінің» 59-шы томына енүі заңды құбылыс, - деп толғанды.

Облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Жұмабеков те өз ойыш тереңнен толғап ортаға салды.

- Жидебай батыр баян тау, ертіс пен Нұра бойын, Қарқаралы, Ұлытау, Ақмола, Балқашты жонғарлардан босату жорықтарында қол бастаған мыңбасы екендігі тарихтан белгілі. Даңқты батырдың аты ол қатысқан шайқастардан кейін күркіреп, қазақтың кең даласына аңыз болып тараған. Игілікті іс тындырыдыңыздар. Сондықтан, осындай үлкен шараға қатысты облыс әкімі Бауыржан Әбдішевтің ыстық ықыласын жеткізіп отырмын, - деді ол.

Бұдан соң белгілі ғалым, академик, республикалық ардагерлер алқасының төрагасы Өмірзак Озғанбаев, Қазақстан генералдар алқасының төрагасы Рұстем Қайдаров, Балқаш қаласының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Әлихан Жәңгірұлы, еңбек ардагері, қоғам қайраткері Хамзә Жұмабеков, «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Серік Ақсұңқарұлы шығып сейледі, ақын Бақытжан Тобаяқов толғау оқыды.

Ақтогай селосы ардагерлер алқасының төрагасы, қарт ұстаз, Қараменде бидің ұрпағы Жарылғап Тохметов:

- Сарыарқаның құба беліндегі Қайдауыл тауынан басталағын екі өзеннің бірі – Балқашқа құятын Тоқырауын бойында, екіншісі – Теңіз көлінің құятын Нұра өзені бойына қос батыр

Қараменде би мен Жидебай батыр мәнғілікке тыныстаған. Бірі – Абылайдың әділ биі болса, екіншісі – баһадүр батыры болған. Үзенгілес, серікtes екі альп, замандас екі тұлға бүтінгі үрпақтарын ынтымак-бірлікке, сабырлы сыйластыққа, жайсан жомарттыққа шақыратын киелі бағдаршамның мәнгі сенбес шырақтарындай болып, жыл өткен сайын жарқырай түсуде, - дей келіп, екі тұлғаның мызғымас достығына, ерлігіне терең бойлады.

Жидебай батырдың 300 жылдығына арналып Жидебай селолық округінің орталығында ескерткіш ашылғанда жыр мүшәйрасы өткен болатын. Сол кезде Серік Аксұнқарұлы үздік деп танылған. Ақынға ақшаңқан автокөлік табыс етілді.

Балуандар күресінде автокөлік Нұра ауданынан келген Бекзат Ахметбековке бұйырды. Екінші орынға Шет ауданынан келген Олжас Шынкеев, үшінші орынға Жаңаарқадан келген Асыл Барменов ие болды.

Отыздан астам ат қосылған аламан бәйге 27 шықырымға жіберілді. Мұнда бас бәйге – автокөлікті «Роза» атты сәйгүлігін қосқан Амантай Ыбышев тақымына басты. Екінші орынды тараздан келген «Еркежан» атты тұлшар, үшінші орынды Ақжал кентінен келген «Айтұмар» атты жүйрік олжалады.

Жиналған жүртішілік әйғілі «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблінің өнерін тамсана тамашалады.



## БЕГАЗЫДА КӨП СЫР БАР

Атақты ғалым Әлікей Марғұлан есімін естігенде Ақтогай ауданындағы Бегазы кешені есіме еріксіз оралады. Археолог, этнограф, әдебиетші, тіл маманы һәм тарихшы, ғұлама-энциклопедист Әлекен осы Бегазыны бірталай зерттеген. Жай зерттең қана қоймай, оның өзіндік ерекшелігін әйгілең, қола дәүірінен қалған осы жәдігерге «Бегазы-Дәндібай мәдениеті» деп ат беріп, тарих ғылымиңдағы өз орнын ерекше белгілең кетті.

Біз сөз етіп отырған қорған Бегазы тауының етегінде ағын жатқан Қаратал өзенінің жағасында. Қазір бұл жер Шабанбай селолық округіне (бұрынғы «Қаратал» совхозы) қарайды. Осында сонау 1947, 1949 және 1952 жылдары Әлекен бастаған археологиялық экспедиция дүркін-дүркін қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеу жасаған еken. Сол туралы ел арасында тараған әр түрлі әңгімелер бар.

Әлекен жұмышшыларды жинап, қорғанды қаздырады еken де, бірдене табылған сэтте оларды қайтарып жіберіп, не істеп жатқанын, не тапқанын ешкімге көрсетпей, әрі қарай жұмысты өзі жалғастырады еken. Жақындаған адамды қыш жібереді дейді. Біраз заттар жиналғанда да ешкімге көрсетпей арнайы жәшіктерге сынбайтындағы етіп орап салып, арнайы самолет шақыртады да, Алматыға жөнелтіп отырады.

Сол қазба жұмыстарына қатысқандар Әлекенің білгірлігіне

таң қалады. Тіке қадалған тастарды санаң келеді де: «Мына жерді қаз», - дейді. Сол жерден инында да бірдене табылады.

Қазба жұмыстарына үзіліс жасап, біраз жылдан соң қайта оралған Әлекең бірде бұрынғы жүргізген қазба жұмыстарына қарап тұрады да: «Мына жердің бір тасы жоқ. Табындар!» - деп ауыл адамдарына қиғылық салыпты. Сол жерде отырған шағын ауыл (кейін мұнда бөлімше орталығы болды) абыр-сабыр болады да қалады. Содан бір үйден қымызы ішіп, өткен жылы салынған тас қораның жанынан өтіп бара жатқанда Әлекең: «Әне, мен іздеғен тас ана тұр», - деп бір терезенің мәндайшасына қойылған ұзынша тасты көрсетіпті. Ауыл адамдары дерек тасты босатып алыш, бұрынғы орнына қойса – тап ете қалыпты. Әлекең қазба жұмысын содан кейін ғана бастап кеткен екен дейді.

Сол Бегазы тауының етегіндегі қорым туралы 1971-1978 жылдары шыққан Қазақ Совет Энциклопедиясында былай деп жазады: «Бегазы – қола дәуірінен қалған оба... Бұл арадағы 47 құрылыштың 20-сы қазылған... Тас жәшік іспеттес қабірлерден басы батысқа, оңтүстік-батысқа қаратылған өліктердің сүйегі, өртенғен қалдығы табылған. Ушкіл, ромб тәріздес бедерлі, кейде тегіс өрнектері бар қыш ыдыстар, моншақтың шыны жалатылған көздері, алтынмен апталған қола сақина, хайуанаттардың азулары (тесілген), қола шығыршықтар шыққан. Таспен шеңгенделген қабірлердің сыртында қоршауы бар. Осындағанда бір қоршаулардың ішіндегі қақпақ тастан жәшік сияқтандырылып қаланған қабірдегі өліктің сүйегі, онымен бірге тубі жайпақ және дөңгелек келген өрнекті ыдыстар, масақты қола жебелер, сопақша тас моншақтар көмілілті. Мұның бәрі қола дәуірінде Орталық Қазақстанды мекендеген тайпалардың кәсібі, тұрмысы, өлікті жерлеу салты, қару-құралдары қандай болғандығы тура-лы мағлumat береді» (ҚСЭ, 2-том, 225-бет).

Бегазы деген қыз болған дейді. Тауды соның атымен атапты. Бұдан басқа дерек жоқ.

Сол Бегазы-Дәндібай мәдениеті «Бұрын қазақта отырық-шылық болмаған, олар үнемі көшіп жүре берген» деген қағиданы теріске шығарады. Өйткені, бұл жерді қазған кезде ескі көзеге салынған бидай табысыпты. Ол – отырықшылықтың белгісі дегенді Әлікей Марғұланның өзі айтыпты-мыс.

Жуырда осы Бегазы кешенінде болуға тұра келді. Қазылған екі тас қорған темір шарбақпен қоршалып тасталыпты. Тас қорғандарға сүйелген ұзын-ұзын қақпақ тастар кісі бойынан асады. Ұзындығы 2,5 және 3 метрдей, көлденең 1 және 2 метрдей. Бұлардың салмагы 1 және 1,5 тоннадай болады екен. Сонау қола дәүірінің өзінде, қуатты техника жоқ кезде, осындай салмакты тастарды мұнда қалай жеткізіп, қалай орнатты екен деген сұрақ кекейге еріксіз оралады.

Шыға берістегі үлкен қойтастың бетінде «Қазақ КСР. Қорғандар, қола дәүірі, Мемлекет қорғауында» және «Казахская ССР. Курганы эпохи бронзы, Охраняется государством» деген жазулары бар шойын тақта орнатылған. Бірақ, қай жылды орнатылғаны жазылмапты. Темір қоршаудың сыртында таяу жерде екі кірпіш бейіт тұр. Осы жердің тұмасы, қазір «Абай» кеңшарында тұратын Мәжікен Мақсұтов ағайдан сұраған едім:

- Бұл осы ғасырдың бас кезінде салынған бейіттер болуы керек, кімдік екенін білмеймін, - деп жауап берді.

Жағалай әр жер-әр жерде үйіліп жатқан тастарға қарағанда соның барлығы адам жерленген қабір сияқты.

Біз осылай әңгімелесіп тұрганда жаңымызға бір салт атты келді. Ол осында шаруа қожалығының жетекшісі Мұқсын Әлжанов деген азамат екен. Бұрын әр салада қызмет атқарған, қазіргі зейнеткер. Ол да Бегазы туралы ештеңе жарытып айта алмады.

- Әлекеңнің зерттегенін білеміз. Ол кезде жассыз ғой. Ештеңеге мән бермеппіз. Тек Әлекең келгенде: «Бұл жерді қорық жасатамын, деп айтты» дегенді естігемнін.

Қазір Қарағанды қаласында тұратын, сол ауылда мұғалім болып, қырық жылдай тарих пәнінен дәріс берген Сейітмұрат Құсманов ақсақал:

- Мен ол кезде Ұлы Октябрь колхозындағы (кейіннен «Қаратал» совхозы) жетіжылдық мектепте оку ісіпің менгерушісімін. Бір күні мектеп директоры Жабас Кенесбаев мені шақырыш алды да: «Мына кісі Әлікей Марғұлан деген ғалым. Бегазыға ертіп бар», - деп қосып жіберді. Бұл Әлекеңнің Бегазыға ең алғашқы келуі еді. Ауданнан «Бобик» машинасын мініп келген екен. Жанындағы кіслермен қоса Бегазыға апарып салып, қайтып кеттім. Әлекең бүйра шашты, денелі кісі екен. Өте мәдениетті, жылы жұзді адам ретінде есімде қалды. Бұл шамамен 1947-1948 жылдары болатын. Бұдан соң да Әлекең бірнеше рет келіпті. Бірақ, менің ол кісімен кездесуім осы болды», - деп әңгімелеп берді.

Елуінші жылдардың ортасына қарай Әлекең өзі ғана келіп жүргенімен, қазба жұмыстары жүргізілмеген. Ал, Әлекең дүниеден озған соң Бегазы-Дәндібай мәдениеті мүлде аз айтылып, тіпті ұмытыла бастады.

Осының барлығын айтып отырған себебім – Бегазының табиғаты өте әсем, жері тамаша. Тауы биік-биік жақтар тасты, қараған көзді қызықтырса, сай-саласы орман-тоғайлы. Суы балдай, шөбі шүйгін. Жеміс-жидегі тілді үйіреді. Адамға да, малға да өте жайлы. Сирек кездесетін аң-құстары да жеткілікті. Бұл жерде ұзақ жасаған тұрғышдар да көп. Мұндай әсем табиғаты бар жерді алыс-жақыннан келген қонақтарға ұялмай көрсетуге әбден боларлық. Бұған қоса Бегазы кешенін дүрыстап, туристер мен саяхатшылар тамашалайтын лайықты орын жасап қойған жөн.

Ал, енді оның тамашасынан гөрі ғылыми мәні тіпті жоғары. Әйткені, Қазақ Совет Энциклопедиясында жазылғандай, әлі де 27 құрылым мүлде зерттелмеген. Сондықтан да, тағы да археологиялық экспедициялар ұйымдастыру қажет. (Бұған ҚарМУ-дың тарих факультетінің ғалымдары да үлес қосады деп ойлаймын). Оның қойнауына бүгін жатқан тылсым сырын мұқият актаруымыз керек. Әрине, қаржы тапшы екені рас.

Бірақ, солай екен деп ғылыммен айналыспай отыруға болмас. Бұл – ертеңгі үрпақ үшін қажет дүние. Тарихи-археологиялық зерттеу ғылым көкжиеңін одан әрі кеңейтіп, одан әрі терендете түсірі сөзсіз. Бегазыдан тағы да ғылыми құнды дүниелер мен бағалы заттар, тың деректер табыларына еш күмән жоқ.

Келешекте Әлекең айтты деғендей, ұлттық парк немесе табиғат қорығын ұйымдастыру мәселесін де ойластырган дұрыс. Өйткені, Бегазы алыс жерде емес. Ақтогайдан небары 30-35 шақырым болса, Балқаш-Ақтогай күре жолынан (Жетімшоқы ауылының тұсынан) 18-20 шақырымдай ғана.

Бұғінгі шамалы қаржыны қимаганмен болмайды. Егер бұл жерде аталған зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ұлттық парк немесе қорық ұйымдастырылса, бұғінгі теңгенің есесі кейін туризм кластері арқылы бірнеше еселенін, доллармен қайтары сөзсіз. Ол тек Ақтогай ауданының ғана емес, облысымызға, тіпті бүкіл республикамызыға үлкен мерей болар еді.

**1999 ж.**

## ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮТІНІ...

Біздің алақандай аулымыз Ыстыбылақ деп аталады. Бұл аулымыз кезінде «Еңбек» колхозы болды, одан соң «Қызыларай» совхозымен қосылып, «Еңбек» бөлімшесі деп те аталаған болатын. Кейіннен «Қаратал» совхозының «Куаныш» бөлімшесімен қосылып, өз алдына жеке совхоз болған. Бірақ, сол «Еңбек» бөлімшесі деғен атағы, бәрібір сақталды. Кейіннен жаңадан «Еңбек» совхозы ашылған соң біздің ауылдың «Ескі Еңбек» атанғанып қайтерсің?!

Аулымыздың орналасқан жері мал өсіруге өте қолайлыш, түгін тартса – май таматын тамаша қойнау еді. Жағалай тау, етегі кекмайса, аққан бұлақ. Бұлактың сағасы қалың өскен шілік. Шіліктің арасы қарақатқа, кемері бұлдіргенге, сайлары сарымсаққа толы болушы еді. Бүгінде сол аулымыздың орны ғана қалыпты. Еліміз Егемендік алып, Кеңес Одағын келмеске жіберін, капитализмге қайта бет бүрган инагымызда онтайландыру деғен пайда болды да, жүрттың совхоз орталығына, аудан басына, қалага қарай үдерес көшүйнің салдарынан Ыстыбылақтың боз дөңғілінде ата-бабамыздың қорымы ғана қалқып қалды. Тек мәңгілік өмірге көшкен аруақтардың қаласы ішін тартып, томсырайған қалпы талай сырды астарына бүккен беті тылсым тыныштыққа оранған беті тұр. Анда-санда барып, марқұмдардың аттарын аттай отырып, бастарына қуран оқыған соң ғана кеуде толы құса ортайғандай болып, біразга дейін аулымыз көкейімізден кетпей жүреді.

Жарайды, бұл басқа мәселе. Мен о дүниелік болғандар емес, қазір де арамызда жүрген, балалық шақта сол Ыстыбылақтың көшесіндегі қара жолдың үстінде балақты түріп тастанап, асық ойнаған, сирагымызды қияққа тілдіріп, аяғымызға инегірін кіргізіп, табанымызды тасына тілгізіп, тау-тасын кезіп, бірге өскен, бірге жүрген достарым мен қатар өскен ауылдастарым, мектебім туралы толғансам деп едім.

Иә, сол кезде таңыңың атысы, күннің батысы далада ой-

нап, күнге күйіп, қап-қара болған ауылдың менімен тұстас қара сирақ балаларының барлығы қазір зейнеткер. Еңбегінің зейнетін көріп отыр. Немере сүйген, тіпті шөбере күтін отырғандары да аз емес.

Солардың арасынан Бақыттан бастасам деймін. Бақыттың әкесі Қойынбек ағатайым мен ес білгенде ауылда басқарма еді. Бақытпен бір класта оқыдық. Ол кезде Жағышаров болып жазылатын. Кейін Қойшыбеков болып көшін алды. Одан соң Текіш Бозшинаның әкесі Әйембек аксақал жылқышы болатын. Ауылдың бәйге аттарын баптайтын. Ол кісі бәйгеге қосқан әуелде Кержорға мен кейіннен Қаражорға аудандық фестивальдагы жорға жарысында әрқашан бірінші келуші еді. Кержорғаның басына алғашқыда Мұсайынның Оралбекі мінсе, кейін Қаражорғаның басына Қойшыбектің Бақыты мінетін болды. Аулымыздың атағы осындай жоргаларымен де аспандаган. Бақыт Еңбектегі №12 сегізжылдық мектепті бітірген соң ауылда қалды, механизаторлық курсы бітіріп, «К-700» тракторын жүргізді, машина айдады. Кейіннен Қарқаралының «Бейбітшілік» совхозына көшіп кетін, сонда жұмыс істеді. Жары, Ардақты ана Жұмағайша екеуі ұлағатты отбасы. Қазір Қарағандының Майқұдық мекенінде тұрып жатыр.

Текіш сегізіншіден соң Қызыларайды орта мектепте оқыды. Қарт әке-шешесінен үзай алмай, курс бітіріп, ауылда кітапханашы болды. Қызыларайлық жігіт Кеңесбайға тұрмысқа шығып, біраз жыл Қарағайлы кентінде тұрды. Қазір Сұрыптау стансасында.

Күлән Шайхинамен бастауыш класта бір партада отырдым. Бесіншіде оқып жүргенде қыздарга өлең іншарамын деп «пәлеге» қалғаным да бар. Бір балалар оны оқып қойып, бүкіл мектеп шулаған еді. Мені сол үшін пионерлер жиналысына да салған. Күлән мен Қарпыға Мұштарбекова үшеуміз Ақтогайда М.Горький атындағы №1 орта мектепте тогызынышыны бірге оқыдық. Неге екенін білмеймін, бір жылдан соң олар Қызыларайдың орта мектебіне ауысып кетін қалды.

Біз – Бақыт, Төкіш, Құлән және мен – төртеуіміз біріншіні бірге бастап, сегізінші сыныпты бірге бітірдік. Бұған дейін жетіжылдық болған мектеп біз бітіретін жылы сегізжылдық болып, айымыз онынан туды. Бір жыл болса да өз үйімізден оқыдық. Оның есесіне сол кезде СОКП-ның Бас хатшысы Н.С.Хрущевтің пәрменімен он бірінші класс деген шықты. Біздің класта Төкіш пен Құлән озат оқупы болды. Төкіш класком болды, Қулән пионер вожатыйы болды. Ол екі ортада бізге үшінші класта Өмірәлі келін қосылды. Марқұм көп үндемейтін, жымып күлін қана тұра беретін. Өмірәлі Сымайлов, Жаманхан Нұрбаев (ақын Руслан Нұрбайдың әкесі), Тәңірберлі Нарманбетов, Амангелді Ыбышев тағы басқалары мектеп жаңындағы интернатта жататын. Өмірәлі екеуміз достығымыз жарасты. Әсіресе, жазғы каникул кездерінде бірге жүретінбіз. Ақтас өзенінің бойынан балық аулаушы едік. Бұл туралы Өмірәлінің көзі тірісінде, алпыс жасқа толуына орай, «Өткен күн өрнектері» атты мақала жазып, оны облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде «Жақсының жүзі жарқын» деген айдармен бастырган едім. Онда жастық шактағы кейір қызықтарды еске алған болатынмын. Ол ауыл мектебіндегі сегізіншіден соң, Қарқаралы зооветтехникумына түсті. Оны бітірғен соң ауылда қызмет атқарды. Бізден бір класс төмен оқыған Мәрзияға үйленді. Кейін аудан басына көшіп, аудандық ветстанцияда еңбек етті, біраздан соң жарық беру бөліміне ауысып кетті. Аудандық мәслихатқа көп жыл депутат болды. Көзінің ағы мен қарасында екі ұлы бар еді. Соңғы жылдары мәслихаттың тексеру комиссиясын басқарып жүрген кезінде кіші баласы Нұрғиса жол апатынан көз жұмды, өзі екі жылдан кейін ауыр науқастан соң дүниеден өтті. Қазір Асанәлісі Қостанай облысының Затобол ауданында судья болып қызмет атқарып жатыр.

Алтыншы сыныпта бізге Қызыларайдан Жанат Мұқашев келіп қосылды. Оның әкесі Аманжол Мұқашев біздің сол

кездегі №1 «Еңбек» бөлімшесіне меңгеруші болып келген еді. Әужекең ағамыз бұрын орта мектепте мұғалім болған, өте мәдениетті адам еді. Кейіннен совхозға кәсіподақ комитетінің төрағасы болыш ауысып кетті. Жанатпен жақсы тіл табысып, достығымыз жарасты. Шешесі марқұм узіліс кезінде Жанаттың алдынан шығып, тамағын тасып жүретін өте жақсы кісі болатын. Жанат №2 Қызыларай орта мектебін бітірген соң Қарағанды медицина институтын тәмамдап, көп жыл Ақтогайдагы аудандық ауруханасында дәрігер болды. Қазір құрметті демалыста, Қарағанды қаласында тұрады.

Жетінші класта жанымыздағы Қарқаралы ауданының Жамбыл атындағы совхозынан Тәңкен Әбдікәрімов келді. Ол біздің ауылдағы Батталгазы атамыздың жиені екен. Сол кісінің үйінде жатып оқыды. Тәңкен кейіннен Қарағайлы кентінде қызмет істеп жүргенде науқастанып қайтыс болды. Марқұм жас кезінде ширақ болатын. Ауыл сыртындағы көгалға шығып алып, бәріміз кешке дейін куресетінбіз. Алысып-жұлысып ойнағанды жаны жақсы көруші еді.

Біздің класта Қайдар Қәсембеев деген оқушы болды. Онымен сегізінші класқа дейін бірге оқыдық. Одан соң басқа жаққа көшіп кетті. Қай жаққа кеткенін білмеймін. Ол Қабдолла мұғалімнің інісі болатын. Үстіне қолдан тігілген көгілдір костюм-шалбар киетін. Ағасының да дәл сондай киімі болатын. Қайдар ожарлау, қарап тұрып қойын қалушы еді. Жұдырығы қатты болатын. Өзі бізден екі-үш жас үлкендігі бар. Сол үлкендігін көрсетін, қожаңдағанды ұнатушы еді.

Менің жақсы бір досым қазір Қарағандыда тұратын Есен Сәрсекеев. Онымен 1953 жылы бұрынғы «Егінші», «Еңбек», «Қызылжар» колхоздары қосылмай тұрған кезде Жидебай деген қыстакта бірге ойнағанбыз. Ол кезде 4-5 жастардағы баламыз. Жеті-сегіз үйі бар қыстак колхоздың оргалығы болды. Онда Есеннің әкесі Сәрсекей деген кісі басқарма болды. Мен ол кезде Жәмекең атам мен Қараашап апамның бауырындамын.

Сол жерде басауыш мектеп болды. Оның жалғыз мұғалімі болды. Сол жалғыз мұғалім менің әкемнің інісі Фалым ағатайым еді. Мектеп деген аты ғана. Тұрғын үйдің бір бөлмесі болатыш. Онда он шақты бала болды. Сол болмеде бірнеше кластың баласы оқыды-ау деймін.

Сол Есенмен Ыстыбулақ мектебінде қайтадан табыстық. Бірақ, ол менен бір класс томен оқыды. Негізі екеуміз жастамыз. Есен де Қызыларайдығы орта мектептен соң Алматыға барып, Қазақ зооветеринария институтына түсті. Оны бітірген соң Қарағандыда Жер қатынастары және жерге орналастыру ғылыми-зерттеу институтында қырық жылға тарта қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықты. Есен өзімен бір класта оқыған, біздің туысқанымыз Күлгайын Бейсенбеккызына үйленген еді. Бір ауылда тұратын, бірін-бірі бірінші кластан бері білетін екеуі бақытты шаңырақ болды. Гүлназ және Жанар атты қыздары бар. Отбасымызben араласып-құраласып өмір сүріп жатқанбыз, бір өкініштісі – Күлгайын Алланың жазуымен дүниеден ерте өтті.

Біздің ауыл балаларының басты ермегі жаз бойы асық ойнау еді. Таң атысымен жиналып, кешкі мал келгенше ойнаймыз десем артық айтқандық емес. Ауылдың ортасымен қара жол отеді. Сол қара жолдың үстіндегі тақтайдай тегіс жерді таңда аламыз да, асықты согамыз. Асық ойынының түрлері көп. Оның «Шенбер», «Үштабан», «Қабан» деген ойын түрлері есімде қалыпты. Кешке дейін ойнап, үйден әкелген асығын түгел ұтқызып, тек сақасы қалған балалар «Арқаласпақ» ойнап кетеді. Ал асығы бар балалар ойынды жалғастырып жатады.

Кеінкі қарай ауыл жастары «Алтыбақанға» инығады. Оны күндізден бастап ұйымдастырамыз. Ол кезде ауылда жастар коп. Менің ағаларым Тұрсын мен Амангелді, Қалқаман, Оралхан, Теміrbай, Ботай, Қойшыбек, Таран мен Оралбек және басқа да ағаларымыз болатын. Тұн қараңғы тартысымен біз балалар үй-үйдің желісін, арқанын үрлап алып келетінбіз.

Ауылдың төменгі жағында қабырғасы қаланып, төбесі жа-былмай қалған баз болатын. Ол бізге жақсы болды. Соның қақпасы әлі салынбаган, мандайшасына бөрене қойылған есігін пайдаланамыз. Аталған агаларымыз арқанды сол баздың мандайшасына байлап, алтыбақан жасаушы еді. Ол кезде бой-жеткен қыздар да көп болатын.

Біз №12 жетіжүйелдік мектептің бірінші класына барған кезде Мұхамбетжан Тұсінбеков мектеп директоры еді. Бір жылдан соң болуы керек, дәл уақыты есімде жоқ, Әли Әубекіров директор болын келді. Мұқан бізғе бесіншіде оқып жүргенімізде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабак берген болатын. «Тазина бала» ертегісін бірінші тоқсан бойы оқытқаны әлі есімде. Қазақ тілі сабагында жаттығу жаздырғанның орнына «естерінде қалады» деп, ережені көшіртіп қоятын. Мұқаның аттары болатын. Сабак үстінде кейбір қу балалар ат жайында әнгіме бастап, «Сіздің торы қасқаңыз шанаға керемет журеді» деп жіберсе болды, әнгіме басқа арнаға ауысады да, сабак жайына қалады. Сонымен қонырау соғылады.

Кейіннен мектебімізге директор болып келген Әли Әубекіров география пәнін оқытты. Сабак кезінде тиісті карталарды ішіп қойып, гүрілдеген дауысымен тақырыпты жан-тәнімен түсіндіретін. Неге екенін білмеймін, ол кезде сол қолмен жазған бышай тұрсын, балаларға сол қолына қалам-қарындаш ұстаудына да рұқсат бермейтін. Оқушы тек он қолымен жазуы керек деп үйрететін. Кейбір солақай балалардың сол қолының женін артына қарай тігіп қойған оқигалар да болышты. Бірақ, ондай біздің класта болған жоқ. Айтайын дегенім – біздің Әли директорымыз сол қолымен жазушы еді. Біз оны қызық көретінбіз. Бірде Әлекеннің сол қолымен жазып отырғандығы маған күлкілі болып көрінді. Содан күлдім, енді сол күлкімнен тыла алсаңымы. Ақыры, сол күлкін таяқ жеп барып тоқтатқан едім.

Бірінші кластан төртіншігে дейін бізді менің Ғалым Жаманбалин ағам оқытты. Одан соң физика мен математиканы

Құрал Сәменов, ботаникадан, химия мен биологиядан, еңбек сабагынан Әміргалы Жайсацов, орыс тілі мен әдебиетінен, дene шынықтырудан Тәжібай Оразалин, неміс тілінен бір жыл Несінбала Кенжебаева, тарихтан Көген Бекмолдин, алгебра мен геометриядан Құнанбай Айтмағамбетов мұғалімдер білім берді. Кейіннен Ақан Бейсембеков мұғалім болып келді, ара-тұра бізге химиядан сабак беріп жүрді. Негізінен ол кісі бастауыштың мұғалімі болды. Сол сияқты Асылхан Тапаев мұғалім мен Қабдолла Қәсембаев мұғалімдер бастауыштың балаларын оқытты. Бізге ол кіслер сабак берген жоқ.

Жетінші сыныпты бітірген соң шөпке алып кетті. Үлгі окушы балалар «кәсепке» деп атайдын шоп машинасына міндік. Сөйтсек, оның аты «косилка» екен ғой. Онда біздің інаруамыз жоқ. Таң қылаң бере тұрамыз да, бір-екі шыны шай ішे салып, ДТ-75 тракторына бәріміз жабыльш мініп, шабындыққа кетеміз. Трактордың артына екі қатар етіп төрг-төрттен сегіз машина тіркейді. Бұрылған кезде сен де оның рулін бұрып отыруың қажет. Өтпесе, екінші қатардағы машинаның доңғалағына шалғының басы кіріп кетіп, кәсепекені аударып тастайды. Содан жұмысты аяқтап, ауылға қайтқан кезде күн ұсына кіреді. Ауыл деп отырғаным киіз үймен қоныстанған, жаз бойы кеңін жүретін шөпшілер бригадасы. Тракторшымыз Санақбай Төлепбеков болатын. Ол кісі күйгелек, шалғымызды тасқа немесе төмпейге соғып алсак, қатты ашуланатын. Ашуланбай қайтсын, соғып алсан, машинаның қисық білігін опырып тастайды. Егер қосалқы сайман болса жақсы, ауыстыра қоясың. Ал қосалқысы жоқ болса, орталықтағы ұста дүкенінен қолдан соғылғанын жеткізгенше машинаң тұрып қалады. Шалғыны соғыш алған жағдайда Сәкен қатты ашуланады да, «Ой, мойныңды ...!» деп желкеңнен бір кояды. Сөйтіп сан рет таяқ жедік.

Бір қызығы Санақбай жыланнан қатты қорқады. Коп балалар соны пайдаландық. Біздің Шаңырактау, Жан тауы маңында жылан өте коп. Кейде басын шалғымыз қырқып кетіп, тыптырлап жатқан жыланды көрсек, түс қалып сайман жәшікке

салып қоямыз. Біз келесі тоқтағанымызша ол өліп қалады. Сол кезде оның терісін сыптырп аламыз. Оны қалай сыйрыу керектігін Балқаштан келген орыстардан көрғенбіз. Оның терісін аңыз айранға бір салып алыш, шоп машинасының руліне көрсетіңкіреп орап қоямыз. Әсіресе, Санақбайдың көргені дұрыс. Содан қорқып, маңымызға онша тақай қоймайды. «Әй, ананы алыш таста, алыш таста!» деп ақырады, деғенмен сескенеді. Сөйтіп, жаз бойы шөпте болын, күзге қарай сабаққа бір-ақ оралатынбыз.

Сабаққа келген соң да тыныш отырғызбайды. Бұл кезде қой қырқымы басталады. Ауылдың арғы тау жақ шетінде ескі баз (мал қорасы) бар. Онда біздің бала кезімізде сиыр ұсту үшін салды гой деймін. Кейінде бір басын бөліп, ұн тартатын дірмен жасады. Ауылдың адамдары колхоздан еңбек күнге алған бидайын тартқызып алатын. Одан соң дірмен сол орнында тұрды да, оның бер жағына қой қырқатын қырықтық орнаттды. Біз оны «агрегат» деп атайды. Қыркүйек айы туысымен қой қырқу да басталады. Мектептің оқушыларын кезекпен қырықтықшыларға қой жығыш беруге жібереді. Сөйтін, бір ай бойы, қырқым аяқталғанша сонда жүреміз.

Айтпақшы, ұмытып барамын, біздің ауылда «купке» деғен де пәле болған.

Қыс бойы бірнеше рет демалыстарда қыстақтарға апарып, қойдың қылын оюға жіберетініп қайтерсің. Қүрек бойы болған қиды ою да оңайға түспейді. Оны әлді жігіттер дәу-дәу етіп ойыш тастанды. Біз оны мықшындаш жүріш өгіз шанаға салып, далаға шығарамыз да, кәдімгідей қалаймыз. Бұл қи күзде шопан қыстақ басыша оралғанда, әбден санғырап кеүіп, кәдімгі отыш больш тұрады. Шопанның үйі сол қиды қыс бойы жағып шығады.

Айта берсем әңгіме көп. Бірақ, бұдан әрі не жазарымды білмегендіктен емес, осы жерден тоқтатқанды жөн көрдім.

## «АҚТОҒАЙДА МУМКІНДІК МОЛ»

**Ақтогай ауданының әкімі Никанбай Иманғалиұлы  
ОМАРХАНОВПЕҢ сұхбат**

### 1. Ауданда атқарылыш жатқан істер көп...

- *Никанбай Иманғалиұлы, Ақтогай ауданына әкім болып келгеніңізге бір жылдан астам уақыт болыпты. Бұл әрине, көп уақыт емес. Дегенмен де бірталай істің басын қайырып, бірталай жұмысты алдағы күнге жоспарлауга жетептін уақыт деп ойлаймын. Соган орай осы ауданга келген соң ең бірінші жұмысыныңдың неден бастадыңыз?*



- Жұмысты ауданды аралаудан бастадым. Ауылдардың арасы алшақ. Аудан 5 млн. 200 га жерді алғып жатыр. Айыртас, Шұбартау ауылдары Семеймен шектесіп жатыр. Аудан орталығынан 300 шакырым жерде. Мына жағы Сарышаган Жамбыл облысымен шектеседі. Он жеті селолық округте 36 елді мекен бар екен. Елмен, жермен танысу мақсатында түгел аралап шықтым. Өмірі аудан басшысы соқпаған жерлер де

бар екеи. Жалпы елмен сөйлестім, басшылармен сөйлестім. Сол кезде ауыл әкімдерінің сайлауы басталған шақ болатын. Келген бетте сайлауды пайдаланып, халықпен 2-3 рет кездесін үлгердім. Алдымен 17 әкімді сайлап алдық. Сайлауға араласқан жоқтын. Екі әкім ғана жаңадан сайланды, басқасында бұрынғы әкімдер орындарында қалды.

- *Халқымызда «Сырт коз – сынышыл» деген бар. Ол создің астары тереңде. Сіз сырттан келген адам ретінде алғашқыда қандай ойда болдыңыз?*

- Мен сырттан келген адам ретінде көп жайды аңғардым. Бірден айтайын – проблемасы өте көп аудан.

- *Мен де сол проблемалар туралы айтуыңызды отінгелі отырмын. Әдеттегіше соның ішіндегі әлеуметтің мәселелерден бастасаңыз...*

- Әлеуметтік жағдайын көрдім. Ауыз сумен, электрмен жабдықтау мәселесін көрдім. Бір қызығы – өз беттерімен сырттағы жаңалықтарды біле бермейді екен. Кейбір шаруа қожалықтарында, кейбір ауылда монша жоқ. Кейбір ауылда дүкен жоқ. Дүкен түтілі дүнгіршек те жоқ екен.

Жол – нашар. Айыртас пен Ақтогайдың арасындағы 300 шақырым жолдың 200 шақырымы журуғе келмейді. Екі рет бардым. Сол жолға 52,35 млн. тенгеңің сметасы жасалып еді. Соған жөндеу жұмыстарын бастап жатырмыз. Сарытерек ауылы су беруді сұрап жүр екен, «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша құжаты дайын екен, оны кіргізіп алдық. Оның сусы жақсы деп жатыр.

- *Басты мәселенің бірі – денсаулық сақтау саласы гой. Мұнда да үлкен проблема бар шыгар?*

- Әрине, бар. Аудан басындағы орталық аурухананың жағдайы мәз емес. Былтырғы жылы әйтеуір көптен бері бос тұрған емханасын істетіп алдық. Енді шаруашылық жағы, қазандығы, мәйітхана, асхана жағы быт-шыт болып тұр. Аудандық аурухананың үшінші қабаты бос жатыр. Оған жи-

ырма жылдан асынты. Осыларды жөндеуіміз керек. Әрине, жеті дәрігер жетпейді. Мұндай қаусап жатқан жерге кім келеді? Тіпті бұргылау қондырғысы да жоқ. Рентген аппараты тозған. Облыстың деңеаулық сақтау саласындағы басшылығы көп көңіл бөлмесе болмайды. Содан кейін былтырғы жылы алдыңғы жылға қарағанда, биылғы жылы былтырғы жылға қарағанда туберкулезбеп ауырғандар саны екі есеге дейін көбейіп кеткен.

- «Ақтогай өнер дарыған аудан» дейіміз. Мұнда әнші-күйшілер, өнерпаздар көп. Сондықтан, мәдениет саласы жыгары деңгейде деп ойлаймын...

- Мәдениет саласында да кемшіліктер бар. Мына «Тоқырауын тоқындары» ән-би ансамблін дамытуымыз, абырай-атағын бұрынғысынша асқақтатуымыз керек. Біздің мұражай тамаша. Облыс аудандарының арасындағы жалғыз археологиялық мұражай. Осында 13 га жерді алып жатқан, облыс аудандары арасында жалғыз саябағымыз бар. Оны жөндөтеміз. Ішіп реттеп, ат-тракциондарын ретке келтіру қажет. Оған биыл өкінішке қарай, ақша ала алмадық. Оны келесі жылдың еңісіне қалдырамыз.

- *Білімсіз ешқайда аяқ баса алмайтынымыз белгілі. Бул саланың жұмысы туралы не дейсіз?*

- Аудандағы білім саласы да қатты көңіл бөлуді қажет етеді. Қазіргі ауылдық мектептерде 30-40 баладан қалып жатыр. Мектеп жабылса, ауыл жабылады. Ауыл жабылса – аудан жабылады той. Ауылды жабу деген ұлттың трагедиясы. Мына ен дағаға кім ие болады? Мен былтыр келгеннен бастап білім саласының материалдық-техникалық базасын жаңғырту, компьютерлендіру, барын жаңарту мәселесін алға қойдым. Әлі қаншама зейнеткер мұғалім еңбек етіп жүр. Солардың жүргеніне раҳмет айтыш отырмыз. Өйткені, жастар келмейді. Білім бөлімін басқарудың өзіне ешкім келмей отыр. Қазір ауылдарды ұстап отырған мектептер. Сол мектептерге ие бола алсақ, ауылға да ие боламыз.

- *Жаңа жол мәселесін аузыңызға алдыңыз. Жол қатынасының жағдайы туралы не дейсіз?*

- Ауданда автобус жүрмейді. Жағдайды содан-ақ бағдарлай беріңіз. Жолаушылар көлігі қажет. Қазір жиырма бірінші гасырда өмір сүріп жатсақ та, анау Қарағандыдан әлі күнге дейін кешегі кеңес үкіметінен қалған «Пазик» автобусы жүреді. Жеке меншік фирма ұтып алған. Солармен келісін, енді күніне бір рет шетелдік автобус жүргізе бастадық.

Ендігі бір мәселе – Ақтоғайдың басында автобекет жок. Оны салғызу қажет. Сөйтін, қарап отырсақ – бәрі жок, жок, жок...

- *Бір кезде «Іс метігін кадр шешеді» деген қанатты сөз болуши еді. Аудандағы кадр мәселесі жөнінде де айта кеткениңіз дұрыс болар.*

- Аудандағы екінші бір үлкен мәселе – кадр тапшылығы. Көптеген жерде болдым. Бірақ, дәл мынандай кадры тоқырап қалған жерді көрген емеспін. Бүгінгі күннің өзінде 40-тан астам орын бос түр. Мысалы, әннің ордасы, Құләш, Манарабек-тей дүлдүлдер шыққан елде Мәдениет бөліміне басшы жок. Бір жарым жыл болды, екі-үш рет конкурс өткіздік. Сырттан азаматтар әкелдік, біраздан соң раҳметін айтып, кетеді де қалады. Тајуда тағы конкурс өткіздік. Кадр мәселесінде тек қана ауылда жүрген, сыртта жүрген осы ауылдың өз азаматтарын ғана әкелемін деп алдыма серт қойдым. Жуырда Абай ауданында істейді екен, Ақтоғайдың бір азаматы тестіден өтті. Амандық болса, тағайындағын деп отырмын. Аудандық білім бөлімі де 5-6 ай болды, басынысыз отыр. Оған Қарағандыдан немесе Қарқаралыдан адамдар конкурсқа түседі, қабылдаған жоқпын. Олардың өздері де мұндағы жағдайды көрген соң бас тартты. Аудан әкімінің орынбасарлығына кісі таба алмай жатырмыз. Қазір ауылдың Астанада жүрген бір азаматымен келісудеміз. Сыртта жүрген ақтоғайлықтарды қайтару амалдарын істеп жатырмыз. Бұған қоса 41 жас маман жұмысқа алынды. Жас азаматтар келін жатыр. Бөлімдерге алдық. Негізінен алғанда жастар бар. Бірақ, кезінде оларды ешкім керек қылмады ма,

болмаса жағдай жасалмады ма, әйтеуір сыртқа кетіп қалганғой. Соларды қайтару үшін жұмыс жүрін жатыр.

ҚарМУ-да болып, биылғы түлектермен жолыктым, 42 адам бітіреді екен. Соның жартысына жуығы ауылға келеміз деп құлшыныс білдірді. Олармен де жұмыс істелуде.

Көптеген жастарды жұмыска жібереміз, олардың 60 пайыздан астамы тестіден өтпей қалады. Білімдері жетпей жатады. Тіпті болмаған соң, сонау облыстағы тестілеуге дайындау орталығынан мамандар мен оқытушылар шақырып, осында 15 жасты оқытып шығардық. Олар енді тестілеуге кетіп жатыр. Кадр мәселесі – үлкен проблема. Егер мен аудан басшысы ретінде осындағы кадр мәселесін ретке келтіре алсам, ауданда талай жұмыс атқарылар еді деп есептеймін.

*- Қай жерде болмасын тұргын үй мәселесін ауызга бірінші алатынын білеміз. Ақтогай ауданында да бұл мәселе де оңай емес шыгар? Сонау жылы бірталай үй жауыннан соң құлап қалғанын білеміз.*

- Ал, тұрғын үй мәселесіне келетін болсақ, сонау 60-шы жылдарда саманнан салынған үйлер, оның үлес салмағы кемінде 80 пайыз. Қазір 32 үй апаттық жағдайда. Алақандай ауылда 2000-дай халық болса, соның ішінде 200-дей адам үйдің кезеңінде тұр.

Ақтогай ауданының орталығында тұрғын үй салу ең басты мәселе. Онсыз ештеңе шешілмейді. Аудан әкімдігіне түсетін арыз-шағым, отініштің 70 пайызы тұрғын үйге қатысты.

Тағы бір таң қалғаным – былтыргы жылы көптеген шағым жер мәселесіне байланысты түскен болатын. Оның бәріне жергілікті әкімдерге, жер комитетіне тапсырма бердік. Сол биылғы жылы азайды.

Біраз мекемелердің отыратын жері жок. «Кейінгі отыз жылда жаңа ғимарат салынған жоқ» дейді үлкендер. Кейбірі жеке меншік үйді жалдап отыр. Мектеп он екі жылдыққа көшетін болса, кейбір ауылдардың балалары осында келін, интер-

натта жатып окуы мүмкін. Ақтогайдың орталығындағы еki мектепті ресурстық орталықтар мен тірек мектептеріне бұрып отырмыз. Бір үлкен мәселе – көп жыл бос тұрған колледждің бұрынғы жатақханасын «Білім үйі» етіп қайтадан жасақтау. Былтыр көрдік, балалар қаңырап тұрған бес қабатты үйдің бір бұрышында үсіп-жаурап жатыр екен. Бұрынғы интернатта аудандық білім бөлімі мен өнер мектебі отыр. Осының бәрін талдай келе аудандық білім бөлімі, өнер мектебі, балалар кітапханасы (бұл қазір клубтың бір бұрышында) осы жатақханаға көшірілмек.

Жас мамандарға тұрғын үйді бірден салып бере алмаймыз гой, бір жак бұрышын жас мамандардың пәтеріне, бір жағын колледждің окушыларына жатақхана ретінде жабдықтайық деп жатырмыз. Сойтің, екінші қабатты бітіріп, аудандық білім бөлімі мен өнер мектебін кіргізбекпіз. Бұрынғы интернатты қыс ішінде болса да жөнделп, өзі мектептің дәл жанында тұр, оған ауылдан келген балаларды жатқызбақпыз.

Жалпы алғанда тұрғын үй салу жөніндегі жоспарымыз ауқымды.

- *Бұрын мұнда «Жастар орталығы» деген болушы еді гой.*

- Бұрынғы «Жастар орталығы» бұзылып қалыпты. Республикамен келісін, аудандық сотқа жаңа ғимарат салып береміз деп, салатын жерін белгілеп қойдық. Ондағы ойымыз – бұрынғы аудандық атқару комитетінің ішінде отырған мекемелер бар, біз де осы әкімдікке мәслихатпен бірге симай жатырмыз, тағы басқа да мекемелерді кіргізу үшін бұрынғы сот ғимаратын пайдалану гой. Біріне-бірін осылай септестіріп жатқан жайымыз бар.

Ауылдарда жас жігіттер мен қыздардың баратын жерлері жоқ. Спортпен шұғылданатын стадионымыз бар, ол ауыл шетінде. Енді дene шынықтыру орталығының құрылышын бастандық. Балалар мен жасөспірімдер орталығы деген мүлде жоқ, оны жақадан ашамыз. Бұған жастарымыз қуаныш жүр.

Ақтогайдың басында осындей-осындей жұмыстар жүргізіліп жатыр. Оның үстінен көнелердің коршауларын, әр түрлі ша-

ғын бизнес орталығын салу дегендер бар. Міне, өстің, кешенде бағдарлама жасадық. Биылғы жылдың өзінде ауқымды жұмыстар атқару керек болып отыр. Бұрын мұндай қомақты қаржы бөліп қоймаған. Оған мамандарымыз да дайын болмай шықты.

Сонымен бірге ауданымызда қоғамдық қауіпсіздікті де сақтауымыз қажет. Қазіргі кезде инспекторларымыздың жартысынан астамында түрғын үй жоқ. Материалдық-техникалық база нашар, көлігі боса-болмаса жоқ дегендей. ПБ-ның отырған үйі сонау 50-ші жылдарды салынған. Келесі жылды бір гектарға жуық жерде ПБ-ы үшін спорт кешені бар, тамағна ғимараттың құрылышын бастаймыз деп облыстық департаментпен келісіп отырмыз.

- *Шашубай, Сарышыған жақтары «Ақтогай бізді ұмытып кете береді, біздің жағдайымызга көніл болмейді» деп ренжіт жүргүші еді...*

- Ондай бар. Шашубай мен Сарышығанның түрғындары: «Барлық ақша қаражатын Ақтогай өзі алады» дейді, ал бұл жақтағылар болса: «Барлық қаражат соларға кетіш жатыр» дейді. Рас, казір облыстан бір адам телефон шалса, алдымен «Сарышыған қалай?» деп сұрайды. Кейбір басшылар Ақтогай ауданы тек қана Сарышыған деп ойлады. Олай болуга тиіс емес. Сарышығанда да мәселе көп. Қазір үлкен әңгімелер жүріп жатыр. Ол Приозерск қаласына 10 шақырым, Ақтогайдан 400 шақырым қашықтықта орналасқан. Түрғындарды кинайтыны – бір анықтама алу үшін сонау 400 шақырым жерден Ақтогайға келеді. Бұл мәселемен Үкімет болып шұғылдануда. Оны қалай шешеді – өздері біледі. Көріз жүйелері, ауыз су жүйесі тозған, жылу жүйесі жоқ. Жан-жақтан жиналған халық ешқандай коммуналдық ақы төлемейді. Сондай-сондай үлкен мәселелер бар. Бұл біздің бүйірімізге қадалған шаншу сияқты. Ал, Шашубайда жағдай жаман емес. Ондағы мектептің директоры облыстық мәслихаттың депутаты. Жылуы, сұры, бәрі бар. Былтырғы жылды 100 пәтерлік бір үйді қалпына келтірдік. Екінші

бір үйдің құжаты облыста жатыр. Осы жерде бір айта кететіш қиын мәселе бар. Егер Шашубайдың басындағы бос тұрган бес қабатты үйлердің бәрін жөндей берсек, онда Ақтогайда кісі қалатын түрі жоқ. Түгел сол жаққа көшіп кетуі мүмкін. Елдің барлығы қазір Шашубайдан үй бер деп отыр. Бұл мәселенің сондай қаупі бар. Негізі ол үйлер қалпына келтіріледі.

Балқаш жағасында үш жақсы ауыл бар. Оның бірі – Тасарал ауылы. Біздің облыстағы бір де бір жұмыссызы жоқ, түгел еңбекпен қамтылған ауыл сол. Бір адам жәрдемақы алмайды. Торандырылған болса, туризм орталығы. Ортадересін де жақсы жағдайда. Тауда ол ауылдарды аралап келдім. Негізінен алғанда ол жақта жиі болуга тырысамын.

Жуырда біраз адамдар, оның ішінде Қабылсаят Әбішев бар және басқа көптеген адамдар бар, «Ауылга көп болды келмегенімізге. Келсек – өлік-тірікке түнде келеміз, түнде кетеміз, ешкімді көрмейміз» дегенді айтқан болатын. Соған орай «Тұған жерге тағзыым» атты акция ұйымдастырылған. 120 адам шакырган болатынбыз. Оның елу шақтысы келді. Оларға көп рахмет. Қарсы алдық, концерт қойдық, сый-сияпат жасадық, көрме ұйымдастырылған. Табиғат аясына бардық. Ақындар айтысы болды. Ана Амантай Жұмашевтің өзі неге тұрады? Қандай тамаша болып, құшақтасып, сыртта жүрген азаматтардың кейбірі сол жерде бір-бірімен танысып жатты. Енді солар: «Елмен таныстық, жермен таныстық, келмегелі көп жыл болып еді. Енді қор ашындар, ауданымызға көмек жасаймыз» дейді. Рахмет оларына. Егер қолдау-комек көрсетіп жатса, құба-құп дегеннен басқа не айтамыз.

## 2. ... Алда атқарылатын іс одан да көп

*- Өзіңіз айтып отыргандай, ауданның проблемасы өте көп екен. Енді соларды шешудің жолы бар ма, болса – қандай болмақ? Соган кеңірек тоқталып отсанғіз.*

- Мұндай жұмыстарды тиіп-қашып істеуге болмайды. Сондыктан да облыс басшыларымен келісе отырып, ауданың кешенді даму бағдарламасын жасадық. Екі-үш ай аудан мен облыс орталығы арасында шапқыладым. Ақыры, Ақтогай ауданының 2014-2017 жылдарға арналған бағдарламасы дүниеге келді. Облыс әкімдігінің мәжілісінде талқыладық. «Ауруын жасырған өлең» дейді, барлық кемшілікті жасырмай көрсеттім. Әлеуметтік салада, білім беру, денсаулық сактау, мәдениет салалары, елдің күнделікті тіршілігіне қажетті жол сияқты жайларды түгел қамтуға тырыстық. Бағдарлама 9 блоктан тұрады. Оның ішінде 7 блок Ақтогай селосының өзіне арналды. Ауданымыздың айнасы болуы керек Ақтогай селосы қазір жүдеп тұрғаны рас. Кейінгі кезде үйлер мен зират араласып кеткен. Көп жылдан бері тұрғын үй, ғимараттар салынбаған.

Сейтіп, Ақтогайдың басына жеке бағдарлама жасадық. Бұл қараша айының іші болатын. Осының бәрін облыс әкімі тыңдады да, «мұндай жағдайды барып көру керек» деп, екі қүннен соң облыстың бүкіл басқармаларының басындарын ертін Ақтогайға өзі келді.

Отыздан астам басшының жартысынан көбі Ақтогайды бірінші рет көріп тұр екен. Түгел аралады. Сонау Ақшиден, Үшарал, Сәуледен бастап, Ақтогайдың басын, Қасабай, Қаратал, Қызыларай жағын аралады, кейбір қыстақтарға сокты. Соңында Қызыларай аулында актив өткізіп, қатты аландauшылық білдірді. «Көмектесу керек, кейбір жерлер кенжелеп қалыпты» деді. Ұсынған барлық жобамыз түгел қабылданды. Бүгінгі күні соның ішінде 2,5 миллиард теңгенің жұмысы атқарыльш жатыр. Оның біразы жол жөндеуге жіберілді. Қарағанды мен Ақтогай арасы, Қызыларай, Айыртас жолдары, Кежектің, Еңбектің жолдары, Ақтогайдың өз басындағы көшені асфальттау, ауыз су мәселесі қолға алынды. Сонау түкінрдегі Айыртас аулының ауыз сұзы жонделетін болды.

Аудан бойынша 2,5 млрд. теңгеге, оның ішінде әр түрлі жөндеу саласына, атап айтқанда аудан оргалығына 600 млн. теңгеден артық ақша жұмсалмақ. Бұл кішкене ауданға көп ақша. Соның ішінде бастысын айтатын болсақ, 1,4 шақырым көше жолын толық асфальттайық деп жатырмыз, жолымен бірге жиектастары да қойылады. Ақтоғайдың көшесінде жарық ете аз. Оның өзі ескі шамдар. Бұғінгі күні қуат үнемдейтін шамдармен айырбастап, ауылдың 80 пайызын қамту ойымызда бар.

Ауылдың ішінде қалған 5-6 зират бар. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген ғой. Соның ішінде ең үлкенін қоршаймыз. Коршауы ашық болған соң оның ішінде ит те, мысық та, сиыр да жүр. Байқап қарасақ, отыз шакты қабір ашық жатыр. Кемінде 70-80 жыл болған зираттар ғой. Енді соны тазартып алайық деп жатырмыз. Одан соң қоршауга кірісеміз.

Кішкентай ауыл болғанымен балалардың, бұлдіршіндердің ойнайтын жері жок. Әкімдіктің алдын жөндеуді былтыр бітіріп алдық, Мәдениет сарайын жөнделдік. Балалар көшеде жүреді. Қазір балалар алаңын, бір жақ шетінен «Балалар әлемін» жасауды қолға алдық. Әр түрлі аттракциондар, мүсіндер орнатылып, футбол, волейбол ойнайтын жерлері болмақ.

- *Құрылыш салу жайын айтып жатырсыз. Оның жай-жасары туралы да толығырақ біле кетсек, артық болмас еді.*

- Құрылыш салу үшін «Бас жоспар» деген болу керек. Ол Ақтоғайда жоқ. Оны жасатқан, бірақ аяқталмай, орта жолда қалып қойған. Соны жалғастырып, мәслихаттың шешімімен бекітіп алайық деп отырмыз. Аудан кішкентай ғана, қарасақ – үй салатын орын жоқ. Қөшелері қисық-қисық. Үйдің 80 пайызы саманнан салынған. Оларды бұзып тастасақ, адамдарын қайда түрғызамыз? Сондықтан, маңайды түгел арападық. Таудың арғы жағын да қарадық. Сөйтіп журіп өзеннің арғы қабағынан 40 га жер таптық. Бұл бұрынғы басшының да назарында болыпты. Оны мен таптым деген емес. Сол жерді үлкендер көрсетті. 150 үй жайма-жай сияды. Тактайдай жер,

өзеннен де алыс емес. Бірақ, солай екен деп бас салып үй сала алмаймыз фой. Алматыдағы арнайы институтқа ол жердің асты-үстін зерттеттік. Асты 4,5 метрге дейін құрғак екен. Жердің қиғаштығы, көлбеулігі бәрі дұрыс екен. «Үй салуға болады» деген корытынды берді. Енді нақты жоспарлау бар. Онда қай жерде көше болады, қай жерде жылу, қай жерде дүкендері болады деген сияқты. Әзірше оған қаражат таба алмай отырымсыз. Егер шотымызға ақша түссе – жобалауды жасатамыз. Одан соң жобалау-сметалық құжатын бастаймыз. Бірақ, осының барлығы ақша. Сондықтан, облыспен, Астанамен келісіш алмай, әрине, жасатпаймыз. Эйтпесе, оның жобалау-сметалық құны 50-60 млн. теңгеге, тіпті одан да қымбатқа түсі ү мүмкін. Ал, егер ол ертең салынбай қалса, өліп қалады. Облыстың 14-15 жылға жоспарына кіргізіп алсақ, онда жасауга болады.

Қазір «мына әкім келе салын, 100 үй саламын деп жатыр» деп кейбіреулер сез қозғап жүр. Мұндай жаңа қалалар көптеген жерлерде салынуда, оның барлығын айтып жатпай-ақ қоялық. Біз де келешекке неге үмтүлмаймыз? Бұл үйлерді мен салмауым мүмкін. Егер оның сметалық-жобалау құжаттары дайын болып тұрса, басқа азамат салуы мүмкін фой. Мәселен, әлгі айтып кеткен дene шынықтыру, денсаулық оргалығының жобалау-сметалық құжаттары 2006 жылы жасалған екен. Содан бері өткізе алмай келген. Бірнеше әкім кетті. Бұл менің мандайыма жазылған екен. Яғни, ЖСҚ дайын болса, оған кез келген уақытта қаржы бөлінуі мүмкін. «Армансыз адам қанатсыз құспен тен» дейді. Ондай жоба жасап жатқанымызға, келешекте жаңа ауыл саламыз деп жатқанымызға куануымыз керек емес пе?

- *Тоқырауындағы тартылмайтын түщи өзені бар ауыл ауыз судан таршылық көрмеуге тиіс қой деп ойлаймыз...*

- Айтпақшы, екінші үлкен проблема Тоқырауын өзені болып тұр. Бұл өзен бүкіл Балқаш өңірін сумен қамтамасыз етіп отыр. Осы өзеннің де арнасын бұзып жіберген. Кезінде жаппай құм

алған. Табиғатка тиісе беруге болмайды ғой. Кейбір арналарын су басып барады. Нарманбет аулына су кіріп жатыр. Кезінде бұл жерде совхоздың бір директоры өзеннің арнасын бұрып, жайылым суармақ болған екен.

Ең үлкен мәселе – Тоқырауынның төрт шақырымы ауылға жақында, кіріп келе жатыр. Жыл сайын су тасыған кезде жағалауды бұза береді, бұза береді. Осыны ескере келіп, облыстың табиғат қорғау басқармасымен келісе отырып, осы төрт шақырымды «толық реконструкция» дейді, соны ретке келтіру басталды. Бұл Астанадағы Есіл өзенінің жағасын жөнге келтіру сияқты бетондалады, арнасын тазалайды, жаяулар көпірі салынады. Жағажайы болады. Бұзылған жағаны тегістейді.

Жағалауды бекіту мақсатында, сол басқарма арқылы 10-15 га жерді зерттеп, орман «питомнигін» орнатайық деп жатырмыз. Ол жаңағы ауылға, жерге ық болатын нәрсе. Желдің өтіне қарсы тұру үшін. Сол «питомниктің» жобасы жасалуда. Орман отырғызу арқылы Астананың климаты өзгерді ғой. Сол үшін де Елбасына бас июіміз қажет.

Шынын айтсам – ауыз су мәселесі де ауыр. Өзі қырат жерге орналасқан. Сонау 1954 жылы салынған құбырмен су ішіп отыр. 2002 жылы су құбыры салыныпты. Ол бір-ақ күн жұмыс істеп, істеп шыққан. Биылғы жылы ауыз суға 25 млн. теңге ақша бөлдік. Өзеннен өтетін құбырдың кей жері анық жатыр. Соны астына түсіріп, реттеп қоялық деп отырмыз. Келесі жылдан бастап «Ақ бұлак» бағдарламасы бойынша әрбір үйге су кіретіндегі етіп, жана су құбырын тартпасақ болмайды. Қазіргі іске жарамайды.

Есік ауылды реттеу қын болып тұр. Онда кәріз жүйелері жоқ. Бұрын салынбаған ғой. Елдің бәрі, оның ішінде 600-ге жуық үй, оның ішінде мекеменің ішінде мекемелер бар, үйдің жанынан шұңқыр қазып алған. Оның тереңдігі бір жерде 1 метр, келесі жерде 2 метр. Лас суларды сонда ағызады. Үйді

ретімен салған ешкім жоқ. Соның салдарынан ауылдың асты лас суға шылқыш кеткен. Ауылдың жанында өзен тиіп тұр, Шатыршадан бері қарай 3-4 бұлақ агады. Ауылдың астындағы лас су ертеңі құні әр түрлі ауруларға себепші болmas па еken деген де қаупіміз бар. Көптеген үйдің кулап жатқаны да сол. Мен келген кезде «Үйлердің сыртын неге ақтамайды еken?» деп таң қалатынмын. Сөйтсем, олар ақтайды еken. Көктемде әктейді – жаз бойы ағып кетеді, құзде әктейді – қыс бойы тағы кетін қалады. Өйткені, үйдің асты су, содан қабыргасы сызданып кетеді.

*- Сондықтан Ақтогайга кәріз жүйесі қажет дейсіз гой.  
Солай ма?*

- Кәріз жүйесінің қажет екендігі рас. Бірақ, оны жөндеудің өзіне миллиондаған қаржы кетеді. Жердің ылғалдылығын азайту үшін жауын сұзы жылдам ағыш кететін суагарлар (дренаж) қажет. Қазір осындай мәселелермен шұғылданып жатырмыз.

Міне, алақандай Ақтогайдың басында қашшама проблема тұр. Бәрін реттейтін болсақ, талай мәселе шешілдер еді. Өндай құн де алыс емес. Егер бөлінген қаражатты игерін алатын болсақ, соның өзі біраз өзгерістер жасайтындығы сөзсіз.

Мен Ақтогайдың басына көбірек тоқталып кеттім гой деймін. Өйткені, ең бірінші Ақтогайдың басын реттемесе болмайды.

Тағы бір мәселе «Мына әкім Қарқаралы мен Ақтогайдың арасына жол салмақшы» деп шу көтеріп жүр. Шыны керек, бұл аса қажет жол. Ол Ұлы Жібек жолы. Ақтогай мен Қарқаралыны бөлуге болмайды. Бұл жолды сонаш патша заманының өзінде аңсаган. Ол жол салынатын болса, екі аудан арасындағы бұл жол облыстық, тіпті республикалық маңыздығы жолға айналуы тажап емес. Одан соң ол асфальтталағы. Мен байқап жүрмін, Қарқаралы мен Ақтогайдың 80-90 пайызы бір-бірімен туысқан. Өнда жол бойындағы бизнес дамиды. Ауылдар сақталады. Республикалық жолдарды сақтаймыз.

Басшы болған соң он-жылғысын ойлауға міндettі. «Ертеңгісін ойламаған ерден без» дейді. Кейбір шолақ ойлы арызқойлар атқарып жатқан ісіміздің барлығын теріске шығаруға тырысып жатыр.

- *Бір сөзіңізде бұл ауданың мүмкіншілігі отемол екендігін тілге тиек еттікіз. Енді соны кішкене тарқата түссеңіз.*

- Мен мына Қарқаралы ауданында істеп көрдім. Ақтогайда ірі және орта мал шаруашылығы көп екен. Біз бүгінгі күнге 90 ірі және орта шаруа қожалықтарын таңдал отырмыз. Енді соларды соңымыздан ертіп, «Жол картасы» бар, индустрияландыру картасы бар, қазір сол бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Мәселен, 500-600 сиыр, 2000-нан астам қой, мыңнан астам жылқы өсіріп жатқан ірі-ірі шаруа қожалықтары бар. Осылардың басын біріктіру ойымызда. Бұдан инновациялық жобалар шығаруымыз керек. Айттар болсам, «Балқашсұт» ЖШС үлкен зауыт. Оларда сүт жок, ұнтақпен отыр. Өзінің күшімен жұмыс істеп жатыр. Керісінше, Ақтогай ауданында сүт ұқсатылмай, іріп-шіруде. Сол зауыттың директорымен келістік. Ақтогайда сүт қабылдайтын пункт ашты. Басында күніне 600-700 литр сүт қабылдайтын. Екі күнде бір рет 1,5 тонна сүт әкетін жатты. Сол пункт қазір 10-15 тоннага дейін сүт жинауға мүмкіндігі бар. Бір ренжитінім – халқымызда жалқаулық басым. Кейбір жас келінектер сийырын саууга ерінеді. Қазір Ақтогайдың басы сүт тапсырмайды, сонау Еңбек, Қаратал, Қызыларай ауылдарынан өздерінің мотоциклдерімен, «Жигулилерімен» әкеліп тапсырады. Бір жағынан халықты кінәлауға да болмайды. «Мына әкім де келеді де, кетеді» деген сияқты түнілушілік бар сияқты. Елді осы түнілушіліктен арылтуымыз қажет.

- *Ақтогай негізінен мал шаруашылықты аудан. Сондықтан да, мал шаруашылығын дамытудың барысы қандай? Келешек мүмкіндігі туралы не айтасыз?*

- Мал басын арттырып, шаруашылықты дамыту қажет. Ол үшін ең бірінші мал азығын дайындау мәселесін шешуіміз

керек. Бізде 53 мың га жер әбден тозып кеткен. Соган облыспен келісе отырып мал азығын дайындау орталығын ашып қойғанбыз. Оған облыстар қаржы бөлініп жатыр. Біз ол үшін Ауыл шаруашылығы министрлігімен, «Қазагромен» жұмыс істеп жатырмыз. Алдымен ол жерлерді дайындаپ, жыртып, біздің табиғатымызға көнетін шөптерді егуіміз қажет. Оған кеткен шығынды өкімет толығымен 100 пайыз субсидиямен қайтарып береді. Мал азығын дайындаап алсақ, майдың өзі келеді. Сүт деп жатырмыз, ет деп жатырмыз, қазір біздің сиырлардың бәрі ешкі болып кеткен, тұқымы мұлде азган. Осыларды асылдандыруымыз қажет. Ол сонау Америкадан «Август», «Генефорд» асыл тұқымдарын әкелу деген сөз емес. Өзіміздің қазактың ақ бас сиырының тұқымдарын жетілдіруіміз керек. Өзіміздің нашар сиырларымызды қолдан ұрықтандыру қажет. Таза мал шаруашылығымен айналысатын ауданда қолдан ұрықтандыратын бірде-бір пункт жоқ дегенге кім сенеді?! Сөйтіп, бүгінгі күнге он бірін аштық. Осылардың бәрін кешенді түрде шешеміз. Азық болса – мал келеді, мал болса – ет те, сүт те болады. Енді бұл жерде біз міндетті түрде галымдарды қосуымыз керек. Барлығын ғылыми негізде жасауымыз қажет. Академик Шадықұловпен, Астанадағы С.Сейфуллин атындағы Аграрлық университетпен келіссөз жүргізіп жатырмыз. Тауда галымдар келуге тиіс. Жаңағы мал шаруашылықты фермерлерді аралап, «сенің малыңың бағыты мынадай, сен мына бағытқа ауыс» деген сияқты ғылыми негізделген ұсыныстарын берсе деп отырмын.

Міне, бұл ауыл шаруашылығы саласындағы бір төбе мәселе деп есептесек, өнеркәсібі тағы бар.

*- Солай ма? Оны да біле кетейік. Сонда қандай кәсіпорындар бар?*

- Ақтоғай – мүмкіндігі мол аудан. Жері тамаша. Барлық саланы дамытуға болады. Бұрын ауыл шаруашылықты аудан болса, енді, биылғы жылдан бастап өнеркәсіпті де аудан болмақшы.

Бізде бірталай өндіріс ошағы іске қосылып жатыр. Біз олармен шұғылдандық, бардық, жолықтық. «Алтын-Алмаз» алтын өндіреді. Жалпы, жобалық қуаты жылына екі жарым тонна. «Ақтогай-Мыс» алтын өндіреді, «Коппер.kz» пен «Ұлытау-К» мыс өндіреді. Осында ошақтар бар. Қазір «Балқаш-Тұз» жұмыс істеп жатыр. «Балқаш-Доломит» жұмысын ширада түсуде. Құдай қаласа, 3-4 жылдың ішінде керемет өндіріс ошақтары ашылады. Мысалы, анау «Алтын-Алмазға» біз шарт қойдық. Егер ол 2015-2016 жылдары толық қуатында жұмыс істейтін болса, 520 адам енбек етеді екен. Соның кем дегенде 60-70 пайзы контракт бойынша біздің ауданың жұмысшылары болуы керек. Бүгінгі күні құрылыш жұмыстарында 60 жігіт жұмыс істеуде. 15 күн істеп, 15 күн демалады, 80 мың тенге айлығы бар. Тәртіппері жақсы, ішімдікке жол берілмейді, жатқан жерлері – қонақ үй. Спорт кешендері, бассейні, монша-сы, бір сезбен айтқанда барлық жағдайы бар. Асханасының өзі тойхана сияқты. Келешекте осы кәсіпорындар ауданымыздың экономикасының өркендеуіне зор үлес қосатын болады. Тек «Балқаш-балық» қана ауыр жағдайда. Биылғы жылы біраз квотасын алды, экономиканы толық әртараттандыру қажет. Өйткені, айтуларына қараганда балықты брақоньерлік жолмен аулаушылар бұлардың жұмысына кедергі келтіруде. Сондықтан да, «Балқаш-балықты» қолдауымыз қажет. Онда 400 тонналық керемет тоңазытқыш тұр. Өзінің кемелер паркі, оларды жөндейтін ғимараты бар.

*- Туризм мәселесі туралы не айтасыз? Ақтогай шалғай аудан гой. Сондықтан мұнда туризмнің дамуы мүмкін бе?*

- Туризмнің дамуы обден мүмкін. Тек оны дамыту қажет. Ол үшін жұмыс жасау керек. Жаңа айтып кеткен археологиялық мұражайды өзім де барып көрдім, келген қонақтармен де барып көрдім. «Бегазы-Дәндібай» кешені ашық аспан астында өзі сұранып тұрган мұражай. Кезінде реставрация жасалған, бірақ, толық бітірмей кеткен. Бұл туралы министрлікке жаздық, оны-

мен облыс та шұғылданып жатыр. Қараталдың қойнауындағы «Арай» демалыс орталығы бар. Ол да бүлініп тұр. Оны Балқаштың бір адамы сатып алған екен, әйтеуір коммуналдық меншікке қайтардық қой. Бұрын пионер лагері болыпты. Енді Бектауатадағы «Факел» шипажайын «Қазақмыс» корпорациясы бізге беріп отыр. Сол сияқты жаңа айтып кеткен Қарқаралы – Апиаз–Қызыларай жолы да туризмді дамытуға арналған шаралар.

Қарағандыға келген адам қайда барады? Әрине, Қарқаралыға барады. Қазіргідей жол жоқта ол адам Ақтогайға келу үшін қайтадан Қарағандыға баруына тұра келеді. Сөйтіп, ол 500 шақырымнан астам жол жүреді. Мынау өзі сұранып тұр. Турист Қарқаралыны аралап, Апназ бен Қызыларай арқылы (екі ортасы 40-ақ шақырым) Ақсораңға келеді. Одаи сон «Бегазы – Дәндібайды» көре отырып («Степной сафари» деуіміз керек), дала туризмімен Тукедеңің даласы арқылы Балқаш көліне жетін барады. Сонда Семей мен Қытай шекарасының жолы Алматыға дейін 400 шақырымға қысқарады екен.

Мынаны қараңыз, онда Қарқаралы мен Қарағандының арасындағы 230 шақырым жол сакталады, ең бастысы Қарағанды мен Балқаш арасындағы (қазір күнде апат болып жатады) жолға да біраз жеңілдік болар еді. Бүгінfi күні Ақтогай мен Балқаш арасындағы жолдың 100 шақырымы тамаша реттелді. Астананың жолынан кем емес. Сөйтіп, осы 40 шақырым жол жөнделсе, біздегі туризм саласы бүрк ете түсер еді.

*- Сөзіңіздің соңында Ақтогай ауданының халқына, оқырман қауымга айтар тілегіңізді де орталага сала кетсөніз...*

- Міне қаран отырсаңыз, кішкентай ауылдың басында қаншама проблема бар. Оған кімді кінәлаймыз? Кімге ренжиміз? «Өткеніңе тас лақтырма, келешек сені зеңбірекпен атады» деген бар ғой. Өткенді жамандауга болмайды, бірақ, көп нәрседен кенжелеп қалғанымыз өтірік емес. Егер жылына он үй салып отырсақ, кейінгі елу жылда бес жұз үй салынар еді

гой. Кезінде соны істемегендер, соның ортасында жүргендер, мүмкін саусағын шайнап жүрген шығар, «мынау неге келе салып үй салғызайыш деп жатыр» деп. Дегенмен де, жалпы халыққа рахмет. Жекелеген атқамінерлер қолына ту ұстап шапқылап жүр. Өздері үлкен адамдар. Жалпы халыққа топырак шашуга болмайды. Жекелеген адамдар. Оларды көрген жастар қайда барады?

Айтыспау керек, тартыспау керек. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» дегенді халқымыз текке айтқан жоқ. Ұйымшылдық болса, мен ауыл шаруашылығы маманы ретінде үлкен мүмкіндік көріп отырмын. Келген әкімнің үстінен арыз жазып, қуып жібергеннен ештеңе шықпайды. Оларға жұмыс істеуге мүмкіндік беру қажет. Міне, менің келгеніме бір жылдан асып барады. Әлі ешкімді жөнді танымаймын, жаңа ғана біліп келемін. Жұмыска енді кірісін жатырмын. Егер мен кетсем, менің орныма тағы біреу келер. Ол танысқанша тагы біраз уақыт өтеді. Бір жылдан соң оны да қуып шықсақ, сонда не боламыз? Мына арызқой ағайлар осыны қоймаса, түбінде ауданға қырсығы тиеді. Сондықтан да, «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дегім келеді. Ауызбірліктен айнымайық, ағайын.

- *Әңгімеңізге көп рахмет. Қарап отырсам, Ақтогай ауданы үлкен құрылыш алаңына айналған сияқты. Сондықтан, атқарып жатқан игілікті істеріңізге жеміс тілеймін.*

*Тамыз, 2014 ж.*



## «ТІЛ САЯСАТЫ – БАСТЫ БАҒЫТ»

Қазіргі кезде мемлекеттің тілді дамытудың, қайта атаулардың, іс қағаздарын жүргізудің барысы жайлы облыстың тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы Өмірзақ АМАНТАЕВТЫ әңгімеге тартқан едім.

### Өміrbаян жолдарынан

*Караганды облысының бұрын-  
зы Қоңырат (қазіргі Ақтогай)  
ауданындағы Сарытерек ауылын-  
да дүниеге келген. Орта мектеп-  
тен соң Алматы педагогикалық  
шет тілдері институтының  
неміс тілі факультетіне оқуға  
түсіп, оны 1973 жылы ойдалыдай  
бітір-ген. Сол жылдан бастап  
неміс тілі пәннің мұгалімі болып  
мектептерде бала оқытқан.*

*Мемлекеттік қызметте 1977  
жылдан бастап. Облыстық  
халықта білім беру волімінің инспекторы, Караганды  
қаласындағы Совет аудандық атқару комитеті халықта  
білім беру болімінің меншерушісі, аудандық атқару комитеті*



*төрагасының орынбасары, Караганды қаласы Совет аудандық әкімшілігі басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 1993-96 жылдары Караганды облыстық Тілдер жөніндегі басқармасының бастығы, Караганды облыстық әкімшілігі Тіл жөніндегі комитеттің төрагасы болып сайланды. Өдан соң облыстық мұрагаттар мен құжаттамалар болімі менгерушісінің орынбасары, кейіннен облыстық мұрагаттар мен құжаттамалар басқармасының басшысы болды. 2013 жылдың қазан айынан бастап Караганды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының басшысы.*

*- Әмірзак Амантайұлы, әңгімемізді тіл басқармасының қазіргі кездегі жұмысындағы негізгі бағынтардан бастасақ деймін.*

- Елбасымыз қай уақытта болсын мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруды ешқашан назардан тыс қалдырмайды. Елбасының алға қойған басты міндеті – мемлекеттік тілді менгергендердің үлес салмағын 2017 жылға дейін 80 пайызға арттырып, 2025 жылға қарай кемінде 95 пайызға жеткізу. Осы мақсатта мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» өнірімізде жүзеге асыру біздің басқарманың басты міндеті болып табылады.

Негізгі бағыттарымыз болып тілдерді оқыту, тілдерді дамытуды насиҳаттау шараларын жүргізу, тіл заңнамаларының орындалуын қадағалау және ономастика мәселелерін бақылау, мемлекеттік қызметшілерді және басқа санаттағы азаматтарды мемлекеттік тілде оқыту, «Ұйтұғырлы тіл» мәдени жоба аясында мемлекеттік қызметшілерді ағылшын тіліне оқыту жұмыстарын жүргізу болып табылады.

*- Әұрмаланған немесе қате жазылған елді мекен, коше атаулары әлі де болса кездесіп қалады. Соларды қалпына келтіру үшін қандай жұмыстар атқарылууда?*

- Облыс көлеміндегі ономастика саласының жай-күйін анықтау мақсатында елді мекендерге, көшелерге, мекемелерге атап беру, қайта атап бойынша ономастикалық ахуалды саралаған кезде сараптама нәтижелері көрсеткендей, елді мекендердің мемлекеттік тілдегі улесі 78 пайыз болса, оның 14 пайызы егемендігімізге сай келмейтін қисынсыз атаулар екен. Ал, көше атауларының мемлекеттік тілдегі үлесі – 35 пайыз, оның ішінде қисынсыз атаулардың үлесі 28 пайызды құрайды. Осыған қараш-ақ, біздің облыста ономастика саласы бойынша атқару қажет істердің қаншалықты ауыр екенін таразылай беруге болады.

Әрине, тәуелсіздік алған еліміздің ұлттық санасын оятуда ономастика саласының алар орны ерекше болғандықтан, бұл мәселе үлкен жауапкершілікпен қарауды қажет етеді. Кешегі Кеңес заманындағы түрлі тарихи кезеңдерге байланысты негізсіз бұрмаланып кеткен елді мекендердің тарихи атауларын қайтару, сондай-ақ, қисынсыз қойылған көшелерді егемендігімізге сай қайта атап мәселесі біртіндеп шешіліп келеді. Бұл бағытта биылғы шілде айында облыс әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссияның алғашқы отырысы өтіп, Бұқар жырау ауданына қарасты ауылдардың 22 көшесін қайта атап туралы қорытынды шықты. Сонымен катар, облыс орталығы мен басқа да облыстық маңызы бар қалаларда республикалық ономастика комиссиясының қарауына ұсыну үшін бірқатар көшелерді қайта атап бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілуде.

*- Ономастика жауапкершілікті қажет ететін үлкен сала екенін айтып оттіңіз. Бұл жұмыста қандай кедергілер мен қыншилықтар бар?*

- Сұрагыңыз өте орынды. Тіл саясатын жүргізуде, оның ішінде ономастика саласында жогары деңгейде жұмыс жүргізуге қындықтар мен кедергілер көп. Соның бәрін тізбелемей-ақ ең басты екі мәселені айтайын. Оның біріншісі - тіл саласында мамандар жоқтың қасы. Мәселен, аудандар-

да мәдениет пен тіл бөліміне бір-ақ маман қарастырылған. Ол мамандар жұмыстың ауырлығынан жиі ауысып кетеді. Соның салдарынан тәжірибесі аз бір ғана маман мәдениет саласындағы жұмыстарды, тіл саласындағы басқа шараларды айтпаганның өзінде қайта атау жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізіп жатыр дегенге сену киын.

Екіншісі – әлі күнге дейін бізде рушылдық, жершілдік дерт қалмауда. Қайта атау кезінде берілетін есімге келгенде дау-дамай әлі де орын алуда. Бұл біздің жұмысымызға айтарлықтай кедергі жасауда.

Осы орайда, ономастика саласындағы жұмыстарды нәтижелі жүргізу мақсатында басшылыққа алынуы тиіс бағыттар бар. Олар – біріншіден, тарихи географиялық атауларды сақтау және қалпына келтіру сондай-ақ, азаматтардың байырғы халықтық және тарихи қалыптасқан атауларға құрметпен қарауын қалыптастыру үшін әкімшілік-аумақтық бірліктерді жаппай кісі есімдерімен атауға жол бермеу. Екіншіден, мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жаппай жеке адамдардың есімдерін беруге тыйым салу. Үшіншіден, мемлекеттік бірыңғай ономастикалық саясатты жүзеге асыру мақсатында орыс тілді БАҚ ресурстарына арналған ақпараттық-насихат жұмыстарын үздіксіз жүргізу. Төртіншіден, елді мекендердің, олардың құрамдас бөліктерінің және физикалық-географиялық нысандардың идеологиялық түрғыдан ескірген атауларын қайта атауға басымдық таныту.

**- Көрнекі ақпараттардагы қателерді түзету үшін қандай шаралар қолданылуда?**

Басқарма жұмысындағы басым бағыттардың бірі көрнекі ақпарат пен жарнамалар жайы. Мемлекеттік тілдің бірден-бір көрініс табатын жері – көрнекі ақпарат екені даусыз. Жарнама мәтіндерінің тілі, сауатты жазылып, талапқа сай болуы үнемі басқарма, сондай-ақ аудандық және қалалық әкімдіктер тара-пынан бақылануда.

Біздің басқарманың облыс бойынша жеке кәсінкерлік

нысандарындағы көрнекі ақпарат пен жарнамаларының заңға сәйкестігін тексеру мақсатындағы 2014 жылға арналған жұмыс жоспары орта және шағын қәсінкерлік нысандарына мораторий жариялануына байланысты шегерілді.

Сондықтан да, биылғы жылдың алғашқы жартысында көрнекі ақпарат құралдарын ретке келтіру мақсатында 300-ге тарта нысанның көрнекі ақпараттары сараланды, олардан 400-ге жуық заңбұзушылық анықталды.

*- Іс қағаздарын қазақша жүргізуде аудармашылардың атқаратын ролі зор. Сөзан орай, аудармашылармен жұмыс қалаі жүргізілуде?*

- Мекеменің іс жүргізушілері мен аудармашыларының іс жүргізудегі біліктілігі мен тәжіриbesін жетілдіруге ықпал жасау, мемлекеттік тілде дайындалатын іс қағаздарының сапасын арттыру мақсатында «Үздік аудармашы» және «Мемлекеттік тілде іс жүргізудің үздігі» байқаулары, мемлекеттік қызметшілердің арасында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» байқауы, мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында «Мемлекеттік мекемелерде іс жүргізуді жетілдіру және өкімдік құжаттарды ресімдеу мәселелері» атты әдістемелік-семинарлар, өзге ұлт өкілдері басым қалалар мен аудандардың мемлекеттік органдарында іс жүргізу мәселесіне арналған әдістемелік семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да ішаралар ұйымдастырылып, өткізіліп келе жатыр.

Атап айтсақ, 2006 жылдан бері мемлекеттік мекеме және қәсінорындардағы аудармашылардың іс жүргізудегі біліктілігін арттыру, жазба және ауызша аударма теориясы мен практикасын игерту мақсатында аудармашылар мен мемлекеттік тілде іс жүргіzetін мамандарға арналған оқыту ұйымдастырылып, оған жыл сайын 4 аудармашы-маман, іс жүргізушілер қамтылады. Ілеспе аударма жасау тәжірибесі арнайы «BOSCH» «Конференц-синхронізатор» аппаратын қолдану арқылы өткізіледі.

Лекциялық сабактарды жүргізуге ҚР Парламенті Сенатының редакциялық баспа бөлімі менгерушісінің орынбасары, ілеспеге аудармашысы К.Әлпейісова арнайы шақырылды. Сондай-ақ, осы салада өздерінің аударма жасау барысында жинақтаган тәжірибелерімен бөлісі үшін Е.Бекетов атындағы ҚарМУ-дін, «Лингва» Орталық Қазақстан университетінің, Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Заң академясының ғалымдары да қамтылды. Курста оқылған «Ілеспеге аударма тәжірибесінен» әдістемелік жинағы шығарылды.

Облыс аумағындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес мемлекеткерлерін мемлекеттік тілді үйренуіне, мемлекеттік тілде іс жүргізуіне әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған салалық сөздіктер және оқыту құралдарымен тегін қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты түрде жүргізілін келеді.

- *Әңгіменізге көп раҳмет. Алдагы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту саласындағы жұмысты табыспен жүргізе беретіндерінізге сенеміз.*

**2014 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Осы сұхбатты алған кезде облыстық тілдерді дамыту басқармаеында басшы болған Өмірзақ Амантайұлы қазір Мемлекеттік қызметкерлісрді даярлау жөніндегі курстың басшысы.



## ҰЛТЫ ҮШІН, ҰРПАҒЫ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН...

Тілеугалы Өміртгайұлы – елін өркендетуде еліне та-  
нымал, әрінестеріне үлгілі,  
қатарластарына сыйлы азаматтың  
бірі. 56 жылдық еңбек жолының  
жарты ғасырын білім саласы-  
на, ұрпақ тәлім-біліміне арнаған.  
«Біздің заманымыз – өткен заман-  
ның баласы, келер заманның  
атасы!» деп Ахмет Байтұрсын  
айтқандай, ұлтының ұлықты бо-  
лұына айғақты да аталы үлесін  
қосушы ұлағатты ұстаз.



Өмірден терғені де, берғені де мол зиялты азамат. Тартымды тәжірибесі, қол жеткен нәтижесі бар. Келер ұрпаққа қалдырыған ізі де, ауыз толтыра айтарлық сөзі де жетерлік танымал тұлға.

Ол Ақтоғай (бұрынғы Қоңырат) ауданындағы Калинин кол-  
хозында 1942 жылды әкесі Ұлы Отан соғысына аттанғаннан  
бір айдан соң – ақпанның 9 жүлдізында дүниеге келген. Сол  
колхоздың Кенелі бөлімшесінде 1-3 сыныпты бітірін, бірден  
бесінші сыныпты Қарағандыдағы №26 мектепте оқыған. 6-10

сыныптарды Ақтогай селосындағы М.Горький атындағы орта мектеп жанындағы интернатта жатып бітірген.

Ауыл балаларының басына тұсқын ауыртпалық жас жеткіншекті айналып өтпеген. 6 - 7 жасынан және окушылардың тоқсан аралық демалу, жазғы каникулында: қозы бағу, қой жаю, оны қырқу және қиын ою; шөп шабу, тиеу және маялау; егін салу, масақ териу және жинау; арба айдау, оған жүк тиеу және жеткізу, түсіру, сияқты жұмыстарды атқарған. Солай болса да ол, өзін еңбекке ерте баулып, адамгершіліктің алғашқы жолына салған аулына дән риза. Кең пейілі – Сарыарқаның дарқан даласынан дарыған, қиял қанаты – Бектауатаның ұшар басында қалықтаған қырандардың қанат қағысымен қалыптасқан, ой-санасы ананың ақ сутімен сіңіп, абыз аксақалдардың ақылымен толысқан.

Токаревка селосындағы АШМУ-ді (Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесі) бітірген соң туған жерінде үш жыл тракторист - комбайнер болған. 1959 жылғы жазда Кенеліге алғаш рет «Беларусь» тракторы және оның барлық жабдығын (шөп шабатын шалғы, жинайтын тырма, шөп көпенелеуші, тіркеме) апарып, ағасы Рымғалы екеуі он бір қыстақтың төбін шауып, жинап, көпенелеген. Арасында ауданға, Балқашқа барып бөлімшеге жүк екеліп, қойшыларды жайлауга көшіріп, агрегатты басқарып, қойларды қырыққызып, ауданға жүн тасып та үлгеріп жүрген. Қыста да жазда ақаусыз атқарған жұмыстарына өзі де, басшы да (Зейнетолла Смағұлұлы), халықта риза болыпты. Ауылдастарын ауыр қол жұмысынан босатып, олардың абырай-алғысына бөленген еңбеккор жас.

1961 жылы Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ-дің физика жалпы техникалық факультетіне тұсқен оны екінші курстан әскери міндеттін етеуге шакырып, Қызыр-Шығыс әскери округіндегі ӘШҚ (ПВО) дивизионында үш жыл әскери міндеттін атқарған. 1965 жылы ҚазПИ-дің сырттай оқытын факультетіне ауысып, Ақтогай ауданының Конырат совхозындағы №6, 1966 жылы №5 мектептерде математика пәнінің мұғалімі болып, келесі оқу жылына

қарсы Қарағанды қаласына келеді. Қаладағы Киров аудандық оку бөлімшін менгерушісі В.Климашевскийдің жолдауымен жаңадан ашылған №3 спорттық бағыттары мектеп-интернатқа барған. Жас болса да біраз маралпагтарға ие болған, қолы өнерлі, тұла бойынан еңбекқорлығы танылыш түрган жасты 8-10 орыс сыныптарының математика пәннің мұғалімдігіне бірден қабылдаған.

Қазақжерінде ашылған орнында қазақ тілінде гісіншілардың жоқтығы намысына тиғен жас, сол кездегі облыстық оку бөлімінің менгерушісі Сіләмия Саттаровтың қабылдауында болып, мектеп-интернат директоры А. Фирұнның қазақ сыныштарын ашуға қарсы еместігін білдірген. Жаңадан қабылданған мұғалімдер жедел түрде үтіг-насаихат жұмысын жүргізуге аудан-аудандарға іссапарға жіберілген. Өсіндай талпыныс-тартыстан соң бес қазақ тілді 8-10 сыныштар ашылған. Сол кездегі жүргізгіштік деңгээлік соғып, көнілі қазағым деп қайнаган, елінің келешегін ойлаған білім басшылары мен жігерлі мұғалімдердің қимылты, кейінгі уақыттарда сол оку орнындағы қаракоздер арасынан шыққан талантты тарландардың спорттық жарыстарда чемпион атанып, жүлдемдейдай жарқырауына бастау болған, нағыз патриоттар.

Тілеуғалы Әміртайұлының патриоттық сезімінің жоғарылығы, оның 1985 -1992 жылдары облыстық және қалалық білім берілмдеріндегі қызметтері һәм бастауын партия ұйымының хатынылығы кезінде, есіресе, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты, одан кейін қазақ тілді бала бақшалар мен мектептер ашу барысындағы ұсыныс-талпыныстарынан танылған болатын. Мінберлерден сөйлем, мақалалар жазып, кейбіреулерге жеккөрінішті болса да, біраз мақсатты істерге бастау болды. Оның ең түйіндісі – Караганды қаласынан қазақ тілінде оқытатын №76 орта мектепті ашып, директорлық қызметі кезінде оны Өлихан Бекейхан есімімен атап, 1725 балаға дейін оқытын, облыстық этно-педагогикалық тірек мектебі атальш, үлкен шаңыраққа айналдыруы еді.

Бастаған жұмысын жарқыратада білер, істеген ісін іскерлікпен таныттар ыжданатты да еңбеккор жастың іс-тәжірибесі об-

лыс көлемінде ерте танылышп, 1970 жылы Қарағанды облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына математика кабинетіне менгерушілікке шақырылған. Жаңалыққа жаңы құштар әдіскерге айналған алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қазақ КСР Оқу министрлігі мектептер басқармасының басшысы С.Егізбаев, ІІ.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының докторы Б.Баймұханов, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі О.Жәүтіковпен және КСРО білім саласындағы қолтеген атақты математик-ғалымдар, окулық авторларымен, әсіресе жаңашыл-педагог В.Ф.Шаталовпен, П.Эрдниевпен тікелей қарым-қатынас жасаған. Солардың тәжірибелерін облыс математиктерінің, тіпті, басқа пән мұғалімдерінің арасында тарату барысында курстар, кездесулер, ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылған. Осындай тынымысыз енбектің нәтижесі болар 1979 жылы КСРО Оқу министрлігінің 9-11 сыныш оқушыларының математикалық білімінен алынған бақылау жұмыстары бойынша Қарағанды облысы сапа жағынан ең жоғары көрсеткілкे ие болды. Бұл бага Мәскеу қаласында КСРО оқу министрлігінің алқасында жарияланған болатын. «Бұл – математика кабинетінің жағынан ашылған, аудандық, 39 атақты математик пен әдіскерден құрылған қалалық Кеңестің біріккен, ынтымақты енбектерінің нәтижесі болатын», – деген әмбебап әдіскердің ризшылықпен еске алған өткен күндердегі елеулі істерінің бірі.

«Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, ұстазға ұстаз болу – ұлылық» дегендегі ұлағатты ұстаздың әрбір енбек жылы, әр қылы енбек жолы ауыз толтыра айтар, тіптен жинақ қыла жазар ғаламат тағанибетті іске толы. 1974-1983 жылдары облыстық телерадио комитетіндегі «Ұстаздар экраны» хабарының авторы, 1975-1985 жылдардағы облыс мұғалімдерін аттестаттау комиссиясының мүшесі, т.с.с. ұлан-тайыр қоғамдық жұмыстарды атқаруда да көпкө көрсеткен көмегі аз болмапты.

Тағы бір ерекше бір елеулі ісі – 1985 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің шешімімен Мәскеу қаласында ұйымдастырылған «Мектеп оқуныштарын компьютерлік сауаттылыққа дайындау» барысындағы екі алтаптық курста оқып, «Вы первые ласточки,

которые развивает компьютерные грамотности в стране...» деп күттүңгап, жолдау айтқан КСРО орталық комитетінің хатшысы М.Горбачевтің қолынан күәлік алған Қарағанды облысынан алғаш барған бірден-бір әдіскер. Келісімен облыстық партия комитетінің хатшысы Қ.Аманбаевтың ақылымен «Индустриальная Караганда» газетіне «В класс «приходят» компьютеры» және «Орталық Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі» газеттеріне жазған мақалалары 400-дей мұғалімді курска жинап, дайындал, сол оку жылының өзінде-ақ көптеген мектептердің жоғары сыныптарында «Информатика және есептеу негіздері» пәнін оқытуды бастуга, «Агат» компьютерімен мектептерді қамтамасыз етуге тамаша әсерін тигізді.

Республикалық, облыстық баспадан 200-ге тарта шығарма-шылдық еңбектері шыққан: олардың 80-ге жуығы облыс мұғалімдерінің іс-тәжірибесіне арналған болса, 40-тан астамы әдістемелік оку құралдары: «4-5 (6-8) сыныптар математикасындағы қызын есептерді шығару» (1979ж., 1981ж.), «Өндірістік-экономикалық 400 есеп», «Мектепішлік ақпараттандыру және оның басқару жүйесіндегі рөлі», «Физика есептерін шығару үлгілері» (4 том: 2007-2008 жж., 2013 ж.), т.б. таратылды. «Ақтогайлықтар», «Өмірде өткен белестер, бүгінгі күні елестер», «Құдіретті тұлғалар», «Сағыныш» атты әдеби кітаптардың авторы.


Қазақстан Журналистер одагының және Халықаралық Жазушылар одагының мүшесі. Россия, Қазақстан, Украина, Беларусь мемлекеті шығарған «Ардақты адамдар» атты халықаралық энциклопедияға аты-жөні, еңбек жолы енген ақылгөй азамат еңбегіне сай бағаланған. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызыметкери», Ы.Алтынсарин, «КазССР турисі», «СССР турисі» төс белгілерінің, «Еңбек ардагері», «Абылай ханға 300 жыл», «Ұлт мақтанышы» медальдарының иегері.

Бүгінде ұлғілі отбасының парасатты отағасы, зайыбы – Қалимаш екеуі үш бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, алты немересін тәрбиелеп өсіруде.

**2014 ж.**



## «АУДАН ӨМІРІНІҢ ШЕЖІРЕСІ»



Бұрын партия және кеңес органдарында қызмет атқарған, Ақтогай ауданының Құрметті азаматы, Ақтогай аудандық «Арқа еңбеккери» (қазір «Тоқырауын тынысы») газетінің бұрынғы редакторы Қасжан АҚЕДІЛОВ ағамыз бұл күнде құрметті демалыста. Қарқаралы ауданының Коктас аулында тұрып жатыр. Жуырда Қаскеңе арнайы жолығып, отken күндерден сұыртпақтан сыр тарттық,

- Қаске, сіз бұрынғы партия және кеңес органдарының қызметкерісіз, журналистика саласына, оның ішінде Ақтогай аудандық «Арқа еңбеккери» газетіне келуінің жайлышы әңгіме қозғап кетсеңіз.

- Иә, негізі мұғаліммін. Кезінде партия жұмыстарына мұғалімдерді жіберуші еді той. Соның бірі болып мен де аудандық партия комитетінде әр түрлі қызметтер атқардым. Сол кездерде аудандық және облыстық ғазеттерде аудандағы

партия тұрмысы жайлы үзбей мақала жазатынбыз. Ол да қызметіміздің, идеологияның сол кездегі жұмысының бір саласы болатын. Содан, 1968 жылы аудандық партия комитетіндегі саяси-ағарту кабинетінің менгерушісі болатынмын, «аудандық газетке жауапты хатшы болып барасын» деді бірінші хатшымыз. Келдім. Өйткені, ол кезде иартия айтты – заң. Оны ешкім талқылаш жатпайды.

Аудандық газетте ол кезде Қасым Орынбетов редактор болатын. 1973 жылы Жезқазған облысы ашылғанда ол облыстық газетке ауысып кетті де, орнына мен редактор болып тағайындалдым.

*- Сол кездегі газеттің шығу сапасы, мазмұны туралы не айтар едіңіз?*

- «Арқа еңбеккері» бұрыннан да жақсы атымен көрінген, сапалы шыгатын газеттердің бірі болатын. Тек кейінде ұжым арасында жік туындал, содан бұрынғы редактор ауыстырылып, оның орнына Қаевым Орынбетов келген еді. Мені сол кезде жауапты хатшы етіп жіберген болатын. Біз келгеннен бастап ұжымдағы ахуал тузеле бастады. Ол кезде Смағұл Ыбыраев редактордың орынбасары, Төлеухан Бишаев, Рымбек Мәмбетов, Шыныбек Смағұлов әдеби қызметкерлер. Мен келген соң көп ұзамай Балтабек Эбеуов те облыстық газетке ауысып кетті.

Шамалы уақыттан соң газетіміз бүкіл облыста алдыңғы қатарға шықты. Сол кезде аға газет «Социалистік Қазақстанның» бас мақаласында басылды. Екінің бірі бұл газетке шыға бермейтін, оның ішінде бас мақалага іліге бермейтін. Бұл біз үшін зор ғанибет еді. Одан соң «Қазақстан коммунисі» журналында да мадақталды.

Біздің «Бағлан» деген арнаулы бетіміз болды. Ауданымызда қой саны 375 мыңға дейін жеткен еді. «Бағланда» аудандағы қой шаруашылығы жайлы үзбей жарняладап тұрдық. Егер атап айтатын болсақ, «Дала академигі» атанған Зікірия Көпбаев, «Жа-

лын» комсомол-жастар бригадасының жетекшісі Қабдыраш Тұяқбаев, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне барған Сейдігали Сейілханов туралы көп жазылды. Ауданымызда 48 комсомол-жастар бригадасы болды. Соларға арнап ай сайын айқарма бет беріп отырдық. Барлық шаруашылықтармен байланыс жасадық.

*- Сол кездегі газеттің ішкі жұмыстары жайлы не айтар едіңіз? Журналистердің қалам қайраты қандай болды?*

- Бізде апта сайын «летучка» міндетті түрде откізіліп отырды. Ол кезде газет аптасына үш рет шығатып. Солардағы жарияланған мақалаларды талқытаймыз. Сонымен қоса кім қайда барады және қандай мақала жазады деген сияқты мәселелер сөз болады. Алдағы күнге жоспар жасап, ол жоспар бойынша жұмыс атқарамыз.

Бізде жақсы жазатын, сөздің майын тамызатын қаламгерлер көп болды. Солардың ішіндегі ең жасы үлкені Смағұл Ыбыраев еді. Ол кісі көп жыл редактор, редактордың орынбасары болды. Өзі онша көп жаза коймайтын, бірақ журналистер жазған, дайындаған материалдарды қараған кезде бұрынғыдан да құлпыртып, жандандырып жіберетін.

Балтабек Әбеуов материалды өте сапалы даярлайтын. Махмұд Жарылғап та жақсы жазды. Рымбек Мәмбетов өте көп жазатын. Еңбекқор болды. Жазудан жалықпайтын. Жұмысты жылдам істейтін. Үмітай Жармағамбетов әдеби материалдарды қорытатын. Ол жұмысты асықпай істейтін, асықпай жазатын еді. Надя Ақбаева әдеби қызметкөр болып келген еді, еңбекшілдігінің арқасында редакторлыққа дейін көтерілді. Журналистиканы бітіріп келген Төкен Оразбеков марқұм нағыз ақынлық қаламгер еді. Кейіннен ол Ұлытауға, одан соң Приозерск ауданына қоныс аударды. Марқұм Бағдат Омашев та көп жыл істеді. Ол редактордың орынбасары болып жүрген кезінде аудандық партия комитетіне ауысып кетті. Облыстық

«Орталық Қазақстан» газетінің Балқаш қаласы мен Ақтогай ауданы бойынша меншікті тілшісі Оралбек Жүйісовтің де, қазір Алматыдағы «Қазақстан» газетінің редакторы Сергазы Мұхтарбековтің де қаламы біздің газете шындалды. Амантай Есмағамбетов көп жыл жауапты хатшы болды. Ол да өзінің ісін жақсы білетін. Газеттің макеті жақсы болып шығуы үшін көп ізденетін. Фототілшіміз Мәделхан Кәдірбеков еді. Ол ауыл-ауылды аралап, фотосурет әкелетін. Мәделхан тек сурет түсіріп қана қойған жоқ, оның газетке басылуы үшін клише жасаумен де айналысты. Онсыз газетке сурет шықпайтынын өздерің жақсы білесіндер.

Міне, осындай тамаша журналист қаламгерлердің арқасында газетіміз оқырмандардың әрдайым көнілінен шығатын.

*- Иә, газет редакциясының ұжымы тек журналистерден ғана тұрмайтыны белгілі гой...*

- Кояйын деп отырган сұрагынды түсініш отырмын. Оны өзім де айтайын деп келе жатырмын. Газет сауатты, қатесіз шығуы үшін корректорлардың енбегі зор. Бізде Мина Кәдірбаева мен Құләш Қожабаева корректор болды. Олардың екеуі де сауатты еді, қате жібермейтін. Айша Оспанова бухгалтерлік қызмет атқарды, ері машина басатын.

Енді баспахана жайлы айтайын.

*- Айтыңыз.*

- Біздің баспахана көптеген аудандардың баспаханасымен салыстырғанда қуатты болды. Бірақ жұмыс қиын еді. Әрбір әріп қолмен теріліп, бет қолмен жасалатын. Кейбір кездері түнімен жүретін, үйге таңға қарай қайтатын уақыттарымыз болған. Сол кезде өздерініңжұмыстарына өте мұқият қарайтын Эния Нұргелдина, Бақыт Бәкірова, Қарлыға Жұмабаева әріп терушілер мен бет жасаушылар еді. Линотип деген кейіннен келді. Онымен әріп теретін Аманқұл Кәдірбекова мен Магираш Мағұрпована. Газет басужұмысы да күрделі процестің бірі. Әуелі Қалқаман Онгарқұлов, одан соң Өміртай Спамбетов га-

зөт басуши болын істеді. Баспахана менгерушісі Құрманбай Тілеуберлин еді.

Бір айта кететін мәселе – мен редактор болып келген кезде баспахана редакциядан бөлінген, қаржысы әбден таусылған, газеттің өзін зорға шыгарып жатыр екен. Тіпті, бірнеше саны шықпай да қалыпты. Баспахана қызметкерлері көп айдан бері жалықы алмаған. Дереке шара қолдану керек болды.

Аудандық партия комитетімен кедесе отырып, баспахрананы жөнге келтіру керек деп шештік. Ол үшін оның жұмысын жандандыру қажет. Барлық шаруашылықтармен, аудан басындағы мекемелермен байланыс жасадық. Барлық совхоздағы комсомол-жастар бригадасы туралы жеке-жеке плакаттар шыгаруды үйгәрдік. Ол үшін баспахранаға тиісті ақша аударып отырады. Мекемелер бұрын қажетті бланкілерге облыстық баспаханаларға тапсырыс берсе, енді өзімізде жасалатын болды. Жеке адамдардан да тапсырыс қабылданып, шақыру билеттері, мақтау грамоталары сияқты қолдан келетін нәрселердің бәрін жасауға көшті. Жұмыс көбейді, оның есесіне ақша түсіп, шамалы уақыт ішінде баспахрананың жагдайы жақсарды.

*- Жалпы алғанда, сол кездегазеттің материалдық-техникалық жараптануы қандай еді?*

- Жаман болған жоқ, әрине, сол кездің өлшемімен. Аудандық партия комитеті мен аудандық Кеңес атқару комитеті газеттің жұмысына қатты көніл бөлді. Газеттегі әрбір сын материалға назар аударып, солмәселе аудандық партия комитетінің биоросында қаралған шақтар болды. Соған орай, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге де назар аударылды. Қолдан келгенше бюджеттен қаражат бөлін, көмектесіп отырды. Әсіресе, Пайыз Мейірманов аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тұрған кезінде көп көмек жасады. Машина берді. Бұрын пеш жағылатын редакция үйін оргалық жылыту жүйесіне қостырды. Бұл үлкен көмек еді.

*- Енді газеттің қазіргі бет-багдары жайлы, онда еңбек етін жатқан жастар туралы не айтар едіңіз?*

- Ақтогай аудандық «Тоқырауын тынысы» газеті өз бет-бағдары, жетпіс жылдық тарихы бар белді басылымдардың бірі. Онда кезінде облысқа белгілі болған Мұқатай Жылқайдаров, Жұмабай Есекеев, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы болған, жазушы Рымқұл Сүлейменов, ақын Абзal Бекенов сияқты қаламгерлер еңбек етсе, одан сәл бұрынырақ Оспанбай Орынтаев өзінің қаламгерлік қарымын шындаған.

Кейіннен де көптеген журналистер еңбек еткендігін айттып өттім. Сол сияқты белгілі ақындар Женіс Қашқынов пен Дағытәлі Стамбеков, Серік Ақсұңқарұлы алғашқы тырнақалды туындыларын осы газетте бастырған. Өзіндің де балауса өлеңдерін осы газетте жарық көрді ғой.

Қазір онда қызмет істеп жатқан жастардың болашағы алдарында. Қазбек Ештанаев басқарып отырған басылымның мақсаты айқын, бет-бағдары түзу. Президентіміздің алға қойған тапсырмалардың ауданда қалай жүзеге асырылып, қандай жұмыстар атқарылып жатқандығын жарқыратып жазып жатыр. Қолыма түскен сандарын әрін қалдырмай оқып шығамын десем, артық емес. Мен қазір басқа ауданда тұрамын ғой. Сондықтан, үзбей алып тұру мүмкіндігі жоқтығы ғана екінішті. Негізінен әлі күнге дейін хабарласып тұрамын.

Онда қазір жастар еңбек етіп жатыр. Оларға тек жақсылық, шығармашылық табыс тілеймін.

**- Теги бір сұрақ қойғым келін отыр. Ол – газеттің шыққан мерзімі жайлы. Осыдан жетпіс жыл бұрын шыққан газеттің алғашқы сандарының жоғалып кеткендігі белгілі. Сондықтан, ол күнді қалай белгіледіңідер?**

- Бұл өте орынды сұрақ. Бұл мәселені мен осы газетте редактор болып жүргенімде көтерген болатынмын. Газеттің алғашқы саны туралы сұрау салып, Мәскеудегі Бүкілодақтық кітап палатасына да жаздық. Олардан тек газеттің 1938 жылы шыққандығы туралы анықтама келгенімен, нақты күнін көрсете алмады. Соған орай ауданда алғашқы номерді шығарған адам-

дарды іздестірдік. Бірнеше адамды тапқанымызбен, олардың ішінде көзі қарақтысы Бекежан Смағұлов деген ақсақал екен. Бекең газеттің жауапты хатшысы болышты. Ол кісі де дәл қай күні екендігін айта алмады. Газеттің тамыз айының орта шенінде қыындықпен шыққанын ғана есіне алды. Содан келісе отырып, тамыз айының 15-ін белгілең, 1988 жылы газеттің 50 жылдығын атап өттік. Биыл енді 70 жыл толып отыр.

*- Қаске, айтқан әңгіменізге көп рахмет. Деніңізге саулық тілейміз.*

**2008 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Сұхбат Ақтоғай аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінің 70 жылдығына орай алынған еді. Қасжан Ақеділов ағамыз келесі, 2009 жылы бақылышқ болды.

## ШАЛҚЫҒАН ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ

Ауылдың тұрган жері малға жайлышы, айнала бұлақ. Мына Дәмбүлан езенін жаз бойы бір тартылмайды, жылжып агады да жатады. Оның езі малдың шөлдегендеге шөлін басуына, бір мезгіл өзен табанына түсіп, үйедзеуіне ете қолайлы.

Үй сыртындағы білктеу шоқының басына шығып, жанжағына көз салған Совет ағамызы маңайды шола қарап тұр. Қос жанары біресе ауыл маңын шарлап отсе, біреесе сонау қиянға көз тігеді.

Баяғының байлары да осылай биік шоқыдан өзінің жері мен еліне масаттана қарап тұрады екен.

Жекешелену басталғанда алғашқылардың бірі болып бөлінді. Сол кезде шаруашылықтан 300 жылқыны, осы Күлмаған қыстағын жекешелендіріп алған еді. Қарамағында 5,5 мың ғектар жер бар. Баласы Қизатолланы осы шаруашылыққа жетекші етін тағайыннады. Өзі және бұдан кіші балалары Бұркітбай мен Жарқын, барлығы тоғыз адам қожалыққа мүше болды. Ал оған қандай атау лайық деген кезде ойланбай-ақ «Әділ» деп атауды үйғарды. Бұл сонау жылдары, өзінің екі жасында соғысқа кетіп, содан оралмаған әкесінің есімі. Қазір өзі және барлық он баласы Әділов болып жазылады.

«Япыр-ау, – деп еске алады Сәкен кейде. – Кейін «Қызыларай» колхозының орталығы болған бұрынғы «Жұмыскер» алғаш колхоз болып құрылған кезде 25 қой мен екі сиыр ғана болыпты. Жылқы мұлде жоқ екен».

Қазір бір ғана «Әділ» шаруа қожалығының өзінде жылқыны былай қойғанда 40 шақты сиыр, 150 қой бар. Техника да



жеткілікті. Ауыл сыртында бір «ДТ» тракторы, бір комбайн, екі жүк машинасы тұrsa, үй жанында екі «УАЗ», бір «Жиғули» машинаеы, басқа да көптеген егін себетін, жер тырмалайтын механизмдер тұр. Бес бірдей «Беларусь» тракторы шөп шауып, оны тырмалау, жинап, үю жұмыстарында жүр.

Биыл 70 гектар жерге егін салған. Шеғірткеге қарсы дәрі себілген. Әттең жер құнарсыз ғой. Шықеа, 5-6 центнерден ғана өнім алады.

Жазда ауылдың төменгі жағындағы жеті шақырымдай жердегі Әбдіқаш бұлағының басына барып отырады. Сол жерде екі бөлмелі уақытша тұрақ жасаи қойған. Оған қоса трактормен еүйрен жүретін бір вагон бар. Жұмыскерлердің бәрі сонда жатады. Бұлардың көбісі орталыққа барып келін істейді. Әйтеуір, қымыз тегін. Оларга жылына 80 мың теңге көлемінде жалақы төлейді екен. Жаз бойы ұн, қант ишаймеи қамтамаеыз етеді, қысқа қарай бір соғым береді.

Жыл сайын 150 тоннаға дейін шөп дайындалады. Ол қолдағы ұсақ малға, сиыр мен қойға және олардың туатын төліне, мінетін атқа жетеді. Жылқы боса болмаса да тебінде. Бұл маңын шөбі шүйгін, суы бал. Жағалай тал мен шілік. Осылардың барлығы мал өсіруге аса қолайлы.

Иә, бұл шаруа қожалығының жақсы жолға қойылған жағы деп айтуга болатын мәселелер. Енді оның шешілмеген жақтары да көп.

Осы шаруа қожалығының орналасқан жері шамамен Қарағандыдан 320 шақырым, Балқаштан да сонша жер. Облыс орталығынан осыншама алыстығы көптеген жұмысқа қолбайлау болуда. Мәселен, күн сайын кем дегенде он шақты бие сауылады. Оның қымызы күнделікті сусынға ғана жұмсалады. Базарға шығарып сатуға мүмкіндік жоқ. Қарағандының маңына экеліп саууға болушы еді, бірақ оған биелер жерсінбейді. Қашып кетіп, қымыз сатамыз деп жүріп биеден айрылып қаламыз ба деп қорқады.

Екінші бір қындық – қасқыр қатты. Соңғы екі жыл ішінде 200-ғе жуық ірілі-уақты жылқыны жеп қойды. Қанша баққанмен

болмайды. Көзінді бақырайтып тұрып жеп кетеді. Қасқыр деген аса айлалы жыртқыш. Эйтеуір қазір мал үрлігінан аман.

Тағы бір қындық – жұн мен тері өткізу. Жазда әртүрлі 150 тері өткізіпти. Көбісі ірі қаранікі. Соның шығарғаны бес-ақ мың теңге. Ал жұн деген үйіліп жатыр. Оны ешкім алмайды.

– Шіркін-ай, – дейді Совет Әбіловпен әңгімелессеніз, – Аудан орталығынан баяғыдағыдай жұн, тері қабылдайтын пункт ашса ғой. Әйтпесе, бір пысықтар келеді де, қойдың терісін 50 теңгеден, ірі малдың терісін 100-150 теңгеден алып кетеді. Босқа шіріп жатқанша деп бере саламыз. Жұн мен тері ұқсататын цех ашатын уақыт жеткен сиякты. Тіпті кез келген селолық округтің орталығынан ашуға болады. Соны қолға алып отырган адам жоқ.

Шын мәнінде шаруа қожалықтарының қындығы бастан асады. Осы «Әділ» шаруа қожалығының бар кірісі күздін соңын ала биыл туған құлынды (жабагыны) соғымға сатудан түседі еken. Осы кезде олар 40-50 жабагыны орта есеппен 25 мың теңгеден сатады. Одан түскен ақшаны оны-мұны тұрмыстық керек-жарақ пен киім-кешекке ұстайды. Қалғаны түгел жанар-жағармай мен техниканың қосалқы белишектерін алуға кетеді. Олардың бағасы удай қымбат екені бүкіл жүртқа белгілі.

Егіннен түскен астықтың біраз бөлегі тұқымға сақталады да, қалғаны ұн тартуға жіберіліп, ішіп-жемге ұсталады. Сиырдың сүтінің бетінің қаймағы алынып, май шайқалады. Аздаған күртү мен ірімшігі бар.

Айтпакшы, жер туралы да Сәкең көп толғанады екен:

– Осылардың жерді сатамыз дел жүргені не соз? Жерді 49 жыл жалға беруге қосыламын.

Бос жерлер көп. Керек адам соны сатпай-ақ алса да жетеді ғой. Басқасын айтпай-ақ қояйын. Егер біреу мына жолдың бойындағы жерді сатып алды дейік. Ол сонда қарап отыра ма? Оның жерінен әрлі-берлі өткеніміз үшін бізден акша алмай ма? Тіпті болмаса «менің жерімді баспаңдар» деп өтетін жолды

жауып тастауы мүмкін фой. Бір сөзбен айтқанда жерді сатуға қарсымын, – дейді Сәкең.

Осындай шаруа қожалығы түсіміз аз екен деп қарап отырған жоқ. Қолдан келгенше демеушілік жасап келеді. Ауылда өтетін Жаңа жыл, Женсіс күні, Наурыз сияқты мерекелердің мазмұнды өтуі үшін әрқашан қол үшін беріп, материалдық көмек көрсетеді.

Қазір ол кісіні бүкіл Қызыларай ауылы құрмет тұтып, имандылық енбегін ауыздарынан тастамайды. Өйткені, осы «Әділ» шаруа қожалығы ауылда жаңа мешіт салдырып, оған «Мән қожа, Шой әулие мешіті» деп ат берді. Мұндағы Мән қожа Сәкенің арғы аталары екен. Ол кісіні осында Шой әулие деген адам XVIII ғасырда моллалыққа алып келіпті. Сондықтан да, аруагы риза болсын деп әдейі сол кісілердің есімімен атаған. Қазір бұл мешітке ауыл тұрғындары имам Сапа Ақаев пен найб-имам Сәду Ықыласбеков ие болып, көпшілікті имандылыққа үйіруде.

... Төбе басынан шола қарап тұрган Сәкенің көзі өзен бойында отырған тағы бір үйге тұсті. Ол мына шекаралас Қарқаралы ауданына қарасты Сарыобалы ауылының Сағат деген жігітінің үйі. Ол да мал бағып отырған фермер.

– Әй, заман-ай! – деді Сәкең ойланған қарап тұрып.

Олай деуінің де жөні бар. Сонау алпысының жылдары өзі Қарқаралы зооветтехникумын бітіріп келгенде осы өзеннің бойында жиырма шақты малипы үйі қаздай тізіліп, мал бағып отыратын.

Сәкең ауылға қарай аяңдап келеді. Еңселі денесін тік ұстайды. Оның жүзі жарқын, ел алдында беті ашық. Міне, фермер болсаң – осында бол.

**Шілде, 2002 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Сәкең қазір Қарағанды қаласында тұрады. Шаруа қожалығын балаларына тапсырған.

## ИИМА БАСҚАН ҚАСЫМ

Біздің қазақ халқы ат қоюға шебер-ак. Адамның атқарған ісіне немесе бір қылышына, әйтпесе мінезіне қарай лайықты, азан шақырып қойған атынан бөлек тағы бір есім таға қояды.

Біздің бала кезімізде аудан орталығы Ақтогай селосында шағын ғана аехана жұмыс істеді. Сол асханадан келген-кеткен адам, жолаушылар тамақтанып жататын.

Біз – балалар осы асханадан барып кампот ішкенді қызық көретін едік. Сол уақытта басынан ақ қалпағы түспейтін Қасым ағаны көретінбіз. Ер адамның тамақ пісіріп, кампот құйып беріп жатқаиы ауылда өскен біз үшін әуелде ерсілеу көрінетін. Бара-бара оған да көзіміз үйреніп кетті. Кейіннен үлкен ресторан еалынуына байланысты бұл асхана жабылды да, Қасым аға аудандығы М.Горький атындағы орта мектеп жанындағы интернатқа аспаз болып кетті. Сол кездерде ауданда көшшілік ел Қаскенді «Повар Қасым» немесе «Пимакат Қасым» деп атауышы еді. Біз бала болғандықтан, алғашқы атаудың аспаз болған соң солай аталғанын білғенімізben, келесі атының мәніне онша маңыз бермене екенбіз.

Қасым ағамыз бұрынғы Ку ауданының 14-ші ауылында (казір Қарқаралы ауданының құрамында) 1914 жылы дүниеге келінті. Әкесі Ақтанның аздап ескіше сауаты бар, діндар адам болынты. Бірақ, Қасым ата-анасынан жастай айырылып, үлкен ағасы Мағаз Ақтановтың қолында тәрбиеленеді. Мағаз болса сол кездегі екпінді құрылым болып еаналған Балқаш қаласына жіберіліп, сонда жұмысқа араласады. Ол кісі ағаштан түйін



түйетін шеберлердің бірі болыпты. Ал оның қолындағы 16 жастағы Қасымды қаладағы ФЗӨ-га қабылдайды да, оны бітірғен соң Балқаш қаласындағы киіз басатын, байнақ басатын цехта жұмыс істеп жүреді.

Осы уақытта неміс-фашист басқыншылары елімізге баса-көктеп кірін, Ұлы Отан соғысы басталып кетеді де, ер азаматтар қан майданға аттанады, тылда қалған барлық шаруашылық саласындағылар жеңісті жақыннату үшін аянбай еңбек етеді. Ауылдағылардың басты мақсаты – майдан ишебіндегі жауынгерлерді азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету еді. Сол шақта бес жастағы баладан белі бүкірейген қарияга дейін еңбек етті десек артық айтқандық емес.

Колхоздары тамақ өнімдерін, Тоқырауын бойындағы шаруашылықтар өзінің ақ бидайын үздіксіз жөнелтіш жатқан Ақтогай ауданының орталығында пима басатын цех ашылады. Өйткені, жауынгерлерге қыс кезінде жылы аяқ киімдер керек еді. Бірақ, оны алыш кететін мамандар тапшы болатын. Соған орай мамандықты әлі толық меңгеріп үлгермей жатқанына қарамастан, соғыстан «броньмен» алыш қалып, Қасымды Ақтогайда ашылған пима басу ңехына бастық әрі шебері етіш жібереді. Өйткені, бұл кезде Ақтогай ауданында тұнғыш рет ашылып отырған киіз, пима басатын ңехқа мамандар ауадай қажет еді.

Ақтогай ауданында көп жыл коммуналдық шаруашылық мекемесінде бастық болған, қазақшаға судай Эдуард Генних марқұмның:

– Бізді соғыс жылдарында сенімсіз адамдар ретінде алыстағы Ақтогай ауданына жер аударған еді. Ауыл халқы бізді жақсы қарсы алды. Баспана берді, қолда бар азықтарынан бөлісті. Мен ол кезде еңбекке енді ғана жараган жасөспіріммін. Жаңа ашылған пимакат ңехында жұмыс істегендердің көпшілігі неміс ұлтының өкілдері болатын. Цех меңгерушісі Қасым ағай өте талапшыл адам еді. Пима басудың технологиясын ол кісіден басқа еінкім білмейді. Соғыс болса жүрін жатыр.

Жұмысты таңғы сағат алтыдан бастап, түнгі онның кезінде аяқтаймыз. Ол кезде электр жарығы да жоқ қой. Жұмысты көрсін шамның жарығымен істейміз. Қаскең бастық болса да, жұмыснайлармен бірге өзі де пима басатын. Өте еңбеккөр жан еді, – деп айтып отырғанын сан рет естідік.

Жұнді жуу, кептіру, оны сабау, бояу сияқты жұмыстардың барлығы қолмен атқарылды. Пима басу үшін қайнап тұрган ыстық су қажет. Ол үнін пештен от ұзілмеу керек. Ал оған отынды аудан орталығынан 15 шақырым жердегі Жайдактан өгіз арбамен жұмысшылардың өздері таситын.

Жұмыстың осындай ауырлығына қарамастан күніне 24 дана, айна 700-800 жұп пима басады еken. Сонда бұл жылына 1400-1600 жұп пима болады ғой.

Сол кезде пима басатын цехта жер аударылып келген немістің Эдуард Генніх, Оля Шумлянд, Роман Балей, Мира Ульмер, Оля Шнайдер және басқа балалары еңбек етіпті. Зельма Ванзитлер дайындаушы болышты.

Осы цехта қолдан жасалған байпақ пен пима Кеңес әскерінің жауынгерлеріне жонелтіліп отырған. Сөйтіп, олар жеңіс күнінің жақындауына өздерінше осылай улес қосқан еken. Бірақ, пима басу жұмысы соғыс біткен соң әрі қарай жалғасып таппай қалыпты.

Цех жабылған соң Сталиндік жаппай жазалаудың дәмін Қаскең де тартады. Эр түрлі жаламен 10 жылға айдалып кетіп, оның жеті жылын «КарЛагта» өтеген соң актальып шығады.

Аман-есен ауылға оралған соң әр түрлі жұмыстар атқарады. КарЛагта отырғанда аспаздық жұмысты менгерген еken, соның пайдасы тиіп, аудан орталығындағы асханаға орналасады. Өзінің жұмысын адал және намыстанбай атқарады. Бұрынғы «Пимакат Қасым» енді «Аспаз Қасым» («Повар Қасым») атанды. Осы жерде коп жыл еңбек етеді.

Кейіннен аудан орталығында ресторан ашылып, асхана жабылғанда ол кісі М.Горький атындағы орта мектеп

жанындағы интернат асханасында аспаз болып еңбек етіп, 1974 жылы зейнеткерлікке шығады. Содан 1994 жылы сексен-нен асқан шағында дүниеден өткен екен.

Бұл кісі ерен еңбегімен корінген ер атағын алмаса да, жоғары марапаттарға ие болмаса да халқына адал қызмет атқарған, оның ішінде кейіннен аудандық өнеркәсіптік комбинаттың (промкомбинат), одан бертінгі тұрмыстық комбинаттың негізін қалаған артельді құрып, пима басып, аспаз болу сияқты халқымыз бұрын менгерменген қазақ халқының тұрмыстіршілігінде жоқ мамандықтарда кәсіпті игерген Қасым Ақтанов ағамызды Ақтогай ауданының халқы әлі күнге дейін аузынан тастамай айтып отырады.

Ол кісінің балаларының барлығы Қараганды қаласында тұрады. Лемара, Алмара, Нұргұл деген қыздары медицина саласында еңбек етеді. Ал, ұлы Шайкен болса Қараганды банк колledgeінде кафедра менгерушісі, доцент. Немерелері де жоғары білімді Расул ҚарМУ-да оқытушы, магистр, Назғұл – «Болашақ» университетінде оқытуны, Райғұл – Химия-металлургия институтында аспирант, Кәмшат – Қараганды экономикалық университетінің магистрі, Бауыржан – студент, «Болашақ» университетінде оқиды.

Осындай еңбеккөр адамның өмір жолы кейінгі жастарға үлгі болары сөзсіз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2010 жылы Ұлы Женістің 65 жылдығына орай жазылған болатын.



## «КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҰДДЕСІ ҮШИН ҚҰРЫЛҒАН»

Откенжылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлер палатасы құрылған болатын. Сол Кәсіпкерлер палатасының біздің облыстағы директоры Ермек Төлеуұлы ЭБІЛДИНГЕ жолығып, бірнеше сұрақ қойған едім.

Омірбаян жолдарынан:

*Ақтогай ауданында тұган. Тогызыныңы сыныптан соң Қараганды кен техникумына түсіп, оны кениші мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Орта арнаулы оқу орнынан соң заңгерлік жосгары білім алған. Әскер қатарында болып келген соң құрылышта және басқа да әр түрлі салада жұмыс атқарған. Кейінгі жылдары Қараганды облыстың Қасіпкерлер қауымдастығында заңгер, болім бастығы, директоры болады. Откен жылдың қазан айынан бері осы палатаның директоры.*



– Ермек Толеуұлы, Осы Қәсіпкерлер палатасы деген жаңа құрылым екені белгілі. Сондықтан да, ол қандай мақсатпен құрылғандығын және қандай мәселелермен айналысатындығын айтып берсеңіз.

– Иә, бұл жаңа құрылым. Біздің облыста оннан астам қәсіпкерлер қауымдастыры бар. Олардың әрқайсысының өзінің жеке бағыты бар. Бірі заңгерлікпен айналысып, қәсіпкердің құқығын қорғайды, бірі бухгалтерлік есеп-қисап жағынан көмектеседі, енді бірі құжаттар дайындаумен айналысады. Біздің палатаның жұмысына келетін болсақ, ол Елбасының тікелей тапсырмасымен құрылған. Оның негізгі мақсаты қәсіпкерлердің басын қосу және біріктіру. Сөйтіп, экономикаға байланысты да, құқығына байланысты да, мүддеге байланысты да мәселелермен айналысу. Қазір Қазакстанның Ұлттық палатасы туралы Заң бар. Сол заңмен жұмыс істейміз. Біз солар арқылы талдау жұмысын жүргізіп, қәсіпкерлердің мүддесін қорғауды жүзеге асырамыз.

– «*Талдау жасаймыз*» деп айттып кеттіңіз гой. Өткен жылдың соңын ала жолда жүріп-тұру аңысы жоғарылап кетті. Сіздер жолаңы тарифіне талдау жасадыңыздар. Сол мәселе туралы айттып берсеңіз қайтеді?

– Иә, біз жолақысының тарифіне талдау жасадық. Бірақ, кейбір журналистер «Палата заблокировала тариф» деп жазып жіберді. Бұл дұрыс емес. Біз ештеңеге тосқауыл қоя алмаймыз. Біз өзіміздің талдауды жасадық. Ол бойынша тариф 65 теңге болуға тиіс еді. Оны 80 теңгеге көтеріп таstadtады. Бұған қоса заң бойынша қандай да болмасын қәсіпкерлікке қатысты нормативтік-құқықтық құжат халық қалаулыларының алдына шығардан бұрын біздің талдауымыздан өтуі керек. Соған орай баға туралы біздің талдау сессиядан бұрын жүргізіліп, депутаттардың алдына содан кейін ғана баруы қажет болатын. Бірақ, бізге тек әділет органдарынан қайтқан соң ғана келді. Сонда да біз өзіміздің тұжырымдамамызда жол ақысы 65 теңге болуы қажет деген қорытынды жасадық.

Егер турасын айтатын болсам, біз кәсіпкерлер палатасымыз. Бұл жерде біз кәсіпкер №3 автобус паркін мүддесін корғауымыз қажет еді. Бірақ, біз жалпы кәсінкөр халықтың мүддесін корғадық. Өйткені, автобуста жүріп-тұратындардың көпшілігі кәсіпкерлікпен айналысадын шаштараз, тігінші, сатушы, етікші сияқты адамдар немесе кәсіпкерлердің қызметкерлері. Сондыктан, оларға жүріп-тұру қындыққа соғады да, олар өздерінің жұмыс берушілерінен жалақысын жоғарылатуды өтінеді. Біз осындай жағын ойладық. Сөйтіп, бұл бірінші болса, екінші жағынан жол ақысын бірден емес, бірте-бірте көтеруді өтінген болатынбыз. Бірақ, біздің өтішіміз ескерусіз қалды.

– *Кәсіпкерлердің заңды мүддесін қорғайсыздар. Соған орай нақты мысал келтіре аласыз ба?*

– Ондай мысалдар көп. Біз кәсіпкер мен мемлекет арасындағы дәнекерміз. Мәселен, КР Ұлттық банкінің бұрынғы төрағасы Григорий Марченко 2013 жылдың басынан бастап Пост-терминал енгізбек болды. Оған біз дайып емес едік. Өйткені, халықтың барлығы карточкамен жұмыс істеп, сауда жасай бермейді. Егер карточкасына ақша түссе, бірден түгел сыйырып алады. Соған орай бұл мәселені биылғы жылдың маусым айына дейіп қалдырып отырмыз. Сол сияқты заң бойынша барлық таксилер ак түсті болуы керек. Қазіргі жеке меншік таксилер әр түсті. Оның барлығын аққа бояп шығу оқайға түспейді. Өл қымбатқа түседі. Ондай ақшаны екінің бірінің қалтасы көтере бермейді. Оған қоса машинаның түсі өзгерген соң оның барлық техникалық құжатын да өзгерту керек. Бұл сыйбайлас жемқорлықты үдете түсепі анық. Бұл заң, яғни, таксилердің ак түске бояу әуелі біздің облыстан басталып, басқа облыстар содан соң жалғастырмақ болатын. Біз оған қарсы шығып, заңның осындай жолдарын алғызып таstadtық. Қазір таксилердің барлығы да бұрынғыша, ак түске боямай-ак жұмыс істеп жатыр. Біз оларды қолдаймыз. Өйткені, олар өз бетімен жұмыс тауып, өз күндеріп өздері көріп жүр.

Олар жұмыссыздар тізіміне тіркеліп, мемлекеттен ақша сұрап отырған жоқ. Қайта патент алғып, пайда түсіруде.

**– Қазір облыстық палата толық қуатында жұмыс істеп тұр ма? Қандай болімдер бар? Олар немен айналысады?**

– Откен жылдың аяқ шенінде жұмысқа кірістік. Енді биылғы жылдың наурыз айына дейін барлық қызметкерлерді толықтырып бітеміз. Енді барлық аудан орталықтары мен шағын қалалардың барлығында 19 филиалымыз болады. Бізде негізінен қаржыгерлер, занғерлер, экономистер мен техникалық мамандық иелері жұмыс істейтін болады. Кезіндегі орта арнаулы білім беретін техникумдар мен училиштердің барлығы қазір колледж болып бір деңгейге келтірілді. Солармен бірігіп, қасіпкерлермен бірігіп, Елбасымыз тапсырған дуальдық білім беру жүйесімен жұмыс істеуді қолға аламыз. Өйткені, қазіргі кезде әрбір оқушы орта мектепте білім алғып, одан соң жоғары оку орнына барғысы келеді. Бұрын шахтер, токарь, дәнекерлеуші, фрезерші мамандықтарының беделі жоғары болатын. Қазір олай емес, ондай мамандық иелерін табу қыын болып кетті. Бізге сондай мамандар қажет.

Ал, колледждердің көпшілігінде тұрган жабдықтар ескіріп кеткен. Олардағы оқу құралдары қазіргі заманның да, нарықтың да талабына сай емес. Мәселен, жана зауыттар анып жатырмыз. Бірақ оларда жұмыс істейтін мамандар жоқ. Енді сондай орындарда жұмыс істейтін мамандарды өзіміз да-ярлауымыз керек. Басқа елдерден мамандар шақыру біз үшін қымбатқа түседі.

**– Енді оқырман қауымга, қасіпкерлерге қандай тілек айтар едіңіз?**

– Қасіпкерлеріміз заңды жақсы білуі қажет. Сонда ғана олар өз құқықтарын қорғай алады. Қөптеген мемлекеттік бағдарламалар бар. Соларды қолдана білгені дұрыс. Оларды қалай пайдалану, қалай дамыту жайында біз кеңес береміз. Мемлекеттік органдармен тығыз байланыста жұмыс істеп

жатырмыз. Мәселен, үй саларда олардың сметалық жобалық құжаттарына қараймыз. Онда жергілікті мазмұн болуын қадағалаймыз. Бұл дегептіміз – сол үйді салуға қажет материалдар жергілікті жердікі болуга тиіс. Егер кірпіш қажет екен дейік, оны басқа жақтан емес, өзіміздің облыстың қәсіпкерінен сатып алуын талап етеміз.

*– Әңгіменізге көп рахмет, еңбектеріңіз жемісті болсын.*

2014 ж.



## АУДАНДАҒЫ АГА ИНСПЕКТОР



Ақтогай селосында полицияның участекелік ага инспекторы Жанайдар Әзімбаевты жүртшылық жақсы таниды. Әйткені ол әр күн сайын халық арасында. Негізінен алғанда участекелік инспектордың жұмысы жеңіл сияқты көрінеді. Ал шын мәнінде оның жұмысы қызын.

Оған жүктелетін міндет көп. Участкедегі заңдылықтың сакталып, тәртіптің өз дәрежесінде болуына участекелік инспектор жауап береді.

Жанайдар болса бұл қызметке оның қызындығын көрмей-білмей келген жоқ. Оның әкесі Серік те көп жыл милицияда қызмет атқарған. Сондықтан болар, осыдан он бір жыл бүрын өз тілегімен Жанайдар да милицияға қызметке ауысқан. Әйтпесе, оның мамандығы мал дәрігерлігі болатын. Алматыдағы зоотехникалық- мал дәрігерлік институтты бітірген.

Басында қызын болғаны рас. Келе-келе үйреніп кетті. Өуелі Теміртаудағы курстан өтіп қайтты, одан соң да біліктілік көтеру курстарында болған.

– Өз міндетіне жауапкершілікпен қарайтын, алған ісін тыңдырымды орындайтын қызметкер, – деп мінездеме берген

болатын ол туралы аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнігі Құрмет Жампейісов.

– Менің участкем осы Ақтогай селосы, – дейді Жанайдар жайдары ғана жымыш қойып. – Мұнда төрт мыңдай халық тұрады. Неше түрлі ірілі-уақты оқигалар болып жатады фой. Жыл басынан бері алты қылмыс болды.

Оның барлығы да ашылды. Мәселен, қаржы бөлімінде телекоммуникация аппаратып біреулер ұрлап кетіпті. Екі күннен соң ұрыны таптық. Терезеден түсіп ұрлапты. Оған аппаратты қайтаруга тұра келді.

Көбіне оперативтік топпен бірігіп жұмыс істейміз. Нұркен селолық округінде мал ұрлаған бір қылмыскердің аудан орталығында тығызып жүргені белгілі болды. Оперативтік топпен бірге соны ұстауға катыстым.

Біз кобіне әкімшілік заң бұзушылармен айналысамыз фой. Жыл басынан бері сондай қоғамдық тәртіпті бұзғандар үшін 120 әкімшілік хаттама жасалды. Оның ішінде 9 адам соттың шешімімен әртүрлі мерзімге әкімшілік қамауға алынды. Отбасында жанжал шығарып, ұрып-соғып, жұртшылықтың мазасын алғаны үшін ҚР Әкімшілік кодексінің 106-бабы бойынша 6 адамға айып салынды.

Қазір менің участкемде 22 адам есепте тұрады. Оның ішінде төрт адам маскүнем, төрт адам отбасының шырқын жиңі бұзатындар, қалғандары үйде арақ ішуді ұйымдастыратындар мен бұрын сотталып келгендер. Бұған қоса ақсақалдар алқасына қарауға екі адам жіберілді.

Тәртіпті жиі бұзатын жастар үшін бұл алқаның қызметінің әсері мол екендігін ерекше айтудымыз қажет. Сонымен бірге, кәмелетке жасы толмағандар жөніндеғі инспекциямен бірігіп, мектепке бармай қалатын, ұсақ ұрлық жасайтын балаларды комиссияға жіберумен де айналысамыз.

Участкелік аға инспектордың міндеті басқа селолық округтердегі участкелік инспекторлардың жұмысына да басш-

ылық жасау екен. Олардың қызметін үйымдастырады. Кейінде участекелік инспекторларға штат беріліп, оларға жас қызметкерлер алынды. Енді Жанайдар аға инспектор ретінде де, тәжірибелі қызметкер ретінде де тәлімгерлік жасауда. Участекелік инспектор қызметінің қырсырын әңгімелеп, түсіндіріп айтты отырады.

– Қазір селолық округтердегі участекелік инспекторлардың барлығында да телефон бар. Биылғы жыл аудан әкімшілігі тағы да қосымша штат береміз дей отыр. Бұған қоса полиция бөліміне бір женіл машина, үш рация әндермек. Сол үшін аудан әкіміне зор раҳмет. Бұл – біздің еңбегіміздің қыын екенін ескеріп, бізге жасаған қамқорлығы дей білеміз, – дейді ол өзінің ризашылығын жасырмай.

Көзге онша көп көріне бермейтін, бірақ атқарар істері көп участекелік аға инспектордың қызметіне жеміе тілеп аттандық.



## ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН АЗАМАТ

Біздің ауылда Ұлы Отан соғысының ардагері Бейсембек Смағұлов ақсақалды елдің бәрі құрмет тұтатын. Сол кісінің балаларының барлығы оқуға зерек, алғыр болатын. Үлкен ұлы Ақан Қарағанды педағикалық институтын бітіріп келіп, бізге химия пәнінен сабак берді. Одан соңғы Шәрбан да жоғары білім алды, ал Төлеутай Алматы зоовет институтын бітіріп келіп, ауылда бас зоотехник болды. Одан соңғы Жолтай ғана орта мектептен соң оқуға бармай, ұзақ жыл ауылда журді. Кейін қарындасты Күлгайын Алматыдағы қыздар педагогикалық институтын бітірді, Ақансері Қарағанды политехнік тәмамдады. Манап пен Кәсіп қана ауылда жұмысны болды.



Міне, сол кезде мектепте ұздік оқыған Жолтайдың оқуға неге бармай қалғандығын әркім әртүрлі пайымдайтын. Оның да өз жауабы, лайықты себебі бар екен.

- Біз сол кезде Совет Одағының Бас хатшысы болған Н.Хрущевтің уағында орта мектепте оқып, білім алдық қой.

Сол біз бітіретін 1963 жылы Орталық Комитеттің пәрменімен мектеп бітірген барлығымызды комсомол-жастар бригадасын құрып, екі жыл жұмыс істеуге жіберді. Қолымызға аттестат тимей қалды. Қызыларай орта мектебін бітіргендігім туралы аттестатты 17 қазан күні ғана алдым. Еріксіз ауылда қалып, шопан болдым. Екі жылдан соң қарындасым Құлгайын мектеп бітірді. Онымен қосарланып оқуга баруға тағы болмады. Бір үйден екі баланың окуы киын тиетін еді. Еріксіз қарындасыма жол бердім, - деп еске алады бүгінде алпыстың асқарына шыққан ағамыз Жолтай Бейсембеков.

Содан Жөкең сол кездегі «Қызыларай» совхозындағы «Еңбек» бөлімшесінде ага шопан, ага жұмыскер, есепші болып еңбек етеді. Жұмысын абыраймен атқарып, ел құрметіне бөлөнеді. Әскер қатарында болып, міндettі борышын өтеп қайтады. Сөйтіп жүргенде 1972 жылы қарындасы Құлгайын оку бітіреді.

Адамның арманы әрқашан орындала бермейді, кейде өмір талабына сай өзгерістер болып жататыны белгілі.

- Сол жылы Қарағанды педагогикалық институты университет болып, онда экономика факультеті ашылғанын оқыдым. Соңда келіп окуға түстім, - деп еске алады Жөкең.

Мектеп бітіргеніне тоғыз жыл уақыт өтіп кеткеніне қарамастан окуды жана бітіргендермен үзенгі қағысып, окуды жақсы оқиды. Үздік бітірген оны университеттің акша қатынасы және несие кафедрасына оқытушылық қызметке қалдырады.

Бұл күнде КР Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитетіне қарасты облыстық басқармада бюджеттік мекемелер бөлімінің менгерушісі Жолтай ағамыздың бұл салаға ауысқанына да ширек ғасырдай болған екен. Осы уақыт ішінде ол «ревизормын» деп кеуде кермей, аспай-таспай қызмет атқарған. Әрине, тексеруші болған соң оның өмірінде неше түрлі оқиға, сан құлды мәселелер кездесе береді ғой. Соның

ішінде Нұра ауданында болған бір тексеруді әлі күнге дейін ұмытпайды. Оидагы түрмис қажетін өтеу комбинатындағы тексеру кезінде 64 мың сомның талаң-таражға салынғанын анықтаған. Одан соң 34 ревизордың бірі болып, әйгілі «Автомобильшілер ісі» бойынша тексеруге де қатысады. Одан соңғы «ірі оқиға» Қарағанды қаласындағы №21 кәсіптік-техникалық училищедегі талан-тараж еді. Онда 72 мың сом қолды болған. Сол үшін оқу орнын жауып тастауға тұра келген.

Тексеруші кашан да жол үстінде. Оның міндегі – қаржының дұрыс жұмсалуын бақылау. Сондықтан да қазір бюджет қаражатының мақсатты қолданылуы олардың назарынан ешқашан тыс қалмайды. Жөкең бәріп де заңмен орындал, кімнің де болмасын жазықсыз жапа шекпеуіне баса көніл бөледі, қиянатқа еш уақытта жол бермейді, әділдікті бәрінен жоғары қояды. Сол үшін де өзі енбек етіп жүрген ұжымға ғана емес, оны білетін дүйім жүртқа қадірлі.

Жолтай ағамызбен әнгімеде өмір жолынан сыр тартсаңыз – ол сөзді өзіне дәріс берген ұстаздарынан бастар еді. Мектеп табалдырығын аттағанда қолына қалам мен қарындашты қалай ұстастауға үйретіп, әлшіпенің әріпін танытқан, бастауыш сыныштарда сабак берген Қапан Сыздықов пен Ғалым Жаман-балиннен бастап Беріккара, Еңбек жетіжылдық мектептерінде, Қызыларай орта мектебінде, Қарағанды мемлекеттік университетінде сабак берген ұстаздарын ұлықтап, аузынан тастамай айтып отырады. Олардың тәрбиесі мен тәлімін үлгі тұтады.

– Совхозда жұмыс істеп жүрген кезімде ауылдың қадірменді қариялары Қойшыбек Жағыпаров, Әзір Әмірханов, Қазықен Тойымбеков сынды ағалардан көп үлгі алдым. Олардан адамдармен қалай қарым-қатынас жасауды үйрендім, - дейді ол.  
– Әсіреле, менің азамат болып қалыптасуыма үлкен ықпал жасаған, ел еркелетіп «Ақтанау Жақыпбек» деп атағ кеткен ақсақал еді. Қызыларайда сол кісінің үйінде жатып оқыдым.

Өте терең білімді, арабша да, қазақша да сауатты кісі еді. Өзі аңшылықпен айналысады. Қолынан келмейтін жоқ зергер және ағаш шебері болатын. Өзінің білгендерін маған үйретуден жалықпайтын, өзі одан ләzzат алған. Әдеби кітаптарды бірге оқып, мазмұнын бірге талдайтынбыз. Сол кісіден үйренгенім әлі күнге дейін кәдеге жарап жүр...

Иә, «Ұлы Отан соғысына – 20 жыл», «Еңбек ардағері», «Қазақстанның Тәуелсіздігіне – 10 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған Жолтай Бейсембеков «Қазақстанның қаржыгерлері» жинағына біздің облыстан енген бес адамның бірі. Бұл да оның еңбегінің жемісі.

Қазір №57 Шығыстану мектеп лицейінде ұстаздық ететін женғеміз Шәрбан Жекебайқызымен екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Өлардың барлығына да жоғары білім эперді. Бүгінде қыздарын ұзатып, олардан немере сүйіп отырған ұлагатты ата мен әже. Біз оларга бақыт басналдағымен биіктей берініздер, еңбектеріңіз жана берсін деген тілек айтамыз.

**Желтоқсан, 2003 жыл.**

**ЕСКЕРТУ:** Бұл күнде Жолтай ағамыз бен Шәрбан женғеміз екеуі де зейнеткер, ұлын ұяга, қызын қияга қондырған. Қарағанды қаласында тұрып жатыр.



## АУЫЛ АРДАҚ ТҮТТЫ

Көзден таса болғанымен көңілден кетпейтін жандар болады. Соның бірі Көген жездеміз еді. Сонау 1954 жылы біздің «Еңбек» колхозындағы жетіжылдық мектепке мұғалім болып келген кезі есімде. Колхаз басқармасы Қойшыбек Жағыпаровтың үйінде жа-тып сабак берді. Қойшыкең агатайым жетім-жесірді жебеп жүретін жан еді. Жас жігіттің келешегінен үміт күткен болуы керек, кәрі әке-шешесін, ағасынан қалған жалғыз бауырын бағып отырған Нәкіжан тәтемізге үйлендіріп жіберді. Соғыстан жаралы оралған ағасы Мәкет бір жыл ғана бұрын қайтыс болып, қара жамылған апайымыз берін Көген жездеміз қосылып, қараша үйдің ішінде қуаныш оты маздады. Сол от ешқашан өшкен жоқ. Тойға келіп, қайырлы болсын айтқан жүртіштық екі қария үлкен атам Кенжетай мен әжем Күнікешке: «Жалғызыңың орнын басты, енді Аллага тәубе қыл», - деген тілектерін саулатып жатты. Шын мәнінде де



ағамыздың орнына аға болды. Ауылда барлығы да аға тұтып, ардақтайтын, елкім жезде деп ойнамайтын.

Бүкіл үйдегі балалар аты жаман аурудан баудай түскен ғой. Содан кейін дүниеге келген баланы әкесі Бекмолда «Көгенде қалған жалғыз қозы болсын» деғен үмітпен «Көген» атаған екен. Сөйтіп, жездеміз әкесінің де, біздің ауылдың да үмітін ақтай білді. Үлкен атамыз бен әжемізді қадір тұтты, ол кісілер дүниеден өткенде ақ жауып, арулап жөнелтті. Одан кейін, қартайған шағында қолына келін әкесі Бекмолданы да Қызыларайды осы үйден аттандырды.

Біз жездеміздің ауылға келген соң мұғалім, оку ісінің менгерушісі, мектеп директоры болғанын, одан соң «Қызыларай» совхозына көшіш, селолық кеңестің төрағасы болғанын ғана білеміз. Ауылда жылт еткен жаңалық болса, аудандық «Қызыл ту» (кейін «Арқа енбеккери») газетіне жаза қоятын. Ол кездерде толық білмейді екенбіз, енді қарап отырсақ, ол кісінің өмір жолында көптеген қызықты жайлар бар екен. Көген Бекмолдаұлы қазіргі Нұркен селолық округіне қарасты Бірлестік аулында дүниеге келеді. Орта мектепті бітірген соң біраз уақыт «Балқаш жұмысшысы» газетінде тілші болып қызмет атқарыпты. (Анда-санда мақала жазатындығы содан қалған әдет екен.) Одан соң 1953-1954 жылдары Қарағандыдағы мұғалімдер институтының тарих факультетін бітіріп, Балқаш қаласындағы №2 орта мектепте шамалы уақыт мұғалім болған соң біздің ауылдағы №12 мектепке мұғалім болып ауысады.

Мен мектепте оқып жүргенімде ол кісі оку ісінің менгерушісі болды. Мектеп директоры Эли Әубекіров жас жігітті шындау үшін шығар, Ақтөгайдығы жинальystардың көбіне оку ісінің менгерушісін жіберіп отыратын. Кейін жездеміз жыл сайын сол кездегі Кенес Одағының түкпір-түкпіріндегі, Қырым мен Кавказдағы шипажайларға барып демалатын әдетшығарып алды.

Жездеміз курорттан оралғанда бір қалта кітап әкеледі. Жай кітаптар емес, баспадан жаңа шыққан, жаңа басылымдар бо-

латын. Төргі үйде кітап толы шкаф тұрады. Қазір бір бөлме толған кітап болса да, ешкім таң қалмайды. Ол кезде Қөген жездеміздің кітабының көптігіне таң қалатынбыз. Мен жетінші-сегізінші кластарда оқып жүргенімде сол жылдары шықкан Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер», Зейн Шашкиннің «Доктор Дарханов», Қасымалы Жантөшевтің «Қаныбек» сияқты кітаптарын осы кісінің шқабынан алып оқыдым. «Мың бір түннің» төрт кітабы болатын. Бұларды оқушыларға окуга рұқсат етпейді. Оларды мен бір-бірлеп ұрлап әкетіп өқитынмын. Мектепте балалар осындай жаңа кітап шыққанын айтқанда мен оны оқып алғанымды айтып мақтанып отыратынмын. Сөйтіп, менің кітапқұмар болуым, көркем әдебиетке деген қызығушылық сезімім осы жездеміздің арқасында оянды десем өтірік емес. Мүмкін, газетке макала жазуыма да осы кісінің әсері тиғен болар. Ол туралы бұрын өйламаппын да.

Орта мектепті Ақтогайда бітірген сөң Қарағандыға окуға кеттім. Бұл кезде Қөген жездеміз ауылдағы №12 сегізжылдық мектептің директоры болды. Ел муддесі, халық игілігі үшін жасаған жемісті енбегі мен өнегелі өмір жолы әрқашан жоғары бағаланды. Содан 1970 жылы Қызыларай селолық кеңесінің төрағасы болып тағайындалып, табан аудармай 25 жыл осы қызметте болды. Зейнеткерлікке шығар алдында біраз жыл Қызыларай селолық округінің тұңғыш әкімі болып қызмет атқарды. Еңбекке араласқаннан бергі уақыт ішінде үнемі өз оргасының көшбасшысы, білікті де іскер азамат ретінде танылды.

Осындай қызметтер атқарған, ел аузында сезі, артында жасаған ісі қалған ардақты адамның бақылық болғанына қырық күннің де жузі болыпты. Сондай жездеміздің бүгінгі күні арамызда жоқ екендігіне сенгіміз келмейді. Бірақ, табиғат заңы қatal, өз дегеніне қондіреді. Сондықтан да, жездемізді еске ала отырып, осы мақаланы жазу парызым деп санадым.

Қөлемдә жездеміздің өмір жолынан мағлұмат беретін әр түрлі материалдар мен фотосуреттер. Солардың арасынан

Ақтогай аудандық «Арқа еңбеккери» газетінің 1989 жылдың 7 қарашасы күні жарық көрген саны ерекше көзге түседі. Сол газетте «Ауыл ағасының портреті» деген айдармен бірнеше суреті бар «Селатком председателі» деген мақала жарық көріпті. Онда Көген Бекмолдиннің тындырған, атқарып жатқан істері мен болашақта атқармақ істеріне дейін саралап көрсеткен. Аудандық газет тілшісінің сол мақаласынан бірнеше үзінді келтіре кетсек артық болмас деп ойлаймын. «... Жасыратын несі бар, ол әлде кімдер сияқты қайта құрудан бұрын да барды қанағат тұтып, күнкөрістің қуибенімен күн кешкен жоқ. Себебі, қоктен шарапат тілеп, әліптің артын бағып, томага түйік журе берсе, совхоздың салалық көрсеткіштері де, мәдениеті де табандап тұрып алатының председатель тереңнен түсінді...»

«Журналистік сапармен Қызыларайга бара қалсақ «председательдің бастамасы» дегенді жиі естітін болдық. Сейтсек, «адамдардың қолымен экологиялық зардалтарға ұшырайды» деп ауыл манындағы орман-тоғайдан бір бұта қиоға тиым салдырған да осы Көкең екен. Село сыртындағы зираттарды металл шарбақпен қоршап қиоға бастама көтеріш, бас болып жүрген тағы өзі. Совхоздағы көркемөнерпаздарға 13000 сомның ұлттық киімдерін тіккізіп берудің инициаторы да осы кісі. №3 ферма орталығынан клуб, кітапхана, медпункт үйлерін салудың көзі мен жолын тауып, оған совхоз директорын екі сөзге келтірмей «көндіріп» қойған да осы Бекмолдин. Жақындаған халық игілігіне берілген сауналы, бассейнді жаңа моншаның құрылышының тез аяқталып, сапқа қосылуынан атқару комитетінің председателі сырттап қалды деп тағы айта алмаймыз. Ауыл ішіне көтерме жолдар да салынды. Енді көне бойларына су жүретін құбырлар тартып, халықтың қосалкы шаруашылықпен айналысуына мүмкіндіктер ашсақ деген ойлары бар екен. Ол істің де бастау алар шағы алыс емес...», - деп жазады тілші.

Міне, көріп отыргандарыныздай, газет бетінде селолық кеңес төрағасының ауылдағы қандай істен болмасын шет

калмайтындығын, тіпті үнемі бастамашы болатындығын ашық жазады. Ол кезде Ақтогай ауданы Жезқазған облысының құрамында болғандықтан көптеген жайлардан бейхабар болғанымыз рас. Дегенмен де тілшінің қаламына іліккен жайлардың растығына еш шуббәміз жоқ. Мұны ауыл тұрғындары да жоққа шығармайды.


Кезінде қолға алынған істер аяқталып та келе жатыр. Соның бірі әр үйге су жеткізу болса, ол да жүзеге асқан. Көкеннің бастауымен, совхоз басшыларының көмегі арқасында кезінде Карагандыдан газ баллондары тасымалданғанын тұрғындар әлі күнге дейін айттып отырады. Қазір де тасымалданады, бірақ бұрынғыға қарағанда қымбатқа түсіп отыр.

Сойтіп, ауылдың экономикасы мен мәдениетінің өрлеуіне елеулі үлес қосқан Қөген Бекмолдаулын аудан халқы кезінде жақсы білді, құрметтеді. Сексен үшке қараған шағында дүниеден өткен жездеміздің артында бала-шағасы, әпкеміз қалды. Қырық жыл бойы үзбей әр түрлі шипажайларда емделіп қайтатындықтан денсаулығы жаман болмайтын. Бірақ, аяулы ұлы Әзімханның жол апатынан қаза табуы, сүйікті күйеу баласы Қайыржанның ұзаққа созылмаған науқастан мезгілсіз дүниеден өтуі қабыргасына қатты батып, оған қарттық қосылып, күйзелтіп кетті.

Халқымыз «Орнында бар оңалар» дегенді текке айтпаған. Артынның жақсылығын тілейміз.

**2012 ж.**

## «АЛАШ АТАУЫНАН БАС ТАРТПАЙЫҚ»



Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясына қарасты А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының болім менгерушіе, филология ғылымдарының докторы, Республика Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әсет БОЛҒАНБАЕВ облысымызда больш қайтты. Сол сапарында ғалымға жолығып, біриеше сұрақ қойған едім.

*- Әске, сіздің қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін жасауышылардың бірі екеніңізді, сол үшін Мемлекеттік сыйлық алғаныцызды білеміз. Бұл улken еңбек екені даусыз. Оны үкіметтің дүрыс бағалады. Ал, енді қазіргі кезде қандай іспен шұғылданып жатырысыз?*

- Дүрыс айтасың. Бұл он томдық түсіндірме сөздік жасау улken еңбек болды. Мұндай көп томды түсіндірме сөздік біздің республикамызда тұңғыш рет шығарылды. Тіпті, түркі тілдес халықтар арасында тұңғыш көп томды түсіндірме сөздік деп айтуга болады.

Мен бүкіл өмірімнің қырық жылдан астам уақытын түсіндірме сөздік жасаумен еткіздім. Ол үшін өкінбеймін де. Енді өзімнің жекелей жұмысыма келетін болсам, мен қазақ тілінің тұңғыш синонимдер сөздігін жасап, 1962 жылы және 1975 жылы екі рет шығардым. Оны 1991 жылдан бастап тағы толықтыру үстіндемін. Биылғы жылы аяқтап шығару ойымда бар. Бұл сөздіктің жаңаарған, толықкан түрін оқырман асыға күттеде. Егер мүмкіндік болса, басылып шығуға тиіс.

*- Еңбек жолыңызды қалай бастағаныңыз туралы да айта кетсөңіз?*

- Айтайын. Мен 1952 жылы Қазақ Мемлекеттік университеттің бітірген едім. Содан мені ақадемияның тіл-әдебиет институтына аспирант етіп жіберді. Сол кезде институт қызметкерлері бір томдық түсіндірме сөздік жасау үстінде екен. Мен 1955 жылы аспирантураны бітірген сөң осы сөздікке кіші ғылыми қызметкер болып келдім. Ақыры жиналған материал бір томға сыймагандықтан, алғашқы томы 1959 жылы, келесісі 1961 жылы шығып, екі том болып жарық көрді. 1968 жылы «Абай тілі создігін» шығардық. Содан кейін көп томды түсіндірме сөздік жасауға кірістік. Оларымыз 1974 жылдан 1986 жыл аралығында он том болып, толық шығып бітті. Оны халқымыз жылы қарсы алды. Еңбегімізді республика үкіметі жоғары бағалады, осы создікті жасаушы алты адам Мемлекеттік сыйлыққа ие болдық.

Осыдан кейін 1986 жыл мен 1990 жылдың арасында осы он томдық негізінде Ожегов сөздігі сияқты бір томдық түсіндірме сөздік жасауға кірістік. Қазір ол 180 баспа табақ көлемінде машинкаға басылып, баспаға беруге дайын. Бірақ, мына нарықтық жағдай аяқ-қолды матап, тынысымызды тарылтып тұр. Соған байланысты әзірге баспа бетін көре алмай ма деген қаупіміз де бар.

*- Осы кездегі аударма сөздіктің жасалу жайы қалай? Орысша-қазақша екі томдық сөздік бар, ал қазақша-орысша сөздік неге жоқ?*

- Сұрағың өте орынды. Біз түсіндірме сөздік жасау саласында басқа түркі тілдес халықтар арасында алғашқы орында келе жатқанымызben, аударма сөздік жасау саласында соңғы орындамыз. Бұл салада қыргызша-орысша сөздік бізге үлгі болмақ. Ал, біз болсақ, қырық жылдан бері мұндай сөздік жасай алмай келеміз. Мұның өзі бүкіл сөздіктерімізді дамытуға кесел келтіріп отыр. Оның жақын арада басылып шығуы да кын. Орысша-қазақша сөздік алғаш рет 1954 жылы профессор Н.Сауранбаевтың редакциясымен жарық көрген еді. Оны про-

фессор Ф.Мұсабаев редакциялап, екі том етіп, қайта бастырды. Қазір институт қызметкерлері бір томдық түрінде сөздікті қайтадан жасау үстінде.

- *Қазақша-орысша сөздікті жасаудың осыниша кешеуілдеуіне не себеп болды? Бөгем болған қандай жайлар?*

- Кешеуілдеу себебі – өзіміздің бойкүйездігімізден, ұйымдастырудагы кемшіліктерден. Берекесіздік бел алыш, оны жасауға мән бермей кеттік. Қазақша-орысша сөздікке көңіл аударылмады. Енді, міне, керек болыш отыр. Бірақ, ұзақ жылғы кемшілікті бірден жою мүмкін емес. Қазір қолға алынуда. Бірақ, күте тұруға тұра келеді.

- *Сіз маман ретінде тіліміздің болашагы туралы не ой-лайсыз?*

- Түрколог ғалымдардың пікірінше қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең оралымды, бейнелі тіл деп есептеледі. Кезінде Мағжан Жұмабаев «бүкіл түркі тілдес халықтар басын қосып, бір жерге жинала қалса, олардың барлығы қазақ тілінде сөйлессетіндіктеріне имандай сенемін» деген болатын.

Қазақ тілі ауыз әдебиетінің мұралары жағынан болсын, соңғы екі ғасырдағы ақын-жазушылардың салмағы жағынан болсын, ең бай тіл екендігін бүкіл әлемге паш етті. Біздің ана тілімізде де жазық жоқ. Барлық пәле өзімізден, өз тілімізді қадірлей білмейтіндігімізден деп түсіну керек. Қазір қай салада болмасын кең даңғыл жол ашылып отырған шақта оның болашагына күдікпен қарau былай тұрсын, мұндай сұрақ қоюдың өзі артық деп есептеймін.

- *Қазір елдің барлығы қай тіл мемлекеттік тіл болар екен деп алаңдан отыр. Бұл туралы не дейсіз?*

- Қазақ тілінің қайтсе мемлекеттік тіл болатындығына менің ешбір күмәнім жоқ. Оған елдің барлығы сенеді. Олай болса, осыдан артық заң жоқ. Тек озіміздің, белсенді түрде білек сыбана кірісуіміз ғана қалыш отыр. Мен озім Конституция дегенді әр адамның өзінің жүргегі деп есептеймін. Елін

сүйген ұлтжанды азаматтар үшін ең жоғарғы заң – өзінің сенімің. Күмәнданатын кезеңиң етіп кеттік. Енді әрбір отбасындағы мұшслер, әрбір ата-ана мен бала бір-бірімен ана тілінде сөйлесуі ғана қалып отыр. Өз жерінде, өз Отанында жүрін, өз тілінде сөйлеғен халық бақытты ғой. Демек, ендігі бақыт өз қолымызда. Оны уысымыздан шығарып алуға болмайды. Мұндай ой республикамыздың Президентінен бастап, бүкіл халқымыздың көкейінде жүр. Біз болсақ, озіміздің Елбасымызға сенеміз.

*-Кейбір атауларды өзгерту жөнінде «Жас алаш» газетінде жарияланған мақалаңызды да өңірган едік. Енді жер-су, елді мекен атаулары жөніндегі пікіріңізді өз аузыңыздан естісек.*

- Иә, біздің ана тіліміз тек соңғы 40-50 жыл ішінде ғана бүліне бастады. Бұл кезеңді орыстану кезеңі деп атауга болады. Осы жылдарда біздің Қазақстанда 800-ден астам қазақ мектебі жабылыпты. Жер-су аттарын қалай өзгертеміз десе, қандай ат қоямын десе, билеуші партократтардың өз еркінде болды. Оларға қарсы келген ешкім болған жоқ. Мысалы, менің өзім тұған Ақтоғай ауданын екіге бөлді. Соның Балқаш маңындағысын «Приозерск» деп атады. Осы атты атауга көпшілік адамдардың тілі де келе бермейді. Өз тұған жерінде турып, оның атын атауга тілінің келмеуі үлкен қасірет қой. Осы ауданды Тоқырауын атымен атау жөнінде мәселе көтерілін еді, бірақ әлі күнгे жүзеге аспай отыр. Мұндай атаулар толып жатыр. Ойына келгенді істейді деген осы. Менің айттарым – жер су атауларын қалпына келтіру қажет.

*-Казір «Астана–Ақмөла болса екен» деген мәселе көтеріліп жатыр ғой. Бұган алматылықтар қалай қарап жүр?*

- Бұл өте қажет мәселе. Оны «Қазақ әдебиеті» газеті дұрыс әрі дер кезінде көтеріп отыр. Бұл тек менің ғана емес, көптеген алматылықтардың, көпшілік халықтың пікірі. Негізінен алғанда алматылықтар қарсы емес. Өйткені, Алматы бір бүйірде, шетте жатыр. Астана елдің орта тұсында болғаны дұрыс. Екіншіден, бұл қаланың тұрган жерінің өзі аса қауіпті, сейсмологиялық

тыныпсыз орын болып саналады. Астананы көшіре қою да оңай іс емес. Ол бір күнде орындалмайды. Сондықтан да, оны жүзеге асыру болашақтың шаруасы деп ойлаймын.

«Астана» демекші, осындайда ойға оралады, біздің Қарағанды да дәл ортада түр ғой. Қарағанды Қазақстанның жүргегі сияқты. Сондықтан да өздерінің газеттерінің «Орталық Қазақстан» деген атауы да маған кейінде ұнамай жүр. Күнделікті шығып тұратын облыстық, аудандық газеттер сол жердің айнасы деп есептеледі. Соган байланысты әрбір шығатын газеттің аты да, мазмұнына сай, жүрттый қөніліне жылы тиетіндей болғанын қалаймын. Сол себепті газеттің атын озгертуді сұраймын. Бұл территориялық, географиялық ұфым. «Орталық Қазақстан» деген атаудың кезінде үлкен мәні болғаны рас. Енді осы атау жаңаған, тәуелсіз елімізде сай келмейтіп сияқты. Астана Ақмолаға кошірілсе, Қарағандыда Алаш туы желбіресе, қандай ганибет. Газеттерінді «Алаш туы» деп атасаңдар деп ойлаймын. Бұл «қазақ» сөзінің баламасы, әрі өте әдемі балама.

Мен Қарқаралының педучилищесін алғашқы бітірушілердің бірімін. Бұл ауданың аты да Қарқаралы, оның қазақша газетінің де, орысша газетінің де аты «Қарқаралы». Сондықтан да, осы газеттің атын да «Алаш таңы» деп өзгертсе деймін. Осы сапарымда Ақтогай ауданында болдым. Бұл ауданың газеті «Арқа еңбеккери» деп аталады. Кезінде алыстан айқайладап тұратын атау болғанымен, осы күні мұндай атаулар мәнін жойған. Оларға да газеттің атын озгерту туралы ұсыныс айттым. Олар менің ұсынысымды қабыл алды. Енді Наурыз тойынан кейін жаңа атаумен шығуға ниет етіп қалды. «Алаш» сөзінен бас тартпайық, одан қорықпайық ағайын.

**21 қаңтар, 1993 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Бұл сұхбатты Әскең Қарағандыға іс-еапармен келгенде алған болатынмын. Қазір ол кісі бақылық болған.



## КҮЙ ҚҰДІРЕТІ

Алқақотан отырған шағын топты  
күй құдіреті баурап алған. Барлығы  
да қаз мойын қоңыр домбыраның  
шанағынан төгілген сұлу сазға құлақ  
түріп, домбырашыға коз тіккен.

Екі иығын қаршыгадай қомдал,  
әсем әуенге беріле теңселіп, көсіле  
күй тартып отырған адам орта жа-  
стан асқан жігіт ағасы еді. Оның он  
қолы домбыраның қос ішегін көз  
ілеңстірмес жылдамдықлен үлерте  
лірілдесе, сол қолы пернелердің  
үстімен жорға аттың аяқ алысындаі  
ептілікпен майпаңдайды.

Бірде қалқи өрлеп, бірде баяулап, қырық құбылған тәкпе  
күйде бұрын естілмеген ерекше бір лебіз бар. Бірде мұнды,  
бірде шат, бірде қайғылы үн төгіледі. Қанқұйлы жаумен  
шайқаста жараланған жас жауынгердің қайтпас қайсарлығы,  
жауына деген өшпендейділігі, өмірге деген құштарлығы, Отанға  
деген адалдық сезімі домбыраның қос ішегінен күй болып  
төгіліш жатыр.

Елдің көңілін жаулаған сиқырлы әуен аяқталғанда отырған  
жұрт серпіліп сала берді.

- Оу, деген-ай!



- Міне, күй деп осыны айт!
- Күйші болсаң осында болындар, жігіттер! Төрт аяғын тен басқан жорға деңді...
- Алтекеңнің өзі шыгарған күйі, - деп мына жақтан біреу сөзге араласты.
- Алтеке, бұл қандай күй? – деп сұрады бірі.

Домбырасын алдына көлденең ұстаган Алтекең күй туралы әңгімелеп берді.

- Бұл менің қанды көйлек жолдасым, Совет Одағының Батыры Қазбек Нұржановқа арнаған күйім еді. «Досыма» деп аталады.

Бұдан соң отырғандардың үлкендері:

- Алтеке, енді бір күй орындал жібер, - деп қолқаласа, кішілері:

- Ағатай, тағы бір күй тартып беріңізші, - деп өтіне бастады.

Домбырасын іргеге сүйей берген домбыраны көптің сұрауы бойынша аспапты қолына қайтадан алды. Тершіген маңдайын сүртпіп, желпіп алды да, бұрауын өзгертіп, құлақ күйіне келтіре бастады. Әуені әлгіден бөлек тағы бір күйдің ыргағына келтіріп алды да, тарта жөнелді.

Бұл күйдің әлгіге қарағанда екпіні де, тарту мәнері де бөлек. Бебеу қағып безілдемейді, баяу қалқып, қоңыржай үнмен жүректі тербейді. Көз алдыңа керіле қанат сермеғен аққу құс елестейді. Біресе қаздың қаңқылы, акқудың сұнқылы құлағына жетеді.

- «Аққу күйі» гой бұл. – Оңашалау отырған екі жігіттің бірі жанындағыса сыйыр ете түсті.

- Оны да өзі шыгарған ба?
- Жоқ, бұл халық күйі.

Сиқыр үні күй болып тербеген домбырасын жанына сүйеген Алтекең «Аққу күйінің» шығуы туралы аңызды мәнерлеп айтып берді.

... – Ертеде шылауына шыр бітпеген бір кедей жіғіт болыпты. Оның бар байлығы шиті мылтығығана екен. Мінерге аты да болмаған жігітті жүрт «Жаяу мерген» атапты.

Бір күні Жаяу мерген жазғытұрымғы су тасқынынан қалған көлшікті жағалаң, құс аңдып журғенде кенет тым алыста ұшып келе жатқан қос акқуды көреді. Ақку өте кірпияз, талғампаз құс. Оның мұндай жай сұға, көлшік-шалшыққа қонбайтыны өзіне аян. Сондықтан ол өз өмірінде тұңғыш көрген сұлулық патшасын өзінен алыстатқысы келмейді. Қапысын тауып сол әдемі дүниен өз қолына қондыруға құлшынады. Ол Қоңыртөбенің басына шығып, аспанды қалықтай ұшқан қос акқуды қарауылға алады.

Сол манда мергемен замандас, атағы алысқа кеткен бір домбырашы, сері жігіт болыпты. Ол да астындағы жалғыз атынан басқа тігерге тұяғы жоқ кедей екен. Ол да сол күні таңмен таласа тұрып, домбырасын беліне қыстырып, ел аралауға шығады. Кенет оның құлағына акқудың сыңғыр үні шалынады. Қос акқудың қанат сылдырынан шыққан биязы сусыл жігіттің сезімін оқыс селт еткізгендей болады. Ат үстінде келе жатқан беті домбырасын қолына алып, ақку үніне салып, шерте жөнеледі.

Сол бетімен серінің аты да домбырада шертілген акқудың үніне құлақ түріп, билей басқан бойда айдай әдемілікті қарудың қарауылына алып, бейқам отырған мергеннің үстінен бір-ақ қарғып өтеді. Мерген аунап түседі. Домбырашының аты да кілт тоқтай қылышты.

Орнынан атып тұрған мерген салт аттының шаужайына жармасады. Екі жігіт ұзақ арпалысады. Әбден демдері бітіп, шаршаган соң барып, тілге келеді. Мерген жігіт өкініп, акқуды атып алуға домбырашының бөгет жасағанына ызаланады. Сері жігіт болса – ананың ақку үнін домбырасына қосқан күйін аяқтатпай, бөліп жібергеніне ренжиді.

«Қане, тартыны сол күйінді! Тыңдайық... Егер күйің ұнаса – сенікі жөн, ұнамаса – төбелестің көкесін сонда көресің!» – деп мәрт мінезді мерген өз кесімін айтады.

Сол арада күй шертіледі. Күй құдіретінің ғажайып қуаты табиғатынан қаталдыққа бейім, аңғал мінез мергеннің жан дүниесіне ерекіне бір жылы әсер қалдырыпты.

Мерген күйші жігіттен кешірім сұран, екіншіде аққуды атпасқа серт береді. Сөйтіп, мерген мен домбырашы жігіт дос болып өтіпті...

Міне, «Акку күйінің» туу тарихы осылай...

- Алтекең нағыз өнер адамы екен-ау. – Оңаша отырган екеу ақырын әңгімеге кіресті. – Бұрын қайда істегенін білмейсің бе? Қазір зейнеткер гой?

- Иә, қазір зейнеткер. Сен бұл кісіні қалайша білмейсің? Бұл кісі Алтынбек Досмағамбетов деген ағай емес пе? Коп жыл бойы сауда саласында қызмет істеген...

- Сауда орнында дейсің бе?

- Иә, сауда орнында. Қарағанды, Ақшатай, Никольск қалаларында, Ақтогай, Жанаарқа аудандарында қызмет атқарған. Құрметті демалысқа шығар алдында Саяқ кентіндегі тұтынушылар қоғамының бастығы болды. Жалпы, сауда орнында қырық жылға жуық мұлтіксіз жауапты қызмет атқарған адам.

- Япыр-ай, э! Өсындай өнерпаз адамның сауда саласында істеді дегенге, тіпті, сену қиын.

- Міне, мәселе сонда гой. Өнер деген нағыз саф алтынның сынығын tot басуы мүмкін бе?! Алтекең тек күй шығарумен ғана айналыспайды, өлең де жазады, ән де шығарады. Өлеңдерінің көвшілігі ғазет-журналдар беттерінде жарық көріп жүр.

Бұл кісі Ұлы Отан соғысына да қатысқан. Жеті жылдай әскер қатарында болып оралған Алтекенің «Досым», «Қайран шешем», «Құрбыжан», «Сагыныш» атты күйлері еліне, туган жеріне деген сондай ыстық махаббаттан туган болса керек.

Айтқандай-ақ, Алтекең өзінің жоғарыда аталғандармен қоса «Бебегім», «Балықшылар күйі», «Жалғыз ішек» сияқты күйлерін орында болған соң отыргандар ән салып беруін сұрады.

Бұдан соң әрбір өлеңнің жазылу тарихын түсіндіре отырып, Алтекең тыңдаушысына берер тамаша әсерімен, мазмұны

құнды «Жетім қыз», «Көкжорға», «Қыз зары» әндерін нақышына келтіре қоңыр дауыспен орындал берді.

Нағыз онерді танып, өнер шеберлерін қастерлей билетін өнерсүйгіш халқымыз осындай жандарды құрмет тұтады. Біржанды – «Сал» деп, Ақанды – «Сері» деп еркелеткен халқымыз қазір де осындай Алтынбек Досмагамбетов сынды дарын иелерін биік мәреғе көтереді десек, қазір Балқаш қаласының жаңындағы Қоңырат поселкесінде тұратын Алтекенді сол төңіректің адамдары түгел білуі осы сөзімнің айғагы. Жетпіске қарай қадам басса да халық өнерін дәрілтеуге өзінше үлес қосып жүрген шертпе күйдің шебері Алтекенді елуді жаңа ғана еңсерген деп ойлар едіңіз. Мүмкін, оны жасартып көрсететін де халқымыз қастерлеген күй құдіреті болар.

Осындай ел ішіндегі алтын кениш - өнер шеберлеріне баспасөз бетінде дәрілтеп, олардың туындыларын қағаз бетіне түсірсе игілікті іс болар еді.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 1980 жылы жазылып, газетке бастырайын деп отырғанымда Алтекең нагашым жол апатынан қазатапты да, тартпамда қалып қойған еді. Содан сақтаулы тұрган осы қолжазбаны жариялаудың сәті енді түсін отыр.

## ХАЛҚЫ ҚАДІРЛЕГЕН ХАТШЫ



болып қызмет атқарған екен.

Әбекеңнің өмір жолы да ұзақ. Ол кісі 1909 жылы Костанай облысының Қарабалық ауданындағы 12-ші ауылда дүниеге келеді. Әкесі Жәнібек еті тірі, ширақ жанның бірі болған сияқты. Баласын оқытуды жек көрмейді. Татар молдасынан хат таныған соң Троицкіге апарып, медресеге береді. Еңбек жолын сол ауданының 7-ші ауылында бастауыш мектептің мұғалімі болып бастайды. Содан 1931 жылы «Бесмындықтар» козғалысы басталады да, комсомолдық жолдамамен Қарағандыға келеді. Осылардың арасында бұған дейін үйленген Әбекеңнің жары Өмина да болады. Әуелде ФЗО-да мұғалім болады, кейін көмір өндірушілер кәсіподагы мектебіне ауысады. Бұл мектеп көп үзамай тарайды да, Әбекең көміршілер кәсіподагы аудандық комитетінде бір жылдай үйымдастыру бөлімі менгерушісіпің орынбасары, одан соң «Карагандауголь» тресіне қарасты №31 шахтада шахтком төрағасы, осы трестегі келік басқармасында жергілікті комитет төрағасы болады. Осы кездерде бірнеше рет аудандық Қоғамдық депутат болып сайланады. 1938 жылы халық депутаттары Қарағанды қалалық Қоғамдық Қоғамінің

төрағасының орынбасары, шамалы уақыттан соң төрағасы болып сайланады. 1939 жылдан 1942 жылға дейін Қарқаралы аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болады. Ақтогай ауданына сол жылы сәуір айында келеді.

Соғыс жүрін жатқан кез. Ауданың бас көтерер азаматтары майданға кеткен, әлі де лек-легімен аттанып, қарт адамдар мен әйелдер, жас балалар ғана қалып жатыр. Ауданың экономикасы мұлдем құлдырап кеткен. Қын жағдайды көріп, не іетерін білмей, мұлде қиналады. Қекейінде сан тарау сұрақтар пайда болады. Қандай амал қарастыруды ойластыра бастайды. Сол уақыттағы Тұнғышынбек Дәлмағамбетовпен, одан сәл кейінрек ауатком төрағасы болған Нұрбек Алпысбаевпен және ауданың басқа да активтерімен тығырықтан шығудың барлық жолын қарастырады. Ол кез ауданда техника деген, оның ішінде бірде-бір машина деген жоқ кез. Елдің барлығы атпен жүреді.

Әбекен болса кешке дейін аттан түспей, ел аралаумен болады. Халықтың ортасында болады. Кабинетте отыруды жағдай көтермейді. Өйткені, өмір ағыны соны талап етті.

Сөйтіп, Ақтогайда ауыр жағдайға қарамастан халық майдан үшін деп еңбек етін, тапсырманы өз дәрежесінде орындаиды. Тоқырауынның ақ бидайын мол өсіреді. Сонау ашаршылық жылдарында халыққа нәпақа, күнкөріс азығы болған ақбидайдың соғыс жылдарындағы рөлі жоғары түрған шақ еді. 1944 жылы Қоңырат ауданында он адам майданға бір жеңіл самолет пен тоғыз танк жөнелткен екен. Мұндай оқиға, патриоттық козғалыс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ә.Жәнібековтің үйымдастыруымен Қазақстанда тек осы ауданда ғана болған. Сол жылы осы он адамның әрқайсысына жеке-жеке Сталиннің өзі рахметтің айтқан жеделхат келіпти. Бұл жағдай бүкіл ауданың және оның бірінші хатшысының атын аспандатып, абырайын одан сайын биіктете түседі.

Әбекенің 1944 жылы соғыстың салдарынан қабақтарына кірбің түскен халықтың көнілін көтеру мақсатында ақындар

айтысын ұйымдастыруы ел аузында көпке дейін ұмыттылмай айтылып жүрді. Сол кезде Қазақстан Жазушылар одағы, жазушы Фабит Мұсірепов ақындар айтысын өткізу туралы бастама көтерген еді. Соған орай, Ақтогай ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы Ә.Жәнібеков өзі бас болып, Қоңыраттан Жабас Кенесбаев пен Құрмаш Таласбаев, Шет ауданынан Маясар Жапақов пен Жылқыбай Нұрбековтерді айтыстырады. Оған сол кездің белгілі ақындары Қайып Айнабеков пен Аллажар Теміржанов әдейі келіп, қазылыш етеді.

Соғыс жылдарында Ақтогайды өнеркәсіптік комбинат жұмыс істейді. Онда жылы тон тігіліп, пима басылады. Олар да майданға жөнелтіледі. Сондай еңбектері үшін Ақтогай ауданы 1945 жылы Қазақстанның 25 жылдығына орай Қазақстан КП Орталық Комитетінің, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қызыл туымен және 50 мың сом ақшалай сыйлығымен марапатталады. Ол сыйлықты облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Ланкин әкеліш табыс етіп, Ә.Жәнібеков қабылдал алады. Сол жолы Әбекең бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденін омырауына тағады.

Бұдан соң Әбекең Алматыға аттанып, екі жыл Қазақстан КП Орталық Комитеті жаңындағы партия мектебінің тыңдаушысы болады. Одан келген соң Қарқаралы ауданына бірінші хатшы етіп жібереді. Онда бес жыл абыройлы қызмет атқарған соң Жезқазған қаласына бірінші хатшылықта тағайындаиды. Мұнда екі жылдай болады. Содан соң Жезді қалашығындағы Жезқазған-Ұлытау геологиялық-барлау партиясының саяси белімі бастығының орынбасары, одан соң сондағы партия бюросының хатшысы етіп сайлайды. Бұл жерде бір жылдай қызмет атқарған соң 1957 жылдан комбинат жүйесіндегі еңбегі басталады, әуелі Ақшатау комбинаты партия үйымының хатшысы, одан кейін директордың кадрлар мен тұрмыс жөніндегі орынбасары болады. Ал 1976 жылдан 1985 жылға дейін комбинат директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары

болып қызмет атқарады. Еңбек еткен жылдары бір орден, жеті медальмен марапатталыпты.

Ол қай жерде қызмет атқармасын өзінің тапсырылған іске деген берілгендігін, нағыз патриот адам екендігін көрсетеді. Әбекең мен жұбайы Әмина сегіз бала тәрбиелеп өсірген, олардың барлығы да жогары білім алады. Соның ішінде Майдан мен Манат әкесінің жолын қуып, металлург болады. Майдан көп жыл Ақшатауда және Ақжалда қызмет атқарып, бүгіндегі өзі зейнеткер болып отыр. Ал, Манат болса көп жыл Қарағанды металлургия комбинатында №2 мартен цехінде болат балқытушылар бригадирі болып еңбек етті. КСРО Құрметті металлургі атанды. Оның тікелей басқаруымен бригадасы зиянды қоспалары аз жогары сапалы болат балқыту технологиясын жасады және оны игеріп алды. Тиеу және шлак түзу үрдісін жетілдірудің арқасында оның бригадасы шихталық балқыма алуда еңбек өнімділігін 24,5 мың тоннага арттырды. Бригада ұжымы жылдық жоспарға қосымша 830 тонна болат балқытты. Сол үшін 1983 жылы Манат Жәнібеков Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Міне, қолымда «Ақадыр таңы» газетінің 1991 жылғы 10 казан құнгі саны. Ондағы «АЗАМАТ АЖАРЫ» деген мақалада түңғыш ұлы Майдан:

«...Мына бір оқиға есімде қалыпты. Бірде әкем екеуміз Қарағандыдан Ақтогайға кішкентай самолетпен ұшып келе жаттық. Пәле қайдан деуге болмайды ғой. Кенет самолет апартына ұшырадық. Жерге құлдилай бердік. Самолет тұмсығы жерге тірелгенде, жалма-жан әкем қосалқы есікті ашын жіберіп, мені шығарып алды. Мотор жұмыс істеп тұр. Ал, біз жарылыс эне болады, міне болады деп алысырақ барып күтіп жаттық. Құдайымыз бар екен әкем, ұшқыш және мен ушеуіміз де аман қалдық. Сондағы әкемнің мені апattan аман алып қалғаны әлі құнгे дейін есімнен кетпейді. Және сол үшін өмір бойы қарыздармын!

Иә, енді міне, аяулы әке өмірінің жалғасы – біздер әке атына кір келтірмеуге, ана көnlіне дақ түсірмеуге тырысып та келеміз», - деп еске алса, Әбекеннің аяулы жары, осы бертінде гана қайтыс болған Әмина әже:

«Сол бір отызыншы жылдары қазақтың не бір азаматтары замана зобалаңына тап келді ғой. Енді ондай нәубеттің бетін аулақ қылсын. Біз де қорқып жүрдік. Қалай қорықпайсың, сол кезде Әбекен көзі көрген қарагандылық Асылбеков, Нұрсейітов сынды азаматтар нақактан нақақ ұсталып жатқанда. Біздін де Әбекен бір күні «халық жауы» атанип, еш кінесіз сол нәубеттің құрбаны болыш кете ме деген қорқыныш сезімі ғой баяғы. Ол кезде, тіпті, ойын-сауық, туған күн, қонаққа бару-шақыру дегенді ұмытқанбыз. Кеш батса болды, үйде жасырынып отырамыз. Бақыттымыз бар екен, сол нәубет тұзағынан аман-сау құтылдық қой...» деп толғанады.

Ал бір кезде өзімен бірге қызмет атқарған, Ұлы Отан соғысының ардагері В.Прерва:

«...Бұғіндері кейбір басының бойында кездесе бермейтін бір тамаша қасиеті бар-тұғын. Ол, әсіресе, өзінің кемшіліктерін бетке айтсақ, үндемей тыңдал алып, дұрыс жеріне келісін, бұрыс жерін түсініп, содан қайтсе де бір қорытынды шығаруға тырысатын. Адам жанын тез түсініп, бізден еш көмегін аямайтын, ері ақылшымыз еді», – деп еске алады. Осы айтылғандар бір кезде басшы қызмет атқарған абзал азаматтың қандай болғандығын көрсетіп, жарқын бейнесін толықтырып түрғандығы сөзсіз.

Биыл бірталай аудан өзінің 80 жылдығын атап өтті. Солардың ішінде бір кезде Әбекен бірінші хатыны болған Ақтогай ауданы да бар. Сондықтан да ауданының мерейтойына байланысты халық аузында жақсылығымен аты қалған ардагер аға туралы да айта кеткенді жөн көрдік.

**2008 жыл.**

## **«ҚУАНДЫҚ» ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗЫ**

**Мейрамғұл Қуан-дыққызы  
Жұмабаева Ақтөғай ауданына қарасты Қараменде ауылдық округіндегі «Қуандық» шаруа қожалығының мүшесі. Бұл шаруа-шылықтың негізін бір кезде, яғни, 1992 жылы елімізде Тәуелсіздіктің таңы атып, жаңа қоғамға қадам басқан шақта әкесі Қуандық Жұмабайұлы үйымдастырған болатын.**



Жылт еткен жаңалыққа құмар, оны жетілдіріп әкетуге бейім тұратын Куандық сол жылы да басқалардан кейін қалған жок. Отбасына қозғау салып, сонау «Еңбек» бөлімшесінен жиырма шақырымнан астам қашықтықтағы, тау арасында, қыста қары көп түсетін «Әйнек» қыстағын таңдал алып, «Қайрат» атты шаруа қожалығын үйымдастырды. Әуелде қындық көп болды. Ол жерде бұрын «Қызыларай» совхозы болып тұрған шақта шопандар қыстағы болған. Қоралап қой өсірілетін. Оған қора толы төл ергізетін. Кейіннен бұл қыстақ орталықтан тым алыстығына және қыста жолдың қындығына байланысты жабылып қалған еді. Ол жерді Куандық алған кезде бұрын шопан мен оның көмекшісі тұрған екі пәтерлі үйдің орнында да, бұрын қой қамайтын қораның орнында да цементтен төселген іргетасы ғана қалған еді. Қабыргасы тастан қаланғандықтан, жақын маңайдағы үй салғандар тасын бұзып алып кеткен. Енді сол ірғетастарға үй және қора салу қажет болды.

Мұндай жұмыстардың қанышылықты қүшпен келетіндігін өздерініз шамалай беріңіз. Қазіргі Ақтас ауылы ол кезде жаңа құрылған «Еңбек» совхозының орталығы болып жаңадан са-

лынды. Жаңа орталықта тұрып, комбайнер, гараж менгерушісі, бас механик сияқты жұмыстарды мінсіз атқарып жүрген беса-спап механизатор Куандық жаппай жекешелендіру басталған шақта 70 сиыр санап алыш, жеке шаруашылықта шығып кетті. Әуелі көктем туысымен үй жанында шлактан кірпіш құйды. Оны қырық шақырым жердегі Әйнекке тасыды. Орталықтағы торт бөлмелі дағарадай жаңа үйдің есігін бекітіп тастан, киіз үймен қыстаққа көшіп барды да, әуелі үй салды, одан соң малға қора тұрғызды. Әрине, оларды жалғыз өзі тұрғызды деу артық шығар, жұмысқа ағайын-туыс, дос-жолдас бәрі қөмекке келді. Келесі жылы үйінің еденіш тақтайлады. Содан айналасы екі-үш жылдың ішінде аяғынан қаз тұрып, шаруашылығы шалқы бастады. Сиырлары бұзаулады, қойлары қоздады, биелері құлышады.

Осы Әйнек қыстағында Рымқұлі Айқатқа тұрмысқа шықты, одан соң Мадияры Айнұрга, Данияры әскерден келген соң Жанарға үйленді. Тұнғыш немересі Мәди, кейінгі немерелері Дәуіржан мен Дамир осы жерде дүниеге келді. Жарты ғасырлық мерейтойын осы жерде атап өтті.

Бірақ, осындай тамаша, түгін тартса май таматын шұрайлы орыннан қоныс аударуына жердің шалғайлығы қатты себеп болды. Балаларының ел ортасына қарай келгісі келді, ойткені немерелерді оқыту керек еді. Ақыры орталық басына көшіп келді.

Басында қыстауда ұлдары Қанат пен Даниярды және келіні Жанарды жұмысшыларымен қалдырып, Куандық өзі «Шамшырағым» деп ататын бәйбішесі Панар женгей екеуі гана келіп, бұрынғы үйлерінде тұрып, Мәдиді оқытып жатқан. Сол жылдың қысы өтіп, наурызы басталған шақта ағамыз ке-неттен жүрек талмасынан өмірден өтті.

Иә, қаза қанишама ауыр, жүректерге қаншама салмақ салғанымен, тірі адам тіршілігін істейді. Жары Панар мен сонау жылы жеке шаруашылық күрганда Қарағанды экономикалық университетін бітіріп, сонда қызмет атқарып жүрген тұнғыш қызы Мейрамгүл екеуі бүкіл шаруашылықты осында көшіріп

алуға бел буды. Басында сол жерде бос тұрған бір қораны жалдады да, өздері төрт бөлмелі үй салды. Келесі жылы дайын қора-жайы бар кең үй сатып алды. Қазір сол үйде тұрып, шаруашылығын жүргізіп жатыр.

Басында «Қайрат» деген атпен құрылған шаруа қожалығы 2004 жылы қайта құрылып, отағасының құрметіне «Куандық» деп аталды. Қзір отағасының «Қазақтың ақ бас еттік тұқымды сиырларын өсірсем» деген арманын жүзеге асырып жатыр. Кезінде ауылдағы «Нұршат» шаруа қожалығымен біріге атқарған жұмысы да нәтижелі болды. Малдың өнімділігін арттыру мақсатында біршама жұмыстар атқарылды. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқытушысы Қырғызбай Бегімбеков пен сол кездегі аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Сағат Әбдіғұлов, сөл басқарманың асыл тұқымды мал өсіру жөніндегі маманы Зәрузада Тәукеев бағдар беріп, енді шаруашылық асыл тұқымды мал өсіру бағытына бет бұрады. Мал басы екі есеге дейін өсті.

2008 жылы қазақтың ақ бас сиырларын өсіретін шаруашылық мәртебесіне ие болды. Шаруашылықтағы мал басы 2012 жылы 161 ірі қараға жетті. Шаруашылық селекционерімен ғылыми мекемелердің шығармашылық ынтымақтастығы арқасында табынды жетілдіру және оның генетикалық әлеуетін арттыру жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Орал облысындағы Чапаев тұқымдық зауытынан екі бұқа әкелінді.

Мейрамгүл болса, анасына көмектесе жүріп, жан-жаққа шығып тұрды, басқа да осындей асыл тұқымды қазақи мал өсірумен айналысадын шаруаильтарда болды, семинарларға қатысты. Бір сөзben айтқанда тәжірибе жинақтауда болды. Ақыры атқарылған іс көп ұзамай-ақ нәтижесін бере бастады.

Ірі қараның өсімін арттыру шаруашылықтағы өз толі есебінен жүргізілуде. Соның бір мысалы қазір әр жүз сиырға орта есеппен 80 бұзаудан алынып жур. 2010 жылы етке 43 бас өгізине тапсырылған болса, оның орташа салмағы 233 кг тартты.

Ауылдың турған жері қыста қар қалың түсетін, аязды, боранды болып келсе, жазы қоңыржай, күрт континентальды, көктем мен күз айлары жаңбырлы болып келеді. Соган қарамастан шараушылықтағы малдың барлығы ерте көктемнен бастап, қыс қаһарына мішген шаққа дейін жайылымға шығарылады. Тек желтоқсанның ортасынан наурыз айының аяғына дейін ғана қорада сақталады. Бұл кезде мал қолдан азықтандырылады, яғни, оларға шөп шашылады, жем беріледі. Жем мен шөп мол болса, малдың қысттан күйлі шығатыны белгілі. Күйлі малдың төлі де төзімді келеді. Халқымыздың «Шелді мал – төлді» деғен нақылты тегін айтылmasа керек. Осыған орай жаз айларында шеңбі шүйгін болып келетін, Қуноқы тауының бөктеріндегі өздеріне бөлініп берілген аймақтардан шөп шауып, күз кезінде тасып, маяға үйін алады.

Өрісін кенейтін, өз ісін өркендетумен келе жатқан шаруашылық енді басқа шаруа қожалықтарына да мал сата бастады.

Міне, осындаидигі істердің барлығы да дұрыс ұйымдастыра білудің арқасында ғана жемісті болмақ. Сондықтан да, Мейрамғұл а纳斯ы Панарапекеүі бас болыш, бауыры Қанаттың қолдауымен шаруашылықтағы барлық жұмысты дөңгелетіп жатыр. Сол еңбектері жемісті болсын деп тілейміз.

2014 ж.



## МҰҒАЛІМ МЕРЕЙІ

Еңбегімен ел мерейіне бөлген, ұлағатты ісімен шекірт жүргіне жол тапқан жандар үш арыстың мекені Ақтогай жерінде көптеп саналады. Солардың бірі – Алтын Хасенқызы Жухина десек қателеспеген болар едік. Халық даналығын толық ұғынған, коркіне ақылы сай, біліміне өнегесі сай Алтынның педагогикалық жұмыс өтілі қырық жылға жуықтаған екен. Ол өзінің үстаздық еңбек жолын Шет ауданында бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған. Кейіннен Ақтогай ауданындағы Н.Әбдіров атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабак берген. Сабак бере жүрін аудандық «Тоқырауын тынысы» халықтың ән-би ансамблінде жүргізуші болады. Өнерлі жастың талабы ескерусіз қалмай, шеберлігі үшін марапатка ие болады. Өзі білім алған Ақшатау кентіндегі С.М.Киров атындағы мектепте үстаздық етеді. Одан соң 1987-



1995 жылдар аралығында Ақтөгай аудандық білім бөлімінде әдіскер, сырттай оқытатын мектеп директоры, М.Горький атындағы мектепте мұғалім болса, 1995 жылдан бері К.Байсейітова атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беріп келеді.

Шығармашылықпен тынымсыз еңбек ететін ұстаз оз ісіне зор жауапкершілікпен қарайды. Ол шығармашылықпен айналысадын талай баланы аудандық, облыстық, республикалық бәйгелерге қосып, үнемі жүлделермен оралтып жур. Оған 2005 жылы «Әлемдік білім беру аясындағы ауыл мектебі» атты республикалық семинарда жасаған баяндамасының жоғары бағалануын, 2007 жылы «Онекіжылдық білім беру жүйесінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерінің жүзеге асырылуы» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына белсене қатысқаны үшін облыстық мұғалімдір білімін жетілдіру және қайта даярлау институты ректорының грамотасына, 2009 жылы «Жас зерттеушілердің шағын ғылым академиясының» облыстық байқауында оқушысы Аяулым Мұсілім екінші орын алғып, 2010 жылы VII облыстық «Әдістемелік вернисаж» педагогикалық ашық фестиваліне қатысқаны үшін облыстық білім басқармасы бастығының ғрамотасымен маралатталғанын атап өтүге болады.

Өзінің ұстаздық тәжірибесімен белісін, облыс, республика мұғалімдері арасында болатын семинарларга, конференцияларға қатысып, жасаған баяндамалары бірнеше жинактарға енгізілген. Сол сияқты республика, облыс көлемінде таратылған бірнеше авторлық, әдістемелік құралдары, бірыңғай оку жоспарлары да бар.

Жоғары санатты ұстаздың еңбегі лайықты бағалануда. Ол облыстық білім департаментінің, республикалық балалар үйімінің Құрмет грамоталарымен маралатталған. Айтұлы ұстаз Алтын Жухина өткен жылы «Қазақстан Республикасы білім беру саласының Құрметті қызыметкері» атағына

ие болды. Бұл марапатты Мұғалімдер күні қарсаңында арнайы шақыртумен Астана қаласына барып, ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың өз қолынан алып кайтты. Айтулы ұстаз Алтын бір кездері Ақтогай ауданында басшылық қызметтер атқарған, шығармашылық жұмыстармен айналысқан, өзіміз жақсы билетін қаламы қарымды журналист Бағдат Омашевтың сүйікті жары болған еді. Алланың жазуымен дүниеден ерте аттанған Бағдатты жоқтатпай, өткен жиырма жылға жуық уақыттан бері шиеттей төрт баласын аяғынан тік тұрғызыды. Қазір сол балалары әр саланың маманы атанып отыр. Үлкені Сергазы – Астанада, Көлік және коммуникация министрлігінде бөлім бастығы, Еркебұланы – жол полициясының маманы, Ерланы – журналист, Баяны – мұнай саласының қызметкері. Бір қызығы – келіндері Ләzzат пен Эльмира да ұстаздық қызметте. Олар да анасын үлгі тұтады, атасы көрмей кеткен немерелерді тәрбиелеу үстінде.

Бүгінде ел құрметіне бөленген, шәкірттерінің алғысын арқалаган ұстаз-ана Алтынның жемісті еңбек ете беруіне тілекtestіk білдіреміз.

**2011 ж.**



## ЕКІ САЛАНЫҢ АРДАГЕРІ

(Журналист әрі ұстаз Қасымхан Қаленов

жайлы бір үзік сыр)



Ақтогай ауданында Қасымхан Қаленов ағамызды білмейтін жан жоқ. Қаскеңнің өмір жолын екі салаға бөліп қарасты болады. Оның біріншісі – ағарту саласындағы еңбегі де, екіншісі – қаламгерлігі. 1993 жылы зейнеткерлікке ныққанга дейін ауданда осы екі салаға қолдан келгенінше өз үлесін қости. Сонау 1952 жылы Қарағанды мұғалімдер институтын бітіргеннен бастап оку-ағарту майданында еңбек етті.

Ол кісінің өмір жолына қарап отырсақтаудандық оку бөлімінің менгерушісі, аудандық партия комитетінің қызметкері, мектеп директоры, аудандық «Қызыл ту» (кейінде «Арқа еңбеккери», қазір «Тоқырауын тынысы») ғазеті редакторының орынбасары, бөлім менгерушісі, Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» ғазетінің Ақтогай және Шет аудандарындағы менишкіті тілшісі сияқты қызметтер атқарған. Оның ішінде бұрынғы «Қоңырат»

совхозындағы мектепте, аудан орталығындағы Ә.Бекейхан атындағы орта мектепте, кешкі мектепте директор болғаи кездерін ерекше атаяуға болады. Аудандық партия комитетінің хатшысы да болыпты.

Ал, Қаскендерің ақындық, қаламгерлік жолының өзі бір тобе. Мектепте қызмет істеген жылдары жас үрпақты тәрбиелуең ісіне ерекше үлес қосса, газетте қызмет істеген кездерінде ақын-жазушы, журналист тәрбиелуең ісіне қатты көңіл бөледі. Мәселен, қазіргі белгілі ақындар Серік Ақсұнтарулы мен Абзат Бекеннің, марқұм Дағытәлі Стамбековтің, журналист Балтабек Әбеуовтің балауса жырларын аудандық газет бетінде қамқорлықпен бастырып, ағалық ақылдың айтқан болатын. Менің де тұңғыш жырларым мен шағын мақалаларымның кемшіліктерін түзетін, жариялауға мұрындық болғаны әлі есімде.

Міне, бұғінде жетпістің қуба белінен көрініп отырған ағамыздың сонау 70-ші жылдары жазған мақалалары мен фельетондарын, өлеңдерін құмартта оқып жүретінбіз. Қаскендерің жырлары аудандық газет пен облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жиі жария болатын. Ол кезде ауданда ақындар айтысы үйымдастырылуышы еді. Қаскен сол уақыттарда ауданың Аққан Смағұлов, Амантай Тойныкенов, Алшынбек Кенжебеков, Зияда Елеубеков, Үмітай Жармагамбетов сияқты аты шыққан жергілікті ақындарымен айтысқа түскен. Жалпы саны жиырмага жуық айтысқа қатысқан екен.

Қаскен ағамыздың тағы бір қыры – қаламгерлігі. Ол ұлт мактандыши Құләш Байсейітова, Манарабек Ержанов, Әсет Найманбайұлы, Габдиман Игенсартов, Угар Жәнібеков, Орынбек Жәутіков сияқты әйгілі адамдар туралы көлемді-колемді танымдық материалдар жариялады. Бұған қоса ол аудан өмірінен жазылған, оның жақсы-жаманды жақтарын корсететін көптеген мақалалардың авторы. Әсіресе, Кеңес Одағының Батырды Қазыбек Нұржановтың өмірі, ерлік ісі ту-

ралы зерттеуінің орны бөлек.

Бул кісінің сарабдал сықақшы, қаламы үшкір фельетоншы екенін де Ақтогай жұртшылығы жақсы біледі. Мәселен, баяғыда бір ферма менгерушісі совхоздың қырыққан қойының жүнін өткізіп, бүкіл ақшасын өзі ұстап қояды. Мұны біліп қалған Қаскең оқиғаны бір әжениң аузынан айтқызып, «Әженің әңгімесі» деген фельетон жазады. Ол кезде жазылған жай тексерусіз қалмайды. Фельетонда көрсетілген дерек түгел анықталып, ферма менгерушісінің үстінен іс қозгалады да, барлық ақшасының орнын толтырып, зорға құтылады. Бір жолғы сапарында совхоздардың біріндегі құлазып тұрган кітапхананы көреді. Онда бүкіл кітапты шаң басқан, кітапханашы жөнді жұмыс істемейді. Сонда тұрган кітап авторларының және кейінкерлерінің атынан сөйлеттіріп, «Кітапханадағы ақындар айттысы» деген тақырыппен сынға алады. «Қар қапқан Қарпық» деген фельетонында жазғы кезде жем-шөп дайындаудағы салғырттық шенеледі. Бұлардың барлығы бойынша шара қолданылып, кейіннен жұмысы дұрыс жолға қойылады.

Қазақ КСР Оқу-ағарту ісінің үздігі, Ақтогай ауданының Құрметті азаматы, көптеген Үкімет наградаларының иесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қазір осы Қарағанды қаласында тұратын Қасымхан Қаленов ақсақал осындей жан. Бұғынгі мерейтойымен құттықтай отырып қаламгер ағамызға мол денсаулық, шалқар шабыт тілейміз.

**Қараша, 2002 жыл.**

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала Қаекеңнің 70 жасқа толуына орай жазылған еді. Кейін қаламгер ағамыз бақылық болды.



## МЕРЕЙЛІ МЕЙІРБИКЕ



Медицина саласында ерліктердің көпшілігін мейірбикелер жасайды еken. Соңдықтан да бір ғасырдан астам уақыттан бері Халықаралық мейірбике күні мерекесі тойланып келеді. Облысымызда осындай мейірбикелер даярлайтын бірнеше орта арнаулы оқу орны болса, соның бірегейі Қарағанды медицина колледжі. Осы орта арнаулы білім беретін оқу орнының директоры Аманжол Нұрбеков:

- Бізде болашақ мейірбикелерге дәріс беріп, мамандыққа баулып жүрген көптеген жоғары білімді оқытушылар бар. Солардың бірі осында 2006 жылдан бері мейірбике ісінің негіздері пәнінен сабак жүргізіп келе жатқан, өз ісінің шебері, студенттеріміздің сүйікті ұстазы Гүлмира Қалиева, - деп таныстырыған еді.

Гүлмира Әбдікенқызы 1987 жылы Ақтогай селосындағы орта мектепті бітірген соң Қызылорда қаласындағы медколледжге оқуга түсіп, оны ойдағыдай аяқтап шығады. Жас маман Балқаш қаласына келіп, бес жылдай қалалық ауруханада еңбек етеді. Бұдан кейін Алматы қаласына коныс аударып, онда да әр түрлі ауруханалар мен медициналық мекемелереде еңбек етеді. Еңбек десе ерінбейтін Гүлмира жұмысынан қол үзбей жүріп, Алматыдағы Мейірбике ісі институтын бітіріп, жоғары білімді маман атанады.

Мейірбике ісінің менеджментін жақсы менгеруі оның емханаада аға медбике болып қызмет атқаруына көп көмегін тигізеді. Институтта оқып жүрген кезінде де зерттеу жұмыстарымен айналысып, кейін ол курстық жұмысының тақырыбына айналады.

Гүлмира біліктілікті көтеру бөлімшесінде сабак өткізу барысында медициналық мейірбикелерді практикалық денсаулық сақтаудың жаңа өзгерістеріне үйретеді, қалалық және ауылдық емдеу-алдың алу мекемелерінде шеберлік кластарын өткізеді, онда тындаушылар осы заманғы талаптарға сай кәсіби қызмет көрсету үшін қажет еп дагдысын үйренеді.

Колледждегі студенттер үшін тәжірибе оку үдерісінің құрамдас бөлегі болып табылады. Осы мақсатта Гүлмира өзі менгерушісі болып табылатын мейірбике технологиясы кабинетін осы заманғы қолдан жасалған адам бейнелерімен (муляждармен) және жаттықтырғышпен жарактандыруға қатты көңіл бөледі. Бұларға арнайы электрондық датчиктер орнатылған. Мәселен, ондай бейнелерге ине салып жаттығуға болады. Егер дұрыс болса - жасыл жарық, қисық болса – қызыл жарық жанады. Адамның тамырынан қан алушуды үйренетін

жасанды бейнелер де бар. Оларда да арнайы жарық жанады. Қан қысымын өлшеттің электрондық жаттықтырғышта да студенттер ұстазының көрсеткен бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Мұнда медициналық мейірбикенің жұмысына қатысты басқа да жаттығулар жасауға болады.

Бұл кабинеттегі оқыту және жұмысқа үйрету үрдісі бейнекамераға түсіріліп, талқылау және қателіктеді болдырмау мақсатында мультимедиялық кабинеттерде қайталап көрсетіледі. Осындай жұмыстардың барлығы студенттерге медициналық мейірбике ісін толық менгеріп, өздігінен еркін жұмыс атқаруына алғышарт болады.

Міне, колледж бітірген соң практикалық денсаулық сақтау саласында он бес жыл қызмет атқарып, тиісті дәрежеде кәсіби біліктілік жинаған, жоғары білімді мейірбике ісі мамандығын алған Гүлмира қандай істе болмасын өзін нық сезінеді. Ол оқыту әдістерін де оқып-үйренген, сондықтан да бұл оның қазіргі кезде медициналық колледждегі оку үрдісін әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастыруына көмегін тигізуде.

Қазір Гүлмира Әбдікенқызы оку орнындағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Студенттермен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл салада әр түрлі конкурстарда алған мақтау грамоталары да бар. Мейірбике бөлімшесінде куратор, онда тәрбие жұмыстарымен де айналысады. Республикалық «Мейірбике ісі» журналының редакция алқасының мүшесі. Колледжде болып жататын әр түрлі мәдени шаралардың да екі тілде жүргізушісі. Осында «Мейірім» атты үйірме бар еken. Соған да жетекшілік етеді. Бұл үйірменің мүшелері «ХОСПИС» ауруханасына барып, төсек тартып жатқан науқастарды күтуге атсалысады. Өлардың төсек орындарын ауыстыруға көмектеседі.

- Мұнданай көмектің пайдасы зор. Өйткені, олар бұл жерде қарт адамдарға, науқастарға қандай көмек қажет екендігін, оларды қалай күту керектігін үйренеді. Сондықтан да олардың

ертеңгі күні өздерінің картайған ата-әжесі мен әке-шешелеріне көмектері тисін, соларды күтуді үйренсін деген мақсатты да көздейміз, - дейді Гүлмира Қалиева.

Бұғынгі күні Гүлмираның өзі де жолдасымен бірге үш бала тәрбиелеп отыр. Олардың үлкендері – қызы бала. ҚарМУ-дың экономика факультетін бітірген, бір фирмада менеджер. Үлкен ұлдары Қарағанды заң институтының студенті, кенже ұлдары екінші сыныптың оқушысы.

- Студенттерге сабак өткізу барысында қандай мақсат көздейсіз? – деп сұрақ қойдым.

- Мен осы жерде алған білімі мен ертең ауруханаға барғанда істейтін қызметтіңің бір-біріне сай болуы қажеттігін мақсат етемін. Бұғынгі білімі олардың еп-дағдысына айналуы керек. Сонда ғана олар білікті маман болыш шығады, - деп жауап берді жоғары білімді мейірбике Гүлмира Әbdікенқызы.

Медицина колледжінен «Осындай жоғары білімді мейірбикелер коп болса той» деген оймен аттандым.

**СҮРЕТТЕ:** Гүлмира Әbdікенқызы колледж студенттеріне сабак жүргізуде.

**2013 ж.**

## ҚАШҚЫНДАР

*Бала кезімде атамның жасына отырып алғын үлкендердің әңгімесіт жасалықпай тыңдауши едім. Жаздың күні болатын. Үйге алыстан бір топ жолауши келді. Әдетімше әңгімелеріне құлақ түрдім. Сондагы айтылған мына әңгіме алі күнге дейін есімде.*

*Кәмпескеден қашқан Кішкентай деген кісі болыпты. «Кішкентай келе жатыр» десе жылаган бала уанаңды деседі. Өзі атына сай кішкентай кісі екен. Бүкіл елге маза бермейді, мылтығын шошаңдатып ауылдан мал, тاماң алғын кетіп жүреді. Ауылға еркектердің бәрі жұмысқа кеткен кезде келті, қауқарсыз кемпір-шал мен бала-шагага ойран салауды.*

*Бірде сол әдетімен жағалай тігілген киіз үйлердің қотанында қарақасқа аттымен «оперін» корсетіп, шапқылап жүреді. Бір кезде әлдебір шұңқырга аяғын тығып алған аты сүріпіп кетті, мылтығы бір жаққа ұшады да, өзі бір топ әйелдің жасына келті топ етеп қалады. Сол-ақ екен, бағызыдан тісін басып, зығырданы қайнап жүрген әйелдер Кішкентайды жатқан жерінде бас салып, тыныр еткізбестен байлан тастапты. Сойтіп, бүкіл елді дүрліктіріп, әбден мазаны алғын болған қашқынды үкіметке тапсырып құтылған екен.*

*Жас кезімде қашқындар туралы осындағы әңгімелер коп айттылғанын. Соның ішінде қашқын Шекен туралы әңгімелердің жиі тыңдайтынбыз.*

### Шекеннің оқиғалары

Қашқын Шекенді Ақтогай ауданында білмейтін жан жоқ шығар. Ол кісінің Қызыларай тауында қашып жүрген кезіндегі оқиғаларын жыр етіп айтатындар бар. Алқа-қотан отыра қалған



ауыл ақсақалдары да Шекенді әңгіме ететін, олардан естігенімізді біз де балалар бір-бірімізге жеткізгенше асығатынбыз.

Ел аузындағы әңгімеге қарағанда Шекен екі иығына екі кісі мінгендей енгезердей адам. Оған екі милицияның шамасы келмейді де, үшеулеп немесе төртеулеп барып қол-аяғын кісендейді. Мергендігі де сондай – қурагайды қөзге атады.

Шекенді ұстап әкеліп қамайды гой. Ол кезде Ақтогайда арнайы салынған тұрме жоқ. ГПУ-дің жатаган үйі болса керек. Содан түн ортасы ауып, күзетші үйқыға кетті-ау деген мезгілде пешті бұзып, мұржасынан шығып кетіпти. Сонда оның иықтары қабыргаға желімше жабысады дейді.

Бір жолы Шекенді ұстaugа екі милиция келіпті. Қаперсіз отырған Шекенге жабыла кеткен еken, екеуін екі жаққа лақтырады. Екеуі қайта жабылады. Тіпті болмаған соң екеуін бір-біріне теріс қаратып байлап, арбага отырғызады да аттың басын ауылға бұрып, айдал жібереді. Мылтықтарынан айрылыған екі сорлы сүмірейіп қайтып келеді.

Енді бірде Шекен бір бұлақтың басына келіп, сыртындағы тоның шешіп, қардың үстіне тастайды да, өзі бұлақтың аяғындағы шіліктің ішінен қоян атуға кіреді гой. Біраздан соң қайтын келсе, тонының ту-талақайы шыққан, жырым-жырым болып шашылған. Не болғанын білмей аңталап тұрып қалады. Сейтсе, бұлақтың аргы жағында бір аю жатыр. Мұны көре салып, өзіне ұмтылады, бұл бұлақты айнала қашады. Атайын десе – мылтығы оқтаусыз. Тіке қашса – қуып жетеді. Содан бұлақты айнала бермегенде не істесін!

Бір кезде аю бұлақтың үстімен бұған қарсы секіреді ғой. Шекен сонда өзіне ұмтылған ауды мылтықтың дүмімен қақ мандайдан соғады. Құлап түскен аю бұлақтың мұзына кептеледі де қалады. Сол кезде мылтығын оқтап, ауды жайратып салыпты.

Шекениң жанында басқа да серіктері болыпты. Солар барлығы Қызыларай тауын мекен етіп, тығылыш жүрген ғой. Өздерінің үнгірлері болыпты. Үнгірғе от жаққан кезде оның түтіпі бір-екі шақырым жерден барып шығады, дейді.

Бұдан басқа да сан түрлі аңыздар естіген едік. Бірақ, солардың көпшілігі бүгіндегі ұмытылып қалыпты. Әркімдерден сұрап көріп едім, мардымды дерек таппадым. Ақыры, Қарағанды қаласында тұратын Сейітмұрат Құсыманов деген Шекениң өкіл баласына жолықтым.

Бүкіл ғұмырын бала тәрбиесіне арнаган Секен қазір зейнеткер. Жасы жетпістен асқан. Көп жыл «Қаратал» совхозында мектеп директоры болған. Ұлы Отан соғысының ардагері, Ақтөғай ауданының Құрметті азаматы.

– Шекен бізбен ағайында болып келеді. Әйелі қайтыс болған соң менің шешеме үйленген ғой, – деп бастады әнгімесін Сейітмұрат аға. – Шекен балуан болған адам. Өзі сөзге шешен. Құрескенді алып соғады, айтысқанды жеңіп шығады. Серілік күршіп, саятшылық жасап, жүйрік ат, жүйрік тазы ұстаған. Өзіне сор болып жабысқан сол жүйрік ат. Оның жүйрік атына колхоз басқармасы қызығып жүреді еken. Қанша сұраганымен Шекен атын бермейді. Соған тісін басқан басқарма ескерге ат жинағанда Шекениң атын да қосып жібереді. Аудандық май кәсіпшілігінде май жинаушы болып істейтін Шекен сапардан оралса – аты жоқ. Басқарманың жасаған ісі екенін түсінген ол налып: «Қап, әлгі қортық иттің істегеш ғой!» – деп балағаттайды. Оны біреулер басқарманың құлағына жеткізеді. Басқарма шын мәнінде таппал бойлы адам еді, оған намыстанып, мұны бүлікші, Кеңес өкіметіне қарсы, халық жауы деп көрсетіп жібереді.

Содан төменгі жақтан май жинап келе жатқанында Кағанович колхозының тұсында екі милиция келіп ұстап алады да, жауып қояды.

Біраз күннен соң Шекен қашып кетеді. Шамалы уақыттан соң ОГПУ-дің қызметкерлері сенімді адамдар жіберіп қолға түсіреді. Ол кезде Ақтогайда абақты деген жоқ. Ұсталған адамдардың барлығын Қарқаралының «қара түрмесіне» апарып қамайды. Коп адамды үш-төрт милиция жаяу айдал келе жатады. Коктал өзеніне жеткен кезде олар милицияны байлап тастап, түгел қаинип кетіпті.

Сол кеткеннен мол кетеді. Бірталай адам Қызыларай тауына келіп тығылады. Атыс болын, милиция қызметкерінің біреуін иғынан жаралайды. Еріксіз кейін шегінген олар Қарағандыдан әскер шақырып, бүкіл тауды тігтеді. Отыз шақты адамның ішінен Шекен бастаған төрт-бес адам ғана ұсталмай кетеді. Басқараларының бәрін қолға түсіреді.

Сейітмұрат ағайдаи кейбір аңыздардың шындығын білмек едім, бірақ ол кісі ауру науқастың салдарынан көп нәрсені ұмытып қалыпты.

Аюмен айқасқаны рас екен. Бірақ, ол бұлақ басында емес, бір ескі қораның ішінде болған. Қашып жүрген жанның өз баеын сауғалау мен қарның ашырмау жайын ғана ойлайтыны белгілі. Ескі қораға апарып бір тайды жайратқан Шекен етін алуға қарангы түсе оралады ғой. Андаусызда кіріп келсе, бір аю екі қонжығымен бірге тайдың етін жәукуемдеп жатады. Қарандыда қарсы ұмтылып, Шекеннің санын қатты жаралайды. Содан «байтал түгіл, бас қайғы» болып, зорга қашып құтылады. Бұдан кейін ескі қораның маңынан жүрмейтіи болынты.

– «Қашқып Шекен әдемі келіншектерді алып кетеді екен» дегенді жасымызда жиі естітінбіз. Бұл туралы не айтасыз? – деп сүрадым.

Ол жай сөз ғой, – деп күлді Секең ағай. – Дегенмен, ондай бір оқига болыпты. Ол ана Төменгі Қарабұлақ жақта жүргенде

той. Тоқырауынның төменгі сағасының бойында ағаш қалың болады. Сол жақта тал арасын паналапты.

Бір күні өткелге таяп қалған салт аттыны байқал, жасырына қалады ештеп баепалап қараса, әлгі келе жатқан жас келіншек екен. Өзеннен енді өте бергенде ағаштың тасасынан атымен шыға келеді де, әйелдің шылбырынан ұстаган беті жетектей жөнеледі. Зәресі кеткен әйелдің дыбыс шығаруга шамасы келмей қалады.

Бір апта ма, әйтеүір біраз күннен соң қайтарайын десе:

— Жок, ауылға енді не бетіммен барамын. Не көрсем де сенімен бірге көремін, қайтнаймын, — деп қалып қояды. Содан қара күздің аяғында, үш айдай уақыт өткен соң босатады. Өйткені, қыста ағаш арасын қар алғып қалады, ол пана болмайды. Еріксіз тауға кетуғе тұра келеді. Ал таудағы өмір оңай емес, онда әйелдің боғеттен басқа пайдасы шамалы. Сондықтан: «Енді қайтпасаң – өлтіремін», – деп қорқытып, зорға қайтарыпты.

Екі жылға таяу қашқан Шекен бұлай жүріп барқадар тапасын білген болса керек, Қарқаралыдағы НКВД-га өзі келін беріледі. Шекенді облыстық сот әуелде ату жазасына кеседі де, кейіннен ол жаза он жыл бас еркінен айырумен алмастырылады.

Он жылын өтеп, 1952 жылы оралған Шекен Кемешевті айыптау жөніндегі іс 1967 жылы 10 қантардағы Қазақ КСР Жоғарғы сотының Президиумында қайта қаралады.

«Кемешев Шекенге қатысты Қарағанды облыстық сотының 1942 жылғы 29 шілдедегі үкімі және Қазақ КСР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының 1942 жылғы 20 қыркүйектегі үйғарымы өзгертілді және қозғалған іс оның әрекетіде қылмыс құрамы жоқ болуына байланысты тоқтатылды.

Кемешев Шекен – ақталды.

Қазақ КСР Жоғарғы соты төрағасының орынбасары А.Пушечников», – деп орыс тілінде жазылған қағаз келгенде Шекен Кемешев бұл дүннеде жоқ болатын. Озырылых пен өктемдікке қарсы тұрамын деп жазықсыз жалаға ұрынған Шекеннің әрекеті осындай. Оны әйгілі Робин Гудтың ерлігімен

пара-пар қоюға болмайтыны белгілі. Әттең сол ерлігін Отан қорғау жолындағы інайқаста көрсете алмағаны өкінішті.

### **Қараталдың Құсманы мен Ониы**

Жазда бұрынғы «Қаратал» совхозының орталығы Шабанбай аулында болғаным бар. Сонда ауыл адамдары бір үлкен кісілерге «бұлар қашқындар» деп әзілдеп отырды. Таныса келе бұл кісілердің Құсман Мұқашев және Опи Ештанаев деген ақсақалдар екенін білдім.

Жақынына жаңын беретін, тілін тапсаң ішінде қылтанақ қалмайтын, ауылдың аңқылдаған қариялары. Қазір екеуі де 86-га келген. Танысып болған соң қалай «қашқын» атанғандарын сұрадым.



*Құсман МҰҚАШЕВ пен Опи ЕШТАНАЕВ (солдан оңға қарай) ақсақалдар өткенде еске алып, әңгімелесіп отыр.*

– Ол кезде 29 жаста болатынбыз, – деп еске алады Опи ақсақал. – Бізді трудәрмияға («еңбек армиясы» дегені ғой.

– Авт.) алған болатын. Қарағандыға барып, шахтаның қара жұмысына салды. Сонда істеп жүрміз. Соғыстың нағызың қызған кезі. Бірде бригадирден 5-6 күнге ауылға, шешемізге келіп қайтуға сұрандық. Ол рұқсат берді. Содан кездескен көлікпен ылаулап, ауылға зорға жеттік. Енді қайтамыз ден отырғанда милиция келіп, алды да кетті. «Кінәміз не?», – деп сұрасақ: «Сендер тұртәрмиядан қашқансындар» дейді. Шын мәнінде біз қашқамыз жоқ. Сұранып кеткенбіз. Бірақ, босатқанына қуанғаннан, бұл қараңғылықты қойсаңшы, бір жапырақ қағаз ала салуды ұмытып кетіпшіз ғой. «Мыналар қашып келді» деп біреулер сыртымыздан көрсетіп жіберген сияқты. Енді қашпағанымызды ештеңемен дәлелдей алмаймыз.

Бұдан соң сөзге Құсман ақсақал арапасты:

– Көп адамды Ақтогайдан Карқаралының тұрмесіне айдады ғой. Бәріміз жаяумыз. Үш милиция аттың үстінде. Түйе жеккен бір арба бар. Оған ешкімді отырғызбайды. Үнемі жүре-жүре аягымыз ауырды. Адамның табаны тиіш, өкшесі баstryмай қалады еken. Құн ыстық, аспан айналып жерге түседі. Не су ішкізбейді. Не тоқтатып, дем алдырмайды.

Құні бойы жүріп, Қектал өзеніне де жеттік. Өткелге келгенде әбден қаталаган адамдар шыдасын ба, ештеңеге қарамастан суга бас койдық қой. Өздерін тыңдамаған соң, ыза болған милиция су ішіп жатқандарды мылтықтың дүмімен ұра бастады. Сол кезде Шекен бастаған екі-үш әлді жігіт оларды итеріп-итеріп тастайды. Сонда оны байламаққа жабыла кетеді ғой...

– Оргаларыңызда Шекен де бар еken ғой?

– Иә, бар. Ол бұрын да бір қашып, колға түскен еken.

– Содан?

– Содан әлгі жігіттер қойсын ба, үш милицияның мылтығын тартып алды. Қарудан айрылған соң, олар пұшайман болды да қалды.

– «Шекен милицияны байлан тастап қашыпты» деген әңгіме барғой.

– Ол жай сөз. Ешкімді байлаган жоқ. Бәріміз, милициямен бірге отырып, сол жерде шай қайнатып іштік. Содан соң: «Сіздерге рұқсат. Баратын жерлеріңзге бара берініздер», - дедік те, кеттік те қалдық.

– Мылтығын не істедіңіздер?

– Мылтығын, түйе арбасын алдық. Сол беті келіп, Қызыларай тауына сіңіп кеттік.

– Қанша уақыт тығылып жүрдіңіздер?

– Көп тығылғамыз жоқ. Екінші сөткеғе қарағанда ауылға қайтып келдік. Сол кезде ұстап алды. Өйткені, тамақ жоқ, аштан өлеміз бе? Содан Қарағандыдан әскер әкеліп төкті де, қалғандарын тағы да ұстап әкетті.

– Көп адам ба едініздер?

– Отыз екі адам. Өзі де сайға сыймайтындей көп қой. Соның барлығы да жаяу. Тек мылтығы барлар қашып кетті. Мылтығы жоқтар ұсталды.

– Солардың ішінде мулде ұсталмай кеткендер бар ма?

– Жоқ. Кейін бәрі де қолға түсті. Мылтықтың біреуі Шекенде болды.

– Өл кісі әскерден қашқан ба екен?

– Жоқ. Өнікі 58-статья, яғни «халық жауы» дейді. Сондай бес адам болды. Бізді бөлек айдаса мұндай болмайды ғой. Сотталғаны бар, сотталмағаны бар, барлығын шұбыртып бірақ айдаған ғой. Егер өзімізді жеке айдаса, біз қашпаймыз. Онда сотталмауымыз да мүмкін еді.

Колға түскен соң қойсын ба, он жылды арқалатты да жіберді. Сонау Колымадан бір-ақ шықтым. Өмірдің жақсы-жаманын, бірталай жерді көрдік. Енді Құдайға тәубе, аман-есен оралмайтын шығармыз деген адам едік, бұл күнді де көріп отырмыз. Бәрі бір Алланың еркінде екен. Ол кезде үйленген де жоқпыз. 1952 жылды елге оралған соң шанырақ көтердім.

Опи аксақал озіміздің Карлагта отырыпты. Долинкада ауыл шаруашылығы жұмыстарында болыпты.

Ақсақалдармен әңгіме барысында олардың әлі де сеекеніп, әлденеден сақтанатындықтарын байқап қалдым. Кейбір сұрақтарға жалтара жауап беріп отырды. Ол кешегі еркін еөйлей алмаудың, езгілік психологияның салдары, қорқыныш нен үрейден арыла алмаудың әсері дең үқтym. Халқымыз: «Аузы құйгеи үріп іshedі» деп текке айтпаған гой.

– Шекенмен бірге тагы кімдер болып еді? – деген сұрағыма:

– Бізге ағайын болып келетін Зейнекеш деген кісі болды. Әкесінің аты – Сейіт. Ол мерген еді. Осы тауда тығызып жатқанда милициямен атысып, біреуінің иығынан тигізінті. Содан милиция шегінгенде бұлар қашып кетіпті. Олармен бірге Ақан деген болыпты. Үшеуі де осы Қараталдікі, – дегеннен басқа ешкімді айтпады. Мұмкін... ұмытып та қалған шығар.

Сейітін, жазықсыз жазаға ұшыран, сталиндік лагерьдің дәмін он жылдай татқан, кейіннен заң жүзінде ақталған аксақалдарға қалған ғұмырын қындықсыз, қызықпен откізуге тілек білдірін аттандық.

### Дауылбай

Біздің «Еңбек» колхозының малышылары жазда Ақтас өзенінің бойына жайлауға шығып, кінз үй тігеді, бие байлайды. Қоңыр күз болғанша келін түсіру, шілдехана тойларында бірге болып, бірін-бірі шақырысып, жаз бойы мәре-сәре болады да жатады.

Сондай бір жылы жайлауға шыққан шопандар мен малышыларда маза болмады. Аттарын үйден ұзатпай, арқандарап бағатын әдетке басты. Кездескен сәттерінде Дауылбай қашқын ауыздарынан түспейді. Әңгімелері – Дауылбай қашқын. Балаларға соның бәрі қызық. Аузымыз аңқысып, тыңдаймыз да отырамыз. Кейде арқаң шымырлап, қорқыныш үйірілетін сәттері де болады.

Сол жазда Дауылбай қашқын Ақтас өзені бойындағы ауылдарды төніректеді. Шеткөрі тігілген бір сиыршының үйіне келіп, біраз тамақ сұрап әкетіпті. Жаз ортасы болса да үстіне тері тон киген, күмі әбден кірлеген, сақал-мұрты өсіп, қауғадай болыш кеткен дегенді естідік. Одан басқа Дауылбайды жақыннан корген ешкім болмады. Тек әрбіреулер: «Танертең тұрсын – жетегінде аты бар, сонау белден асып барады екен», «Тұн ортасында иттерді абалатып, ауыл сыртынан тасыр-тұсыр шауып өтті» деген сияқты сөздерді айттып журді. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Дауылбайдың ешкімге зияны жоқ, тек жасырынып, өз күнін өзі көріп, бас саугалап қана жүрген адам сияқты. Өзі Шет ауданының адамы болса керек. Балқаш, Қоңырат жағында бір агайын-жақыны бар дейді. Сол ма, басқа ма, әйтеуір біреу оқ-дәрімен, қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырады екен.

Балалар болса, кеш түсе далаға шықпаймыз, ит үрсе «Дауылбай кеп қалды» деп әке-шешеміздің артына тығыламыз.

Шынында да Дауылбай ешкімге қастық жасаган жоқ. Дегенмен, күзге қарай екі шопаннан екі ат жоғалды. Біреуін арқандаулы тұрган жерінен арқанын қызып әкетіпті. Қанша іздеғенмен аттар табылмады.

Келесі жылы «Дауылбай Қызыларай жағында жур екен» деген сыйбыс естідік. Бірде Кеңасу жағында совхоздың жылқысын бағатын Жолдыбай деген жігітке кез больш қалады. Тастаның арасында демалын отырған сәтінде жылқы іздел жүріп дәл үстінен түссе керек. Қапелімде атына міне салып тұра шабады. Жолдыбай да оны тұра қуады. Сол кезде артына бұрылған Дауылбай ананың басынан асыра бір-екі рет мылтықты «гұрс» еткізіпті. Зәресі кеткен Жолдыбай еріксіз атының басын тартады.

Ешкімге жақынданмай, солай алыстан қарауылдан жүретіп көрінеді. Сол кезде (бұл алпысыншы жылдардың басы) Дауылбай қашқын туралы бүкіл аудан халқы естіді, милиция қызметкерлері де білді. Бірак, оның соңына түсіп, ұстауга

каракет жасаған ешкім болған жоқ. «Оның ешкімге залалы жоқ, сондықтан оны ұстап әуре болмайды» десін жүрді жүрт.

Біреулер ол туралы «Дауылбай соғыстан қашыпты» дейді, біреулер: «Ол Карлагтан қашқан» дейді. «Әйелінің көңілдесін өлтіріп қашыпты» деген де сөз бар. Оның қайсысы шындық екені бір Құдайдың озіне ғана аян. Бір ғана шындық – оның қашқын екендігі және ғарышқа жол салынған алпысыншы жылдардың басында біздің ауылдың маңын төніректеп жүргендігі.


Кейіннен «Дауылбай өліп қалыпты» дегенді естідік. Оның өлімі туралы да қауесет көп. «Дауылбайды милиция атып тастанты» немесе «Балқаш жағында Дауылбайдың өзі далада өліп қалыпты» деген сөздер болды.

Яныр-ау, деп таң қаламын, жиырма жылдан астам уақыт бойы кісікік болып, жалғыз өзі қашып жүруінің өзін неге үйғарарымды білмей отырмын. Сондай өлімге бас тігіп, қатерге баруына не себеп болды екен? Осындай ой мені әлі күнге дейін мазалайды. Дауылбай туралы біледі-ау деген адамдардан сыр тартып, сұрап та жүремін. Бірақ, ешкімнен мардымды әңгіме ести алмадым. Тек Шет ауданының орталығы Аксу-Аюлыда тұратын белгілі жазушы Кәмел Жүйістегі «Менде Дауылбайдың тастың ұстінде өліп жатқан суреті бар» деген еді. Бір білсе – сол кісі біледі. Қаламгер адам гой, мүмкін өзі жазып та жүрген болар. Ал, менің білетінім әзірше осы ғана.

**2007 жыл.**



## АРТЫНДА ҰРПАҒЫ БАР



Мәкет аға менің үлкен әкемнің агасы Кенжетайдың баласы. Есімді алдыр-бұлдыр білетін шағым. Апам жаздығуші маса, шыбыншіркей шақпасын деп басында күләпарасы бар жүқа сулық кигізіп қояды. Мәкет аға есіктің алдынан өткенде «Осы саған-ақ күнде жуын болады екен» деп күліл, басымнан сыйпайды екен. Апам болса «Мәкет ағаны «Ақке» деп айт» деп үйрететіні есімде қалыпты. Сол кісі қайтыс болғанда бүкіл ауыл адамдарының жылағаны әлі күнге дейін алдыр-бұлдыр есіме оралады.

Ақемнің Нәкіжан деген жалғыз қарындасы қазір Кызыларай аулында тұрады. Сол кісі былай деп еске алады:

– Ата-анадан екі-ақ бала болдық. Анам көп бала туған екен, бірақ, солардың барлығын қара жер жалмаған екен.

Ұлы Отан соғысына қатысқан ағам Мәкет 1912 жылы туған еді. Қазір менің өзім 75 жасқа келдім. Сонда да ағамның бейнесі күпі кешегідей көз алдымда. Ұлы Жеңістің 60

жылдығы жақындаған сайын сол қын-қыстау кезең көз алдыма жаңғырып келе береді.

Ағайым Қарқаралыдан сегіз кластық білім алды. Осы аз біліммен сол уақыттың сауаттысы еді. Ғұмырының қысқа болатындығынан ба, алғыр, халықпен жылдам тіл табысатын кабілетті болды. Марқұм ат жалын ерте тартып мінді. Жас болса да бас болды. «Қызылжар» колхозында ауылдық Кенес хатшысы, одан соң басқарма болды. 1940 жылдан 1942 жылға дейін Қызыларайда ауылдық Кеңестің төрағасы болып, ауданға тұтынушылар қоғамына қызметке ауысты. Әскерден тұтыну одағының бронімен біраз уақыт қалып жүрді. Ақыры қарғыс атқыр қанқұйлы соғыстың зардабы біздің отбасымызға да тимей қалған жоқ. 1943 жылдың 18 мамыры күні біздің ауылдан бес адам аттанды. Үйде әке-шешем, женгем, ағамнан тұған екі айлық бала Рымхан қалдық. Үйдің сұрқы кетін, жылау-сықтау, күрсіну... Өйткені, бұл кезде елге, әр үйге «қара қагаз» келіп, ойранын салып жатты. Біздің үйде де үрей, қорқыныш үдей түсті.

Содан 1945 жылдың 24 күркүйегі күні ағам қайта оралды. Сол күнгі қуанышта шек жоқ, «ақ түйеинің қарны жарылып», сол уақыттың бар мәзірі дастарханға салынған той болды.

Бірнеше ай хат-хабарсыз кеткен еді. Сол кезде аяғына, кеудесіне оқ тиіп, жараланған екен. Екі бұғанасын алғызып тастапты.

Шамалыдан соң Буденный атындағы колхозға басқарма болды. Сол елде жеті жылдай болдық. Бірақ, соғыс салған жара сыр бере бастады. Содан «Қызылжар» колхозына басқарма болып ауысты. Ақыры ауруы мендеп, 1952 жылы қоңыр күзде қайтыс болды.

Бір дәтке қуат ететініміз – артында ұрпағы қалды. Әкесі соғысқа аттанғанда қалған екі айлық бала Рымхан қазір пайғамбар жасынан асты. Ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырды дегендей. Сол Рымханың 6 баласынан қазір ағамның 11 шөбересі бар. Алладан ендігі тілейтінім – сол Рымханың, оның балалары Жұмаханың, Өділханың, Зеурештің, Ардақтың, Гүлімнің, Меруерттің амандықтары.

Ендігі ұрпақ соғыс деғенді тек кинодан ғана көріп, аспандары ашық, өмірлері жарқын болса еken деп тілеймін...

Міне, қарт ананың осы тілегі қабыл болсын дейміз.

ЕСКЕРТУ: Бұл мақала 2005 жылы Ұлы Женістің 60 жылдығына орай жазылған болатын.



## ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ



*Ұстаз Имангелді КӨШЕРБАЕВ шәкірті Әділхан ОРАЗХАНҒА сабак өткізуде.*

Тоқырауынның бастауынан Балқашқа күяр сағасына дейінгі өнерлі өлкеде күмбірлетіп күй шерткен Әшімтай, Шалғынбай, Аққызы, Мағауия сияқты айтулы күйшілерді, Қазақстан өнеріндегі орындары ерекше атақты Әсет, Шашубайдан бастап, «Шығыс бұлбұлы» атанған Күләш, Манарабектердей әншілерді, Алаштың үш арьсы Әлихан, Жақып, Әлімхандардай алып-

тарды тудырган, 80 жылдан астам тарихы бар киелі Ақтогай жерінде дүниеге келген Имангелді Көшпербаев бүкіл сана-лы ғұмырын жас буын тәрбиесіне, оларға сапалы музикалық білім беруге арнап, парасаттылықпен, талмай еңбек етіп келе жатқан, облыс көлеміне танымал ұстаз.

Жасынан өнерге жақын бала Бірлестік аулындағы сегізжылдық мектепті бітірген соң білім күйн, Тәттімбет атындағы Қарағанды музика училищесіне түсіп, аталған окуорнын 1975 жылы домбыра мамандығы бойынша тәмамдайды.

Алғашқы еңбек жолын Қарағанды қалалық Пионерлер мен окушылар сарайында домбырашылар ансамблінің жетекшісі болып бастайды. Осы жылдары оның домбырашылары «Искорка» ансамблінің құрамында халықаралық балалар фестиваліне, Москва съездер сарайында өткен концертке қатысты.

Кейіннен Октябрь ауданындағы балалардың саз (музыка) мектебінде домбыра класында, 1984-1990 жылдары облыстық музика мектебінде сабак берді және облыстық домбырашылардың әдістемелік оргалығын басқарды. Ерекше үйімдастыруышылық қабілетінің арқасында 1990-1996 жылдары Октябрь ауданындағы озі іргесін қалаған Қ.Аманжолов атындағы өнер мектебінің директоры, ал 1996-1997 жылдары облыстық Мәдениет басқармасы бастығының орынбасары қызметтерін абыраймен атқарды. Бұдан кейін Совет ауданындағы балалардың музика мектебінде директордың оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. Қызмет атқара жүріп, жоғары оку орнына түседі. Е.Бекетов атындағы ҚарМУ-дің филология факультетін бітіріп шығады.

Мектеп директоры болған жылдары оку-тәрбие жұмысын тиімді үйімдастыра білу қабілетімен, іскерлігімен, қандай күрделі жұмыс болса да дұрыс шешім таба біletіn қасиетімен танылды. Өзіне де, өзгеге де талап қоя біletіn ол бар ынтасты мен күш-жігерін мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ұстаздардың кәсіби деңгейін қалыптастыруға арнады.

2002 жылдан Қараганды қаласындағы балалардың №1 мұзыка мектебінің оқытушысы. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты ұстаз Имангелді Көшербаевтың педагогикалық жұмыс өтілі 30 жылдан асқан екен. Соның ішінде соңғы 5 жылға жуығы №1 балалар музыка мектебінде өтіп келеді. Осы уақыт аралығында өзін оқытудың әр түрлі жаңаша әдістерін қолдана отырып, оқушыларға сауатты білім беретін жоғары кәсіби музыка маманы ретінде корсетті. Қазіргі таңда оның оқушылары қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі шаралардың, концерттер мен конкурстардың тұрақты қатысушылары болып табылады.

- Қазақ елінің болашағы – қазақтың өз төл таланттарының есіп-жетілуіне байланысты. Аллаға шүкір, күй құдіретінің тәнірі Қорқыт аңсаған тәуелсіздік таңы қазақ даласының төрінен орын алғаннан бері ұлттық өнеріміз, соның ішінде күйшілік өнері қанатын кеңге жаюда. Қазіргі ата-аналардың да саналы түрде бетбұрыс жасап, балаларын домбыра сыныбына көптеп беруі, осы ұлттық өнерге құштар жаңа толқынның қауларап өсіп келе жатқандығы көңілімізді марқайтады, - деп ұстаз Имангелді Тұсіпұлы ағынан жарылды. Оған оқушыларының ауыз толтырып айтартықтай жетістіктері де дәлел. Мәселен, 2006 жылы 3-сынып оқушысы Нұрқас Еркебұлан мен 5-сынып оқушысы Диас Қирабаев жас музыкантардың облыстық конкурсында жүлделі екінші орынды иеленіп, лауреат атанды. Осы жылы Нұрқас Еркебұлан Астанада өткен музыкантардың Республикалық конкурсында да лауреат атанып, дипломмен марапатталды. Ал биылғы жылы 6-сынып оқып жүрген сол Нұрқас Еркебұлан жас музыкантардың облыстық конкурсында бірінші орынды жеңіп алды. Одан соң ол Алматы қаласында өткен жас музыкантардың республикалық конкурсында жүлделі үшінші орынды иеленіп, лауреат атанды.

Өнерді өзіне серік еткен және оны жас жеткішпектердің бойына сініре білсем екен деп өмір бойы еңбек етіп келе жатқан, өзі

де домбырашы, ұстаз Имангелдінің шекірттерінің репертуары өте бай, оқуныштардың репертуары атақты композиторлар И.Бахтың, В.Моцарттың, И.Гайднның, Құрманғазының, Тәттімбеттің, Нұргисаның әр түрлі жаңрдағы шығармаларына толы.

Биыл жазда «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасынан облыстығы музыка мектептерінің жетістіктері, ұстаздардың көкейкесті мәселелері жайлы өзекті ойларымен боліскең И.Көшербаевтың бір сағаттық сыр-сұхбатын тамашаладық. Онда облыстық, республикалық конкурстардың лауреаттары атанған оқушылары Нұрқас Еркебұлан мен Есіл Еділбаевтің өнері көрсетілді.

Тағы бір айта кетерлік жай – Имангелді сыныбының үздік оқушылары музыка мектебінің жыл сайынғы есеп беру концертінің тұрақты қатысушылары. Ұстаз еңбегінің енді бір өлшемі – колтеген оқушылары Тәттімбет атындағы өнер колледжінде оқуын жалғастыруда. Ұстаз И.Көшербаев жетекші педагогтардың, соның ішінде Алматы консерваториясының профессорлары А.Тоқтағанов пен Е.Усеновтің мастер-кластарына қатысып, үнемі өзінің кәсіби деңгейін жетілдіріп отырады. 2009 жылы ол «Аймақтағы білім берудің сапасына мониторингі және бағалау: тәжірибе, мәселелер, перспективалар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, облыстық МББҚБА және КД институтының Алғыс хатымен марапатталды. «Қүй онері – музикалық-эстетикалық тәрбие беру құралы» тақырыбындағы баяндамасы конференцияның ғылыми жинағына енді. Сауатты, тәжірибелі педагог ретінде И.Көшербаев жас әрінгестеріне көмектесе отырып, мектеп оқушыларының деңгейінің жоғарылауына зор ықпал етеді.

Домбырашы ұстаз оқушыларды кәсіби даярлаудағы жоғары педагогикалық шеберлігі үшін бірнеше мәрте облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталарымен, Жас музыкананттардың Республикалық конкурстарына лауреаттар дайындаудағы жоғары педагогикалық шеберлігі үшін

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Грамоталарымен марапатталды.

- Қазіргі нарық заманының талабына сәйкес әлемдік аренда қазақ елінің бәсекеге қабілетті азаматтарын даярлау үшін оларға ұлттық тәрбие беруде ұлттық өнер түрлерін барынша жандандыру кажет. Ал қазақ халқы үшін күй өнері – музикалық туынды ғана емес, өз ұлттының тарихы, салты және мәдениетінің дыбысталған парагы, - дейді ұлттық өнерді насихаттауға және оны өркендетуге өзіндік үлес қосып жүрген, ұлт жанаңшыры, ұлагатты ұстаз.

Имангелдінің шәкірттері үнемі музика мектептерінің оқушылары арасында кем дегендे облыстық конкурстың, әйтпесе республикалық жарыстардың жүлдегерлері атанып жүр. Қазір шәкірттері өнер және музика коллеждерінде, консерваторияларда, өнер бағытындағы жоғары оку орындарында оқып жүр. Оқуын бітіріп, қызмет атқарып жүргендері де бар. Оларға Алматы Қазақ-Британ университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры Алмагүл Сарымсақованы, Құрманғазы атындағы консерваторияның түлегі, Ұлттық қауіпсіздік комиетінің қызметкері Жомарт Ағеділовті, Талдықорған қаласындағы музика мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Сүлейменованы, Тәттімбет оркестрінің белді мүшесі Ержан Мұқышевті, Октябрь ауданындағы Салық басқармасының қызметкері Алданыш Адамбековті атауға болады.

Ұстаз Имангелді өзінің күнделікті жұмысында ұстаздары, Тәттімбетатындағы колледждің бөлімменгерушісі Қ. Оспановпен, аға оқытушылар Қ. Мейрамбаевпен, Ә. Шоқанбаевпен, облыстық Композиторлар одағының төрагасы М. Сүтішевпен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Жуырда Тәттімбет атындағы өнер колледжінің ұстазы, Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің дирижері, белгілі өнер майталманы Әбуғалисын (Әбліттай) Шоқанбаевпен кездесудің сәті түскен еді. Сонда дарынды дирижер:

- Имангелді тек облысымызга ғана емес, бүкіл республикаға танымал ұстаз. Музыка саласындағы еңбегі зор. Көптеген шәкірттері биіктерден көрінуде. Қазіргі таңдағы домбыра-да ойнау шеберлігі ерекше деңгейге жеткен. Жалпы, елімізде домбыра ойнаудың 8-9 бағыттағы мектебі бар болса, соларды талмай ізденің, өзі де үйренуден, шәкірттеріне де үйретуден жалықпайды. Репертуарында шетел композиторларының да шығармалары бар. Осындай өнерпаз ұстаздың еңбегі елемен-ге тиіс, ол Қазақстанның «Білім беру саласының Құрметті қызыметкері» атағына әбден лайық азамат деп ойлаймын, - де-ген болатын. Сөз соңында өнерпаз ұстазды төл мерекесімен құттықтай отырып алдағы уақытта бұдан да зор биіктеге шыға беруіне тілекtestіk білдіреміз.

**2011 ж.**



## ӨТКЕН ӨМІР КӨРГЕН ТҮСТЕЙ

Көп жыл інкі істер органдарында қызмет атқарған, бүгінде милиция майоры именінде зейнеткерлікке шыққан еңбек ардагері Серіkbай Құрманбеков ағамыз өзінің өткен өміріне көз жүгіртіп, оның қызы да қызық тұстарынан сыр шерткенді ұнатады.

Әке-шешесі және басқа бір топ адам Ақтоғай ауданының бұрынғы «Дуанши» колхозынан көшіп келіп, жаңа үйымдасқан «Еңбек» колхозына мүнше болады.

Кішкентай Серіkbай бір жасқа толғанда дүние жүзін дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы басталады да, экесі Нөкербек Құрманбеков сол жыл Шет аудандық әскери комиссариаты арқылы еңбек армиясына алынып, Қарағандыдағы №18 шахтада істеп жүргенінде 1942 жылдың қысында жумыс астында қаза табады. Тағдырдың тауқыметі басына түскен анасы Насиха сол ауылдағы жамағайын Иманбек Оразкеевке тұрмысқа шығады. Содан бүл он жасқа толар-толмастан өсірін-жеткізіп отырған анасы ауыр науқастан қайтыс болады.



Бұл кезде колхоз орталығы Жидебай деген жерде болған. Өнда бастауыш класс болған. Сонда бірінші класқа барып, хат таниды. Алғашқы мұғалімі ақын Ссріктің экесі Ақсұңқар Сүлейменов еken.

Колхозда болған жылдарында шөп машинаға жеккен өгіздің басыша міпеді, қозы-лақ, сауынға берген ешкіні бағады. Бір сөзбен айтқанда, баланың қолынан келетін жұмыстың бәрін атқарады.

Баланың жағдайын байқаған болар, экесінің немере туысы Эйембек Бозшын бірде шақырып алғып, аудандағы интернатта жатып оқуға кеңес береді. Аудандық Кеңесте қызмет атқаратын Токен Бейсенбековпен жолыққанын, оның интернатқа орналастыруға көмек жасайтынын айтады.

Токен жақсы қабылдайды. Сол үйде бір жарым айдай тұруға тұра келеді. Өйткені, интернат қазан айында ғана ашылады еken. Оның үстіне тек 8-ші кластағы балаларды ғана қабылдайды. Бұл болса, небары екіші класта ғана. Бір күні, қыркүйек айының орта кезінде Төкен өзімен бірге ертіп бара-ды да, жазуы бар бір парақ қағазды қолына беріп, ұлken бір кабинетте отырған хатшы қызға: «Мына баланы өз кезегімен бірінші хатшыға кіргіз», - деп тапсырып, өзі кетіп қалады.

Ол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Махами Яхин деген кісі болатып. Кезегі келгенде кіріп, қолындағы жазулы қағазын ұсынады. Қағазды оқып болған соң хатшы қоңырауды басып, біреуді шақыртады. Біршама уақыт өткен соң ұзын бойлы бір кісі келеді. «Слушай, Өтешов жолдас, - дейді оған хатшы. – Мына баланы мектентің интернаты ашылысымен орналастыр да, қорытындысыи хабарла», - деп тапсырма береді.

Содан екінші класты интернатта жатып оқып шығады. Оқу жылы аяқталар шакта экесінің соғыстан оралған тағы бір туысы Мұқади Нұршымов ізден келіп, ауылына алғып кетеді. Өл Қарасу (қазір Нарманбет) ауылында тұрады еken. Бұл енді

сондағы жетіжылдық мектепті бітіреді де, аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектепке қайта оралып, соның ин-тернатында жатып, окуын әрі қарай жалғастырады. Сөйтіп, орта мектепті 1960 жылы бітіріп шыгады.

Орта білім алыш, кәмелеттік аттестатқа қолы жеткен соң «екі қолға бір күрек тауып», жұмысқа кіріседі. Әулі шоферлік курс бітіріп, жүргізуші болып істейді. Екі жылдан соң әекер қатарына алынып, үш жыл Отан алдындағы борышын абырой-мен орындалады. Әскер қатарында үздік болған Серікбайдың шын мәнінде өмірдегі буырқанған қызметі енді басталады. Ол 1967 жылы ішкі істер органдарына қызметке келеді. Әуелі Ақтогай аудандық ішкі істер бөлімінің участекі инспекторы болыш тағайындалады. Екі жылдан соң қылмыстың алдын алу бөлімінде, одан соң қылмыстық істерді ашу бөлімінің инспек-торы болады да, 1973 жылдың маусым айынан бастап 1984 жылға дейін аудандық автомобиль инспекциясының ага ин-спекторы болыш қызмет атқарады. Одан соң 1985-1988 жылда-ры ага участекі инспектор, 1989-1995 жылдары қайтадан ав-томобиль инспекциясына келіп, бөлім бастығы болады. Сөйтіп, 29 жылға жуық үақыт ішкі істер органдарында қызмет атқарып, майор шенінде зейнеткерлікке шыгады.

Ол қай жерде қызмет атқарса да өзінің алғырлығымен, енбекқорлығымен көрініп, зор беделге, әріптестері арасын-да құрметке бөлгенеді. Әрқаптан әділеттілігімен көзге түседі. Сол үшін де жүртшылық, аудан тұрғындары арасында сый-лы болады. Сол үшін де ол көптеген нағрадаларды омырау-ына қадайды. «Милицияның үздігі» атанаады. Ішкі істер органдарында мінсіз қызмет атқарғаны үшін медальдармен, әр түрлі мақтау грамматоларымен маранатталады. «Мемлекеттік автоинспекциясының таңдаулы қызметкері» атагын алады.

Ауданда қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Партия-кеңес органдарының тапсырмаларын бұлжытпай орындал отырды. Бірнеше мәрте аудандық кеңеске депутат болып та

сайланды. Жоғары білімсіз алысқа бармайтынын сезгендіктен, еңбекпен оқуды ұштастыра жүріп, Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетін сырттай оқып бітіріп алды.


Бұгінде зейнеткер Секең өзінің еңбек жолының әскер қатарынан оралған соң басталғандығын мақтаныш етеді. Одан соң Құдай қосқан қосағы Күлбарам Кенғанқызымен шаңырак көтеруі еңбегінің жануына жол ашқандай болғаныи жасырмайды. Бірлесіп берік отбасының іргесін қалады, өмірге бес бала әкелін, оларға лайықты тәрбие берді, жоғары білім әиерді. Олар қазір өз мамандықтары бойынша қызмет істеп, еғеменді еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып жатыр. Секең мен Күлекең болса, олар ағайын-туыс, жақын, жолдасқа дастарқан жайып, лайықты құрмет көрсете алатын, олардың үйіне барғанда өздері төрге шыға алатын ауылдың ақсақалы мен бәйбішесіне айналған.

Бұл күнде олардың немерелері өсіп келе жатыр. Немеренің үлкені оныншы сынып бітірді. Атасы мен әжесі осы ұрпақтарының бақытты болын өскениң көрсек еken, олар халқымыздың қонақжай қасиетін бойына сініріп, ағайынтысты құрметтейтін бауырмал жандар болып өссе еken деп тілейді. Секең «өзі жасында көрген қыншылықтарды қазіргі жас ұрпақ, балалары мен немерелері көрмесе еken» деп бір Алладан үш қайтара сұрайды.



## ЕЛ БІЛЕТІН БІЛӘЛ

Иә, Білекенді бүкіл ел билетін. Біләл Мәметқұлов ағамызыз біз Ақтогайды М.Горький атындағы №1 орта мектепте тоғызының сыныпта оқып жүрген кезімізде оқу ісінін менгеруші болған еді. Орыс тілі мен әдебиетінен сабак берді. Өз мамандығын жетік менгерген мұғалімдердің бірі болатын. Сабак үстінде тек орыс тілінде сөйлеуімізді талап ететін. Әсіресе, біз сияқты ауыл мектебінен келген балаларға ерекше көңіл бөлетін. Сөйтіп жүргенде, қыскы каникулдан соң болуы керек, мұғаліміміз аудандық партия комитетіне ауысып кетті.



Білекен Ақтогай ауданында туып-өсken. Ол 1938-1945 жылдары Қарқаралы ауданындағы Нұркен аатындағы ауылда жеті жылдық мектепті тәмамдап, Қарқаралы педтехникиумына окуга түседі. Бұл оқу орны 1922 жылы Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтің бастамасымен ашылып, кейіннен педучилище болып Саран қаласына қоныс тепкен, қазір Абай Құнанбаев атындағы гуманитарлық-техникалық коледж екендігін атап

өту орынды деп санаймын. Бұл оқу орнын бітіргендердің көпшілігі кейіннен елімізге белгілі азаматтар болды. Солардың ішінен академик, Социалистік Еңбек Ері Әбілқас Сағынов пен ғылым докторы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әсет Болғанбаевтарды айтсақ жеткілікті болар.

Осындай оқу ордасын 1948 жылы тәмамдаған Білекен бұрынғы Ворошилов және Жамбыл атындағы бастауыш мектептерде әуелі мұғалім болады, одан соң 1952 жылға дейін сол мектептердің менгерушісі қызметін атқарады. Оқу-білімнің адам өмірінде қаншалықты орын алатындығын жақсы түсінген жас ұстаз шәкірттерін жазу-сызуға үйретін, олардың бойына білім дәнін себу үшін жалықпай еңбек етеді. Бастауыш класста алған білім келешек кластардагы алатын білімдеріне негіз болатындығын басшылыққа алып қызмет атқарады. Бастауыш класс мұғалімі бола жүрін, өзінің де білім алмай болмайтындығын түсінеді. Сойтіп, Қарағанды мұғалімдер институты Қарағанды педагогикалық институты болып құрылған кезде оның филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті бөліміне түсіп, 1956 жылы ойдағыдан бітіріп шыгады. Үздік дипломды қолына алған жас маманға жолдаманы Ақтоғай ауданына береді. Ол мұнда М.Горький атындағы №1 орта мектепте мұғалім болады, оқу ісінің менгерушісі қызметін атқарады.

Өзінің алғырлығымен, орыс тіліне деген жетіктігімен, үйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығымен көзге түскен жас жігіт Біләл Мәметқұловты Ақтоғай аудандық партия комитеті қызметке шақырып, үйымдастыру бөліміне нұсқаушы етіп қабылдайды. Өсі қызмет оны табанды қызметкер, іскер азамат болып шығуына шындаі түседі. Өмірдің көптеген қатпарлары мен астарлары мол қыындықтарынан жол табуға үйретеді. Кейін (1965-1969 жылдар) осы бөлімнің менгерушісі болады, одан соң көп жыл аудандық Халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып істеп, 1976 жылы аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып сайланады.

Ақтогай өңірі өнерге ден қойған, құт дарыған, халқы қонақжай, елі еңбеккор, көнілі дархан жандардың мекені. Екінің бірі ән дегенде ішкен асын жерге қоятын өнерпаз. Тоқырауын топырағынан нәр алғын, мәуелі ағаштай биіктерге қол созған сондай жанның бірі, халқы құрмет тұтқан азamat Біләл Мәмектүлов та өнерден құралақан жан емес еді. Кезі келген жерде шырқатып жіберетін. Соның әсері болса керек, аудандық «Тоқырауын толқындары» халықтық әнби ансамбліне әрқашан қолдау көрсетін жүрді. Шетелдерге гастрольдік сапарлары кезінде шашбауын көстеріп, бастап барған сэттері де болды.

Өзінің қызмет істеген жылдарында ауданның және облыстың қоғамдық-саяси өміріне, халықтың әлеуметтік мәселелеріне белсенді араласып, елеулі үлес қосты. Еңбегі елеусіз қалған жоқ. «Құрмет белгісі» орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 30 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, Қазақстан Компартиясы Өрталық Комитетінің Құрмет грамотасымен, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған.

Балалық дәурені ашаршылық жылдарына, жасөспірім кезеңі сұрапыл соғыстың қының-қыстау шағына дөп келген Білекенің өмір жолы жақсы жалғасын тауып, отбасында үлгілі әке бола білді. Сүйікті жары Бану Рақымбекқызы екеуі бес бала тәрбиелеп, азamat етіп өсірді. Өзінің жасында көрген қындықтарын балаларым кормесін деп, бәрінің де жогары білім алуына жағдай жасады. Ұлдарының үлкені Өміртай мектепті орыс класында оқып бітірген соң әке жолын қуып, Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетіндегі орыс бөлімшесіне түсті. Сол кезде біз жатақханада бір бөлмеде түрған едік. Өкесінің балаларына деген қамқорлығын сонда өз көзімізben көргенбіз. Өміртай кейін ҚарМУ-дің заң факультетін бітіріп, қазір басқа салада, темір жолда қызметте жүр. Сол сияқты Еркін мен Жаңабек те өз қызметтерін абыраймен атқаруда. Қыздары Зәмзагұл мен

Зинағұл де әке жолын қып, тіл мамандары болды. Зинағұл «Қазақстан білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Біләл Мәметқұловтың Қарқаралы педтехникумын бітіргенін айтып кеттік. Бұл оқу орны қазір – Сарандағы гуманитарлық-техникалық колледж. Осы оқу орнының директоры, техника ғылымдарының кандидаты Владимир Закомолкин 2000-шы жылдардың басында пәндік дәрісханаларға осы оқу орнын бітірген немесе осында оқытушылық қызмет атқарған, еңбегі сіңген адамдардың есімін беру туралы бастама көтерген еді. Осы ұсыныс бойынша Зинағұл Біләлқызы бір дәрісханаға әкесінің есімін беру туралы етініш жасаған болатын. Оны колледж әкімшілігі қолдан, бүгішде бір дәрісхана Біләл Мәметқұловтың есімімен аталады. Қазір онда Білекенің еңбегі мен өмір жолынан сыр шертетін стенділер әсемденіп, ғұмырнамалық материалдар жинақталған.

Сөз соңында Біләл Мәметқұловтың артында айтулы ісі мен қоса ұмытылмайтын сөздері де қалғандығын еске сала кеткім келеді. «Біләл Мәметқұлов айтқан екен» деген сөздер Ақтөғайлық азаматтардың аузында жүреді. Білекен: «Бір күні кеңседе отырсаң, бір мұрын кіріп келеді, кіріп келеді, әлі кіріп келеді, шыдамай, «Бұл кім екен?» деп есікке жүгірін барсам, ар жағында өзіміздің Зекең түр» деп мұрны ұзын құрдасын қылжақ етеді екен. Енді бірде қызметкерлер орындарынан ауысатын болыпты. Елжас Мұхамедияров жогары лауазымға көтерілмек екен. Егер ол кісі жогарыласа, одан кейінгілердің лауазымы да бір саты жогарыламақ қой. Содан Елжекене бүйірек шықпай, белгісіз себептермен біраз уақыт өтіп кетеді. Сонда Білекен: «Әттең Елжас домаламай ұстап түр. Ол кетсе, артынан бәріміз домалар едік», - деген екен. Ол кісінің осы сияқты сөздері толып жатыр.

Бұл күндері Біләл Мәметқұлов ағамыздың артында қалған үрпақтары ісін жалғастырып, халқы қадір тұтқан әкелерінің атына кір келтірмей енбек етуде.

2013 ж.



## «ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗ ӘРҚАШАН ТЕГЕУРІНДІ»

Ұлттық валютамыздың күніне орай экономикағылымдарының кандидаты, профессор, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Дәуренбек Мәжитовті сөзге тартқан едім.

*-Дәуренбек Мәжитұлы, қазіргі кездегі Ұлттық банктің бағыт-бағдары туралы не айтар едіңіз?*

- Қазіргі банк жүйесінің бағыт-бағдары негізгі экономикаға байланысты деп есептейміз. Ұлттық банктің алдына қойып оытран мақсаты – банк жүйесінің капиталын жоғарылату. Өйткені, біздін елімізде 38-39 банк бар. Олардың ішінде 4-5 банктің ғана өзінін меншік капиталы жоғары саналады. Ал, қалған банктердің өзінің меншік капиталы төмен және орта дәрежеде. Осыған байланысты Ұлттық банктің мақсаты біріншіден – банк жүйесін ірілендіру болса, екіншіден – банк жүйесінің қызметін жетілдіру болып табылады. Сондықтан, қазір өзінізге белгілі - «БанкТуранӘлем» мен «Казкоммерцбанк» бірігіп жатыр. «Темірбанк», «Алякс-Банк», «Касса-



Нова», «Форте-Банк» сияқты шағын банктер бар. Олар да ездерінің меншік капиталын ұлттайтумен айналысада. Ойтпеген жағдайда банк жүйесіндегі бәсекелестікке ілесе алмай қалады.

- **Ұлттық банктің бағыт-багдары белгілі болды. Ал енді оның негізгі мақсаттарына қысқаша тоқтала кетсеңіз?**

- Негізі барлық банк жүйесінің негізгі мақсаты – ақша, мемлекет саясатын жүргізу болып табылады. Ол үшін Ұлттық банктің қолында өзінің классикалық тетіктері бар. Осы тетіктер арқылы банк жүйесін реттеп отырады. Сол сияқты екінші деңгейдегі банктердің жұмысын да, сақтандыру компанияларының жұмысын да реттеп отырамыз. Құнды қағаз нарыған да реттеуіші Ұлттық банк болып саналады. Зейнетақының бірыңғай жинақтау қорына да бақылау жасайды. Осы қордың жинаған активтерін басқару, оны қадағалау жағы да Ұлттық банк құзырында. Бұл ақшаны жинаған біз болмасақ та басқарушы компания ретінде жартысын басқарып, орналастырып, содан табыс көзін реттеп, зейнеткерлердің зейнетақысының болып жатқан инфляциядан жоғары болуы жөнінен де мақсат көздел отыр.

- **Біздің ұлттық валютамыз – теңгеміздің тұрақтылық деңгейі қандай дәрежеде деп ойлайсыз?**

- Еліміз егемендігін алғанин бергі 21 жыл ішінде ұлттық валютаның басына қатер төнген уақыттар болды. Оны айта беруімізге болады. Соның бәрінен абыраймен өтіп келе жатырымиз. Соның арқасынды біздің ұлттық валютамыз тұрақты және белді валюта екендігін мақтанышпен айта аламыз. ТМД елдері ішінде тұрақты валютасы бар елдің бірі болып саналамыз. Оның өмір бойы тұрақты болып, теңгенің сатып алу қабілеті үнемі жоғары болуы үшін оған көптеген факторлар қажет. Ол өзіміздің елдегі экономиканың өсуі, жалпы ішкі өнімнің тұрақты өсіп, экономикамыздың жақсы диверсификациясы болуы керек. Банк жүйесі деғеніміз жүргізіліп жатқан құрылыш сияқты. Оның іргетасы, қабырғасы – еліміздегі экономиканың өсуі болып табылады.

**- Біздің банк жүйесінің халықаралық банк жүйесінен қандай айырмашылығы бар?**

- Одан ешқандай айырмашылық жоқ деп айтуда болады. Коммуникациясы болсын, ақша жіберу, толемақы жүргізу, Дүниежүзінің басқа да банктерімен алмасу жұмыстары бірдей. Халық ақшасын бірнеше минут ішінде жібере алады. Осы сияқты жұмыстар банк жүйесіндегі коммуникацияның жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді.

**- Банктер беретін несие жүйесі туралы не айттар едіңіз? Кейбіреулер алған несие сін пайзызының жоғарылығынан қайтара алмай жүреді...**

- Қазіргі банк жүйесінің алдында тұрған басты мәселе несие жүйесін қалпына келтіру. Мәселен, кейбір шетелдерде проблемалық несие 7-10 пайыз фана болса, бізде бұл 30 пайыздан жоғары болып отыр. Соны реткі келтіру керек. Өйткені, ол несиелердің артында адамдар тұр. Ол адамдар неге уақыттымен төлей алмай отыр, ол несиені не үшін алды, оны қайтарудың қандай мүмкіндіктері бар деген сияқты мәселелер талданып, зерттелуі қажет. Несиені алдың ба – қайтаруың керек. Оның өзінде пайзызымен қайтарылады. Өйткені, халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп тегін айтпаған. Ол ақшаға. Банк жүйесі – делдал. Өйткені, ол жиналған ақшаны мұқтаждыққа қарай жаратуға мүдделі.

Екінші бір мәселе – жеке және заңды тұлғалардың қаржы сауаттылығын арттыру. Сауаттылықты көтермей, біз әлеуметтік дағдарысқа ұрынуымыз мүмкін. Ақша алу жағы онай, оны қайтару жағы қыын. Міне, осы мәселе төнірегінде ойланғанымыз жөн.

**- Әңгіменізге көп раҳмет. Алда келе жатқан мерекелеріңізben құттықтаймын.**

**2015 ж.**



## ӨЗ ІСІНІҢ МАМАНЫ



Бал бұлақтары жаз бойы бір тынбайтын Өгізтау, Шаңырақтау, Бүркітті тауларының ортасында орналасқан Ысты бұлақ аулында туып-өсken Қаршыға да табигат берген әсемдікке орай тал шыбықтай бұралып өсті. Өйткені, әркім өзінің туған жерінің табигатына ұқсайды деген қағида бар ғой. Алдынғы ағаларынан соң қыздардың үлкені болды. Бұл да болса үлкен міндет жуктеп, анасының көмекшісі, ағаларының тірегі, сіңлілерінің тәрбиешісі болды. Ауылдағы сол кездегі сегізжылдық мектепті бітірген соң Ақтогайдағы М.Горький атындағы орта мектептің тоғызынышы класынан соң он мен он бірді Қызыларай ауылында оқып тауысты. Басқа балалар алыс қалаларға оқуға аттанып кетіп жатқанда Қаршыға асыққан жоқ. Қарқаралы қаласына келіп, аудандық сотта хатшы болып қызмет атқарып жүріп жатты. Сол кезде оның қызметке деген алғырлығын, заң істеріне деген бейімдігін, қара қылды қақ жаруга дайын тұратын әділдігін байқаған үлкендер оған заңғер болуы қажеттігі туралы кеңес берген еді. Сол кеңес әсер

етті ме, ол С.Киров атындағы ҚазМУ-дың заң факультетіне ба-  
рып окуға түсті. Иә, қызметін атқарып жүрін сырттай оқыды.

Адамның өміріндегі ең басты оқиғалардың бірі үй болу,  
тұрмыс құру болса, ол да Қаршығаның басынан 1969 жылы  
етті. Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылында тұратын, өзімен  
жасты Қайыр Мұхамедиев деген сымбатты жілітке тұрмысқа  
шықты.

Қызықты ғұмыр кешкен отбасында төрт бала дүниеге келді.  
Олардың барлығы да жоғары білім алды. Мейрам құс фабри-  
касында, Саят темір жол бойында, Сандугашы өзімен бірге  
нотариустың қемекшісі. Ал ең кенжесі Самат коммерциямен  
айналысады. Қазір олардың барлығы да шаңырақ көтерген,  
кішкентайлар сүйіп, атасы мен әжесін немере қуанышына  
бөлен отыр.

«Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сынны кетпейді» деп  
халқымыз бекерге айтпаған. Қазір денсаулығына байланы-  
сты зейнеткер болып отырганымен Қайыр жездеміз сол беті.  
Немерелерін бағып, солардың қызығына қанып жүрін жатқан  
жайы бар.

Сонымен, 1973 жылы университетті үздік бітірген Қаршыға  
Сарытерек ауылында (ол кезде «Ақтогай» совхозы) әр түрлі  
қызмет атқарды. Бұл кезде Қайыр совхозда жеткізіп беруші  
экспедитор болатын. Кейін Балқашқа көшіп келген соң да  
комбинаттың электролит цехінде еңбек етті. Мұнда да ол  
экспедиторлық қызметті одан әрі жалғастырған. Ал, Қаршыға  
Мұштәрбеккызы нотариустық қызметті Балқашқа көшіп келген  
соң 1977 жылы бастады. Ол кезде қазіргідей емес, мемлекеттік  
нотариус болатын. Міне, бүгінгі күні қарап отырса, оған да отыз  
жыл болған екен. Қай жұмыстың болмасын өзіндік ерекшелігі  
мен озіндік киындығы болады. Бұл қызметтің де өзіндік ішкі  
қыр-сыры бар. Қызмет істей жүріп соның бәрін үйренуге,  
окып-тоқуға тұра келді. Соның нәтижесінде ел аузыңа ілініп,  
енбегі елене бастады. Алғаш рет сол кездегі Жезқазған облы-

сы әкімінің Құрмет грамотасымен марапаттады. КР Әділет министрлігінің ғрамоталарына да ие болды. Қоғамдық формация өзгерін, бәрі жекешелене бастаған, социализмнен қайтадан капитализмге өткен дәуірді де көрдік. Бүкіл нотариустар жекешелене бастады гой. Сол кездे Қаршығаның өміріне де өзгеріс келді. Олар отбасымен Қарагандыға кошіп келіп, осында орналасқан соң алғашқылардың бірі болып жекеменшік нотариалдық кеңсе ашты. Қазір сонда халықта қызмет көрсетіп келеді. Бұл күнде нотариатқа келмейтін адам жоқ деуге болады. Оның атқаратын қызметі де сан салалы. Соның бәрін игерген даңғайыр нотариат Қаршыға Мұштэрбекқызы бұл күнде жүртшылық құрметіне бөленген. Келушілердің барлығына да жоғары дәрежеде қызмет көрсетін, экелген құжаттарын заңға сәйкес нотариалдық түрде куәландырып береді. Оның сырт елге мәлімдей бермейтін нотариаттық құпиясының да өзіндік сырын жақсы біледі. Бір сөзben айтқанда өз ісінің маманы, өз ісін жетік менгерген Қаршыға халықта қалтқысыз қызметін алдағы уақытта да жалғастыра беретін болады.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 60 жасқа толуына орай жазылған болатын. Қазір Қаршыға нотариаттық қызметін одан әрі жалғастырып, еңбек етіп жатыр.



## ФАСЫР ЖАСАҒАН ҚАРИЯ

«Кариясы бар үйдің дари-  
ясы бар» дегенді халқымыз  
текке айтпаған болар. Ақтогай  
ауданына қарасты Шабан-  
бай ауылында 103 жасқа кел-  
ген эже бар екенін естігендे  
таңданғанымыз рас. Ол кісі  
айтыскер ақын Куаныш  
Мақсұтовтың әжесінің  
жөнгесі екен.

Шабанбай ауылы бұрынғы  
«Қаратал» совхозының  
орталығы. Ол өте бір әсем  
жер, Арқадағы әйгілі Ақсораң  
тауының етегіне орналасқан.  
Сондай табиғатының,  
ауасының тазалығының әсері  
болар бұл жерде жасы 90-нан асқан, одан да көп жасаған  
қарттар біршама. Осы үйге көрші тұратын Құсман Мұқашев  
пен Опи Ештанаев сияқты ақсақалдар 86 жастан асыпты.  
Олар әлі де инирақ. Ал Ажар әже осы үйде 104 жасқа келгенде  
дүниеден өткен.





**СУРЕТТЕРДЕ: Мұқыш әже және қарт әже баласы Қайролла мен келіні Нәзияның немерелері мен ең кішкентай шөбересі Әйгерімнің жанында.**

Шағын шаруа қожалығының иесі Қайролланың есігінің алдында тұрмыз. Тап-түйнектай жинаған ауласы, бірнеше бөлмелі шатырлы үйн бар. Есіктің алдына киіз үй тігіп қойыпты. Оның аржағында жүгері жинайтын комбайн мен су таситын машина тұр. Сырт қараганда тәп-тәуір техника болып көрінгенімен, көптен бері тұрған жерінен тапжылмағаны байқалады.

Бір кезде қарсыдағы ас үй жақтан жанында екі немересі бар, қолындағы таяғына қорғона сүйеніп, қарт адамға тән қимылмен қалт-құлт басып, Мұқыш әже келе жатты. Ағаш үйдің жанындағы орындыққа келіп жайғасқан соң қариямен сәлемдесіп, әртүрлі сұрақтармен «түртпектей» бастадық.

- Жасыңыз нешеде, әже?  
- Тоқсаннан астым ғой деймін, қарағым. Ұмытып қалдым. Құлағым естімейді, аяғым ауырады, орныман зорға тұрамын...

Баласы Қайролла Мұқыш әженің төлқұжатын · алып келді. Кешегі КСРО кезіндегі кызыл төлқұжат. Онда «Зұбайрина Мұқыш, 1896 жылы туған» деп тайға таңба басқандай анық жазылыпты.

- Ақсақалыңыз қайда?

- Ой-бой, ол баяғыда қайтыс болған. Ол кісі 1958 жылы 63 жасында дүниеден қайтты. Мен ол кісіге қырық жасымда келдім. Алғашқы күйеуім өліп қалды, күн көру қыын. Біреудің етеғінен ұстая керек болды. Содан мені «Таң» колхозына алып келді...

Ақсақалы Есқожа Зұбайраұлы колхозда әртүрлі жұмыстар істепті. Руы Кожа екен, өзі де моллалық жасап, қожалықпен айналысқан. Ол кезде қожа-моллалық жасауға тиым салынған гой. Сондықтан да ондай әрекеттерді жасырып істеуге тұра келген. Мұндай кезде малды Мұқын әженің өзі бағып қалып, ақсақалын жоқтатпаған. Бұған қоса егін жыртқан, астық бастырып, топырақ тасып, тоған байлауга қатысқан.

- Бұл кісі көптеген жетімдерге қол ұшын беріп, тәрбиелеп өсірген адам, - деп қосты құдасы, Қайролланың зайыбы Нәзияның әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Секен Қиқымов ақсақал.

- Неше бала тәрбиеледіңіз?

- Он бала тәрбиеледім. Бәрі жетім. Солардың ішінде екеуі өзімнің балам. Мына Мақсұттың Мәжікені мен апасы, шешесі, анау Ақтогайдары Мағмұрдың өзі мен апа-қарындасты, тағы басқа толып жатыр. Барлығын жалғыз сиырдың сүтімен асырадым ғой. Өзіміз колхоздың сиырын бағамыз. Ойпыр-ай десейші, сол сиырларды саууга рұқсат бермейді ғой. Содан соң үрлап сауып, сүтінен ірімшік пісіремін, құрт қайнатамын. Соны әрқайсысының алақанына бөліп салып жеғіземін. Сөйтіп-сейтіп ел қатарына қосылдық қой. «Колхоздың сиырын үрлап сауды» деп милицияға жауып қойған кездері де болды. Ой, қарағым-ай, Біз не көрмеді дейсің. Не бір қындық бастан өтті ғой...

Әжей осы жасына, аяғының ауырғаныша қарамастан ескі әдетпен намаз оқиды екен.

- Әбден әдетке сініп қалған нәрсе ғой. Кейде таңертең біреу: «Тұр, намазыңды оқы» деп оятқан сияқты болады. Содан кейін қалай жатамын? Тұрып кетемін де, намазымды оқып, қайта жатамын.

- Ақсақалының қияс адам болды ма? - деймін құлағына тақап. Менің қалжыңыма ол кісі шын жауап береді.

- Жоқ, қияс емес. Ол кісі қожа болды. Аузында аяты бар адамда артық мінез болмайды.

- Балаларыңыз қалай, күте ме?

- Әрине, қүтеді. Балаларыма ризамын. Қазір солардың тілеуін тілеп бес уақыт намазымды солардың амандығына бағыштап отырамын.

- Келіні Нәзия пысық, - деп сөзге араласты ауыл адамдарының бірі.

- Ажар әже екеуіп бірдей құтетін. Үлкендердің батасын алған. Енді солардың тілегі қабыл болып, екі қарияға корсеткен жақсылығы алдынан қайтсын...

Қазір Мұқыш әженің озінен туған қызы мен үлдан оншакты не-мере, оннан астам шөбере көріп отыр. Егер ол кісі тәрбиелеген, қатарға қосқандардың ұрпағын есептесе жүзден асып кетер еді.

Бізben біраз сөйлескенге әжептәуір ауырлап, шаршаңқырап қалды. Қуаты қайтып, самал желдің өзіне шайқалып, құлайын деп түрған жүз жасаған бәйтерек сияқты болып көрінді. Әбден тарамыс болып қалған саусақының ұшымен жанары өше бастаған көзінің қызынан көрінген тамшыны анда-санда сүйкеп қояды. Пәктігі басындағы кимешектің сыртынан ораган ақ орамалдай кіршіксіз бір періште жан. Өмір бойы Құдайға құлышылық еткен, ешкімнің ала жібін аттамаған, біреуге қатты сөз айтын, тіл тигізін көрмеген адалдықтың нәтижесі болар әжейді 103 жасқа келтіріп отырған. Мен сондай түйін жасадым. Әрине, оны күтін отырған балаларының еңбегі бір төбе. Бәрімізге ақ батасын беріп аттандырып салған, екі ғасырдың күесі болып, үшінші ғасырдың табалдырығында түрған ақ жауалықты әжеге біз де денсаулық, жақсылық тілеп аттандық.

1999 ж.



## АУЫЛ АРДАГЕРІ

Қаржы-есеп саласының ардагері, Ақтогай ауданының Құрметті азаматы Мәкәрім Нұржігітов ақсақал қазір 86 жасқа қарады. Көпті көрген, жастарға айттар ақыл-кеңесі мол Мәкең аға 1924 жылы Сардонғал тауының баурайында туған екен. Ауылдық мектепте оқып жүрген кезінде анасы Қарашолақ қызы Бигайша баладан өмірден өткен. Алпысқа таяған екे және үлкені 12 жастағы үш бала жетім қалған.

«1936 жылы түйеге мінген Құлімбайдың баласы Сатыбалдының соңынан жаяу 50 шақырым жер жүріп, аудан орталығына келіп, жетімдік туралы қағазымды көрсетіп және 4 сыныпты бітіргенімді айттып, оку бөліміне барып жолықтым. Ондағы мақсатым – интернатқа жатып, білім алу еді. Бірақ, ол кезде интернатқа әке-шешесі жоқ балаларды гана қабылдайтын және жылына 180 сом ақша төлеу керек-тін. Алғашқыда жағдайымды айттып, баратын жерім жоқ болған соң оқып жүрдім, бірақ ақша төлемеген соң, басқа жаққа кетуіме тұра келді.



Қош бол, білім алған мектебім,  
Қалай сені қызып кетемін.  
Парталас отырған достарым,  
Тіршілік болса көрермін.  
Жолымды байлад жоқшылық,  
Кездесті нәубет тапшылық,  
Жалғастыра алмай оқуды,  
Ынта жігерім басылды, – деп кете бардым», - деп еске алады  
еңбек ардагері бұл күнде.

Балалық кезеңінде ана қайғысы қатты соққы болады. Кейін сырттай бухгалтерлік техникумды бітірін, арнаулы орта білім алған.

1940 жылы Ақтүмсікта есепші болған жылдары қатты ауырады да, дәрігерлік комиссия жарамсыз деп, соғысқа алмаған. Сөйтіп, тылдағы ауыр жұмыста аянбай еңбек еткен. 1946 жылы «5 декабрь» колхозында жаңадан құрылған комсомол жастар бригадасын басқаруға жіберген. жиырмадан аса адамның барлығы қарттар мен балалар еді. Күш біріктіріп, аудан бойынша еңбек үлгісін көрсеткен. 1947 жылы 100 саулықтан 103, 1948 жылы 105, 1949 жылы 109-дан төл алыш, ет, жұн жоспарын артығымен орындаған. Осы еңбегі арқасында 1947 жылы ауыл шаруашылығы озаттарының II облыстық слетіне қатысқан, Мақтау грамотасымен марапатталған. 1949 жылы Солтүстік Қазақстандағы екіжылдық партия-совет кадрларын даярлайтын курсқа жіберіліп, оны бітірген соң елге келіп, экспедитор, салық инспекторы болған. 1960 жылы совхоз экономикасын көтеруге білімді кадрларды іріктеп, оны «Қазақстанның 40 жылдығы» колхозына жіберіп, кейіннен ол «Қызыларай» совхозы болғанда да бас бухгалтер, «Қаратал» совхозында бас бухгалтер болып еңбек етіп, облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер атанды.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Женістің көптеген мерекелік медальдарымен, «Тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығы» медалімен, «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен, «Еңбек ардагері»

медалімен, Жезқазған облыстық, Ақтогай аудандық партия комитетінің бірнеше грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталған, Ақтогай ауданының «Күрметті азаматы» (1996) атағына ие болған.

Аудан тарихында үзбей 50 жыл, яғни, жарты ғасыр экономиканы дамытуда, бақылау мен басшылық жұмыстарда, қоғамдық жұмыстарда еңбек еткен Мәкеңнің кызы Бұлбұл да әке жолын қуып, 33 жыл қатарынан Ақтогай ауданының экономика және қаржы саласын басқару қызметінде келе жатыр. «Жасымда бейнет берсең, қартайғанда зейнет бер» деген халық даналығындаид түл ардагері әлі тың. Біз ол кісіге зор денсаулық, ұзак ғұмыр тілейміз.

**2010 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай жазылды. Бір жылдан соң ақсақал өмірден өтті.



## КӘСІПОДАҚ ТАРЛАНЫ



Адамның өмір жолында ойламаған оқиғалар, күрт бұрылыстар мен тосын жағдайлар жиі болады. Қазір ойлап отырса өмірде мұндай күтпеген жағдайлар Бейбіт Нұржановтың басынан жіңінен еткен екен. Арқаның әсем жерлерінің бірі Қызыларай тауының етегінде туып-оскен Бейбіт Біләлұлы өз аулында орта мектеп болғанына қарамастан Ақтогай селосында тұратын агасы Ганидың үйінде жатып, М.Горький атындағы орта мектепте оқып, соның 11 класын бітіріп шыққан еді.

Өмір жолы сан тарау, соның бірін таңдау қажет. Мектеп бітірген тулек заңгер болуды армандаپ, сол кездегі астана – Алматыға жол тартқан. Мұнда келсе – құжаттарын қабылдамайды. Ол үшін кем дегендеге екі жыл жұмыс өтілі болуы керек немесе прокуратурада штаттан тыс қызмет атқарғаны туралы анықтама тапсыру қажет. Бейбітте мұның екеуі де жоқ болатын. Сондықтан құжаттын Алматы зооветинститутына тап-

сыра салды. Бұл сонау 1965 жыл. Ол жылдары елдің оку-білімге дең қойған шағы. Соғыстан соңғы туған балалардың мектеп бітіріп, үлкен өмірге канат қақтан кезі болғандықтан, жогары оқу орындарында конкурс деген ғаламат еді. Бұл институтта да оңай болмай шықты. Бір орынға 6 - 7 адамнан. Ал, енді «ойнап» көр. Тастан-судан беті қайтпаған шағы ғой. «Тәуекел» деп кіріп кеткен. Емтиханды ойдағыдай тапсырып, түсіп кетті.

Ол кезде оқуға түскендерді бір ай ауыл шаруашылығы жұмыстарына жіберетін әдет бар. Бұларды Алматы облысының Талғар ауданындағы «Авангард» деген совхозға жіберген. Бұл нағыз жастықтың жалынды шағы, жұмысты да атқарып, қызыққа да беленіп, бір ай уақыттың өткеннің білмей қалады.

Ойна келмеген қиналыс сәт енді туды. Институтқа оралысымен оқу орнының өзіне тән тірлігі басталған. Бұл тірлік, бұл оқу оның көңіліне жақпайтын болын шықты. Бір айдай уақытқа зорға шыдаган Бейбіт Алматыны тастай қашып, өзінің Ақтоғайына қайта оралған.

Жасынан өнерді сүйіп есken, атакты әнші және күйші Нұржан Шоңғының ұрпағы Бейбіт Ақтоғайға келісімен Дәртай Сәдуақасов, Тұрган Тұсілбаев, Оралтай Сүлейменов, Дәриға Ақатаева сынды ел аузына ілінген өнерпаздардың арасына кірді де кетті. Еңбек жолын автоклуб менгерушісі болын бастаған. Осы кезде бұрынғы көркемөнерпаздар ұжымы «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблін ұйымдастырып, оның халықтық ұжым атагын алған кезі еді. Сондықтан да, жаңа келген жас мүшеге де талай тер төттеге тұра келген. Бірақ, ол мұнда да ұзак, түрақтай алмады. Сол кезде ауданда, сонау Семей облысымен шекаралас «Шұбартау» совхозынан бөлініп «Айыртас» атты жаңа совхоз ұйымдастырылып жатқан болатын. Ағасы Ғани: «Оқығың келмеген екен, жұмыс істе», - деп аудан орталығынан кем дегендеге екі жұз шақырымға жуық жаңа шаруашылыққа құды да жіберді.

Шамалы болса да автоклуб менгерушісі болған Бейбіт Нұржановты совхоздың клубына менгеруші етіп тағайындағы.

Біраз уақыт еткен соң совхоз комсомол үйіміна басшылық етуді жүктеді. Екі жылдан соң селолық Кеңестің хатшысы болды. Сөйтіп, комсомол және Кеңес қызметкері болып шыға келді. Содан совхозда 1969 жылы комсомол комитеті құрылған соң ғана басқаға табыс етті.

Жас кезде қандай жұмыс болмасын қызықты. Қандай істі болмасын іліп әкетуге болады. Бірақ, Бейбіт бұлай білімсіз жүре беруге болмайтындығын түсінді. Содан енді окуға баруға жиналып, кейбір сабактарға дайындала бастаған. Сөйтіп жүргенде кәсіподақтардың облыстық кеңесі ВЦСПС-тің Мескеудегі жоғары мектебіне жолдама береді. Өған киналмай түсіп, 1974 жылы еңбек жөніндегі экономист мамандығын алып, ойдағыдай бітіріп шығады. Карагандыға оралғанда оны өткен жылы ғана құрылған Жезқазған облысына жібереді.

Осы уақытты Бекең бұл күнде былай еске алады:

- Менің Мескеуден оқып, білім алушыма бір кісінің тигізген ігі әсері мол болды. Ол кезде Мескеуге Карагандының ескі әуежайынан «ИЛ-18» ұшағы ұшады. Өған кемінде 120 адам сияды. Таңғы сағат алтының кезінде жездем, қарт мұғалім Сағади Мыңшалов пен әпкем Макпұза екеуі Актоғайдан әдейі келіп, шығарыш салды. Сол 120 адамның ішінде екі-ақ қазақ болдық. Әлі есімде, бұл 558-інші рейс болатын. Төрт сағаттай ұшып, «Домодедово» әуежайына келіп қондық. Қолымда киім-кешегімді салған кішкене ғана шабаданым бар. Қалаға қарай шықтым. Қала жақ ығы-жығы халық, қаптаған манина. Жолдан өтін болмайды. Жүрегім шайлығып, бетім қайтып қалды. «Япыр-ау, қайда келгемін? Мұндай жерде қалай оқимын?» деп ойлап тұрмын. Жолдан өткемін жоқ. Тұрып-тұрып, бір кезде: «Қой, осы жерден кейін қайтайын. Кешкі рейспен Карагандыға қайта ұшайын» деп бел будым. Өйткені, осы біз ұшып келген ұшақ кешке қарай 559-шы рейс болып қайта қайтады.

Бір кезде карасам – әлгі менімен бірге үңыш келген қазақ жігіті де жолдан өтейін деп келе жатыр екен. Ойыма қайдан түскенін білмеймін:

- Аға, сізбен бірге ұшып келдік қой деймін, - дедім.
- Иә, бірге ұшып келдік, - деді әлгі қою қара шашты, әдеміше келген жігіт.
- Мен оқуға келіп едім. Мына қала менің қолым емес екен, осы жерден қайтайын деп тұрмын, - деп шынымды айттым.
- Жоқ, оның дұрыс болмайды, - деді ол. – Сен қайтпа. Элі-ақ үйренип кетесің. Мұндай мүмкіндік бола бермейді. Оқып ал. Әйтпесе, кейін өкінесін.

Содан соң мені ертіп келіп, күтіп тұрган машинасы на отырғызып алды да, Кировский меторсының жанындағы кәсінодактары жоғары мектебінің жанына әкеліп түсіріп, болашакта мен оқытын оку орнын керсетіп жіберді. Өзі осындағы Кара және тұсті металлургия министрлігіне семинарга келгенін, екі-үш күндей болатынын, керек болған жағдайда содан тауып алғындығын айттып, жүріп кетті. Екіудайы ойда тұрып ол кісінің аты-жөнін сұрауды да ұмытып кетіппін.

Жолым оңға басып, окуга түсіп кеттім ғой. Содан Мәскеуден оралған соң Жезқазганда кәсінодактар облыстық кенесінде нұсқаушы болып істеп жүрген кезімде ол кісіні таптым. Сөйтсем, бұл кісі рудник директоры Дағабай Ешпанов екен. Бір жолы әдейі ізден барып:

- Аға, мені таныдыңыз ба? - дедім.

Таныды. Мәскеудегі жағдайды еске ала келін, ол кісінің агалық ақылына раҳметімді айттым. Шын мәнінде ол кісі болмағанда мен қайтып кететін едім.

Содан ол кісі кейін Балқаш және Жезқазган металлургия комбинаттарының бас директоры болды. Қазақстанның тұсті металлургиясының дамуына аса зор еңбек сінірген адам еді. Кайтыс болғанына екі-үш жылдай өтті...

Содан бастап, Бекенің барлық өмірі кәсінодак қызметімен тікелей байланысты болып келе жатыр. Жезқазганда сауда және тұтыну кооперациясы кәсінодагы облыстық комитетінің хатшысы, одан соң агрономеркәсіптік кешенінің жеміс-кекеніс және дайындау қызметкерлері кәсінодағы облыстық комитетінің төрағасы

болып қызмет атқарады. Екі жылдай облыстық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары да болады. Он бес жылдан астам Жезқазған облысында туризм мен саяхат қызметін дамыту саласына елеулі еңбек сініреді. Бұл кезде ол облыстық туризм және саяхат кеңесінің төрағасы болады. Осы қызметті атқара жүріп Еуропа, Таяу Шығыс елдеріне, оның ішінде Сирия мен Қытай да бар, барлығы 15 елге саяхатқа және болашақтағы туризм туралы келісім-шартқа отыруға барыпты. Қаражал қаласында туризм және саяхат бюросын ашады. Ол Ағадыр, Жанаарқа аудандары мен Жәйрем поселкесіне, Жамбыл руднигіне қызмет көрсетеді. Осы жерлерден талай бала мен ересек адам альс-жақын шет елдерге қызырып барып қайтты. Бірақ, соның бір өкініштісі – кейін нарықтың әсерінен жабылып қалуы еді.

Жезқазған облысы тараған соң облыстық әлеуметтік және жұмыспен қамту басқармасының сол аймақтағы еңбек қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып істейді.

Қарағандыға 2000-шы жылы көшіп келген екен. Содан бері осында «Қазақмыс» корпорациясына» қарасты «Бөрілі» көмір департаменті кәсілодақ комитеті төрағасының орынбасары міндеттін абыраймен атқарып келе жатыр. Негізі кәсінодақтың басты мақсаты еңбекшілерге жағдай туғызу, материалдық көмек көрсету фой. Ол мұндай жұмысты білгірлікпен атқаруда. Бұғінде алпыс жастың асқарынан көрініп отырганына қарамастан, жұмыстыширақ жүргізіп, еңбекшілердің көңілінен шығып келеді. Сондықтан да, біз Бекенің алдағы уақытта да мерейлі белестерден көріне беруіне тілектестік білдіреміз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2005 жылы Бейбіт Нұржановтың 60 жасқа толуына орай жазылды. Кейіннен, 2000 жылы Қарағанды өндірістік бірлестігі «Қазақмыс» корпорациясынан бөлінген кезде Бекен «Қарағандытұстімет» өндірістік бірлестігінде кәсілодақ комитетін құрып, оның төрағасы болып 2013 жылға дейін қызмет атқарды. Қазір құрметті демалыста, Қарағанды қаласында тұрып жатыр.



## АҚӘЖЕНИҢ ШӘКІРТІ

Жаңағана қисайған еді. Қабырғадағы қалақтайғана радиодан қоңыр әуенде күй төгіле жөнелгенде жастықтан басын қалай жұлдып алғанын білмей қалды. Өзіне жақын әуенде жатын тыңдай алмады, орнынан тұрып кетті. Бұл орындалып жатқан Арқаның атақты күйшілерінің бірі Аққызы әжениң «Қосбасары» еді. Әрбір пернеснің қалай басылатыны, әрбір нотасының қалай үн ініғарып, тұтастай музикалық ініғарманы қалай құрайтыны өзіне таныс күйге іштей қосылып отырып көзінен бірнеше тамшы жастың домалап түскенін білмей де қалды. Иә, бұл сағыныш жасы болатын. Сонау күндерді еске алғанда сағыныш сазы қеудесін кернеп, тамағына бір оксік тығылды. Олай болатын себебі де жоқ емес еді.

Гүлмара әкесі Рақымбектің арқасында есін білгеннен бастап бұлғақтап-ақ өсті. Жасынан сері, әнші-күйшілігімен көзге түскен Рахаң да жалғыз қызын бетінен қақпай, өнерге үйір етін өсірді. Әкесі Абылай ханның беделді де белді батырларының бірі болған аруақты батыр, әрі би, әрі шешен Әлтеке Дос



батырдың немересі Жидебай батырдың ұрпағы еді. Мысал елендер мен һисса-дастандарды жатқа айтып, отырган жерін жиын-тойға, думанға айналдырып жіберетін. Өз оргасында сол кездегі күйші Сармантайдың Ахметжанының атақты «Елу сегіз» күйін тартып, «Қозы мен қасқыр» эiін айтатын, шерпте күйдің шебері Шалғынбай Томайұлының күйлерін орындайтын. Сол кісілермен кезінде үзенгілес те болған екен. Осының әсері өзіне тимей қоймады. Жаппай жазалау кезінде (1936 жылы) «халық жауы» атанип, айдалып кете барады. Бірақ, еті тірі жігіт қарап жатпайды, ауылына бірнеше рет қашып келеді де, келген саіын оны тағы да ұстап әкетеді екен. Сөйтіи жүргендे дуниеге Гүлмара келеді. Содан 1946 жылы ғана он жыл мерзімін өтеп оралады. Бұл кезде Гүлмара сегіз жасқа толады.

Әкесі келісімен колхоздың ауыр жұмысына араласқанына қарамастан қолынан домбырасын тастаған жоқ. Бұл үйге ылғи «сен түр, мен атаяйын» деген өнерпаз жандар көп жиналатын. Сондай сэттерде олардың бірі ән салса, екіншісі нәшіне келтіре күй тартатын. Ал, Гүлмара болса ақырын басып келіп, қонақтардың сырт жағына жайғасып алып, бәрін көкейіне сыйғанының қүйіп алуға тырысатын. Зердесіне сақтағанын қонақтар кеткен соң домбырасына салып алуға талпынатын. Үйде әкесі де жай отырмай, домбырасын серік етіп, күй тартудан бір жалықлады. Ол кісі шерпте күйдің шебері екен. Сол кезде сегіз жастагы Гүлмара үйде ешкім жоқта домбыраны өз бетімен үйреніп, әндер тарта бастайды. Мұны көрші үйдегі апай байқап қалып, бір отырыста:

- Біздің Құлкен де домбыра тартады. Тындал көрсек қайтеді?
- деген ұсыныс айтады.

Әлі жүрт алдына шығыш көрмеген бала қатты қысылады. Қапелімде не айтарын білмей, бөгелін қалған.

- Кел, балам, үялма, - деп әкесі демеп жіберді.

Кішкене Гүлмара білгендерін тартып иңкітты. Содан бастап баласының талпынысын байқаған әкесі оған күй үйрете бастайды. Ең алғаш рет халық күйі «Кеңесті» үйренеді. Одан соң Шалғынбайдың «Бостандық», «Текес» атты күйлерін

тартқызады. Бір жағынан әкесі үйретіп, екінші жағынан талапты бала өз бетімен әр түрлі әндер мен күйлерді тартуды үйренін, ел араеында «Домбырашы бала» атанып кетеді.

Ақшатау поселкесінде оқып жүрген кезінде мектептің көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады. Үйірме жетекшіе Гинаят деген азамат болыпты, ол әрі зоологиядан сабак береді екен. Бір күні әлгі мұғалім:

- Гүлмара, сен әнші әрі домбырашы Рахандың баласы скенсің ғой. Сен туганда кіндігінді маган балтамен кескізген, - дейді.

Гармон, мандолина, домбырада еркін ойнайтын Гинаят мұғалімі (әрі кіндік әкесі) «Соқыр Есжан» күйін, Деулеткерейдің «Қосалқасының» бірінші және екінші түрлерін үйретеді. Мектеп сахнасына еркін шыға бастайды. Келесі 1955-1956 оку жылын әкесінің қызметінің ауысуына байланысты Балқаш қаласында жалғастыруына тұра келеді. Онда да мектептің көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысына белсене араласады. Үйірме жетекшісі бір орыс әйелі екен. Ол да мектептегі түрлі концерттерге қатыстырып, домбыра тартқызып жүреді. Қоктемге қарай қалалық өнер байкауы өткізіледі. Сол кезде үйірме жетекшісі шақырып алыш:

- Саған 7-8 окушы жинап берем, солардан домбырашылар ансамблін құр. Өзің жеке бір күй тарт, - деңенді айтады.

Окушыларға «Арғынғазы» күйін және Дәулеткерейдің «Қосалқасының» екінші түрін үйретін, ансамбльмен шығып, өзі «Соқыр Есжан» күйін орындаиды. Металлургтер сарайында домбырашыларымен бірге сахнаға шығуға даярланып жатқан кезде орта бойлы сары кісі келін, домбырасының құлақ күйін келтіруғе көмектеседі де:

- Қалқам, қысылмай тарт, - деп кеңес береді.

Бұл кісінің осында қызмет атқаратын атақты қүйші Мағауия Хамзин екендігін кейіннен біледі. Ұлken сахнаға алғаш рет шыққан Гүлмара бағалы сыйлыктарға ие болып, үйге зор қуанышпен оралады.

Ол кезде қыз баланың домбыра тартып, сахнаға шығуы сирек болғанымен үлкен үміт күткен әкесі Қарағандыға әкеліп, музика

училищесіне (қазіргі Тәттімбет атындағы өнер колледжі) окуга түсіреді. Бұл 1956 жыл еді. Өнер ордасында оқып жүргенде де талай рет концерттерге қатысып, күй тартып береді. Сөйтіп жүргенде оқуы да аяқталып, өзі туыш-өскен Қонырат (қазіргі Ақтогай) ауданына жолдама береді. Мұнда келген соң Ақтогай селосындағы Пионерлер үйіне орналасып, окушы балаларды ән айтуға, домбыра тартуға үйретеді. Балалардың концерттерін үйымдастырады. Кейін жаңадан салынған балалар бақшасына музика жетекшісі етіп алады, оған қоса жаңадан ашылған музика мектебіндегі домбыра класында сабак береді. «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің белді мүшесі болады. Оркестрге қатысады, сонымен қоса Тәттімбеттің «Көкейкесті», Аққыздың «Қайран елім», Шалғынбайдың «Бостандық» күйлерін орындал жүреді. Репертуарын жаңарту мақсатында Магауияның «Қосбасары» мен Нұргисаның «Арман» күйлерін үйреніп алады.

Сөйтін жүргенде (1974 жылы) Алматыдан бір топ өнер адамы келін, «Тоқырауын толқындары» халықтық ансамбліне байқау жасайды. Осы жолы таңдаулы он өнерпазды сол кездегі астанамыз Алматыға шақырады. Оның ішінде Гүлмара Рақымбекова да бар еді. Осы жолы күйшілік бағын көтерген «Арман» күйін теледидар арқылы корсетеді. Сол жолы дарынды домбырашы, сазгер, дирижер, кейіннен Халық қаһарманы болған, елінің еркесі Нұргиса Тілендиевтің алғысын алып, үлкен қуанышқа беленіп қайтады. Күйшігে қанат бітірген тағы бір оқиға мәдени қызмет көрсету шенбері ауданнан асып облыска, одан республика қолеміне жеткен «Тоқырауын толқындары» халықтық ансамблінің құрамында, Ұлы Жеңістің 30 жылдығына орай Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде өнер көрсетуі еді. Ансамбль екінші орынды жеңіп алған болса, Гүлмара Рақымбекова омырауына ВДНХ-ның Қола медалін жарқырата қадаған. Бұл да оның өміріндегі қуанышты, әрі өнерін өрістете беруге ықпал еткен елеулі оқиға еді.

Гүлмараның омірінде күйші, шертпе күйлерді шебер орындаушы, Арқаға аты мәлім күйші-сазгер Аққызы әженің орны

ерекіне деп айтуға болады. Ол туралы Гүлекен былай деп толғанады:

- Ақтогайдағы Мәдениет үйінде Ақкызы әжемен шыгармашылық кездесу болды. Сұнгақ бойлы, аққұба кісі екен. Мен бірнеше күн бойы қасына еріп бірге жүрдім. Сахнаға да жетектеп шығатынмын. Ол кісі Тәттімбеттің «Сарыжайлауын», «Сылқылдағын», «Бестөресін», Шалғымбайдың «Бостандығын», заманышың деулеңдер күйшісі Сармантайдың Ахметжанының «Елу сегіз» күйлерін орындады. Бұдан соң өзінің жүрегін жарып шыққан «Қайран елім», «Жетім қызы» сияқты шығармаларын, «Қосбасардың» бірнеше түрін тартты. Өзі күйлердің шығу тарихын айтып отырады екен. Күй тартар алдында домбыраны ұзақ қағып, ойланып барын бағстайды. Күйді өте шебер орындаіттын. Ақәженің сырлы да, сазды, лирикалық әуенге толы күйлерін керермен қауым жүртшылық үлкен тебіреніспен тындағы. Қонаққа барғанда да мені қасынан тастаған жоқ. Мен ол кісінің домбырасын көтертіп ертіп жүргенінің өзін үлкен бақыт санадым. Сол жолы әжеміздің «Жетім қызы» күйін үйреніп алдым.

- Қарағым, домбыранды тастама. Осы күйімді ұмытпай тартып жүр, - деп кеңес берген еді. Содан бері бұл күй менің репертуарымнан түскен емес...

Кезінде Жезқазганның облыстық радиосы Гүлмара апайдың орындауындағы күйлерді унтастаға жазып алғып, «Алтын қорға» қалдырып, эфирден үнемі беріп жүретін.

Сөйтіп, шертпе күйдің шебері атанған Гүлмара Рақымбекова:

- «Тоқырауын толқындары» халықтық ансамблінде Ақәженің ролін де сахнаға шығардым. Күйлерін тартып, жүртшылықтың ризашылығына бөленіп жүрдім. Осы ансамбльде әншілер Төлеу Аяғановамен, Оралтай Сүлейменовпен, Дәріға Ақатаевамен, күйші Жақсылық Омашевпен, сазгер, ансамбль жетекшісі Дәрттай Сәдуақасовпен және басқа тарландармен иық тіресе өнер жүгін көтерісіп, бірге жүрген күндерді сағынамын. Ол бір ұмытылmas бақытты күндер еді, - деп еске алады.

Осыдан алты жыл бұрынғы «Мәдениетті қолдау жылында» Ақтогай аудандық мәдениет бөлімінің бастамасымен «Күй күдіреті Аққызы әже» атты байқау өткізгенде Гүлмара Рақымбекова үш күй тартып, бас жүлдені жеңіп алады. Ал, сол жылы Ұлы Женістің 45 жылдығына орай өткізілген «Асыл әже. Ғасыр әже» атты аудандық байқауда «Күйші әже» атағын жеңіп алыш, дипломмен маралатталауды. Бұлар ол кісінің онер жолындағы жемістері болатын.

Гүлекен бұл күндегі әрбір қуаныш толқытқан сэттерінде әкесін еске алады. Ол мұндаидай жетістік елге сыйлы, өнерді пір тұтқан әкесінің тәрбиесі екендігін ешқашан ұмытпайды.

«Шәкіртсіз ұстаз - тұл» деген бар. Құдайға шүкір, Гүлекенің балалар бақшасынан бастап тәрбиелеп шығарған шәкірттері толып жатыр. Солардың көшпілігі Ақтогай ауданында тұрады.

- Сондай шәкірттерімнің бірі – өзімнің ұлым Ерлан еді. Оған төрт жасынан бастап күй үйрете бастадым. Алматыдағы өнер институтын бітірген соң «Жас толқын» ансамблін ұйымдастырып, жұмыс істеді. Бірақ, алдындағы армандаған үлкен мақсатына жете алмады. Жарқырап тұрды да, қүйрықты жүлдіздай ағып түсті. Ендігі шәкіртім – қызым Жанаттан туған жиен-немерем Айсұлу. Қазір ол Тәттімбет атындағы өнер коллежінде оқып жүр. Әнді тамаша айтады. Н.Нұрмаков атындағы №2 мектеп-интернатта оқып жүрген кезінде «Әниші балапан» байқауында жеңімпаз атанды. Астанада өткен «Бозторғай» байқауында лауреат атанып қайтты, - дейді Гүлекен.

Күйші әже бұл күнде қарап отырмайды. Қолына домбырасын алыш, күй шерткенді ұнатады. Өткен жылы Қарағанды қаласының 70 жылдығына арналған үлкен концертте Ақәжениң «Қайран елім» күйін орындал, Алғыс хат алды. Биыл Арқага мәлім күйші, сазгер, өзі ұстазы санайтын Аққызы Ахметқызының туғанына 110 жыл толуына арналып Ақтогайда өткізілген күй жарысында «Жетім қызы» күйі үшін облыстық Мәдениет департаментінің арнайы жүлдесіне ие болды.

Аққызы әженің шәкірті Гүлмара Рақымбекованың өнердегі жолы осындай.

2007 жыл.



## «ӨНЕРДІ АЯЛАЙ БІЛУ КЕРЕК»



Ақтогай өнірінде Дәртай Сәдуақасовты білмейтін адам жоқ. Қазір өл кісі «Тоқырауын толқындары» халықтың ән-би ансамблінің көркемдік жетекшісі. Оғы ұжымның өнер өріне өрлеуіне, контеген таланттардың қанаттаныш үшүйіна ұлken үлес қосқан адам. «Құрмет белгісі» орденімен, екі рет «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміе медалімен, «Үздік мәдениет қызыметкері» белгісімен марапатталған.

**Ақтөгай ауданының Құрмусті азаматы. Өткен жылдың соңын ала Республикалықтың еңбек сіңірген қызметкері атағына ие болды. Бала жасымыздан білетін, тартқан баянының әуенін тыңдаған оскен Дәкене жолығып, бірнеше сұрақ қойған едім.**

**- Дәке, сіздің музыканы болуыңызға, осы өнерге келуіңізге не себеп болды?**

- Халқымызда «Ұяда не көрсे - ұшқанда соны іледі» деген даналық сөз бар. Экем Мұқан күйіші, шешем Қауаш домбырада, мандолиннада ойнайтын, әнші-сауықшыл жандар еді. Отырған жерлері думан-той болатын. Соғыс жылдарында осы Ақтөгай ауданында 35 колхоз бөлды. Сол колхоздарды өтіз арбаның жармасына қызыл ту қадап қойып аралап, концерт қөйін, жадау елдің көнілін көтерген жандар еді. Сол кісілердің өнері әсер еткен болар.

**- Сіз де жастай ән салған боларсыз?**

- Әрине. Бала кезімнен домбыра тартып, өлең айттым. Мектепте көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысып журдім. Мектен бітірген 1957 жылы осы Ақтөгай аудандық Мәдениет үйіне келдім...

**- Содан бері осында келе жатырсыз гой?**

- Дәл солай. Міне, амандық болса, биыл 42 жыл болады. Бір балдаққа сүйеніп, 19 килограмм болатын баянды арқалап келе жатырмын.

**- Музыкалық біліміңіз қандай?**

- 1958 жылы тоғыз айлық баянистер курсын бітірғенмін. Кейіннен Тәттімбет атындағы музыкалық училищеде оқыдым.

- **«Тоқырауын толқындары» ансамблі Бірталай жерге барып өнер корсетті. Талай атақ-абыройга бөленді. Соның барлығы сіздің арқаңыз...**

- Жалғыз ғана менің арқам деу дұрыс боямас. Мен тек көркемдік жетекшіміш. Ол өнерпаздардың арқасы. Өзі осы Ақтөгайдың топырағы мен сұына өнер дарыған. Бұл кешегі

әнші Манаrbек пен Күләшті, күйші Аққызы анамыз бен Maғauия агамызды тудырған топырақ. Бұғінгі ұрпақтары солардың жолын жалғастыруда.

- *Ансамбльдің қазіргі аяқ алысы қалай деп ойлайсыз?*

- Қазіргі аяқ алысы да жаман емес. Өткен жылды Астананың тұсауқесер тойына барып, халықтың қошметеңне бөленип қайтты. Бұл өнер сүйер қауымның есінде қалар ұлken оқиға болды.

Енді бір айта кететін мәселе – өнерде де ұрпақ жалғастырыбы бар. Егер ол жастармен толығып отырмаса, тоқырап қалады. Сондықтан да, ізбасарлар даярлау мақсатында кәсіптік мектеп жанынан «Тоқырауын түлектері» деп аталатын ансамбль құрдық. Ол 1996 жылды Үндістанның астанасы Дели қаласында өнер корсетіп қайтты. Ансамбльдің болашағы жастардың қолында.

Бұрын репертуарымызда 35-36 би бар болса, енді оған жаңадан тағы бірнеше би қосылды. Аудан әкімшілігі өнерге қатты көңіл бөледі. Соның арқасында ұжымымыздың шеті де кетілген жоқ. Соған тәубе дейміз.

- *Онер айдынында еркін жүзін, болашақта ізбасар болатын өркендер бар гой?*

- Әрине, бар. Өкшемізді басқан ересектердің бывай қойғанды жас жеткіншек балалардың өзі бір инөყыр. Олардың көвшілігі бұрын Жезқазған облысы болып тұрганда, кейіннен Қарағанды облысына қайта қосылған соң «Әнші балапан» байқауында жүлдегер атанған: солардың ішінен Гүлмира Тілеубергенова, Айнаш Жармағамбетова, Толқын Жәкібаева, Дархан Шәшібаев, Гүлжанат Қожамбаева «Тоқырауын толқындарын» өлтірмейтін, соны әрі қарай жалғастыратын ұрпақтарымыз деп сеніммен айтуга болады.

- *Дәке, сіздің сөзіңізді тыңдал отырып мына нарықтың тарының кезеңінде Ақтогай өнеріне огейлік келмеген екен деп ойлауга болатын сияқты...*

- Ол рас. Эр халықтың өзінің әдебиеті мен өнері бар. Өнерсіз халық болмайды. Менің ойымша, өнердің қай түріне болма-

сын қамқорлық жасамаса, жетім қалады. Өмірде болып жатқан қызық пен қыншылықты халық көрсе, халықтың бел орта-сында өнер адамдары жүреді. Нарықтың ауыртпашилығы бізге де әсерін тигізбей отырган жоқ. Дегенмен «көппен көрген ұлы той». Еліміздің іргесі аман болын. Аудан әкімінің, қолында билігі, қаржысы бар басқа да адамдардың қамқорлығының арқасында қыншылық көріп отыргамыз жоқ деуге де болады.

**- Өзініз өмірде нені мұрат тұтасыз?**

- Абай атамыз «Сен де бір кірпіш дұниеге, кетігін тап та бар қалан» деген ғой. Ақтогай топырағында туып-өскендіктен сондағы өнердің бір кірпіші болсам дегенді мұрат тұтқан едім. Әйтеуір 42 жылдан бері сол өнер жолында келе жатырмын. Еңбегімнің бағасын халық беруде. Ендігі мұрат - өнеріміз өлмей, өркендей берсе еken, өмір толқыны жағаға шыгарып тастағанша ансамбль құрамында жүре берсем еken деймін.

**- Сіздің жай музыканың қана емес, бірнеше ән шыгарғаныңызды да білеміз. «Ақтогай - алтын бесігім» атты әнніңіз бүкіл аудан халқының гимні сияқты...**

- Иә, мен ақындар К.Салықовтың, А.Бекеновтің, Б.Омаңевтың «Толқиды Тоқырауын толқындары», «Ақтогай - алтын бесігім», «Екінші тыңың ерлері» өлеңдеріне, Үнді еліне барған сапарда «Қазақстан – Үндістан» өлеңіне ән шыгардым. Ол әндер казір де сахнадан түспей, үнемі орындалып жүр.

**- Отбасыңыз ...**

- Отбасымды айттар болсам - зайыбым Зина ансамбль мүшесі, сопрано дауысты әнші. Қазір зейнеткер. Бірақ, сонда да әлі сахнаға шығып тұрады. Он баламыздың алтауы үйленген. Немерелеріміз бар.

**- Әңгімеңізге көп рахмет. Алған атагыңыз қайырлы болсын. Өнеріңізben Ақтогай өнірін әнге бөлеп жүре беріңіз.**

**2003 ж.**

ЕСКЕРТУ: Бұл күнде Дәртай агамыз бақылық болған.



## МӘЙНАНЫҢ МӘНДІ ҒҰМЫРЫ

Ақтогайда өзінің мәнді ғұмырымен жүртшылыққа үлгі боларлық азаматтарымыз көптеп саналады. Солардың бірі – қазіргі кезде аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы қызметін абыройлы атқарыш жүрген Мәдениет Түгелбайұлы Сәтеков деп сенімді турде айтуға болады.

Мен ауымыз Ыстыбұлақтағы сегізжылдық мектепті бітірген соң Ақтогайды М.Горький атындағы №1 орта мектепте оқуымды жалғастырдым. Бұл 1962-1963 оку жылы еді. Тоғызынышы сыныптан соң бірінші қыркүйекте оқуга келсек, мектебіміздің директоры өзгеріпті. Аудандық партия комитетінде қызмет атқарған, одан бұрын аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған Мәдениет Сәтеков деген кісі мектебімізге басшы болып келіпті. Біздің ауданда сол кезде тек жалғыз ғана екі қабатты қоңыр гимарат болған. Ол біздің мектебіміз еді. Сол мектептің біз бірінші қабатында оқыдық. Мектеп директорының өзі алгебра



мен геометрия пәндерінен сабак жүрізді. Ол кезде Аскар Сейдахметов қоғам танудан, Елубай Адамбаев тарихтан, Жанәділ Сапарғалиев ауыл шаруашылығы машиналарынан, Сағади Мыңшалов географиядан, Токен Тыныбеков неміс тілінен, Дәркен Жұмағұлова астрономиядан, Әзімхан Нұрланов физикадан, Жарылғап Тохметов пен Ғаниден Әбдірахманов машинанудан сабак жүргізетін.

Сырт қарағанда өте қатал адам сияқты болып көрінгенмен, Мәдениет Сәтеков мұғаліміміз негізі жұмысқ, сабакты беріле түсіндіріп, жақсы жауап берсек, жаны жадырап қалатын жайдары адам екендігін байқадық. Басында директор болған соң қызыллатын едік, үйрене келе еркін отыратын болдық. Осы кезде мектептің оку-тәрбие жұмысымен қатар, әлеуметтік жағдайының жақсара бастағанын біліп жүрдік. Мектеп жанындағы интернаттың жұмысы жақсы жолға қойылды, мектептің жөндеу жұмыстары уақытымен атқарылды. Спорттық заттар сатылып алына бастады. Бала болсақ та осының барлығын байқайтынбыз.

Біз оқу бітіріп кеткен соң екі-үш жылдан соң Мәкең аудандық кеңес атқару комитетінің мәдениет бөліміне бастық болып ауысты. Осы кезде де талай істерге мұрындық болды. Аудан мәдениетінің өркендеуіне елеулі үлес қосты. Қазіргі заманауи Мәдениет үйінің салынуына, бұрынғы коркемнерпаздар ұжымының халық театры атағын алудына ерекше еңбек сінірді.

Ол кісінің бұдан соң аудандық тұтынушылар одағын басқарғанын қайтерсін?! Бұрын ешқашан да сауда саласында қызмет іstemегеніне қарамастан, Мәкең бұл қызметті де үршықтай үйіріп әкетті. Сол жылдары аудандық кеңес атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. Аудандық тұтыну одағы сан мәрте Қазақ тұтыну одағы мен Орталық тұтыну одағының ауыспалы Қызыл туымен марапатталады.

Одан соң аудандық атқару комитеті жоспарлау бөлімінің аға экономисі болады. Біраз жыл Ақтогай селолық атқару комитетінің

терағасы қызметін де атқарды. Осы кезде аудан басында бірталай жұмыстар жүргізін, талай көшені жөндетуге, асфальт төсетеуге, оларды тазалатуға және ағаш отырғызуға ықпал етті.

Ал, аудандық киноторабтың директоры болған бір жыл ішінде ғана талай жұмыс тындырды. Семей қаласынан бір вагон силикатты ақ кірпіш әкелін, кинотораб мекемесі отырған үйдің сыртын қаптатып, күрделі жөндеуден өткізуғе басшылық жасады.

Бұдан кейін аудандық тұтыну қоғамының дайындау кеңсесінің директоры болған кезде де қарап отырған жоқ. Аудан сыртында оқшау, Шатыршаның бауырында орналасқан шаруашылық базасына жоғары вольтті электр желісін тартқызып, көтерме жол салғызып, облыс көлеміндегі алдыңғы қатарлы дайындау кеңсесі деңгейіне жеткізуге үлкен еңбек сінірді.

Уш жылға жуық республикалық жинақтаушы зейнетақы қорының аудандық филиалында өкіл қызметін де абыроймен атқарған болатын. Бұдан кейін Ақтогай ауданы әкімдігінің құрылуына байланысты бес жыл бойы зейнеткерлікке шыққанынша әкімдіктің алғашқы аппарат жетекшісі қызметін тастай қылып жүзеге асырды. Әкімдіктің құжаттарының қалай жүргізілуі керектігіне негіз салды деп айтуда әбден болады.

Негізі қарап отырсақ, Мәкеннің атқармаған қызметі шамалы. Былай қарағанда өзінің негізгі мамандығы математик-мұғалім болғанымен, аудандагы мекемелердің біразын басқарышты. Соған қарағанда ары да таза, қолы да таза, ешкімнің ала жібін аттамаган, қандай істі болмасын алға бастырып алып кететін алғырлығын пайдаланып, аудан басшылары күрмеуі қын, арқауы осал тартып бара жатқан орындарды нығайту үшін жіберіп отырған болуы керек деп ойлаймын мен осы күні.

Бірақ, қызметпен көзін ашқан, артынан бір ауыз жаманат сөз ермеген, Ақтогай ауданының экономикасы мен мәдениетін көтеруге және саяси жұмыстарды жүзеге асыруда ел үшін

қырық жылға жуық еңбек еткен азамат қарап отыра алмады. Сол кезде ауданда ардагерлер үйымы құрылып, ардагерлер осы үйымға басшылық жасауға Мәдениет Түгелбайұлы лайық деп тапқан болатын. Міне, сол қызметті Мәйна әлі қунге дейін тапжылтпай атқарып келе жатыр.

Иә, айтпақшы, аудан халқы Мәкенді құрмет тұтып, Мәйна деп атайды. Бұл – ол кісіге деген зор құрмет сияқты есім.

Тағы бір айта кететін мәселе – Мәйнаның әкесі Түгелбай ақсақал жайлышы. Ол кісі Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Атасы атақты ақсүйектің тұқымы, руы Найман, кезінде Шыңғыстау болысының атақты биі болған Мәкіле деген кісі екен. Кеңес үкіметі құғын-сүргінге ұшыратып, маза бермеген соң Түгелбай ақсақалдың әке-шешесі Қытайға өтіп кеткен. Түкен болса, әкесінің есігінде жүрген тақыр кедей Сәтектің атына жазылып, руы Керей болып, «оқуға жіберілді» деген анықтамамен Семейге кетіп қалыпты. Семейге келіп жұмыс істей жүріп, қаржы техникумын бітіреді. Осында сауда мектебінде оқытын Қадиша деген қызben екеуі үйленеді. Кейін Алматыда Қаржы министрлігінде істеп жүрген кезінде Қарағанды облысына жолдамамен жіберген екен. Облыстың оны сол кездегі Қоңырат (кейін Ақтөфай) ауданына аттандырады. Аудандық қаржы бөлімінің бас бухгалтері болып 1937 жылдан 1956 жылға дейін, одан соң Жанаарқа ауданында қаржы бөлімінің бас бухгалтері болып 1985 жылды зейнеткерлікке шыққанша еңбек етеді. Кейін Қарағандыға көшіп келіп, 1987 жылды дүниеден озды. Бұл туралы шежіреші Тұрсынбек Жақсыбайұлы «Талапай мен Тайталас» атты кітабында («Арко» баспасы, Қарағанды, 2012 ж.) «Шежіре ашқан сыр» деген тақырыппен жан-жақты, түсінікті өтіп жазып шығыпты.

Мұндағы айтпағым – Түкен балаларынан өзінің өмірбаянын жасырып кеткен. Мәдениет те, Әдебиет те, Серікбай да бұл жайдан хабарсыз болған. Оны айтуға үкіметтеген қорыққан. Не болса да ішімде кетсін, балаларыма кесірім тимесін деп

ойлаган ғой. Ал, агайынды үшеуі де жақсы қызметтер атқарды, елге сыйлы, жұртқа қадірлі болды. Мәйнаны аудан халқы әлі күнге дейін құрметтейді.

Нагашылары да өсал адам болмапты. Шешелері Қадишаның әкесі Бекмағамбет Рысбеков Тоқырауын болысының соңғы болысы болышты.

Негізі кезінде үстазымыз болған Мәйнаны аға дегенімізben, бізге бір жағынан жездे болып келеді. Ол үйдегі сонау жылдары Меккеге барып, қажы болып келген, мұсылмандықтың туын жоғары ұстап жүрген, отасқандарына жарты ғасырдан асқан, жоғары білімді ұстаз Дәкен Күзембайқызы біздің туысқан әпкеміз. Бұл кіслердің отбасында жеті бала дүниеге келген еді. Олардың барлығы да жоғары білімді, қазір егемен еліміздің көркеюіне үлес қосып, салық инспекциясы саласында, ішкі істер органдарында, прокуратурда, байланыс саласында, өрт сөндіру бөлімінде абыройлы қызмет атқарып жатыр, бизнеспен айналысып жүргендері де бар.

Сейтіп, әлі күнге дейін қызметтен қол үзбеген Мәдениет Сәтеков Тәуелсіз Қазақстанның талай медальдарымен марапатталды. ҚР Президентінің сайлауы және Парламент пен мәслихаттың сайлаулары кезінде белсенділік танытқаны үшін Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың Алғыс хатына екі рет ие болды. Ақтогай ауданының Қурметті азаматы.

Міне, осындаі халқына қалтқысыз қызмет атқарып жүрген Ақтогай аудандық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы Мәдениет Сәтеков ағамызға зор денсаулық тілейміз. Ол кісінің мәнді өмірі кейінгілерге үлкен үлгі-өнеге екені сөзсіз.

**2015 ж.**



## ЕҢБЕГІМЕН ЕҢСЕЛЕНГЕН



Еңбекімен елге танылып, еңсесі биік жүрген ардагер ақсақалдарымыз, Құдайға шукір, арамызда әлі баршылық. Солардың бірі – қазір Ақтогай ауданының Сарытерек ауылында тұратын Ракымберлі Сейдіғалиев ақсақал.

Алғашқы серіктестікті, артельдердің қалай үйымдастырылғанын, отыз екінің ойранын, отыз жетінің зұлматын, қырық бірдің қыын жылдарын көрген қарияның айтар әңгімесі, жастарға берер өнегесі аз емес.

Ол Ұлы Отан соғысына қатыспаса да тылда еңбек етіп, талай бейнетті басынан өткерген. Соғыс жылдарының қысталанаң, зары мен запыраны есінде берік сақталған. Сол жылдардагы көргендерін енді ешкімнің басына бермесін деп тілейді.

Ағасы соғыстан бұрын міндетті әскерге алынады, экесін еңбек армиясына аттандырып жібереді де, үйдегі бас көтерер жалғыз өзі болып қалады. Таңың атысынан құннің батысына дейін тыным таппай колхоздың жұмысында болады.

- Бір күні, - деп еске алады соғыс жылдарындағы бір оқиғаны Рақаң, - аудандық партия комитетіне шақырды. Барсам - ішінде қартайған бір шал мен кемпір бар он бес немістің баласын өгіз шанама мінгізіп жіберді. Үйге алын келдім. Әкем салған екі бөлмелі үй бар. Соның тортің бөлмесіне кіргіздім. Біз не ішіп, не жесек, олар да соны ішіп-жеді. Олар қазақша білмейді, біз немісше білмейміз, ымдасып жүріш сәйлесеміз. Ағаш арасынан барып қураган отын әкелеміз. Өйтіп-бұйтіп күн көрдік...

Рақаң соғыс аяқталған соңда колхоз жұмысынан қол үзбейді, қайда жұмсаса сонда барады. Үздік еңбегінің нәтижесінде Мәскеудегі Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып қайтады.

Қарағанды қаласындағы алты айлық курсты бітіріп, бухгалтер мамандығын алады. Осы мамандық Рақаңа өмір бойы азық болған екен. Тың көтерілгенге дейін Ақтогай ауданындағы 35 майда колхоз ірілендіріледі де, оның саны кейін 11 болады. Сол кезде Рақаң «Сәуле», Пушкин және Киров атындағы колхоздардан біріккен «Коммунизм» колхозына бухгалтер болып барады. Бұдан соң біраз жыл Ішкі істер халық комисариатының комсомол хатшысы болып та қызмет атқарады. 1954 жылғы наурыз айында өткен пленумдағы тың игеруді қолға алу туралы қаулыға байланысты оны қайтадан ауыл шаруашылығына жібереді. Енді ол тың игеруге белсене араласады. Сол жылдарда қарамағында жеті колхозы бар МТС- та енбек етеді.

Рақаңның өміріндегі енді бір үлкен оқиға ауыл шаруашылығы басқармасының құрылуы еді. 1963 жылы колхоздар таратылып, совхоздар құрылады. Бұрынғы ауыл шаруашылығы бөлімінің аты өзгерін, ол Қазақ КСР Дайындау министрлігінің басқармасы болып құрылады. Қоңырат ауданының аты өзгеріп, енді Ақтогай ауданы деп аталатын болады. Шет ауданы Ақтогай ауданына қосылады. Осы кезде ауыл шаруашылығы басқармасының есеп-қаржы бөлімінің бастығы әрі бас бухгалтер етіп Рақаңды тағайындаиды. Жаңа құрылған меке-

меде алғашқы жұмысты бастау қашан да қиын. Бірақ, Рақаң ол қындықтардың барлығын женіп, басқарманың қаржыға қатысты жұмыстарын дұрыс жолға қоя білді.

Біраз уақыттан соң ол кісіні Балқаштағы дайындау кеңесінің бастығы етіп жібереді. Мұнда Қызылбалық, Қараашығанақ, Лепсіде екі дайындау кеңесін ашады. Онда малдың етін, жүнін, терісін, ондатр, тұлқи терілерін дайындаپ, мемлекетке өткізеді. Бұл кездегі бір еңбегі - бұрынғы ескі қойманың орнына жаңасын салғызуы еді. Өйткені, дайындалған шикізат өнімдерін ескі, жаңбыр жауғанда төбесінен су агатын қоймада сақтау қолайсыздық туғызып, бұліне бастайды.

Рақаң мұнда да көп отырмаган. 1965 жылы Шет ауданы қайтадан бөлінеді де, Рақаңды сонда аудандық тұтыну одағына төраға етіп жібереді. Ол кезде сен барсың ба, жоқсың ба – ол жағын сұрамайтын. Партия комитеті өзі билеп, өзі төстеп, бекітіп жіберетін. Бұл жолы да солай істейді.

Үш жыл өткен соң Ақтоғай ауданына санақ (статистика) бөліміне менгеруші етін жібереді.

Одан соң «Ақтоғай» совхозында селекционер-зоотехник болып та қызмет атқарады. Сол кезде Алматыда өткен мал тұқымын асылдандыру және озық тәжірибе алмастыру ісін ұйымдастыру туралы өткен семинарға қатысады. Өйткені, бұл кезде «Ақтоғай» совхозында қой тұқымын асылдандыру жөніндегі ферма болады. Оған қоса бұл шаруашылық ірі кара мен жылқы түлігін өркендетуде республика боиынша алдыңғы қатарда болады.

Бұдан соң жаңа құрылған Ақадыр ауданына санақ бөлімінің бастығы болып барғанын, сол кезде қазіргі облыстық Мәслихаттың хатшысы Қ.Медиевпен бірге қызмет атқарғанын аузынан тастамай айтып отырады.

Рахаңның тағы бір тамаша еңбегі зейнеткерлікке шыққан соң басталыпты. Сол кездегі Ақтоғай ауданындағы бірінші хатшы С.Тоқыметов бұл кісіні: «Өзім науқаспышын, ондай қиын

жұмысты атқаруға мүмкіндігім жоқ қой» дегеніне қарамастан «Ақтогай» совхозына селекционер етіп жібереді. Бұл кезеңді Рақаңбылай еске алады: «Барсам, совхоздағы қозылар мен кошқарлардың ірілерін іріктең алып, етке өткізіп жібереді екен. Селекциялық жұмысқа мән берілмей койған. Соны қолға алдым. Бақанаас асыл тұқымды мал совхозынан 200 тоқты қошқар сатып алышты. Оның өзі поезден Балқашқа дейін әкелінген. Жолда 5-6 күндей жүріп қалады екен. Мен мұны тоқтаттырып, екі «КамАЗ» тіркемесімен алыш, 190 қошқарды сонымен әкелдік. Күзде күйекке қостым. Бұдан басқа да көптеген асыл тұқымды малды басқа да шаруашылықтардан тасыдық. Содан келесі жылды асыл тұқымды малды өзіміз сата бастадық. Бұған дейін асыл тұқымды малды ешкім сатпаған той. Сөйтіп, шаруашылыққа 400 мың сом кіріс әкелдім. Бұл 1987 жыл үшін аса көп қаржы болатын. Міне, менің осындай еңбекім еш кеткен жоқ, кейінгі жастар, ауыл адамдары еске алыш, айтып отырады...»

Рақаң қазір көптеген үрпақ өсірген, олардан немерес-шөбере сүйіп отырған бақытты атанаң бірі. Кезінде аудан және облыс басшылары қайда жұмсаса, сонда барған, өзіне тән алғырылышпен еңбек еткен, қай салада болмасын жанын сала қызмет істеген адам. Сондықтан да, бүгінде секеннің сенгіріне шыққан Рақымберлі Сейдіғалиев сияқты ардагер акса- қалдарымызды қалай құрметтесек те, қандай атақ берсек те, артық емес.

**Қазан, 2004 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Еңбек ардагері Рақымберлі Сейдіғалиев ақеақал бүгінде бақылыш болған.



## ОЛ БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ ЕМЕС (Бір суреттің сыры)



Өмірде не түрлі қызықтар бола береді гой. «Белгісіз солдат» аттынып, бір кезде бұкіл Кенес одағына почта ашық хаты арқылы тараған бір суреттегі мұртты жауынгердің Ақтогай азаматы болғандығы таңдандырмай қалған жоқ. Менің мұндай таңданысыма Ақтогай селосында тұратын зейнеткер, шежіре жинаушы Тұрсынбек Жақсыбаев ағамыздың бір әңгімесі себепші болды.

Мен Тұрсекенді бала жасымнан білемін. Сарымның Тоқсары ата-

сынан тараған ұрпақ болғандықтан екінші шешеміз жағынан нағашыңмын деп жүреді де, Қарағандыға келген сайын хабарласпай кетпейді. Ол кісінің бір машины – шежіре жинау. Әкесі Жақаң марқұмның бастап жазып кеткен шежіресін жалғастырып жүр. Сол жазбалардың басын біріктіріп, 1998 жылы «Шежіре» атты кітап бастырып шығарған. Онда Тоқсары атасынан бастап қазіргі жүрген ұрпақтарына дейін түгел та-

ратып беріп, бір үлкен игілікті іс атқарған еді. Енді ол кісі Ақтогай өңіріндегі қожа, сарт, ногай, тәре, қыргыз руладының шежіресін жинап, жеке кітап етіп бастырсаң деген мақсатпен жұмыс істеуде.

Бір жолы келгенде осындаш шаруамен бұрын Тоқырауын ауданына қараган «Айыртас» совхозына шежіре жинап барған кезде Максұт Құлмағамбетұлы деген азаматқа жолыққанын, оның әкесінің суреті бір кезде «Огонек» журналына «Белгісіз солдат» деп басылғанын және бір жолы Жеңіс күніне арналған құттықтау ашық хатта (открытка) басылғанын айтты. Соғыс кезінде үйіне жіберілген суретін, саргайған газеттердегі суреттерді көрсетіпті.

Мұндай дерекке елең ете қалдымда, Тұрсекенде сол мәселенің анық-қанығын жан-жақты біліп, фотосуреттерді ала келуді тапсырған едім. Бір-екі ай шамасында қайтадан оралған Тұрсекен бір топ суретті алдыма жайып салды. Өзі шежіреші адам ғой, әңгімені әріден бастады:

- Бұл Құлмағанбет Смағұлұлы деген кісінің ұлты негізінен ногай. Ата-бабаларының қазақ жерінде келіп тұра бастағанына бір жарым гасырдан асқан. Содан ногай ұлты казаққа сіңіп, руға айналып кеткен. Смағұлдың әкесі Ахмет молда болыпты. Әкесі өлген соң оның орнына Смағұл тағайыпдалады да, ауылда «указной молла» атанип кетеді. Осы Смағұл молдан Сәпи, Уәпи, Елмағанбет, Аймағанбет, Құлмағанбет, Сейтмағанбет, Тишим, Күләнда, Бәтен тұған. Бұлар туралы шежіреде таратып жаздым, - деп бір тыныстады Тұрсекен.  
– Ал, Құлмағанбеттің өзіне келетін болсақ, ол 1902 жылы



туған, жасынан оқыған, сауатты екен. Атақты революционер Угар Жәнібеков Қарқаралыда «Қара түрменің» бастығы болыш тұрған кезде бұл соның қарауында хатшылық (писарь) қызметін атқарған. Әуелде броньмен қалып, 1942 жылы соғысқа өзі тіленіп аттаныпты. Орыс тілін де біршама жақсы менгерген. Эйгілі қолбасшы Рокосовскийдің армиясындағы бір дивизияның штабында писарь болған екен. Барлаушылық та қызмет атқарыпты. «Белгісіз солдат» болыш тарап кеткен суретке арнайы тапсырмамен барып, немістің бір офицерін ұстап әкелгенде түскен. Күлекең әскерден аман-есен оралған соң аудандық май заводында бас бухгалтер болып істепті. Содан 1957 жылы қайтыс болады. Бейіті қазір Токырауын озенінің бойындағы ата-бабалары жатқан ногайлар қорымында.

Тұрсекең алдыма жайып салған суреттерге қарап отырмын. Бірінші суретті Құлмағанбет Смағұлұлы 1944 жылы майданнан Ақтогайда тұратын өзінің үйіне салған. Бұл сурет 1963 жылы ақпан айында «Огонек» журналының Стalingradты азат етудің 20 жылдығына арналған санында екінші бетте «Белгісіз солдат» деген атпен жарық қөреді. Мақсұт экесінің суретін танып, неліктен «Белгісіз солдат» болғанын түсінбей, таң қалады.

Сөйтіп жүргенде, 1984 жылы Мәскеудің «Плакат» баспасы Женіс күніне арнап 1 млн. 300 мың дана етін ашық хат (открытка) басып шыгарады. (Бұл екінші сурет). Онда да сол экесінің журналға шыққан суреті бейнеленіпті. Суретті түсірген Я.Рюмкин, безендіруші В.Колпачников.

Содан тыныш жата алмаган Мақсұт «Огонек» журналына хат жазады ғой. Олардан: «Сіздің әкеңіз 13-ші армияда қызмет еткен. Жақсы барлаушы болыпты. Ол туралы Борис Полевойдің «Наступление» деген кітабында жазылған», - деген жауап келді.

Бұдан басқа да бірталай жерге жазғанымен басқа дерек ала алмайды.

«Бабаларымыздың өзі бір кездері казақ жеріне келіп пана тапса, одан кейінгі біздің аталарамызга «қожа молла, халық жауы» деген айдар тағылып, қудалауға түссе, біз жасқаншақ болмаганды кім жасқаншақ болсын?! Одан әрі ешқайда жазып «Белгісіз солдат» болып жүрген әкем Құлмаганбет екенін дәлелдей алмадым», - деп налиды екен Мақсұт. Бір кезде ол әкесінің суреті шыққанының өзіне мәз болыпты. Енді: «Ол суреттер «Белгісіз солдат» емес, қазақ жауынгері Құлмаганбет Смағұлұлы деп аталса» дегенді арман ететін көрнеді.



Сейтіп жүргенде осы сурет баспасөз бетінде тағы жарық көреді. Бұл жолы оны бір кезде Алматыда шығып тұрган «Халық кеңесі» газеті өзінің 1991 жылғы 22 маусымдағы ала-пат соғыстың басталған күніне орай шығарылған санында «Отан солдаты» деген атпен басқан екен.

Ал енді Құлмаганбет Смағұлұлының 1951 жылы түскен суретін (Үшінші сурет) жарияладап отырмыз. Осылардың барлығын салыстырып қараңыздаршы, шын мәнінде барлығы бір-ақ кісі емес пе?!

Сонда ол беймәлім «Отан солдаты» емес, Қарағанды облысы, Ақтогай ауданының тумасы, «Қызыл жүлдэз» орденді Гвардия жауынгері Құлмаганбет Смағұлов болып шыгады. Ерлігі елге мәлім болмай қалған тағы бір қазақ солдаты біздің жерлесіміз екен. Шіркін-ай, қаншама адам осылай белгісіз болып қалды екен?!

2009 ж.



## ӨТКЕН КҮН ӨРНЕКТЕРІ



Кейде бір көңіл толқыны өткен күндердің елесін көз алдыңа әкелетіні бар. Сондайда сонау туып өскен жер, балалық шақ, балғын кездің неше құлы оқигалары еске түседі. Бірге өскен, бірге жүрген дос-жолдастар Бақыт, Өмірәлі, Тұрысбек, Есен ойыма жін оралады. Солардың ішінде мен үнін Өмірәлінің орны ерекше бол көрініп тұрады. Өйткені, біздің әкелеріміз жаз бойы Ақтас өзенінің бойында жайлауда мал бағып, қатар отыратын. Жаз бойы бір-бірімен аласып, күзде қыстауга көшерде қимай қоңтасушы еді. Ал, біз болсақ бірге ойнап, жаз бойы өзенге шомыльшып, сүйнан балық аулап, мәз болатынбыз.

Оның әкесі Смайл ақсақал Ұлы Отан соғысының ардагері, бір қолынан жарақат алған мүгедектігіне қарамастан, колхоздың, одан соң совхоздың малын бақты. Шәрбан шешеміз екеуі осы ұлынан үміт күткен болуы керек, окуынан қалдырмай, мектептің интернатына жатқызып оқытты.

Менің ескі велосипедім болатын. Оның өзінің алдыңғы білігінің шаригі шашылған. Оны жөндейтін бөлшектері жоқ

болғандықтан, шиқылдатып мініп жүре беретінмін. Сол велосипедке мінгесіп, ауылдан Өмірәлі екеуміз он жеті-он сегіз шақырымдай жердегі жайлауга барғанымыз әлі есімде. Сонда Берікқараның кезеңін түсे бере әбден қажалып біткен алдыңғы білік екеуміздің салмағымызға шыдамай, үзіліп кетіп, омақаса құлаған едік. Сөйтіп, мініп шыққан көлігіміз өзімізге жүк болын, үйге зорға жеткеніміз бар. Бұл біздің сан «хикаяларымыздың» бірі гана.

Сол Өмірәлі ауыл шаруашылығының маманы болуды қалады. Сегізжылдықты бітірген соң Қарқаралы зооветеринарлық техникумына түсіп кетті. Оны ойдағыдай бітіріп келген соң, ауылда біраз жыл қызмет атқарды. Ол кезде ауру қойлар (ЛСП) бөлек бағылатын. Сол пункттің менгерушісі болды. «Ақсақ-тоқсақты құрттағаннан басқа жұмыс таппадың ба?» деп қалжындастырымын. Өмірәлі ондайда ақырын жымиятын да қоятын.

Сөйтсем, оның өз есебі өзіндегі екен. Ауылды тастап, аудан орталығына көшіп алды. Онда көп жыл бойы аудандық ветбаклабораторияда ага мал дәрігері (серолог) болып істеді. Қызметінде абырайсыз болған жок.

Енді біраз жылдан кейін кездескенімде, Өмірәлі аудандық энергетика саласына ауысыпты. Бұл салада ешқандай білімі жок, тоққа түсіп қалмас па екен деп жүрсем, ол қашан да әріден ойлайтын әдетімен Ресейдің Иваново қаласындағы Энергетика институтын сырттай оқып, бітіріп алыпты. Сол салада, яғни, содан аудандық партия комитетінің тапсырмасымен көп салалы коммуналдық шаруашылық мекемесінде, кейіннен құрылған «Сельхозэнерго» мекемесінде жиырма жылға таяу уақыт базышылық қызметте еңбек етті. Ол осы бейнетті, қас қагым сәттегі қаупі мол саланы таңдал алғанына бүгінгі күні өкінбейді. Өйткені, ол осы қызмет арқылы өзін-өзі шындаған болді.

Өмірәлінің бір кезде денсаулығына байланысты энергетика саласынан сәл де болса қол үзіп кеткен шағы болды. 1999 жылдың жаз айларында аудан көлемінде еш жерде электр қуаты

болмай қалған кездер кездесті. Оның басты себебі – тұтынған электр қуаты үшін халықтың ақша төлемей қоюы еді. Электр қуаты да – тауар. Ал тұтынған тауар үшін ақы төлеу керек. Ондай болмаған жағдайда кім тауарын тегін береді?

Мұндай іспен табанды айналысып, халықтың көкейіне жол таба білу керек. Жарықтың болмай қалуына олардың өздерінің кінәлі екендігіне көз жеткізу қажет еді. Өмірәлі осылай істей білді.

Бұл оқиғаның да өз тарихы бар. Сырқаттанып қалған Өмірәлі емделіп жүрген. Бір күн сол кездегі аудан әкімі Төлеужан Ахметбеков телефон соғып, аудан орталығындағы электр қуатына ақша жинастын мекеменің жұмысын өз қолына алуын өтінеді. Энергетика саласындағы жұмысты біршама жақсы билетін ол бір кезде осындаі өтініш айтқан болатын. Енді соның реті келіп қалған екен. Содан бұл бас тартқан жок. Денсаулығы аздал қалпына келген соң жұмысқа кіріскең.

Бұл бір қын шақ болатын. Сондықтан да, оны жолға қоюдың ең басты кепілі бұл мекемені жауапкершілігі шектеулі серіктестік етіл қайта құру деп тағты. Басындағы үйі мен астындағы машинасын кепілдікке қойын, мекемені қайта құрды. Қашанда алға қойған міндеттінен нәтиже шығара біletін Өмкең бұл жолы да мұлт кеткен жок. Алған бетінің дұрыстығын қазір өмірдің өзі дәлелдей отыр. Содан бергі уақыт ішінде, алты жылдан асып барады, халыққа электр қуатын беруде әлі бір үзіліс болып көрген жок.

Сейтін, «Энергия» ЖШС директоры Өмірәлі Смайллов әлі күнге дейін жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етін келеді. Күндіз-түні ойлайтыны – өзі басқарып отырган серіктестіктің жағдайы. Бұл дегеніңіз – халықтың қамы. Егер бұл серіктестіктің жұмысы дұрыс болса, онда халыққа электр қуаты үздіксіз беріліп тұрмак. Ал, энергетика дегенниң қазіргі кездегі маңызының қаниналықты екендігі айтпаса да түсінікті.

Серіктестік болып құрылған алғашқы жылдары қындықтар көп кездесті. Ол кезде ең төменгі жалакы 1800 теңге болып, коммерциялық шығын 30 пайызды құраған еді. Қызметкерлердің сондай жағдайда жұмыс істеуіне тұра келді. Қазір бұл көрсеткіш

жақеарды. Ең төменгі жалақы 9600 теңгеге жетіп, коммерциялық шығын 8,85 нағызызды құрап отыр. Бұл – ұжымның және оның басысының табанды еңбегінің жемісі. Алдағы уақытта шығынды барынша азайту мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін ескі электр есептегіштерді, ескі сымдарды жаңасына айырбастау, басқа да жұмыстар атқарылу үстінде.

Әңгімелесе қалсаныз, айтатыны – энергетика саласының жабдықтарының тозып, ескіріп бара жатқандығы. Оны көріп, байқап жатқан ешкім жоқ. Басқасын айтпағанның өзінде, тартылған сымдарының өзі үзік-үзік, қырық жамау. Жалғамалы, жамау заттың ғұмыры ұзақ болмайтыны белгілі.

– Бұл энергетика деген саланы дамыту Үкімет бағдарламасына енбекен нәрсе десем қателеспеймін. Әсіресе, ауылдық жердегі энергетика саласының жабдықтары ескірген. Осы мәселеші баспасөз бетінде сан рет жарияладым. Бірақ, оған селт еткен жан жоқ. Біздің саланы басқаратын басшылардың басқа ұлт өкілдері болғандықтан менің қазақ тілінде жазылған мақалам оларға жетпейді, – деп кынжыла әңгімелейді Өмірәлі. – Шын мәнінде энергетика саласына көніл бөлөтін уақыт жетті. Ертеңі құні кеш болуы мүмкін. Ақынған ауруды емдегеннен гөрі оның алдын алу оңай рой.

Бұл жалғыз біздің Ақтогайдың ғана емес, барлық қазақ аудандарының басында бар жағдай. Оның себептері де аз емес. Сонау 1990 жылдан бері жабдықтарға ешқандай жөндеу, лабораториялық зерттеу жүргізілген жоқ. Тіпті, несие алып, осы саланы өркендетуге де жағдай болмай отыр. Ауылдағы барлық селолық округ біздің серіктестікке қарайды. Ауылдағы судың, теледидар мен телефон байланысының, аурухананың, компьютердің, тағы басқалардың үздіксіз жұмыс істеуі электр қуатының үзіліссіз берілуімен тығыз байланысты екендігіне ешкім дау айта алмаса керек. Егер электр желілері мен жабдықтарын жөндеу мен алмастыруды қазірден бастап қолға алмасақ, ертең осы қолымыздығы бар жабдықтан айырылып қаламыз ба деп қауінтенеміш. Өйткені, олар әбден тозып бітті. Бізге жеңілдікпен берілетін несие керек. Ауылды ойлаған адам

оның энергетикасын да ойлайды...

Иә, шын мәнінде бүгінгі таңда ауыл энергетикасының қалыпты жұмыс істеуіне өз хал-қадерінше үлес қосып келе жатқан Өмірәлі Смайыловтың айтып отырган мәселесі өте орынды. Ол – осы ауылда туып-өсken, осында үй болып, осында етек-женін жиган азамат. Соңдықтан да, оның өз аулы туралы, оның келешегі туралы жан-жүргегімен толғанып, тебірене сөз қозғауы өте орынды. Ауыл туралы мінберден көпшіліктің алдында ділмәрсі қалып, былай шыға бере әлгі айтқанын ұмытып кететін кейбір даурықпалармен оның жаңы қас. Бірнеше мәрте сайланған аудандық мәслихаттың депутаты ретінде ондайларды сан рет сынға алғаны бар.

Ауыл қамын ойлаған азамат селодағы энергетиканың жайы есіне түскенде түн үйкесі төрт бөлінеді. Қашан да оның айтатыны – ауылдың жайын ойлаған адам оның энергетикасына көніл бөлуі керек. Өйткені, қазіргі заманда қандай жұмыс болмасын, қандай мәселе болмасын электр энергиясына келіп тірелетіні белгілі.

Айтпақшы, Өмірәлінің аулымында бала жастаң бірге өсken Мәрзияға үйленуі де үлкен оқиға болды. Ынтымақты шаңырақта шекесі торсықтай екі ұл дүниеге келгенде оларға Асанәлі және Нұрғиса деп халқымыз қадірлелеген біртуар азаматтардың атын қойған еді. Қазір олардың екеуі де үйлі-баранды, екеуі де – зан қызметкери. Олардан немере сүйіп отыр.

Міне, ауыл жанашары, оның болашағының жанашыры Өмірәлі Смайыловтың өткен күн өрнектеріне көз салғанда осындай жайларды байқаймыз. Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырган халықтың қадірлі азаматы Өмірәлінің атқарған ісінен гөрі әлі де атқаратын істері жеткілікті деп ойлаймыз. Соңдықтан да, оған ұзақ гұмыр, зор денсаулық тілейміз.

**2006 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала Өмірәлінің 60 жасқа толуына орай жазылған болатын. Кейін досым бақылық болды. Соның алдында екі жыл бұрынған қаза тапқан ұлы Нұрғисаның қайғысын көтере алмады. Марқұмдардың жатқан жерлері жайлы болсын.




## ДӘУІРІМІЗДІҢ ДӘУІТӘЛІСІ ЕДІ

Кезінде дәуірі жүріш, дүйім жүрттүү аузына қаратқан Дәуітәлі ақынмен біз бір мектепте білім алдық. Ол менен бір класс жоғары оқыды. Ақтогайдағы М.Горький атындағы №1 орта мектептің тогызынышы класында оқып жүрген кезім болатын. Қазан айының іші еді, бір күні аудандық «Арқа еңбеккері» газетіне менің «Кітабым» деген өлеңім жарық көрген. Бұкіл кластың және мені танитын басқа да кластардың оқушылары, сабак беретін кейбір мұғалімдер «Сен ақын екенсің ғой» деп құттықтап жатыр.

Мен әжептәуір марқайып қалдым. Сол жылы мектебімізде астанамыз Алматының оку орнын бітірген жас жігіттер – Елубай Адамбев тарих пәнінен, Төкен (Төлеуқадыр) Тыныбеков неміс тілі пәнінен сабак беріп журді. Бұл екі мұғалім тіпті ерекше риза болды. Сол жылдары класымыздағы Балтабек Әбеуовтың әңгімелері мен мақалалары газетке жіші шығатын. Енді өлең, әңгіме жазатын оқушының класта екеу болғандығын баса айтты.

Содан бір күні Елубай мұғалім мен Төкен мұғалім мектепте әдебиетшілер үйрмесін ашатындықтарын айтып, Балтабек екеумізді және әдебиетші болуға талпынған басқа да балаларды



сол үйірмеге жазылуға шақырды. Сөйтін, үйірме өз жұмысын бастап кетті. Үйірменің старостасы өлеңдері аудандық газеттерге бұрыннан шығып жүретін, он бірінші сыныпта оқитын Тілеген Айтжанов болды. Мүшелері оныншы сыныпта оқитын Дәуітәлі Стамбеков, Сәдуақас Мұқанбеков (кейін Торгаев болып жазылды), Төкен Оразбеков, тоғызынны сыныпта оқитын Балтабек Әбеуов, Базыл Аманжолов, Торғай Бейсекова және басқа да оқушылар еді. Біз үшін үйірменің жұмысы өте кызықты болды. Онда біздің жаңадан жазылған өлеңдеріміз оқылып, ол талданып, жақсы-жаман жақтары айтылатын. Егер кемшілігі болса, оны түзету жолдары қарастырылатын.

Сондай бір жолы Дәуітәлінің «Қысқы кеш» деген өлеңі талқыланды. Өлең өте жақсы жазылыпты. Бораннан кейінгі табиғаттың қысқы кештегі көрінісі сәтті бейнеленген. Тек өлеңнің бір жолында «сілкінген» деген сөз қолданыпты. Егер бұл созді «сілкінген» деп жазатын болса, қара өлеңнің бір бұны жетпей қалады еken. Өлеңді талқылай келе ол сөзді «дүр сілкінген» деп жазу ұсынылды. Бұл тіркес бәрімізге ұнады, кейін газетке де осылай жарық көрді.

Дәуітәлі мектепте оқып жүрген кездерінің өзінде өлеңге ерекше құмар болды. Соныңша қарай шығарған өлеңдері де мөлдіреп тұратын. Оның өлеңдерінде женіл юмор, кейбір сәтте жап-жақсы философия болатын. Кейіннен осы қасиеттерін ол терендете, шындаі тусты. Қандай тақырыпқа жазбасын оның көркемдігіне, үйқасына, мазмұнына, тәрбиелік мәніне ерекше қоңіл бөлетін.

Көп оқитын, жасынан зерделі болатын. Әлем әдебиетінің, орыс әдебиетінің классиктерін сол кездің өзінде жақсы билетін. Оныны сыныпта оқып жүрген кездерінің өзінде мектепте болатын әр түрлі әдеби кештерге үзбей қатысып, сол кеңітерде сұрақ-жаяуптарға, викториналық сұрақтарға дұрыс жауап беріп, жүлдедерге ие болатыны есімде.

Домбыра тартатын, әжептәуір әншілігі де бар еді. Суретті тамаша салатын. Бірге оқитын қыздардың суретін айнаңтпай салып беретін.

Сабақтан бос уақыттарында спортпен, оның ішінде бокспен шұғылданды. Оның спорттың бүл түрін қалауына ағасы Әбдіқадырдың әсері болғандығы сөзсіз. Ойткені, ол кісі талай жарыстарда қарсыласын бет қаратпайтын былғары қолғап иегері болып еді. Дәуітәлі де сол ағасы сияқты оң қолының ыңғайына дөп келіп қалғанды қалпақтай ұшыратын, соққысы жойқын болды.

Алматыға барып, жоғары оқу орнына түсті. Алматыда тұрақтаған қалды. Үй болды. Жары Нұра ауданында туып-өскен Фарида өте жақсы жар болып кездесті.

Айтпақшы, Дәуітәлі үй-жайдың қындығын көп көрді. «Жетім бұрышты» жағалап жүріп, талай пәтер жалдап тұрды. Ақыры табандылығының арқасында «Қазақфильм» ықшам ауданынан уш бөлмелі тамаша пәтер алды. Алматыға барғанда күтіп алып, үйіне алып келетін, қаланы аралатып көрсететін. Сонау Медеуге дейін барып, сан рет қызырдық.

Бір жолы көшеде келе жатқанымызда бір жігітті тоқтатып алып, сийлесіп тұрды. Мен ақырындаған алыстап кеткен едім. Сәлден соң артыма қарасам, сол қолымен әлғінің жағасынан бүріп ұстап алған, оң қолының сұқ саусағын шошайтып алып, әлденені айттып: «Олай істеуге болмайды», - деп қояды. «Әңгімелері» бітіл, келе жатқан жолда «Әлгі кім?» деп сұраймын ғой, сонда ол: «Бұл бәлен деген белгілі ақын ғой. Жуырда бір рецензиясы жарық көріпті. Бәлен деген жас ақынға өлгенше шүйлігіпті. Ол болашағынан үміт күттіретін ақын. Ол туралы бұлай жазуға болмайтындығын түсіндірдім», - деген еді.

Дәуітәлінің осындағы қызба сәттері көп болатын. Ол әділетсіздікке тәзе алмайтын, бірбеткей еді. Айтайын деген сөзін бүгежектемей тіке айтатын. Арамдыққа жаны қас еді. Достыққа адад болатын.

Бір жақсы өлең жазғанда баланша қуанатын. Онысын оқып, өзі мәз болатын. Біржанға арнал поэма жазып жатқандығын айттын, қуанып жүрді. Оның жекелеген үзінділерін оқып беретін, кейде Біржанның әніне салып:

«Теміртас, Асыл, Ақық – қарақтарым,  
Білмедім кеш батқанын,  
Таң атқанын,  
Үш жылда жалғыз жүріп,  
Жалқы бастан,  
Откіздім жан ақнанын,  
жан алтабын», - деген жолдарды және басқа шумақтарды  
өзі домбырамен қосылып айтатын.

Кезінде өз тұргыластарына озын шығып, Халықаралық «Алаш» еыйлігін иемденген, жүртшылықтың сүйікті ақыны болған Дәуітәлі бүгінгі күні арамызда жоқ. Оның жыры жинақтары қолымызда. Ол ешқашан ұмытылмайды. Қазір Ақтогай ауданындағы өзінің туған жеріндегі мектен Дәуітәлінің атымен аталады. Сол ғана дәтке қуат.

**2012 ж.**



## «ЖАЙСЫЗ ТАМАҚ ШКЕН ГОЙ...»

Оралтай Сүлейменов ағамыз «Ақтогайдың тірі Ақан серісі» атанған, шын мәнінде «сері» десе – сері, әңгіменің майын тамыза айтатын, әнді нәшіне келтіре шырқайтын, отырған жердің көркі. Сол Орекен ағамыз мынадай бір әнгіме айтып еді.

– Ол кезде жиі өлең айтып, сахнаға жиі шығып жүрген жас кезім. Облыстық байқауларға да қатысамын. Алматыға да барғанымыз бар. Бірде бәрімізді облысқа жинады. Бұл жолы бірінші хатшымыз Қонаев келмек, соған арнап концерт қоюымыз керек. Таңдал, ірікте алған жиырма адамды жеке шығарды да, облыстық идеология жөніндегі хатшысы бәрімізге арнап киім тіктіруге тапсырма берді. Тігінші түгел өлшеп алған.

Екі айдан соң белгіленген күні сахнаға шығайық десек, киім түғіл түк те тігілген жоқ. Оған болінген ақшаның қайда әүмсалғанын ешкім білмейді. Бәрімізге театрдан әкелген киімдерді кигізін жатыр. Маған шақ шалбар табылмай қойды. Ертең сахнаға шыгуымыз керек. Бір күн ішінде маған, кім шалбар тігіп бере қойсын?!



Сонымен, бір үлкендеу шалбардың беліп сөгіп жібердік. Алдан болса да түймелегем жоқ. Сыртынан тогілдіріп үлкен оқалы шапан киіп алдым. Шалбардың оюлы балағы ғана корінеді.

Репертуар бойынша екі олең айтуым керек. Алғашқысын айтып болып, халыққа шілген кезімде шалбардың арты дар ете қалсын. Жұрт ду құлді. Қарасам – алдыңғы қатарда отырған Димекен де күліп отыр.

Концерт жүргізуші сол екі арада екінші олеңді хабарлап жіберді. Сахнаға еріксіз қайта шықтым. Өлеңімді айтып болып, тағы да иілген сәтімде «дар» етіп қалғаны сөгілсін. Жұрт тағы да қыран-топан. Қорерменнің мені жел жіберін қойды деп ойлаганын жақсы түсіндім.

Мен де шықтым, сахнаның сыртына үшінші хатшы мен жаңағы киім тіккізуге жауапты адам қоса жетті. Келе салып маған дүрсе қоя берсін.

— Осы сендер не ішіп, не қоятындарыңды білмейсіндер ме? Бүкіл ел-жүртқа масқара болдық...

— Е, сіздің ойлап тұрганыңыз анау ғой, — деймін мен түсіндірмек болып.

— Ей, сенің «анауың» не, ей! Есің дұрыс па озінің? – деп айғайлайды.

Ал, ана «жауапты» болса, өзінің кінәсін біліп:

— Ештеңе етпес, Сәке. Бір жайсыз тамақ ішкен гой,— деп жылмаң-жылмаң етеді.

Бұдан соң қалай шыдап тұрайын:

— Сәке, ол мынау, – деп дәл алдына келдім де, шапаның етегін көтере тоңқайып, шалбардың сөгілген жерін керсеттім.

Ол өзін ананың алдап соққанын сонда ғана түсінді. Оны жерден алып, жерге салды. Кейін еөгіе те берген болуы керек. Қызметінен де шығармақ болып, зорға қалдырыпты.

Мен болсам бәрін өз мойныма алып, шықпаған желді «шықты» деп, үндемей тұра беруім керек екен. Өндай мінез менде жоқ болса қайтейін?!

Сол шалбардың қырсығы аз болған жоқ. Көп жыл бойы әншілер тізіміне іліктірмей, сахнаға шығармай жүрді...

Міне, бұл әнші, сері Орекеннің бір гана әңгімесі. Әлі талайы бар.

**1999 ж.**

ЕСКЕРТУ: Орекең көп жыл әр салада қызмет атқарды. Кейінде адвокат болып, жұртшылықтың ризашылығына бөлениді. Қай жерде қызмет атқарса да қолынан домбырасын тастаған жоқ. Кей кездері сахнаға да шығып жүрді. Қазір Астана қаласында тұрып, немерелеріне бас-көз болып, соларды оқытып жатыр.

## ҚЫЗЫЛАРАЙДЫҢ ҚАЗКЕҢІ



Озінің өмірінде айтулы еңбегімен өшпес із қалдыратын адамдар болады. Солардың бірі – Қызыларай ауылының тұмасы 72 жасқа қараған шағында дүниеден откен Қазкен Тойымбеков ағамыз дер едім. Мен Қазкен ағаны бала жасымнан, біздің «Еңбек» колхозының «Қызыларай» колхозына қосылып, «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозы атанған сонау елуінші жылдардың аяғынан бастап білемін. Сол жылдарда ол кісі колхозда басқарманың орынбасары, басқарма болып қызмет атқарды.

Кейіннен совхоз құрылған шакта біздің ауылға (№1 «Еңбек» бөлімшесі) келіп, бөлімше менгерушісі болды. Осы жылдары ол кісінің еңбекшілдігін, үйымдастырушылық қабілетінің молдығын, майда сөйлейтін Қазкенің әр адаммен қалай тіл табысатындығын көзімізben көрдік. Жұмыс істегісі келмей, кежеғесі кейін тартқан талай жалқаулар Қазкен аға сөйлескен соң қалай жұмыс істеп кеткенін өзі де білмей қалатын. Бұл ол кісінің адамды өзіне баурап тұратындығының, ел арасындағы беделді екендігінің белгісі еді.

Ол кісі тұнып тұрған шежіре еді. Көп нәрседен мағлұматы бар жандардың бірі болатын.

Темірші болысының 8-ші ауылында 1928 жылы қарашайым шаруаның отбасында дүниеге келген Қазкен Тойымбековтің бүкіл өмірі ауыл шаруашылығымен байланысты болды. «Мәдениет» колхозында 15 жасынан еңбекке араласып, өгіздің басына мінген, маялаг інөп үйген, қыста күректеп шөпті қардан аршып, қорадағы малдың астын тазалаған. Жетіжылдық мек-

теп бітірген, аздал сауаты бар талапты жас соғыс аяқталған жылдан бастап ауылдық кеңестің хатшысы болып бес жыл қызмет атқарады. Одан соң колхозда есепші болады, колхоз басқармасының орынбасары болын сайланады, одан соң жиырма екі жасында шагын үш колхоздан («Мәдениет», «Ақжарық», «Кеңасу») біріккен «Ұлы Октябрь» колхозының (кейін «Қызыларай» колхозы) басқармасы болады.

Осындай алғарлығымен көзге түскен оны аудандық партия комитеті 1961 жылы Калинин атындағы колхозга пайртия ұйымының хатшысы етіп жібереді. Екі жыл еңбек етін, сол кездегі саясатты білгірлікпен насиҳаттайды.

Қаз肯 Тойымбеков ағамыздың 14 жыл бойғы ендек жолы өзі түшіп-өсken Қызыларай ауылдында етті. Осында партия ұйымының хатшысы, №1 бөлімшеші менгеруші болды, біраз уақыт бас зоотехниктің қызметін атқарған соң қайыра партия ұйымының хатшысы қызметіне ауыстырады. Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі өмірінде алты жылында Амангелді ауылдық Кеңесінің төрағасы қызметін атқарыпты.

Қаз肯 ағамыз қай жерде қызмет атқарса да өзінің алғырылығымен, еңбекшілдігімен көзге түсті. Соның нәтижесінде «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «1941-4945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбектегі ерлігі үшін», В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталған. Ауданның ауыл шаруашылығының дамуына қосқан үлесі, сінірген зор енбегі үшін Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы атағын берді.

Қаз肯 зейнеткерлікке шыққан соң да ауданның тыныс-тіршілігінен қол үзген жоқ. Жастарды патриоттық, адамгершілік рухта тәрбиелеу ісіне белсенді үлес қоса білді, өзінің өнегелі ісімен үлгі көрсетті. Үнемі халық ортасынан табыла білді. Ардегерлер қозғалысының белсенді мүшесі болды.

Қазкен ағамыздың зайдыбы, женгеміз Күлия Сейдіғазымова өткен жылы ғана 80 жасқа толды, тоғыз бала туып, тәрбиелеп өсірген Ардақты ана, «Алтын Алқа» белгісінің иесі. Балаларының барлығы жоғары білім алған, әр түрлі салада абыройлы қызмет атқаруда. Ал, Кулекен женгеміз болса немере, шөберелерінің қызығын көріп, солардың ортасында жүріп жатыр.

Қазкен ағамыз бақиға аттанғанда белгілі айтыскер ақын, ауыл азаматы, кейіннен өзі де марқұм болған Совет Ақсанов:

«Өкінбейміз өзінді жас кетті деп,  
Өкінбейміз өмірден бос өтті деп.  
Өкінеміз тек қана ортамыздан,  
Ақыл айтар ақсақал, дос өтті деп.

Жатқан жерің жайлыш болсын жан аға,  
Кір келтірмей біз жүреміз бағаңа.  
Арамыздан қайтыш жатқан ұлылар,  
Мәңгілік сақталасындар санада», - деп толғанған екен.

Бұл күнде өмірден озғанына он жыл толған Қазкен ағамыздың өзі жоқ болғанымен артында ұрпағы, атқарған ісі, жүріп өткен ізі – инкірттері қалды. Олардың барлығы да жыл өткен сайын жаңғырып, ұрпағы тамырын тереңге, жапырағын маңайына жая түсуде. Халқы қадір тұтқан аяулы азаматты әрқашан есінде сақтайды. Қызыларай ауылының тұрғындары ол кісінің еңбегін енқашан ұмытпақ емес. Биік таулар алыстаған сайын зорая түседі. Қазкен ағамыз да Арқадағы ең биік Ақсораңның бауырында туып, бауырында өсті, бауырында қызмет атқарды, сондагы мәңгілік мекенінде қалды.

2011 ж.



## ӨНЕР ЖОЛЫНДА

Табиғаты тамаша, көрген жаның козінің жауын алатын әсем Қызыларайдың бауырында туыш-өскен Құліш Төлеуханқызы жасынан-ак өнерге, оның ішінде ән салуға бейім болды. Әкесінің жанына еріп жүріп, кішкентай күнінің өзінде ән шырқаганда тыңдаған жан таңдайын қафатын. 1955 жылы Ақтогайда түнғыш рет өткен көркемөнерпаздар байқауында үнді биін билеп, лауреат атанды. Ауыл тұрғындары алдында ән салып, көзге түсे бастайды. Содан бірде Құліштің қызуы көтеріліп, қатты ауырып қалады. Мұны анасы «Тіл тиді» деп жорып, қазақша ем жасап, бұдан соң жұрт алдына шығуға тыйым сала-ды. Бірақ, халқымыз айтқандай «Алмас кездік қын түбінде жат-пайды». Ақыры жоғары сыныптарға көшкен кезінде мектептің сахнасынан, ауыл сахнасынан түспел қойды деуғе болады.



Кейіннен аудан орталығы Ақтогай селосындағы М.Горький атындағы орта мектепте оқыған кездерінде тума таланттың жолы одан сайын кең ашыла түсті. Мектептің 9-10 сыныптарында оқи жүрін, аудандағы ән-би ансамблінің (кейіннен «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі' атанды)

жұмысына белсene араласты. Бұл уақыт ансамбльдің жаңа үйымдастынан, Мәдениет Қожамбаев, Дәриға Ақатаева, Төлеу Аяганова, Оралтай Сұлейменов, Дәртай Сәдуақасов сынды тума талант өнерпаздардың ел аудына іліккен шағы болатын. Сондай өнерпаздармен қатар жүріп, солардан тағлым алған Күліш сол кезде аудандық клубта откен әрбір концертте ән салмай кетпейтін.

Қызыларайдың әсем табиғаты мен өнердің киесі қонған Ақтогайдың ән бесігінде тербеліп өскен өнерпаз жас ән салуды, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысады жоғары оқу орнында да жалғастырды. Ол «Әке көрген оқ жонар» дегендей, өмір бойы ұстаз болып, бала оқытумен айналысқан әкесі Төлеуханнның жолын қуыш, Қарағанды педагогикалық институтына келін түседі. Институт қабыргасындағы онер жолы, ондағы жетістіктері өз алдына бір бөлек әнгіме.

Ал, бүгінгі айтпағымыз Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі, әдіскер-мұғалім, республикалық және облыстық көркем сөз оқу байқауларының және әнші-көркемөнерпаздар конкурстарының бірнеше мәрте жеңімпазы, №41 орта мектептің ұстазы, білім беру саласының ардагері Күліш Төлеуханқызының Балалар мен жасөспірімдер сарайында откен ұстаздың жолы туралы «Өнерпаз ұстаз» атты бенефисі жайлы мұндай шара облыстық білім басқармасының бастығы Есенғазы Иманғалиев пен облыстық мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ректоры Сәбит Қонтаевтың бастамашылығымен қолға алынған.

Әсем безендірілген сахна төріне кешті жургізушилер №41 орта мектептің тәлімгері Куаныш Медеубаев пен «Болашақ» университетінің ага оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Марина Маретбаева шығып, кештің барысын хабарлаған соң шәкірттері қолпаштай қолтықтаған ұстаз сахнаға көтерілді. (Сахнаның екі жағындағы экраннан Күліштің жастық шағынан бастап өмір жолынан түсірілген фотосурет-

тер мен слайдтар, кинотаспалардың үзінділері үнемі көрсетіліп тұрды). Бұғанде 60 жасты еңсерген мерейтой иесі жайғасқап соң осы сарайдың бишілер тобы «Көктем» биін мың бұрала билеп, басталар кештің мәніне назар аудартты. Бұдан соң облыстық білім басқармасы бағытының орынбасары Дулат Жекебаев, КР Білім және ғылым министрлігінің өкілі, жерлесіміз Роза Баттал, сахнаға жайғастырган соң облыстық мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ректоры Сәбит Қонтаев, облыстық білім беру қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Татьяна Самөйлюк, студент кездеріне конкурстарға бірге қатысқан №91 орта мектептің директоры Хамит Көрібаев және басқалары шығып құттықтал, өнердегі және білім беру ісіндегі үздік жетістіктеріне тоқталды, жылы-жылы мадақ сөздер айтып, марапаттады. Министрлік департаментінің, облыс әкімінің және облыстық білім басқармасының, кәсінодактың Құрмет грамоталарын табыс етті.

Әншілерге кезек берілгенде Ақтогайдан арнайы келген «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің белді мүшелері, Құләнтің әнін көмекейінде сақтаған Dana Макшонова, Манаrbектің әнін әуелеткен Сагтар Сәрсенқұлов жиналған жүртшылықты бір желпіндіріп таставады.

Жалпы, кеш бойы халықты сергітіп отырган, көтерінкі көңіл-күйге жетелеген көріністер аз болған жоқ. Соның ішінде сонау бала кезінде жүлде алған Құлішті елестетіп «Ұнді биін» билеген №41 орта мектептің оқушысы Махаббат Темірболатқызының, «Маңманғер» әнін шырқаган, осы кешті жүргізуілердің бірі, мерейтой иесінің келіні Марина Маретбаеваның онеріне дуылдата қол соққан жүртшылықты Құліштің жазған сценаріі бойынша «Қисық» театры сахналаган «Ана ақылы», «Қазақтың киесі – бесікте», «Ұстаздық қадам» көріністері көңілді құлкіге кенелтті. Ал, экран арқылы корсетілген «Әке монологы» терең ойға жетелейтін дүние болып шыққан.

Осы кештегі ең басты оқиға КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО және ҚР оқу ісінің үздігі, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, АҚШ-тағы Аризона штаты Туссон қаласының Құрметті азаматы, республикалық ғылыми-әдістемелік Бітебаева атаулы мектебінің жетекшісі, мерейтой иесінің әріптес және рухани әпкесі Қанипа Омаргалиқзы Бітебаеваның Шығыс Қазақстаннан (Оскеменнен) арнайы келуі еді.

Өнер менен білімнің падишасы,

Бойында тұныш түрган ар-ибасы.

Ортамызда, ағайын, қандай бақыт,

Қазақтың қайталанбас Қанипасы, - деген жолдармен ортаға шыққан белгілі педагог өзінің ізбасар сіңлісімен қалай танысқанын, үнемі телефон арқылы хабарласып отырып, тіпті, үйіктар алдында Құліш сіңлісінің әсем әнін тындауды әдетке айналдырғанын да айта келе бүғінгі той иесін құттықтады, зор денсаулық, мол табыс тіледі.

Өнерпаз ұстаздың бенефисінде тағы бір ереине жағдай - өнерпаздың шырқаған әндері еді. Соның ішінде «Қызы Жібек» операсынан Қамқаның ариясын ерекше атауга болады. Ол бірде өзінің шәкірті, көркемсөз оқу конкурстарының жеңімпазы Гүлназым Дүйсестаймен бірге С.Сейфуллиннің «Аққұдың айрылышы» поэмасын нақышына келтіре оқыса, енді бірде Құдай қосқан қосағы, есімі елге мәлім әнші Есенғалы (Естай) Қорабаевпен қосылып ән шырқады. Осы жерде Қорабаевтар әuletінің «Ән-ұя» ансамблі Қарағанды облыстық «Сарқылмас бұлак – 2001» отбасылық байқау-конкурсының жүлдегері болғанын да айта кетуіміз керек.

Негізі сонау 1973 жылы Жезқазған облысы құрылғанда Ескең мен Қулекен де сонда аттанған болатын. Содан Жезқазған облысы Қарағанды облысына қайтадан қосылғаннан соң елге оралып, Ескең ауыл шаруашылығы басқармасында көп жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Құліш №41 орта мектепте әуелде директордың орынбасары, кейін мұғалім болды. Қазір мұғалімдік қызметпен бірге «Кисық» театрында да еңбек етіп жүр.


Кештің сәнін келтіре ән шырқап, өнер көрсеткен осы сарайдың үлгілі ансамблі, республикалық, халықаралық конкурстардың жеңімпазы «Волшебная старана» және «Балдырган» би ансамбльдерінің мың бұралған бине, актоғайлық онерпаз, қазір Балқаш қаласында тұратын Куат Қожамбаев шырқаған «Көзкорғендер» әніне жүртшылық ризашылықпен қол соқты.

Жиналған қауым Құліштің тойы – ұстаздар қауымына деген құрмет екендігін, ұстаз деген ұлылық екендігін атап айтты.

Кеш соны Құліш Төлеуханқызының созімен, жүртшылыққа, осындай кешті ұйымдастырып отырған облыстық білім басқармасына, сонау Өскеменнен ат арытып келген Қанипа Бітебаеваға деген алғысымен аяқталды.

**2009 ж.**

## ҰЛАҒАТ – ҰСТАЗДАН



Ақтогайдагы М.Горький атындағы орта мектепте оқып жүрген кезіміз. Сол жылдары Н.Хрушевтің пәрменімен мектебіміз онбіржылдық болып, тоғызыншы сыныптан жоғарыларға арнағы мамандық пәндері оқытылатын. Сол кезде «Машинатануды» (екі топқа бөліп) Жарылғап Тохметов пен Ғайнитден Әбдірахманов, ауыл шаруашылығы машиналары мен механизмдері сабакын Жанәділ Сапарғалиев ағаларымыз жүргізді. Ауылдан келген, кезіміз қанық

трактор мен машиналар (соқа, тырнауыш, шөн шабатын машина, сиыр сауатын машина, май айырғыш машина және т.б.) туралы оқу біз үшін өте қызықты болатын. Бұл сабактарға зор ынталан қатысып, бәрін үгүп алуға тырысатынбыз. Әсіресе, сабактан тыс уақытта трактор жүргізуге құмар болдық.

Қазір Ғайнитден ағамыз құрметті демалыста, Жанәділ ағамыз (соғыс ардагері еді) марқұм болғалы көп жыл өтті. Ал Жарылғап Тохметов ағамыз болса, құрметті демалыста болғанымен, Ақтогай селолық Ардагерлер кеңесінің төрагасы қызметін абыраймен атқаруда.

Жақаң ағамыз кейінде жиі науқастанып, қалаға ауруханаға келгіштен жүр. Сондай сапарының бірінде ағамызben отырып еөйлескен едік. Жұзі жылды, өзіне баурап тұратын, бірақ еабақ кезінде өте талапшыл, қатал болып көрінетін және мектен директорының сол кезде өндірістік оқыту жөніндегі орынбасары болған Жарылғап ағамызды ұстаз ретінде ғана білгенмен, көптеген қырын біле бермейді екенбіз.

Кішкентай Жарылғап дүниеге келген соң коп ұзамай (қырқынан шыққан соң) үлкен әкесі мен үлкен шешесі Тохмет нен Төлшім бауырына салын алады. Содан ерке болын өсіп, оз әке-шешесі Медеубек пен Тоқбаланы тыңдай қоймайды. Бір күн Медеубек кішкене Жарылғапқа: «Мен ертең соғысқа кетемін. Сен менің үлкен баламсың, үлкен азаматсың. Өкен мен апаңды, туған шеиңеңді ренжітпе, інілеріце (уш інісі болынты) қамқор бол. Өзің де тиіспе, басқаларға да жәбірлетне» деген әке өсietіn әлі күнге дейін ұмытнапты. Ол аманатты орындағым деп есептейді.

Содан әкесі Медеубек 1942 жылы соғысқа аттанып, 1944 жылдың 29 тамызында Молдавия (Бессарабия) жерінде қатты жараланып, әскери госпитальда қайтыс болады.

Алапат соғыстың ауыртпалығын қайталап жатудың қажеті шамалы. Ол кездің ауыртпалығын үлкендермен қоса буыны әлі қатпаған балалардың да көтергөн белгілі. Сондай үйқысы жөнді қанбаған, тойын тамақ ішпеген, бала сияқты ойнап көрмеген, інініне дұрыс киім ілмегендердің бірі біздің мұғалім Жарылғап Медеубекұлы еді.

Ол кезде Тельман атындағы колхоз Дуанши деген жерде Тоқырауын өзенінен қолдан қазған арықпен 10-15 шақырым жерге су тартып атақты ақ бидай еgetіn. Сондағы жұмыстардың ішінде балалардың өздеріне тиесілі жұмыстары болатын.

- Мен де балалық дәуренмен ерте қоштасып, өзім қатарлас балалармен бірге қартағармен қатар еңбек еттім. Кеш жатып, ерте тұрып, жұмыс коліктаріп айдал әкелетінміп. Егістікке түйеге артқан тұқымдық бидай аппаратынмын. Бидай мен тарыны торғай мен шегірткеден қоритынбыз. Масақ теріп, көлікке мініп, малтатаспен астық бастыратынбыз, - деп еске алады Жәкен. – Балалар әке-шешемізді көлікпен жұмысқа апарып салған соң ауылдағы аздаған малға ие болатынбыз. Қозы бағыш, қой сауғызып, тыным таппайтынбыз.

Сейтіп жүргенде жеңіс күні де келіп жетеді. Аман қалған ер азаматтар елге оралып, еңбекке араласа бастайды. Сол жылы

Жарылғап та аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектептің бірінші класының табалдырығын аттайды. Апажездесі Шагалам мен Қантабаланың қолында жатып, оныншыны бітіреді.

Еңбек жолын Қарағандыдағы №31-бис шахтасында лавада комбайнердің көмекшісі болудан бастайды. Бір жыл жұмыс істеп, қаржы жинап, келесі жылы Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түседі.

Сөдан 1961 жылы институтты ойдағыдан бітіріп, өмірлік жолдасы Төлеу жеңгемізді тауып, физика және жалпы техникалық пәндер мамандығы бойынша өзі бітірген М.Горький атындағы орта мектепке мұғалім болып оралады.

Бірақ, физикадан сағат жоқ болғандықтан комбайннан факультативтік сабак, токарь станоғында жұмыс істеуді үйрететін 2 сағат кластан тыс үйірмені жүргізууді береді. Бұрын жүргізілмегендіктен комбайнның құрылышы туралы көрнекі құрал жоқ болып, плакатты аудан орталығынан 18 шақырым жердегі МТС-тан сұрастырып зорға табады. Токарь станоғында жонғызып, балаларды үйрететін стерженьдерді де осы МТС-те жарамсыз поршеньдерді балқытып, қайта құйып, өзі дайындаиды.

Бірде жонуға қажетті стерженьдерді күні бойы құйып дайындал, қапқа салып алып, арқалап, күн бата аудан орталығына қарай аяңдайды. Темір қайбір жеңіл болсын?! Біраз жүрген соң демалуга аялдайды. Сол кезде бір машинаның жарығы коріпеді. Шамалыдан соң жігіттің жанына келіп тоқтайды. Машина жүргізуші Махмет деген кісі екен. Өте қайырымды адам болатын. Жүгімен қоса мінгізіп алады. Жанындағы адам да байсалды, кішіпейіл жан екен. Тұнделетін неғе қап арқалап жүргенін сұрайды. Ауданға келен соң өзі түсіп қалады да, мұғалімді жеткізіп салуды тапсырады. Ертеңіне түске жақын токарь станоғында жұмыс істеп жатса, мектеп директоры Шешенбай Таханов марқұм кабинетіне шақырады. Келсе: «Сен

кешे ауатком төрағасы Кәрім Қонақбаевқа не дедің?» деп реніш білдіреді. Бұл машинада болған әңгімені, қойған сұрағына жауап бергенін айтады. Сөйтсے, төрага мектеп директорын таңертең шақырып алыш, жас мамандарға жұмыс жасауға неге жағдай жасамайсың деп ұрысқан екен. Кейін балалар сол материалдардан шахмат тасын жонып, қолөнер байқауында аудан бойынша жүлделі орын алышты.

- Ол кезде аудан орталығында қазіргідей жоғары кернеулі электр қуаты жоқ болғандықтан, жарық түнгі 12-ге дейін ғана дизель двигательі арқылы берілетін. Тек біздің екі қабатты мектеп қана сумен жылдытылатын. Жылдыту жүйесі қатып қалмас үшін түнгі 12-ден кейін қазандық мектептің өзінің моторымен берілетін токпен жұмыс істейтін. Ер мұғалімдер түнімен кезекшілікте болыш, таң атқанша қазандықта мотор жүргізетін едік. Бір-екі сағат демалыш, қайтадан мектепке жұмысқа келетінбіз. Кластан тыс уақытта Гайнитден Әбдірахманов екеуміз 9-10 класс окушыларына трактор жүргізуден сабак еткізетінбіз. Жоғары класс окушыларын үйімдастырып, түнгі 11-ге дейін халық жасақшылары құрамында көшеде, клуб маңында кезекшілік атқаратынбыз. Жазғы демалыс кезінде жоғары класс окушыларынан «Еңбек және демалыс» лагерін үйімдастырып, совхоздарда мал азығын дайындасып, мектептің жөндеу жұмыстарына қатысатынбыз. Ол кезде мұғалім ақша табу үшін, не мансап үшін емес, балаға терең білім мен саналы тәрбие беру үшін еңбек ететін, - деп еске алады Жәкең мұғалім. – Мектепте мұғалімдердің сабағына жиі қатысатын едім. Негізгі мақсатым – тәжірибелі, білімді ұстаздардан үйрену болатын. Мен үшін осындай ұстаздар Жамел Хасенов, Шешенбай Таханов, Ағдарбек Кенжебеков, Асқар Сейдахметов, Жанәділ Сапарғалиевтар еді. Осы бір аз ғана 1961 жылдан 1968 жылға дейінгі аралықта мектепте, қызметте жұмыс барысында кейде пікірталас та болыш қалатын. Сондай мерекелік сәттерде, куаныш-реніште бірге

бөлған, дастархандас достарым, бүгінде о дүниелік болған Сагатай Байжұманов, Бектұрсын Шортанбаев, Берік Оқімбаев, Елубай Адамбаев, Ораз Некешев, Сұндет Мұхтарбеков, Сәбет Әбетов, Сәбет Тыныбеков, Қазтай Садықовтарды, басқа да құрбы-құрдастарыммен бірге откізген қызықты, ұмытылmas сәттерінді сағыныш сезіммен еске аламын...

Ол уақытта аудандық партия комитеті қызметкерлерінің 90 пайыздайы мұғалімдер болатын. Жарылғап мұғалімді партия қатарына өтер-өтпестен нұсқаушылық қызметке шақырады. Екі жыл бармай жүріп, ақыры үшінші жылы конеді. Бұл қызмет те талай нәрсеге ысылдырады. Халықпен жұмыс істеуді, іс қағаздарын даярлауды үйренеді.

Бұдан соң екі жыл аудандық Кенес төрағасының орынбасары болып қызмет атқарады. Халыққа білім беру, деңсаулық сақтау, мәдениет салаларына, саудаға, тұрмыстық қызмет көрсетуғе басшылық жасап, осылардағы жұмыс сапасының жақсаруына ықпал етеді.

Өзі оқыған, өзі мұғалім болған М.Горький атындағы орта мектепке директор етіп жіберген кезде қуана келісін, қызметке зор құлшыныспен кіріседі. Мұнда да жеті жылға жуық уақыт ішінде талай жұмыстарды атқарады. Оның барлығын шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес.

Шаруашылықтар мен мекемелердегі мемлекеттік меншік жекешелендірілген, нарықтық экономикаға көшіп жатқан, аса қыын да күрделі 1991-1995 жылдары аудандық кәсінодак комитетінің төрағасы болады. Негізінен барлық шаруашылық жекешелендіріліп біткен соң кәсіподақ комитеті ешқандай қаржысыз қалып, өзінен-өзі тараиды. Сол кезде де Жәкең жарты жыл бойы енбекақысыз жұмыс істеген екен.

Осы күрделі жылдары аудандық пошта байланысына бастық болып тағайындалады. Халықтың әл-ауқаты әлі төмен. Елдің көшілігі жалақысын уақытымен алмайды. Қаражаттың жоқтығынан пошта байланысын пайдаланбайды, ғазет-журналға

жазылмайды. Көмір жоқтықтан пеш жағылмай, кеңсе азынап түр. Сол кезде мекеме мен пошта мүлкін, басқа да жабдықтарды тонаудан аман сақтау үшін коп күш жұмейді. Ақыры облыстагы бастығы Ертай Асайыновтың көмегімен жағдайды берте-берте жақсартып, қалынқа түсірғен соң оз өтінішімен қызметінен болсаиады. Іскер, талапшыл, талантты ұйымдастыруши, әділ баешы Ертай Рақымжанұлы бұл кісіні зейнеткерлікке шыққан соң да екі жыл бойы басшылықта ұстаған екен.

Осы уақыт ішінде Жарылғап Медеубекұлы үнемі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында, қыын-қыстау орындарда болған екен. Ондай жұмыстардың барлығын абыраймен атқарған, ешқашан ескерту алып көрмепті. Қазір де Ақтогай селосының ардагерлер Кеңесінің төрағасы. Аудан халқының, зейнеткерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына, бірлікті нығайтуға, жастар арасындағы тәрбие жұмысына жүйелі қатысып отырады.

Жәкең қызмет атқарған жылдары ішінде үкімет наградаларымен, басқа да маралаттарға ие болышты. Омырауындағы оннан астам медаль соның айғағы. Президентіміздің Алғыс хатын да алған.

Бұл күнде өмірлік жары, КСРО «Халықта білім беру ісінің үздігі» белгісінің иегері, өмірін ұстаздықпен өткізген Төлеу женгемізben екеуі 7 бала тәрбиелеп өсірген. Олардың барлығы да жоғары білімді, барлығы да үйлі-баранды, өз мамандықтары бойынша Тәуелсіз еліміздің гүлдене беруі үшін еңбек етіп жатыр.

Өзі ұстаздардан тәлім алын, сол бойынша еңбек еткен, кейіннен біздерге өзі де мұғалім болып, үлкен өмірге қанат байлаған, ұлагатты тәрбиесін бойымызға дарытқан ұстазымыздың дені сау болын, ардағерлер арасында жалықпай еңбек ете беруіне тілекtestіk білдіреміз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл мақала 2008 жылы Жәкеңнің 70 жасқа толуына орай жазылған болатын.



## ТОЛАРСАҚТАН ҚАН КЕШКЕН



Кеше гана күркіреп күндей өткен соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, толарсақтан қан кешкен ардағер әкелеріміз бен ағаларымыздың көшпілігі қазір арамызда жоқ. Бірақ, ол кісілер туралы ағайын-туыстары, елжұрты ұмытпайды. Өйткені, олар халыққа қадірі асқан, кезінде құрметке бөлекен адамдар еді. Солардың бірі – Шәйкен Тұрганов деген ағамыз. Ол кісіні бала жасыныңдан билетін едік. Сонау жылдары Ақтогай селолық

Кеңесінің төрағасы болған Шәкенді бүкіл аудан орталығының тұрғындары құрмет тұтып, «Болыс» және «Болысеке» деп атайдыны әлі есімізде.

Сол Шәкендің еңбек жолы 1925 жылы №3 ауылда жұмысшы болудан басталған екен. Содан бастап бүкіл өмірі қайнаған еңбек ортасында өтті. 1931-1938 жылдары Ақтогай селосында қойма менгерушісі, балалар үйінің директоры, дүкен менгерушісі қызметтерін атқарады. Содан 1942 жылы қан майданға аттанғанға дейін аудандық Кеңес атқару комитеті

**жынындағы сауда бөлімінің менгерушісі болған екен.**

Ұлы Отан соғысының бел ортасына кірген ол «Қызыл жүлдіз» ордені №211 ғвардиялық атқыштар бригадасының құрамында минометші болып Орталық, Онтүстік-Батыс, 1-ші Украина, 1-2-3-ші Прибалтика, 2-3-ші Белорусия майданда-рында жауға қарсы құресіп, талай ерліктің үлгісін көрсетеді. Соғыста екі рет жарапланады. Майдан даласындағы ерлігі үшін «Қызыл жүлдіз» орденімен, «Кенигсбергті азат еткені үшін» медалімен және тағы да басқа медальдармен марапатталыты.

Майданнан аман-есен оралған соң аудандық май өндіру мекемесінде инспектор, 1948 жылдан 1955 жылға дейін «Жұмыскер» және Калинин атындағы колхоздарда басқарма бастығы, содан 1968 жылды құрметті демалысқа шыққанға дейін Ақтогай селолық Кенесі атқару комитетінің төрағасы қызметтерін абыраймен атқарды.

Аудандағы шаруашылықтарда басқарушы болып еңбек еткен жылдары өзінің барлық құш-жігері мен ұйымдастырунылық қабілетін аудан экономикасы мен мәдениетін өркендештүге құмсаған адам. Сол үшін де ол аудан еңбеккерлері арасында беделді болды. Жастарға тәлімді тәрбие көрсетті, соғыстан соңғы жылдардағы жетім-жесірлерге, кейбір таза панасыз қалған балаларға қамқор бола білді. Шәкең бірнеше рет аудандық және селолық Кенестердің депутаты болып сайланды. Соғыста алған наградаларына бейбіт еңбек кезіндегі марапаттары қосылды.

Ол кісінің бәйбішесі Дәрия апай да ұлағатты адам еді. Соғыс жылдарында тылда бел шешпей жүрін, басқалар қатарлы еңбек етті. Соғыста жаумен айқасқандардың аман-есен келуін құте жүрін, жеңіс күнін жақыннатуға өзіндік үлес қосты. Сол кездегі ауылдағы атқарылатын жұмыстардың барлығына да араласты. Сондай еселі еңбегі жоғары бағаланып, ол кісі де «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

- Ол кундердің данкы өмірі өшпейтіндігі рас. Бүгінде біз арамызда жоқ болғанымен әкеміздің майдангер екендігін,

шешеміздің адал еңбегін ешқашан ұмытпаймыз. Бәрімізді өсірін-жеткізді, жоғары білім әперді, қатар құрбыларымыздан қалдырымай тәрбиеледі. Қазір ол кісілердің өмірдегі үлгі-өнегесі жадымызда сайрап тұр, - деп еске алады үрпақтары.

Иә, Шәкең мен Дәкеңнің артында қалған, тәрбиесін алған үрпақтары бүгінде жоғары білімді, әр салада қызмет істеп жүрген, өз істерінің мамандары. Мәселен, Сергалы – дәрігер, Есіркеп – шахтада инженер, Өсет - ішкі істер органының қызметкері, полиция полковнигі.

Өздеріне тән өмірді есте қаларлықтай үлгі-өнегемен өткере білген абзал эке мен асыл ананың ұлағатты ісі ешқашан ұмытылмақ емес.

**ЕСКЕРТУ:** Мақала 2005 жылы Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай жазылған бөлательн.



## ЕСІМІ ОНЫҢ ЕСЕНГЕЛДІ

Біздің ауылдан ат жалын тартып мініп, алысқа аттанып, ел басқарған азаматтар аз емес. Мен сөз еткелі отырған Жанатай Тұрысбеков жасынан-ақ алғыр болды. Біз онымен бірге өстік деп айтуымызға да болады. Бірақ, ол менен екі жас үлкен, менің туған ағам Куандықпен жасты болды. Соған қарамастан Жанатай менен бір-ақ класс жоғары оқыды.

Біз Ыстыбылақтағы кейіннен гана сегізжылдық болған, әуелде жетіжүлдүк болған мектепте оқыдық. Бала саны аз болғандықтан, біз әр класта нендей қызық болып жатқанын үзгіс арасында бір-бірімізге айтып үлгеретінбіз.

Жанатайдың әкесі Есей ақсақал әуелі колхозда, одан соң біздің ауыл «Қызыларай» совхозына қосылып, болімше болып қалған кезде совхозда есепші, бригадир, ферма меншерушісі сияқты қызметтер атқарған, ауылдағы беделді адамдардың бірі болғаны есімде. Ол кісі соғыс ардағері болатын. Кейіннен совхоздың орталығына көшіп кетіп, соғыс салған зардалтан сол жаққа барған соң дүниеден озды. Есекен біздің ауылға көшіп



келерден бұрын әр жерде қызметтер атқарған екен. Үлкендері Жанатай әкесі Сарытерек аулында ферма менгерушісі болып жүрген кезінде 1947 жылы ақпанның 17-сі күні дүниеге келіпті. Содан ол әлі есін жимаған 2-3 жасар кезінде біздің ауылға, яғни «Еңбекке» қоные аударыпты. Біз, ауылдың балалары мен үлкендері түгелдей оны осы атымен Жанатай деп атап жүретінбіз. Мектепте де солай жазылды. Кейіннен білсек, оның азан шақырып қойған аты Есенгелді болып шықты.

Біздің ауылдагы мектеп әуелде жетіжылдық болғандығын айттым. Сол мектепті Жанатай 1961 жылы бітірген соң Қарқаралы қаласындағы зооветеринарлық техникумға түсіп, оны осы екі мамандық бойынша бірдей үздік бітірін шықты. Сол кезде мен Ақтогайды М.Горький атындағы орта мектепте оқитынмын. Аудандық «Арқа еңбеккери» газетіне ептең өлеңдер шығарып, мақала жазып тұратын едім. Ауылга окуын бітіріп келген Есенгелді Тұрысбеков туралы «Жас маман іске кірісті» деген мақала жазылғын. Өйткені, сол кезде мен ауылға жазғытурымғы каникулға келіп жатқанмын. Жанатай болса, «Қызыларай» совхозының Жұнісбек қыстағындағы екінші фермасына зоотехник болып қызметке кіріскең еді. Өзі жасынан әкесінің жолын қырап, ауыл шаруашылығы маманы болуды армандаған жас жігіт өзіне тапсырылған қызметке алғашқы күннен-ақ құлышына кірісті. Бұл бөлімшешенің менгерушісі Төлеу Әзімбаев деген кісі болатын. Жас маман менгерушінің ақылын тыңдай отырып, өзінің алған білімін тәжірибемен сәтті үштастыра білді. Осы қызметті абырайлы атқарған ол совхоз басшылығының назарына ілікпей қалған жоқ. Құлышынысы мол жас маманды совхоз директоры Имангазы Әмірбеков үш жыл қызмет атқарған соң оны №1 «Еңбек» бөлімшесіне мал дәрігері етіп жіберді.

Бұл бөлімше біріншіден өзінің ауылы, өзі мектеп бітірген жер болса, екіншіден бұл бөлімше тек «Қызыларай» совхозындаған емес, бүкіл аудан бойынша ең үлкен болімшениң бірі

болатын. Сондықтан да ауыл шаруашылығының көптеген ма-  
мандарын шындау үшін осы біздің бөлімшеге қызметке жіберіш  
алатын үрдіс бар еді. Сол үрдіспен келген Жанатай да сегіз жыл  
қызмет атқарып, шындалудан откен соң оны екінші бөлімшеге  
менгеруші етіп жібереді. Мұнда да үш жылдай қызмет атқарып,  
осы жерлердің барлығында да өзінің іскерлік қабілетімен  
көрінеді. Халықпен жұмыс істей білін, керек жерінде елді  
жұдырықтай жұмылдыра алатындығы аудан басшыларының  
назарына ілікпей қалмайды. Ол уақытта қазіргідей туган-  
тыстыққа онша мән бермей, іскерлік қабілетке ерекше назар  
аударушы еді ғой. Сөйтіп, енді Жанатай «Ақтогай» совхозына  
қызметіне келеді. Ол мұнда еңбек еткен жеті жыл ішінде бас  
зоотехник, бас мал дәрігері сияқты жауапты жұмыстарды абы-  
раймен атқара біледі. Сондықтан да сайланбалы органдада да  
сынап көруге бел буган ауыл тұрғындары оны совхоз кәсіподак  
комитетінің төрагасы етіп бірауыздан сайлайды. Жанатай бұл  
қызметті де үршықтай үйірін әкетті. Ол кезде социалистік жа-  
рыс деген бар, оны үйымдастыру, оның қорытындысын шығару  
дегендер бар. Сол жұмыстардың барлығы да өзіне бұрынан  
таныс нәрселер ғой. Көп ойланып жататын шаруа емес, тез  
арада менгеріп кетті.

Іскерлігімен көзге түсken қызметкерді партия органдарына  
қызметке жіберіп, одан соң аудандық партия органдарына  
қызметке тарту сол кездің кадр саясатындағы басты  
әдіс болатыны белгілі. Енді Есенгелді Тұрысбековты партия  
қызметінде шындау мақсатымен өзінің туган ауылы, жаңадан  
«Еңбек» совхозы, Куаныш ауылдық кенесі болып құрыйған  
шаруашылыққа партия бюросының хатшысы етіп жібереді. Ол  
кезде «Еңбек» «Қызыларай» совхозынан, «Куаныш» бөлімшесі  
«Каратал» совхозынан бөлініп, жеке отау көтергейнене онша  
көп уақыт болмаған еді.

Шаруашылықта тәжірибесі мол болғанымен, партия  
қызметінде жас Есенгелді Есейұлы бел шеше кірісіп, совхоз

директорымен келісе отырып, өз ісін мұнда да үйіріп әкетті. Аудандық партия комитетінің пленумдары мен конференцияларында оның есімі жиі естіле бастаған шакта оны қайтадан «Ақтогай» совхозына әкеледі. Бұл жолы ол мұнда шаруашылық басшысы болып келеді. Онда екі жыл қызмет атқарған соң қайтадан «Еңбекке» директор етіі жібереді. Бұл нағыз өліара шақ, аса қыын кез болатын. Шаруашылық жекешеленін жатыр, елде ақша жоқ. Ауыл тұрғындарының қолдағы малының сүмесіне қарап қалған кез еді. Бір шетінде қалаға қарай үдере көшіп жатқандар да бар. Ауыл басшысының дұрыс шешімінің арқасында мұндай қыындықтан шығудың да жолы табылады. Жүргітты сабырга шақырып, жекешелендірудің алғашқы кезеңінің өз дәрежесінде үйимдастырылуына мұрындық болды.

Міне, осылай үнемі ауыл қызметінің баспалдағымен барлық сатыдан асықпай жүріп өткен бізше – Жанатай, құжат бойынша – Есенгелді төрт жылдан соң Абай ауданының «Ақбастау» совхозына қоныс аударады. Ол әуелде мұнда ауыл шаруашылығында еңбек еткен. Бірақ, оның үйимдастырушылық қабілетін және тәжірибелі жолдан өткендігін байқаған аудан әкімдігі сол ауылдың әкімі етіп тағайындейді. Ол осы қызметіш 2010 жылы зейнеткерлікке шыққанша абыраймен атқарды.

Жанатайдың осындай абырайлы қызмет атқаруына қырық бес жылға жуық тату-тәтті өмір сүріп жатқан аяулы жары, адам жанының арашашысы, дәрігер болған Маралдың қосқан үлесінің де аз болмағанын атап айтқанымыз жөн. Қазір Жанатай зайыбы Марал екеуі де зейнеткер, Қарағанды қаласында балалары мен немерелерішің ортасында жүріп жатыр.

Кезінде абырайлы атқарған қызметі үшін талай маралттарға ие болған. Ауылдық кеңестің сан мәрте депутаты болып та сайланды. Негізі бұл өз алдына бөлек әңгіменің тақырыбы.

**2015 ж.**



## БИІКТЕРГЕ БАСТАҒАН БАСПАЛДАҚТАР

Қайрат жасынан әскери күйді арман етті. Сымдай тартылған киімі бойына жарасқан әскери адамдарды көргенде қызыга қарайтын. Сол арманына ол 1993 жылы Қазақстан Республикасы ИМ Жоғары мектебіне түскенде жетті. Үстіне мектеп тыңдаудысының киімін киді.

Қайрат Ақтогай ауданының «Қоңырат» совхозына қарасты «Қарақой» белімінесінде дүниеге келеді. Бесіншы сыныпты бітіргенге дейін Ақтогай селосындағы М.Горький атындағы №1 орта мектепте интернатта жатыш оқиды. Алтыншы сыныптан бастап Қарагандыдағы №3 спорт-интернатта оқиды. Спорттың қай түріне болса да бейім ол еркін күресті қалайды. Осында оқып жүрген кезінің өзінде талай жетістіктерге ие болады. Ұзбей жаттығудың арқасында жастар арасындағы Қазақстан чемпионатында екі рет чемпион, бірнеше дүркін Халықаралық жарыстардың чемпионы атанады. Сол кезде Ресейдің талай қаласында (Мәскеу, Санкт-Петербург), Украина, Қыргызстанда, Өзбекстанда болған жарыстарға қатысады, жүлделермен оралады. 1992 жылы Н.Әбдіровті еске түсіруге арналған Халықаралық турнирде бірінші орын алыш, Спорт



шебері нормасын орындауды. Сол үшін қыргыздың халық батыры Қобалы Қожамқұлов құрметіне ғашеккете откізілген турнирге қатысу құрметіне ие болады. Бұл жарыста да 58 кг салмақ санаты бойынша чемпион болыш оралады.

Бұл кезде әрі жаттықтыруышысы, әрі мектеп-ннтернаттың директоры Бағдәулет Өрбісінов мұны мектеп жаңындағы олимпиадалық резерв училищесіне алды қалады. Сонда екі жыл оқып, спорттың еркін күрес түрінен жаттықтыруыш мамандығын алды шығады. Осы шақтарды еске алғанда ол өзінің тәлімгерлері Бағдаulet Өрбісіновті, Өмірзақ Байғабыловты, Куандық Мұсахановты ерекше ілтипатпен еске алады.

Қайрат Төкешевтің Қарағанды жоғары мектебінде түскендігін айтып өттік. Ол осында оқып жүрген кезінің өзінде де талай жарыстарға қатысып, жауырының жерге тигізген жоқ. Сөйтіп, «күш атасын танымас» дегеннің шындығын дәлелдеген.

Оқуын бітірген соң 1997 жылы Қазыбек би атындағы аудан ішкі істер басқармасының тергеу беліміне жолдама берген. Бұл сонау Тәуелсіздікке қолымыздың жеткен, бірақ ел экономикасының құлдыраған, әлі қаз тұрып ұлгермен шағы болатын. Бұл кезде қылмыс деген бел алдып, жүргіттың берекесін кетіріп тұрған болатын. Өсіресе, ауылдан жұмыс іздел қалаға келген, бірақ жұмысқа тұра алмаған жастардың қылмысқа ұрынуы жиілеп кеткен. Сол кезде жас та болса бұған бір қылмыстық істі тапсырған еді. Ол бұл жұмысқа құлшына кірісті. Соның нәтижесінде бір қылмысқа қатысты деп жүрген топтың (ылғи қазақтың балалары, ішінде бір қызы бар) 15 қылмыстық оқиғаға қатысы бар екеніш аныктады. Тергеуді төрт ай бойы жүргізді. Бірте-бірте қылмыстық топтың серкелерінен бастап орындаушыларына дейін қолға түсірді. Исті сотқа тапсырғанда оларға 16 жылдан бастап 7 жылға дейін жаза кесті. Өйткені, бұл қылмыстық топ кісі торап күн көрген, кісі де өлтірген.

Осы қылмысты ашқан соң көзге түсіп, облыстық ЦД-нің тергеу басқармасына шақырады. Бес жыл істеген соң тергеу белімі бастиғының орынбасары болады, капитан шеніне жетеді.

Бұдан соң Қайрат Нұрманұлын ҚР Ішкі істер министрлігіне шақырады. Өнда ішкі істер департаментінде 1 жыл 8 ай қызмет атқарып келеді. Өзіміздің облысқа оралған соң анықтама бөлімінде бастық болады. Сол жерде қатарынан бірнеше жыл еңбек етін, полицияның подполковнігі шеніне ие болады. Бұдан соң біраз уақыт (2008 ж.) Теміртау қалалық ішкі істер басқармасында бастық болады.

Қазір полицияның подполковнігі Қайрат Токешев бір жылдан бері Қарағанды Ішкі істер басқармасына қарасты Өргалық полиция болімінің бастығы болыш қызмет атқаруда. Бұл Қарағандының дәл ортасында орналасқан бөлім. Бұл қылмыстық жағдай өте күрделі аймақ болып саналады. Соған қарамастан қылмысты құрықтауда талмай еңбек етуде. Жыл басынан бергі өткен 5 айдың ішінде 3,5 мың қылмыстық оқиға тіркелген еken. Бөлім қызметкерлерінің ұжымды жұмысының арқасында жасөспірімдер қылмысы азая түскен. Өйткені, әрбір мектепке полиция инспекторы қойылған. Олар окушыларды мектепке келерде қарсы алып, сабағы біткенде шығарып салады. Сабақ өтіп жатқан уақытта мектеп маңында патрульдік қызмет атқарады. Бұрынғыдай кабинетте стол басында отырмайды.

- Тіркелген қылмыстардың көпшілігі мұлікке қатысты (ұрлық) болып келеді. Өйткені, қазір елдің барлығы машиналарын аулаларына қояды. Ол күзетілмейді. Бірде болмаса, бірде машинасын тонап кетеді.

Бұрын жүртшылықты арнайы қабылдау күні болатын. Енді ондайды қойып, келушілерді күн сайын қабылдайтын болдым. Егер қылмысты дер кезінде білсек, оның ашылуы да оңай болады. Бұған қоса мен өзім тергеуші болғандықтан, оқиға орнын, қылмыс болған жерді мұқият қарап, құжаттарды дұрыс толтыру мәселесіне қатты көніл бөлемін. Бұл да қылмыстың ашылуына көмегін тигізеді, - дейді подполковник Қайрат Текешев, халыққа тек жақсылық тілеген шын көнілмен. Ол не айтса да, тұргындарға, халыққа қамқор болу жағына көніл бөліп, олардың қамқорынысы болуга деген ниетін жасырған жоқ.

Полиция бөлімі бастығының үйінде Жанерке, Бауыржан атты екі ұл өсіп келеді. Үлкені мектепте, кішісі бакшада. Кім біледі, мүмкін олар да ертеңгі күні әкелері сияқты полиция қызметкері болар. Ылайым еолай болеын. Әкелері сияқты халықтың ілтиратына, алғысына бөлген болса жетіп жатыр.

**2012 ж.**

**ЕСКЕРТУ:** Бұдан соң полиция полковнигі шенін алған Қайрат Төкешев Жезқазған қалалық полиция бөлімінде бастық болды. Қазір ҚР ПМ Теміртау оқу орталығында кафедра менгерушісі болыш істейді.

## **АҚТОҒАЙДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ**

---

### **ИЗЕКЕН АЙТҚАН ЕКЕН**

*Жасы тоқсанга таяп қайтыс бөлгән Изак ақсақалды Ақтогай өңірінде көпшілік ел біледі. Сол кісі айтқан қагытта сөздер ел ішінде көп тараган.*

#### **«Аузым тоңып қалды»**

Бір күн «Куаиыш» колхозынан ат шанамен шыққан Изекен мен Сәтмағанбет ақсақал жол жүріп келе жатады. Жол бойы Сәткең әңгімені бірінен соң бірін қоздатып, жанындағы серігіне сөз бермей қояды. Сонда Изекен:

- Әй, Сәтмағанбет, тоқтат! Енді мен еөйлейін, аузым тоңып қалды! – деген екен.

#### **«Арақ байлан жіберіндер»**

Бірде аудан басшыларының бірі Изекенің үйінде түстеніп отырып:

- Қасқыр көбейіп кетті. Ешкім ауламайды. Малды қырып бара жатыр, - дей сөз бастайды.

- Оның тұқ те қыындығы жоқ, - дейді сонда Изекен жұлып алғандай. – Қасқырды жоюдың ең онай жолын мен айтайын...

Үлкен кісінің мына сөзіне отырган елдің барлығы «Бірдене айтатын шығар» деген оймен қарап қалады.

- Сендер, - дейді сонда Изекен. – Бір арланды ұстап алып, мойна бір жарты арақ байлан жіберіндер. Сол арақты тауып ішкенише біздің ауылдың жігіттері бүкіл қасқырды қырып шығады.

#### **«Кешке дайін бітіріп таастасын»**

Шыбындық басталған күні пішеншілер араевынан келген бір жігіт есік алдында отырган Изекенің көріп бүрылады. Жігіт кызулау екен, амандықтан еоң:

- Биыл шөп шыгымды екен. Түске дейін талай жердің шөбін шаптық. Енді қыетақтарға көктей жеткізін аламыз, - деп лепіре сөйлейді.

Тегі ана жіғіт жайшылықта көп сөйлемейтін біртоға адам болса керек.

- Жұмыртқаға тіл бітірген қайран арақ-ай, ә, - деп Изекен басын шайқап біраз отырады да бір кезде: - Эй, мынаған тағы бір жұз грамм беріңдерші, қалған шөпті кешке дейін шауын бітіріп тастасын, - деп айқай салынты келінінс.

## ТҰРСЕКЕНДІҚ АЙТҚАНЫ

*Тұрын Төрекожин Қараганды облысының біраз ауданда-рында жауапты басшылық қызмет атқарған, беделі адам еді. Сол кісінің дуалы аузынан шығып, ел арасына тарап кеткен талай әңгіме бар. Соның бірі төмендегідей.*

### «Орын бар еді ғой...»

Тұрсекенің Ақтогай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бастық болыш жүрген кезі екен. Бір күн таңертенгілікте аппаратты жинап алғып ілездеме откізіп жатады. Дәстүр бойынша орынбасары мән-жайды баяндайды да, еөзін:

- Кеше Тукөденің даласында Балқаштан бензин әкеле жатқан бір мәшине қарсы келе жатқан мәшинеге соғылысып қалып, жанып кетінті. Жүргізушилері аман көрінеді, - деп аяқтайды.

Ол кезде Балқаш пен Ақтогайдың арасында қазіргідей ае-фальт түгілі тас жол да жоқ. Тукөде десе деғендей кеде ғана өсетін ту далада мәшине атаулы жайдақ жолмен ағыза беретін.

Сонда сәл ойланып отырып қалған Тұрсекен кішкенеден соң:

- Япырай, ә! Тукөденің даласында екі мәшине сиятын орын бар еді ғой, - деғен екен.

## **АУАҢНЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ**

Қаура Әбдіразақов марқұм «Қызыларай» совхозында әртүрлі қызметтер атқарды. Ақжарқын, ақкоңіл, анқау адам еді. Ол кісінің «Ауаң айтқан» деген сөздері ел арасында бірталай.

### **«Кәрі қыздар көп екен»**

Бірде Ауаң мен Қуан Қасымов екеуі Бірлестікке барыпты. Бір үйде түстеніп отырғанда сөз арасында Әуес:

- Осы ауылда байға тимеген өңшең бойдақ қыздар көн екен,
- деген сөзді айттып жібереді.

Ауаңның сөзін аңдып отыратын Қуан оңаша бір сәтте:

- Ая, әлгі айтқаныңыз ұяттау болды. Осы үйде де үшеуі бар, - дейді ғой.

- А-а, солай ма, оны мен қайдан білейін, - дейді Ауаң.

Содан біраздан соң Ауаң:

- Менің әлгі айтқанымды кешіріңіздер, - деп кешірім өтінсіді.

Әңгімемен отырған жұрт ол сөзді аңғармай қалады. Ауаң біраздан соң тағы кешірім сұрайды. Бұл жолы да сөз аралап, ешкім мән бермейді.

Содан үй иесі кетіп бара жақан қонақтарды шығарып салын тұрса, Ауаң одан қоярда қоймай кешірім сұрайды.

- Ол не? Сіз не айттып едіңіз? – дейді түкке түсінбеген, ойында ештеңе жоқ үй иесі.

- Әлгіде айттым ғой: «Осы ауылда байға тимеген өңшең бойдақ қыздар көн екен» деген. Сөйтсем, еіздің үйде де үшеуі бар екен ғой, - деп шегелепті Ауаң, ешкім аңғармаған сөзді кайтадан тірілтіп.

Үй иесі не дерін білмей тұрып қалынты.

### **«Дайындалдық кой»**

Бірде облыс басшыларының бірі келmekші болғанын естіп, совхоз басшылары күні бұрын дайындалынты. Орталық мекенді

жөнге келтірін, әдейі көрсетуге дайындаپ, бір қыстақтың басыны мұнтаздай етіп тазалап қояды. Өбlyс басшысы бәрін көріп, риза болса керек әлгі қыстақ басына келгейде:

- Қыстақтарың жақсы екен, таза екен, - дейді.

Сонда Өуен елдің алдына суырылып шыға келий:

- Енді қалай, сіз келеді дегенді естігеннен бері жан-тәніміз қалмай тазаладық қой, - деген екен.

### **«Астарыңыздағы жүннің әр талы»**

Совхозда жұмысшы комитетінің төрағасы болып істеп журген кезінде Өуен қой қырқып жатқан жерге келін, жиналыс өткізілті. Жұмыс уақыты болғандықтан қырықтықтарын өшіре салған қыз-келіншектер жүн салынған қаптарға отыра-отыра кетеді.

Сонда Өуен үкімет пен партияның сол кездегі міндеттерін айта келій:

- Мына сіздердің астарыңыздағы жүннің әр талы алтынмен тең екендігін естеріңізден шыгармаңыздар, жолдастар, - деп аяқталты сөзін.

### **«Өлмегенім жақсы болды»**

Бірде ішінде Өуен бар, Қызыларайға келе жатқан көп адам мінген машина жолдың бір қия жерінде аударылып қалыпты. Абырой болғанда елдің бәрі аман, жарақатқа не ауыр жағдайға ұшыраган ешкім жоқ екен.

Бір кезде Өуен тұрып, үсті-басын қағып-сілкін жатып:

- Бәрінен де менің өлмегенім жақсы болды, - деген екен.

- Е, неге? – деп таңдана қаралты басқалар.

- Менің бала-шагам бар ғой.

Сонда жанындағы кіслер:

- Не, басқамызда бала-шага жоқ па? – деп жатып тұрып ашу-ланыпты.

## **ЕСКЕҢДІҢ АЙТҚАНДАРЫ**

*Ақтогай ауданында Есенбай Таханов ақсақал көп жыл ел басқарған, сөвхоз директоры болған құрметті азамат еді. Сол кісінің өткір де тапқыр сөздері ел ішінде көп таралған.*

### **«Миғұлалар үшін айтады»**

Бірде Ескең көп адаммен бірге әуе бекетінде үшақ күтіп отырады. Сол кезде ұшып-қонын жатқан үшақтар туралы хабарландыру әуелі қазақ тілінде бір рет, артынша орыс тілінде екі немесе үш рет беріледі. Мұны байқап тұрган бір орыс келін:

- Кордіңдер ме – қазақтар үшін бір-ақ рет айтады, біз үшін бірнеше қайталайды, - деп мақтанады.

Сол кезде Ескең:

- Е, оған несін мақтанасың. Біз қазақтар бір айтқанда ұғып аламыз. Олар бір айтқанда түсінбейтін миғұлалар үшін бірнеше рет қайталап тұр, - деп әлгіні тойтарып тастапты.

### **«Қос коржынның бірі»**

Бірде Ескең қалаға келіп, қонақ үйіне орналасса, екі орындық бөлме екен, шалжиып жаңында біреу жатыр. Амандақтан соң:

- Кім боласың? – деп сұрайды ол.  
- Совхоз директоры боламын, - деп жауап береді Ескең кашанғы қарапайым әдетімен.

- Е-е, - деп күледі анау. – Қойшымын десеніні.  
- Ал, өзің кім боласың?  
- Мен аудандағы үштін бірімін.

Аудандағы райкомның үш хатшысын мезғеп отырғанын түсінген Ескең:

- Ал, оның қайсысың? - деп сұрайды.  
- Екіншісімін.  
- Түү, - дейді сонда Ескең. – Ана сабаздың өзі ме десем, қос коржынның бірі екенсің гой.

## **«Ұйқысы неге қанбайды»**

Ескеңнің Анарбек деген құрдасы болған екен. Ол кісінің бір көзі кем большты. Үлғи Ескең оны таң қараңғысымен оятады екен.

Бір күні ұйқысы қанбагандықтан, көзін аша алмай ренжіген құрдасына:

- Ей, екі коздің ұйқысы қанғанда сенің жалғыз көзіңнің ұйқысы қалай қанбайды, ей! ? – деп дүрсे қоя беріпті Ескең.

## **«Помидорды сорып жейді»**

Ескең совхоз директоры болып істеп жүрген кезінде Қарағандыға келіп, коп адамдармен ресторанға барады. Сонда жанындағы бір жас жігітке дастархандағы асты көрсетіп:

- Мыналарды қалай жеуді айта отыр. Эйтпесе, ауылдан келген адамбыз гой, бір нәрсені бұлдіріп алып, ұятқа қалып жүрмейік, - деп ескерtedі.

Содан ана жігіт қай тағамды қалай жеуді тәрекілеп қоймайды. Тұздалған помидорға қолын соза берсе:

- Оны сорып жейсіз. Тістеуге болмайды. Онда үстінізге сұзы шашырап кетеді, - деп түсіндіреді.

Екен қолын тарта қояды.

Біраздан соң тағы да қолын соза берсе, әлғі жігіт:

- Оны сорып жейді, - дейді тағы да.

Сонда Ескең:

- Ей, қойшы, қарагым. Бүкіл бір совхозды еорып жеп отырғанда бір помидорды жей алмайды ғой дейсің бе? – деп кішілеу біреуін аузына бір-ақ тығыпты.

## **ЖЫНДЫ ЫСҚАҚТЫҢ БАЛАҒАТТАРЫ**

*Ақтогай өнірінде Жынды Ысқақтың білмейтін жан жоқ. Ол кісі орнын тауып, өз ретімен, өте әдемі тенеумен балағаттайтын адам еді. Сондай боктампаз адам болғандықтан жұрт ол кісіні «Жынды Ысқақ» деп атап*

*кеткен гой. Ысекеңнің тәңеуі өте дәл болатындығы сондай, балагат еспіген адамның өзі ашуланудың орнына құлкіге бір кенеліп, риза болып қалады. Сол кезде азын айға білген ау-партком хатындарының өзі Ысекеңнің алдында соз естіп қалмау үшін құрдай жоргалайтын. Бірақ бұлардың мұндай мінездерін байқаган Ысекең ақсақал аузынан шыққан сөзін нысанага дәл тигізіп, масқарасын шыгаратын. Басқа адам болса, оздерін балагаттаптақ бұлай тұрсын, аузынан «жас-ман» соз шыққаны үшін «екі көзін жылтыратып» қоятын олар, Ысекеңе ештеңе дей алмайды. Тіпті, кейбір басылар ел еркесінің сондай «батасын» алу үшін өздері келеді екен.*

### **Ақселеудің айтқаны**

- «Ленинийл жастың» (қазіргі «Жас алаш») Қарағанды және Целиноград облыстары бойынша меншікті тілшісі болып істеп жүрген кезім еді,- дейді жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбеков. – Актоғай ауданында Жынды Ысқақ деген кісі бар дегенді естідім. «Коңырат» совхозында тұратын Ысекеңнің үйіне келіп түстім. Кішкене ғана домаланған карт екен. Сәлемімді алған соң торғе шыгарып, жөн сұрады. Қарағанды қаласында тұратынымды, Жанаарқа ауданында тұганымды, қазір ғазет тілшісі екешімді айтып бердім. Содан соң ақсақал үнсіз қалды. Мен де үнсізбін. Бірте-бірте әлгі үйге ауыл адамдары жинала бастады.

Алдына барған адамды Ысекең ретін тауып қайтсе балағаттайтын. Соны естуге жиналады екен. Әрі ол кісі бір адамға айтқан тәңеуін екінші адамға өмірі қайталамайды екен. Ысекеңнің алдынан балағат естімей кеткендер де бар. Ондай адамдарды ел құрмет тұтады.

Бір кезде шай келді. Оны-мұны айтып отырып шай ішілді. Бірақ бір арнаға тогысқан жүйелі әңгіме болған жок. Бәрі ақсақалдың аузын бағулы сияқты. Соган қарап мен де ишпіле алмай отырмын. Қайткен кунде балағат естімей аттанбақ ойдамын.

Мен келісімен қазан котерілген екен. Біраздан соң үйме табақ ет те келіп қалды. Сол үйдің келіні болуы керек, бір жас келіншек ет турайтын пышақ пен табақ әкеліп қойып еді, ауыл адамдары төрде, менің жанымда отырған Ысекеңнің алдына жылжыгты. Ысекең табақты менің алдыма сырғытып қойды. «Масқара болдым-ау» деп ойладым. Турамайын десем, табан астында балағат естуім мүмкін. Ысекеңнің күтін отырганының өзі сол. Сондықтан да табақты алдыма ыңғайлап қойып, етті туралуға кірестім. Барынша мипаздал, бар өнерімді салып, жұқалап-ақ турадым. Үйме табақ етті жалғыз өзім турал болып, тұздық құйылды да жеуғе кірестік қой. Бір кездे қайдан қалып қойганын білмеймін, Ысекең алдынан туралмаған бір кесек етті суырып алып шыққаны. «Құрыған жерім осы болды-ау» деп ойлауға шамам да келген жоқ, Ысекең әлгі етті табақтың үстінде салбырата ұстаған беті:

- Ей, селеудей болып сорайған бойындың экесінің аузын...  
Жасым тоқсанға тақалғанда мына етке қақалып өлсін дедің бе?  
– деп «сорғалатып» жібергені.

Сол-ақ екен «Қай жерден шиң шығар екен?» деп бағанадан күтіп отырған жұрт қыран-топан болды ды қалды. Содан кейін-ақ ақсақал қөнілденіп, жұрт та желпіліп сала берді.

Бір сөз арасында Ысекеңнен:

- Ақсақал, боктауды қалай үйрендіңіз? Оған қандай себеп болды? – деп сұрадым.

- Япыр-ай, қарағым-ай, бұрын маған ешкім мұндай сұрақ қоймаган еді, - деп біраз үнсіз отырып қалды.

– Сұраган екенсің – айтайын... Балаң жігіт кезімде бір байдың жалшысы болдым. Әлті бай мені қайда барса да жанын тастамай алып жүретіп. Өзінің ептеғен моллалығы бар еді. Бір жолы коп ел жиналған үлкен асқа барып, қонып жаттық. Кешке қарай бай дәрет алуға үйдің сыртына қарай беттеді. Мен ошақ басындағы қыз-келіншектермен қалжындастып жүріп, шәугімге жылы су құйғызып алдым. Сөйтіп жүріп бір

келіншекпен сөз байласып кеткем. Дәрет су әкеle жатқанымда әлгі шәугімнің түбі күйе екен, жаңадағана әптақ етіп илеп ки-ген тері шалбарыма уйкеліп-ақ кеткені. Қап-қара болды қалды. Енді қайтып шыдайын:

- Қап, әкеңнің аузын... былғаганын қарашы, - деп боктап жібергенімді өзім де байқамай қалдым.

Мұнымды бай естіп қалып, өзімді жерден алып, жерге салсын.

- Нарам болған суға қалай дәрет аламын? Бар, оңбаған, андағыны төк те, «біссімілдә» деп басқа су құйғызып әкел, - дегені.

Әлгі келіншекке енді қайтып барамын? Оған не демекпін? «Төгіп алдым» деймін бе? «Оған қайта су сұрап барғанша өлғенім артық» деп намысқа бастым да:

- Олсең де осы сумен дәрет аласың. Мен енді қайтып су сұрауга бармаймын, - дедім.

- Жоқ, мен нарам болған суға дәрет алмаймын, - деп қитықты анау.

- Мә, ендеше, сүңнің экесінің аузын... Осы ауылдағы су біткеннің, бұлағындағы сүнның, өзені мен көліндегі сүнның экесінің аузын... Бұқіл жер жүзіндегі су атаулының экесінің аузын... Ал, бұқіл су атаулы түгел нарам бөлдү, енді өмір бойы дәрет алмаймысың? – деп шәугімді өзіне қарай лақтырып та-стап, кеттім де қалдым.

Мұны естіген екінші бір байдын бұл қылығыма қыбы қаныш, мені шақыртып алды да, астыма ат мінгізіп, үстіме киім беріп, өзіне қызметші етіп алды. Бұл бай мені өзіне жақпаған адамды боктап келуге жұмсайды. Мен барамын да оны жақсылап сы-бап, қожайынымның өшін алып береміп. Одан соң келесі бір адамға жұмсайды. Оны да боктап келеміп. Міне, сөйтіп жүріп әдет болып кетті, - деп аяқтады сөзін Ысекен.

... – Иә, бұл Жынды Ысқақ ақсақалдың балағаты қазақ әдебиетіндегі зерттелмеген, өте қызық, ерекше жанр, - дейді Ақселеу Сейдімбеков. – Ол кісінің айтқандарын жинастыру керек.

## **Әбекене айтқаны**

Бірде ішінде Ысекең бар бір топ адам Әбекең деген кісінің жүк машинасының үстінде келе жатады. Ол кезде автобус жоқ болғандықтан жүк машинасының қорабына мініп жүре беретін еді ғой. Бір уақытта шұңқырды байқамай қалған Әбекең машинасын секіртіп алады да, үстінде отырған адамдар бір жерге ұйлығып қалады.

Сонда Ысекең ақсақал:

- Жауыннан ыққан жаман текенің умасындаи мыжырайып, қатпар-қатпар болған бетінің әкесінің аузын... Әкең өлгендей зымыратпасаң не әкетін барады? Байқап жүрмейсің бе? - деген екен.

## **Бір жазушыға айтқаны**

Ол кезде «Қоңырат» колхозының орталығында тұратындар жаз бойы ауыл сыртына жайлайға шығып, киіз үй тігіп отыратын. Колхоздың кеңесіне де жеke бір киіз үй тігіп беруші еді. (Сол әдет бертіп келгендеше, өткен ғасырдың 80-інші жылдары на дейін жалғасып жүрді).

Сол ауылға астанадан бір жазушы келе қалады. Бірақ, ол кеңсе үйімен қатар тігілген колхоз басқармасының үйіне түседі. «Ауылға жазушы келді» дегенді естіген Ысекең өзіне келіп сәлем беріп, кіріп шығатын шығар деген оймен бір қойды алдырып, дайын отырады. Бірақ, әлгі жазушы үйіне келмейді.

Біраздан соң бір бала жіберіп, басқарманың үйіне Ысекенді шақырады. Мына қылышқа қытыққан Ысекең бармай жатып алады. Ауыл адамдары бір «сүмдыштың» боларын біле қояды, Ысекең келмеген соң жазушы әлгі баланы қайта жұмсайды.

Содан бір кезде Ысекең келеді ғой. Жазушы оған келген шаруасын айттып:

- Өткендеңі байлар туралы бір шығарма жазып жүр едім. Сіз байларға көп қызмет етіңсіз. Солар туралы білетіндерінізді айтсаңыз, - деп отінеді.

- Иә, ол рас, - дейді жұлып алғандай, жылдам сейлейтін Ысекең. – Бір байдың қызметшісі болып жүргенімде дәрет шәйнегін тасыдым. Бір жолы бай дәрет алыш отыр екен, борбайна көзім түсіп кетіп еді, құдайым сақтасын, анаусының үлкендігі тура сенің мына қалпағындағы екен, - деп ұстел үстінде жазушының папкасының жанында тұрган шляпасын нұскапты.

Бұдан соң жақсы тенеумен шенеп тұрып бір «жіберіп» алған Ысекең:

- Ал, жаз енді – жазғыш болсан! Сол бетінде өзгерпей жаз! Керегі сол ма еді? Жазушы болсаң қайтейш! Үйге келіп түспейсің бе? Бір қойдың басыш жемейсің бе? Асықпай отырып әңгімелесіп, бай туралы болсын, басқа туралы болсын содан кейін жазып алмайсың ба? - деп жерден алыш, жерге салады.

Ысекең жүрген жерде оның сөзін естуғе жүрттың жинала қалатын әдеті. Сол екі ортада үй іші лық толған екен. Мына сөзді естіген соң олар күлкіге кенеліпті де қалыпты.

### **Аупартком хатшысына айтқаны**

Ысекең үйіне сәлемдесуге жүрт ағылып келіп жатады. Солардың кейбіреуі өзін қалай балағаттағанын есту үшін келсе, кейбіреуі өзіне шаң жүқтүрмай, Ысекенің алдынан балағат естімей кетіп, бүкіл елге мақтану үшін де келеді екен.

Бір жолы ауданның бір хатшысы келе қалыпты. Келгеннен Ысекенің ығын тауып, сөзіне ілікпей қояды. Содан өртецине аттанып бара жатып, әлгі хатыны тым масаттанып кетсе керек:

- Ақсақал, алдыңыздан боқтау естімей кеткен мен сияқты адам жоқ шығар, сірә? - деп сұрайды.

Сонда Ысекең галстуғын тағып, жып-жылмағай қырынып, машинаға міндейін деп тұрган хатшыға:

- Е-е, бет-аузын су шайып, өзен табанындағы малта тастай жылтыратқан әкеңнің аузын... Сені боқтамайтынымды қайдан білдің? - деген екен.

## **АҚТОҒАЙДЫҢ АҚ ЖЕҢІСІ**

### **«Төре тұқымы тік тұрады»**

Ағыбай батырдың Ақадыр ауданында өткен 190 жылдық торқалы тойында ақын Жеңіс Қашқынов ағамыз өлең оқи бастағанда залда отырган белгілі сәулеткер Шота Уәлиханов орындан тік тұрыпты.

- Шөке, отырып та тыңдауға болады ғой, - дегендерге:
- Қазақтың хәе ақыны өлең оқығанда, торе тұқымы тік тұрып тыңдайды, - деген екен.

### **«Ақындардың серісі»**

Ііқылас күйшінің мерейлі мерекесін өткізуғе Жаңаарқа ауданына баруға бір топ ақын-жазушы вокзалға жиналышты. Бір кезде қастарына Жеңіс Қашқынов келгенде:

- Ақтоғайдың Жеңісі,
- Өлең-жырдың кеніші, - деп Тарақты Ақселеу тақпақтай жөнеледі. Сонда Ғафу Қайырбеков:
- Адал жүрек, дархан жан,
- Ақындардың серісі, - деп іліп әкетінті.

### **«Түсіп кете жаздады-ау...»**

Ақтогайда Алаш көсемдері Әлихан Бекейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаевқа орнатылған ескерткіштің ашылу салтанатынан кейінгі отырыста ақын Жеңіс Қашқыновтың бұрынғы дос-жолдастары «аңы судан» ішуге өтініш жасапты.

- Жекең бас тартып:
- Мен қажымын, - деп қалтасындағы тәсбиғын алып көрсетіпті.

Оған да болмай, қатарластары рюмканы қайта-қайта ұсынып, қинай берген соң Жеңіс ақын:

- Еске түсіп жас күнім,

Арақ ішкен мас күнім.  
Рюмканы көргенде,  
Түсіп кете жааздады-ау,  
Қолымдағы тәсбиғым, - деп отыргандарды ду күлдіріпті.

## АТАМНЫҢ АЙТҚАНЫ

*Үлкен әкем Жаманбаланы ауыл адамдары «Жәмекеш» деп атап, «Жәмекен» деп құрмет тұтатын. Сол кісінің «Жөн-ақ» деген сөз мәтепі еді. Қуанса да, ренжісе де «Жөн-ақ» деп отыратын. Кейде қисынсыз жерде «Жөн-ақ» дегені үшін кейбіреулер ренжіт те калатыны бар.*

### «Жөн-ақ...»

Сондай бір әңгімені ауыл адамдары жиі айтып, «Жәмекең айтқандай – «жөн-ақ» деп жүреді.

Бір күні атам тау басында қойын жайып тұрса, Сәркеннің Қойшыбекі деген жігіт келіп сәлем береді. Одан атам:

- Иә, Қойшыбек, кай жақтан жүрсің? - деп сұрайды, сәлемін алған соң.  
- Мыпа жақтан келемін, - дейді Қойшыбек Өгізтау жақты нұсқап. - Жылқыға барып едім. Бием құлындаған екен - құлының қасқыр жеп кетінгі.

- Жөн-ақ! -дейді атам.  
Мұндай сөз күтпеген Қойшыбек:  
- Ақсақал-ау, менің құлынымды қасқыр жегенінің несі жөн?  
- деп жатып-тұрып ашуланыпты.

### «ВЕДРО, ЧАШКА, СТАКАН...»

*Әзір Әмірханов ақсақал біздің ауылда көп жыл бригадир, ферма менгерушісі сияқты қызыметтер атқарды. Әзекең*

*аққөңіл, бүкіл ауыл құрмет тұтқан сыйлы адам болып еді.*

Әзекең бригадир болып жүрген кезінде Балқаштан орыс жұмыснылары келіп, егін салуға, шөп шабуға қомектесетін.

- Ведро, чашка, стакан, все иди к сюда, - деп Әзекең оларды жинап алыш, шала орысшасымен тапсырма беріп, жұмсал жатушы еді.

«Мұнысы қалай?» деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, «Ведросы» - Петро, «Чашкесі» - Сашка, «Стаканы» - Степан екен ғой.

## «КҮРЕСТЕН АБЫРОЙ ЖАЗБАҒАН»

*Бір мерекеде халық қөп жисналып, палуан күрестіріп, ат шаптырып, жаяу жарысқа шығып, мәре-сәре болып жатса керек.*

Сол кезде балалар күресі, палуандар күресі, шалдар күресі, әйелдер күресі дегендер болатын. Кезек шалдар күресіне келген кезде жұрт кеү-кеуlep ортага Маяуыз ақсақал мен Нұрбай ақсақалды шығарып жібереді ғой.

Екі ақсақал күресіп кеп кетеді. Жасында палуан болған Нұрекең қойсын ба, Майкенді алып ұрады. Содан үсті-бастарын қағып, тұрғызып жатса, Майкең жұдырықпен Нұрекенді жаққа бір қойыпты.

- Оу, Майке, мұныңыз қалай? - деп жұрт шу ете қалады.

Сонда Майкең тұрып:

- Біздің тұқымға тәбелестен болмаса күрестенabyroy жазбаган, - деғен екен.

## «МАЙ АУЫЗ ТИЕЙИН»

Майкеңнің ұлы Өскембек қу тілді, әзілдеп отырғанды жақсы көретіп адам еді. Бірде таңғы шайларын алдарына ала бергенде Өскембек ауылдағы женгелерінің бірі әлдекалай шаруамен кіріп келіпті. Келген кісіге бәрі:

- Жоғары шық, шайға кел, - дейді ғой.

- Жоқ, асығыспын, - дейді ана кісі. – Май ауыз тиейін.  
Сол кезде Өскең жұлын алғандай:
- Тиетін Маяуызың мына отыр, - дейді төр алдында отырган  
әкесін көрсетіп.
- Өй-бу, бұлдірген екем ғой, - деп атасының атын айтып  
қойған келін келген шаруасын да айтпастан шыға жөнеліпті.

## ҚАПЕКЕНДІҢ ҚАҒЫТПАЛАРЫ

*Біздің ауылда Қапан Әденбаев деген ағамыз бар. Ол кісі сөзге шешен, аузы дуалы, жсанынан суырып олең шыгара салатын әдеті бар адам. Сондай олеңдерін ауылга барғанда өз аузынан сан рет естігендім бар. Сіздер де тыңдаңыздар.*

- Бір кезде совхоздың қырылған малы үшін қой жинайтын әдет болды ғой. Мен елден қой жинаймын да, 40 килоға квітансия жазып беремін. Елдің берген қойын алыш кетуге мүмкіндік болмайды да, күзге қарай келемін. Ол кезде қойын қимай қалады да, орнына 20 килоғана салмақ басатын тоқты-торым бірденесін бере салады. Содан мал басы түгел болғанымен салмақтан мойныма ет мінеді. Сонда ауылкенес төрағасы Қөген Бекмолдин: «Еттің салмағы неге толмай қалды?» - деп сұрағанда айтқаным:

«Ұсақтан салмағы кемі болды,  
Көбісі қызыл ауыздың жемі болды.  
Ауылдағы кейбір қу  
Көй орнына қозы беріп,  
Көжектің ғана теңі болды.  
Ешкі орнына лақ берді,  
Оның өзін жылап берді,  
Оспан берген жаман лақ,  
Баз алдында күлап өлді».

\* \* \*

- Бір жылдары «Ақши» совхозында салт журіш жұмыс істедім. Сонда жергілікті жігіттердің біреуі «үйге жүр» демейді. Кешке жақын тым-тырыс кетіп қалады. Сонда ертеңіне ел жиналышын отырған жерде:

«Жігіттер осы ма еді мезет деген,  
Дүние азamatқа кезек деген.  
Кей жігіт шай беруге жарамай жүр,  
Жағдайын жолаушының сезед деген.  
Алда-жалда бір үйге бара қалсаң,  
Қатыны «Отын жоқ» деп безектеген, - деи бір үялтқаным  
бар.

\* \* \*

- Бір кезде автодүкенде сатушы болып жүргенімде Егінбай Жампейісов деген нағашым ауданда қойма менгерушісі болды. Обалы қанша, қолында барды беріп тұрды. Соны көре алмаган біреулер: «Сен Қапаннан жылқы, сиыр алып жүрсің», - деп, менен түк алмаса да, сөз қылыпты. Оларга нағашым; «Сиыр емес, бұқа алып жүрмін», - дейді фой. Содан кездескен сайын: «Бұқаң қайда?» - деп соңымнан қалмай қойды. Сол кезде мен:

«Ой, Еге.  
Соңыма түстің неге?!  
Сол мұйізі құрғырдан  
Қажымал па едің, жармага жеге-жеге.  
Мұйізі қарағайдай бұқадан,  
Ертең мен де мұқалам.  
Тайынша, торпак, ешкі, лақ,  
Ала бермейсің де жүқалап», - дегенімде: «Мұның айтарлық-ақ болды», - деп күліп жіберді нағашым.

\* \* \*

- Ақтогайдың аудандық ғазетінде істегеи Рымбек Мәмбетов деген құрдасым бар. Қалжындал ойнай береміз. Өзі аққөңіл, адал жіғіт. Соған бір күні былай дедім:

«Рымбек жаңың сірі, темір ме едің?  
Неше жыл газет қана кеміргенің.  
Томпиып тостагандай қарның шығып,  
Балпыип басқалардай семірмедің.  
Бір жерге ертелі-кеш кірін-шыққан,  
Өзіңсің осындағы өмір діңі...»

Сонда ол айтқан сөзіме риза болын құшақтай алды.

\* \* \*

- Ақтогайда Рымбек Жұнісов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болын тұрган кезінде бір жолдастарым: «Осыған бір өлең шыгаршы», - деп болмады. «Қойыңдар, қасқа сиыр мен көк биенің жалына жармасып жүрер. Керегі не?» -деген едім, олар қолқалай берді. Сонда мен оларға:

«Әкесі мұның әлгі Жұніс деген,  
Кісі емес естуімше дым істеген.  
Қарадан Рымбегі хан боп шықты,  
Әнеки, Алла оңғарған жұмыс деген», - деп едім, олар сөзіме риза болып қалды.

\* \* \*

- Өзіміздің ініміз Куаныш Изаков біздің бөлімшеге бақарушы болып келді. Содан жазғытурымға қарай шебім таусылын, не істерімді білмей отыр едім, ойыма бір шумақтар оралды да:

«Қойшыбек неше жыл ел ұстаған,  
Халықты маңындағы қыспаған.  
Изекең аштық жылы жалғыз қалып,  
Басына Ақбулақтың қыстаған.

Сұраушыны кім бар еді жақтырған,  
Балаларын бір кемпірге бақтырған.  
Сәлем саган, Қуаныш, бауырым,  
Малының жемі таусылған бір автордан», - деп хат жазып, беріп жіберсем, ізінше бір машина шөп әкеліп қорама төкті де тастады.

## «ҚАТЫН ҚАЙРАҒАН БАЛТА»

*Сарытеректе Мұқаметжсан деген жұмысқа қырсыз, өзі аңғал кісі бөлшитты. Оның есесіне әйелі шебер, үйдегі жұмыстың барлығын өзі атқарады екен.*

Бірде Мұқаң әйелі қайрап әкелген балтаны алыш, сабын ұнғының теріс жағынан сұғып отырса, өтіп бара жатқан бір кісі:

- Теріс салтап отырсыз, - дейді.

Сонда Мұқаң шімірікпестен:

- Қатын қайраған балтаны теріс саптайды, - деп жұмысын одан әрі жалғастыра беріпті.

## «БІР ТҮЙЕМ ЖОҚ»

Қараталда Есекен деген анқау түйеші кісі болыпты.

Бір күні ол бағып жүрген түйесін санаса, біреуі жоқ дейді. Содан күнде санайды, бір түйесі жоқ болып шығады.

Бір күні үйіне колхоздың басшылары келсе, әлгілерді болмай қондырып, әбден тамақ ішіп болған соң:

- Мен сорладым. Бір түйем жоқ. Бірдене істеп акті жасап, түйені есептен шығарындар. Әйтпесе оның орнына төлейтін малым жоқ, - деп жалынады.

- Жарайды, таң атсын, түйені санайық. Содан соң көреміз, - дейді басшылар.

Таңтерең түйелерін санаса - бәрі түгел. Есіктің алдында байлаулы түрған сары атанды көрген Есекен:

- Ой-бу, менің құдай ұрған екен ғой, - деп санын бір-ак соғыпты.

Сойтсе, күнде үстіне мішіп жүріп санайтын сары атанды қосуды ұмытып кетеді екен.

### «ПОЛКОВНИКТІ ДЕ АУДАРҒАМ»

Ақтоғайды Ерлан деген жігіт совхоз директорының машинасын жүргізіпті.

Бір күші жанында бастығы бар Ерлан көтерме жолмен зымыратып келе жатқанда апалаңдап отырып, машинаны жолдан тайдағып алыпты.

Абырой болғанда машина жол шетіндегі қалың қарға кіріп кетіп, әупіріммен аударылмай қисайып тұрып қалады.

Сонда реніш білдірген бастығына Ерлан:

- Бәле, Жәке, сіз ерундасыз ғой. Мен әскерде жүргендे полковниктің өзін аударып тастағам, - деген екен.

### «ЛАҚ-ТЕКЕ АНАЛЫҚ ПА?»

Бір жылдары қыс қатты болып, біраз мал өлім-жітімге ұшырапты да колхозда аудан басшылары күн құргатпай жиналыс өткізетін кездері болады.

Ферма меңгерушісі Шайбек ақсақал шаршап келсе керек, сондай бір жиналыс үстінде қалғып кетінти.

Мұны байқаған қалжынбас біреу түрте қойып:

- Сізге сойлесін деп жатыр, - депті.

Сол кезде Шәкен орнынан атып тұрып:

- Лақ-теке аналыққа жата ма? - депті абдырап.

### «ҚОСҚАНЫМ, ҚОСҚАИЫМ»...

*Сонау жылдары біздің ауданда елдің малын жинап, артығын милициямен алтын әдет қалыптасқан еді.*

Бір ауылда сондай жағдайда бір ақсақалдың атын құпнен алмақ болады. Иесі атын бермейді.

- Ақсақал, атыңызды бермесеңіз, үйінізге барып, таза кімдеріңізді киіп келіңіз. Қазір бізбен бірге кетесіз, - деп сөзге милицияның бастығы араласады.

- Сен осы нешіншісі едін? - деп сұрайды одан ақсақал.
- Мен біріншісімін.
- А-а, не дейді, - деп зәресі ұшқан ақсақал атын тастай салып, үйіне қарай ойылады.
- Тоқтаңыз, ақсақал. Қағазын алым кетіңіз.
- Жоқ, керегі жоқ. Өкіметке қосқаным, қосқаи-ым, қосқан-ы-ым, - деп зыта жөнелінті.

## **МҰСАНЫҢ «МҰРАЛАРЫ»**

*Біздің Ақтогайдагы Сарытеректе өмір бойы сохозда жүргізуі болған Мұса деген кісі болды. Қазір өзі осы Балқашта тұрады. Сол Мұсекенің дуалы аузынан шыңқан сөздер ел арасына коп тараган. Сол әңгімелердің біразын бұрын Сарытерек ауылының тұмасы, қазір Балқат қаласының тұргыны Әбен Айтжанов әңгімелеп берген еді.*

### **«Көнілім босап кеткені»**

Орталықтағы гаражда баяғы тоқырау заманынан қалған тақта ілулі тұрады. Әсемдеп салынған Кремльдің суретінің бір жағында озат жүргізуілердің суреті ілініпті де, екінші жағына екпінділердің тізімі жазылыпты. Бірде Мұсекен сол тақтаның алдына тұрып алым солқ-солқ жылайды.

- Ей, не болды? - деп гараж ішіндегілер үрпісіп қалады.
- Мына тақтадағы «соғыста ерлікпен қаза тапқандардың» суретін қөріп, «хабарсыз кеткендердің тізіміп оқып», көнілім босап кеткені, - дейді гой Мұсекен.

Гараж менгерушісі ұялғанынан ескі тақтаны сол құпі-ак алғызып тастапты.

## **«Енді бір айырылышқанда...»**

Мұсекенің жастау кезінде үй ішінде бір келіспеушілік туып, әйелі Балқаш жақта тұратын төркіпіне кетіп қалыпты. Мұсекең де көпке дейін сонынан бармай қояды. Сол кезде әйелі босқа жүрмей сатушылық курс бітіріп алыпты. Кейіннен ауылда ұзақ жыл сатушы болып істейді. Қазір тату-тәтті тұрып жатқан Мұсекең:

- Қап, әйеліммен енді бір айырылышқанда институт бітіріп келетін еді, - деп өкінеді екен.

## **«Алдын қосайын»**

Мұсекең Абзalбек деген ферма менгерушісінің машинасын жүргізіпті. Қыстың бір күні келе жатса, машинасы қарға малтығып қала береді. Мұсаның не қүрек, не болат арқан салып жүру әдетінде жоқ екен. Олардың жоқ екенін білсе, Абзекең жерден алып, жерге салады. Сонда тапқан айласы:

- Сіз түспеңіз, мен алдың қосып келейін, - деп машинадан түсे қалып, доңғалақтардың астындағы қарды теуіп-теуіп босатып келеді екен.

Енді біраз жүрген соң тағы да қар кептеліп, машина тоқтап қалады.

- Алдын қосып келейін, - деп шығып бара жатқан Мұсадан Абзекең:

- Ей, әлгінде қоспап па едің? - деп сұраса:

- Ескі машина гой, ағытылып кете береді, - дейтін көрінеді Мұса саспай.

## **«Бойымыз жетпей жүр»**

Бір күні Мұсекең гаражға келсе, жиналыш алған біраз жүргізуші шекілдеуік шаққандай бір-бірлеп қуырылған бидай жеп, әңгімелесін отыр екен. Мұсекенің алақанына да бір уыс бидай салады.

Соған қаран тұрып:

- Біздің үйде де бір тегене қуырылған бндей бар. Екі ай болды пештің мойнында әлі тұр, - дейді.

- Е, оны неге жемей сақтап жүрсіндер? - дейді шыдамсыздау біреуі.

- Соны алыш жейік десек, бойымыз жетпей жүргені, - дейді Мұса.

Отыргандар қыран күлкіге кенеліп қалыпты. Сөйтсе, онын өзі де, шешесі де, әйелі де аласа бойлы адамдар екен.

### «Бірдене қылармыз»

Анатқа ұшыраған су жаңа машинна күрделі жондеуден орлады.

- Мына машипаны сізге берсек, жүргізе аласыз ба? - деп сұрайды Мұсадан гараж менгерушісі.

- Өзінің рөлі қай жағында еді? - деп қарсы сұрақ қояды Мұса.

- «Қай жакта?» дегенің қалай? - деп гараж менгерушісі түсінбей қалады.

- Алдында ма, артында ма?

- Әрине, алдында...

- Онда бірдене қылармыз...

Мұсаның кекесінін сонда түсінген гараж менгерушісі теріс айналып жүріп кетінти.

### «Айта беріндер»

Бірде жиналған жігіттер:

- Мұсеке, осы сізге бастық неге ұрыспайды? – деп кеңес сұрайды.

- Оның түк те қындығы жоқ. Сендер қарсы келесіндер. Олай етуге болмайды. Бастық бірдене десе, сендер екінші бірденеін айта беріндер. Сонда шаршап, өзінен-өзі қояды, - деп ақыл беріпті Мұсекен.

## **«Шараны маған қолданыңыз»**

Бірде тапсырманы орындағаны үшін бе, әлде бірдеңе бұлдірген бе, Теміргали деғен жүргізушіге совхоз директоры қатты ашуланып:

- Шара қолданам, айып салдырам, ақшаңдан ұстаратам, - дей келе созін «қырамын, жоямынмен» аяқтайды ғой.

Сол кезде Мұсекен:

- Ойбай, басеке, шараны маған қолданыңыз, - деп орнын атып тұрады.

Оған директор таңдана қарайды:

- Е, саған не үшіп жаза қолданамыз?

- Теміргалидың бала-шагасы көп қой, ана шиеттей балалары аш қалмай ма?! - депті.

Бағанадан ашуланып отырған бастық күліп жіберіпті де, жаймашуақ әңгімеге көшіпті.

## **«Жұттан кейін жұрт бола ма?»**

Жолдан оралған сайын әйелі:

- Эй, сен босқа келгенше жолшыбай ескі жұрттан машинаңа отқа жағатын қи-ми бірдеңе сала келсенді, - деп айта берсе керек.

Содан әбден мезі болған Мұсекен:

- Ойпырым-ай, сен де қоймайды екенсің. Былтыр жұт болып біраз қойдың қырылып қалғанын білесің ғой...

- Иә...

- Енді жұттан кейін жұрт бол ма? Әйтпесе әкелмейін деп жүр дейсің бе.

## **«Жердің шеті – Жәмші»**

Жазғытұрымғы уақыт болса керек. Бір топ адам Сарытеректен Жәмші озенінің арғы жағындағы егістік алқапқа жол тартады. Жер лайсаң, күні бойы жүріп, кешке қарай зорға жетеді.

Сол кезде машиннадан түскен Мұса:

- «Жердің шеті жок» деп жүрген кім екен? Жердің шеті Жәмші екен ғой, - депті.

### **«Бәрі оқыған»**

Бірде Мұсаның машинасының картері тесіліп, майы ағып кетеді. Оны байқамай жүргізе беріп, моторын істен шығарып алады. Содан өзінің кінәсін білдірмес үшіп гаражға сүйреп әкелген машинаның моторына жаңа май құйып қояды ғой.

Машинаның ақауын қарап жүрген ғараж менгерушісі тұптынық болып тұрган майды қөріп:

- Оу, Мұсеке, майды жаңа құйып қойыпсың ғой, - дейді.

Сонда Мұса:

- Астапыр-Алла! Осы құнгінің бәрі оқыған. Майдың қашан құйылғанына дейін біледі, - деп жағасын ұстапты.

### **«Осылар аpan қаза ма?»**

Бірде гаражда әңгімелесіп отырганда жүргізуші жігіттердің бірі өзінің Бесапан, Алтыапан, Тасапан деген жерлердегі шопан ауылдарын аралап келгенін айтады.

Сонда Мұса:

- Мәссаган! Баяғыда Абзекең екеуміз жүргенде бір-ақ апан болушы еді, осы біздің шопандар қой бақпай, апан қаза бере ме? – деп таңданыпты.

### **«Ақылды ұрылар екен»**

Мұсекең Балқашқа көшіп келғен жылдары балалар бақшасын күзетініті. Бір күн і терезеден ұры түсіп, теледидар, радио, төсек орын, тағы басқа нәрселерді үтеп кетініті. Тіпті бүтін бір терезені де алып кетініті. Содан сол маңайды қарап жүрсе, бір жерде терезе жатыр дейді.

Сонда Мұсекең:

- Бұл бір ақылды ұрылар екен. Терезені тастап кетпегенде ғой жел соғып, балалар тоңып қалатын еді, - деген қатты куанынты.

## НАУРЫЗБАЙ МЕН СҮЙГЕНБАЙ

Сарытеректе Наурызбай мен Сүйгенбай атты ағайынды екі кісі болыпты. Ағасы Наурызбай шүнірек көз, қарасұр, сөзге шешен, қиястau кісі болса, інісі шикіл сары, аз сөзді, момын адам болған екен.

### «Кісі таңдамайды екен ғой...»

Бірде Сүйгенбай бір топ адаммен бірге Қарағандының ет комбинатына мал айдал келеді. Сүйекең қаланы білмей, өздерінің аяктарына оралғы бола берген соң жанындағылар самолетке мінгізін, Ақтогайға қайтарып жібереді.

Сүйекең Сарытерекке келген соң өз үйінен бұрын ағасының кіне барып, өзінің қалай ұшып келғенін айта бастайды. Сонда ағасы оған ажырая қарап:

- Япырай-ә! Сонда бұл самолет дегеніңнің өзі кісі таңдамайтын болды ғой, - деген екен.

### «Енді кімнің балтасын алеын?»

Енді бірде Токырауын бойынан тал шауып жүрген Сүйекең ағасының үйіне келеді.

- Қалай, отын көбейді ме? – деп сұрайды ағасы.

- Жоға, - дейді інісі ренжіп. – Қайдан көбейсін. «Бұл жердің ағашын шабуға болмайды» деп орманшылар балтамды тартып әкетті.

Сонда Наукең:

- Өзіңден де бар. Егер өзің қарасұр, көзің шүнірек болғанда ғой, саған кім тиісер еді. Сары майға кім қол салмайды, сары ірімшікті кім жемейді. Сенің балтанды алмағанда орманшы енді кімнің балтасын алсын, - деп інісін жерден алып, жерге қалыпты.

## **«ОТҚА ЖАНСА...»**

*Ақтогайды Рымбай Жанкин ақсақал көп жыл газ тасуышы болып, аудан халқын көгілдір отынмен қамтамасыз етіп отырды.*

Бірде Рекенің үйімен көрші тұратын бір келіншек жүгіріп келін:

- Ағатай, газ беріңізші. Шай қойып іше алмай отырмыз, - дейді гой.

Сол кездері газ таусылып, бірнеше күннен бері газ әкелінбей, сұраушылар көбейіп, әбден мазасы кетін отырған, онсыз да боктампаз Рекен:

- Бәленшемді (нағыз атымен атап) жақпасаң, газ жоқ, - дейді гой.

Осыдан соң көрші келіншек үялып кетін қалады деп ойласа керек. Бірақ ол сол орнынан қозғалмай тұра беріпті. Бұған одан сайын ыза болған Рекен бірдене дейін деп келіншекке қараса:

- Ағатай, отқа жанса соны бере тұрыңызышы, газ келген соң әкеп беремін, - деген екен.

Не дерін білмей, сасып қалған Рекен үнсіз тұрып-тұрып, өзі жағып отырған газ пешіндегі баллонды босатып беріпті.

## **ДӘУ БАҚЫТТЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРИ**

*Біздің ауданды Бақыт деген еңгезердей балуан жігіт болды. Оны жүрт «Дәу Бақыт» деп атайдын. «Батыр аңғал болады» дегендей, сол аққоңіл, аңқау жігіттің біраз әңгімелері бар.*

### **«Шошак бейіт көрмене едің?»**

Бірде Бақыт Қайырқұл деген кісі екеуі Мәскеуге барыпты. Бұрын Мәскеуде бір-екі рет болған Қайырқұл Болатты аралатып, астананы көрсетіп жүр дейді.

Қызыл алаңға келін, Мәскеу Кремльдерін тамашалан жүрсе Бекен:

- Е, соған таң қалатын не бар? Мұндай шошақ бейіт көрмеді деп пе едің? – депті.

### **«Таныса – сені таниды»**

Содан екеуі ресторанға барады ғой. Бір-екі порция тағамды місे тұтпайтын Бөкең екі-үшеуден алып, бәрін бір үлкендеу табаққа салып араластырып, соғып алатын әдеті екен. Бұл жолы да солай істеп отырганына намыстанған Қайрекен:

- Ей, мұның не? Ұят болады ғой, - десе:

- Е, несі ұят. Таныса жиі келетін сені таниды. Мені мұнда ешкім білмейді, - деп асын қасықтап-қасықтап жеп алыпты.

### **«ШЕГІНДІРУДІ ОҚЫТҚАН ЖОҚ»**

Біздің ауданда бір жігіт жүргізушилер даярлайтын курста оқып, қуәлік алып шыққан соң машинага отырады ғой.

Көп ұзамай бір шопанның үйін көшіруге жайлауга жіберіпті. Киіз үйді тиеп болған соң анадай жерде жатқан тағы біраз заттарды салу үшін машинаны шегіндіру қажет болады. Бірақ, әлгі жігіт машинаны шегіндірмей, басын шайқап тұрып альшты. Ана кісілер:

- Ей, неге шегіндірмейсің? - деп жан алқымға алғандағанда ол:

- Бізге машинаны шегіндіруді оқытқан жоқ еді, - дей мойындаған екен.

### **«БІР АЙТУЫ КЕМ БОЛДЫ»**

Баяғыда біздің Қызыларайда Қарабай деген кісі жазғытұрым егін жыртып жүрсе, инженер мен агроном екеуі мотоциклмеи келін түсে қалады.

Жай-жансар сұран білген соң кеғалга отырады да, әкелген бір жартылары бар екен соны ашады. Стаканға құйылған арақты Қарекеңе ұсыныш:

- Ишіңіз, Қареке? - дейді инженер.

- Иппеймін, - ден бас шайқайды Қарексң.

- Ишіңіз, - дейді агроном.

Қарекең тагы да бас тартады.

Содан соң ана екеуі бір жартыны екі бөлін тартып алған екен.

- Яныр-ай, ең болмаса тагы бір рет ұсынбадындар-ау... Бір айтуы кем болды ғой... – деп Қарекең сылқ стіп жата кетіпті дейді.

Содан бері біздің ауылда «Қарекең айтқандай бір айтуы кем болып жүрмесін» деген мәтел пайда болды.

## ДӘМЕ

Шалшық судың ортасында ұзын аяғы сидиып, маңғаз тұрған тырнаны көргенде келе жатқан жолаушылар тоқтаған машинадан түсе-түсе қалысты.

- Мергенмін, - дей жолшыбай сан рет мақтанған Додеғе мылттығын ыңғайлағанша артқы орындықта отырған Сәмежан қуанышын жасыра алмай:

- Тырнаның етін бірінші рет жейін деп отырмын, - деп сілекейі шұбыра машинадан түсе берген.

Осыны андын тұрғандай, әлгі тырна қанатын бір-екі қағып, әрмен қарай қалықтай жөнелді. Дөң аса беріп, «Хош болындар!» дегендей жалғыз рет «Тырау» деп кетті.

- Жедің атаңың басы!

Ашуға булыққан Дөдеге қап-қара болып тұтігіп, тұрған жеріне отыра кетті.

## «ҮЙГЕ СЫЙМАЙСЫНДАР»

Біздің ауылда Төртеу деген кісі болды.

Сол кісі бірде Балқашқа барған екен. Тұнделетін жеткен Токең біреудің есігін қағады.

- Бұл кім? - дейді іштегі адам.

- Төртеу, - дейді Төкең.

- Төртеу болсаңдар үйге сыймайсындар, - деп анау есікті ашнай қойыпты.

## **«ОРЫНШАМЫЗ»**

Ертеректе біздің бір Маркең деген ағайымызды әкесі оқу жылы аяқталған соң мектептен артына мінгестіріп алып келе жатады да:

- Балам, халың қалай? - деп сұрайды.
- Орыншамыз, әке, - дейді сонда баласы.
- «Япырау, мынау не деп кетті?» деп ойлаған әкесі мектепке барып білсе, баласы класында қалын қойған екен.

## **«БЕС ДАМБАЛЫМ БАР»**

Баяғыда біздің ауылда Жетібай деген ақсақал жол жүрін келе жатып, бір үйге қонағы ғой. Жоқшылық кез. Жатар кездे тері іналбарын шешіп жіберсе, ішкимі жоқ екен. Соңда әлгі кісі үялғанынан:

- Қап, үде бес дамбалым бар еді, кемпірім соның бірін де кигізбелті ғой, - деп шалбарын қайта киіп алыпты дейді.

## **«САҒАН ДА БЕС ЖЫЛ...»**

Баяғыда біздің ауданда бір сот болыпты. Ол кісі заңдан онша хабары жоқ адам болған ғой.

- Айыпкер - саған да бес жыл, талапкер - саған да бес жыл,
- деп шетінен сottай беретін болса керек.

Бірде бірнеше адамды қатар сottапты. Бәріне бес-бес жылдан беріп болған кезде куә болып келген біреуі қалып қойыпты. Соңда ол:

- Мен не істейін? - депті сасқалақтап.
- Саған да бес жыл, - депті сот оған.

Егер үндемей қоя салса, ештеңе жоқ екен.

## **«ҚОЙМА ДЕШЕМ БОЛМАЙШЫНДАР»**

Ертеректе, ауылға техниканың жаңа келе бастаган шағында біздің ауылда бір жүргізуші кісі болды.

Ол кісі машинасын онша көп бұра бермейтіп болса керек. Уйдің жанында тұрған қазан-ошақ сияқты заттардың бәрін ба-сып журе береді екен. Содан кейін:

- Қойма дешем болмайшыңдар, неге қояшыңдар? – деп өздеріне ұрсатын көрінеді.

### **«ҚАЙ ЖЕРДІ БАСАМЫН?»**

Баяғыда бір сот жұмыстан соң үйіне келсе, үйінің төбесінде біреу шоқып отыр дейді.

Сойтсе, ол өзінің осыдан біраз жыл бұрын соттап жіберген адамы екен.

- Ей, мұнда не істеп отырсың? - деп сұрайды сот одан, көңzlіне әлдебір қауіп оралып.

- Не істерімді білмей отырмын, - дейді анау. - Ана жылы мені соттағанда: «Енді саған жер басқызып жургізсем бе!» -деген едіңіз. Содан қорқып, тұрмаден шыққан бетімде әдейі сізден енді қай жерді басатынымды сұрайын деп келдім...

Көңzlіндегі күдігі айыққан сот күліп жіберіпті де, үйіне кіріп кетіпти.

### **«ҚАЗАҚШАҒА ДА СУДАЙ ЕКЕН ҒОЙ...»**

Ауылда тұратын бір женгеміз келіш, қонақ болып отырған. Теледидарды қосып едік, Ленин туралы бір қазақша кино көрсетіп жатыр екеи. Женгеміз тесіле қарал, таңданып отырды да:

- Шіркін-ай, Ленин жарықтық қазақшага да судай екен ғой,  
- дегені.

## **ОЛЕНДЕР МЕН БАЛЛАДАЛАР**

---

### **ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ЖЫР**

Кең дала, жасыл алқап манаураған,  
Шалғынды, гүл майсасы алаулаған.  
Тұған жер аршын төсің қандай эсем,  
Қызық қой сағынышпен қарau маған.

Көгілдір көк тауларың мұнарланып,  
Алыстан сағымданып, тұмаиданып.  
Жұпар ауа бойынды балқытады,  
Япыр-ay, жырға қоспай тұрам нағып?»

Дәру ғой кәусар сулы бұлағың ем,  
Саялы, жазиралы тұрағың кең.  
Сағынып, самалынды еске аламын,  
Сайрандал еркін өскен ұланың ем.

Далаңда бұлдырайды сағым ойнап,  
Жарысып құлын мен тай салып ойнақ.  
Боздайды боз дөңғілде бота жусап,  
Масайрап жан-жануар анық тойлап.

Қалың құс қиқулаған көл бетінде,  
Сұлулық орнай қалты жер бетінде.  
Суретші қыл қаламмен бейнелеген,  
Әсемдік тұнып тұрган келбетінде.

Балмахабbat алғашқы бүршік атып,  
Ғашықтық пайда болған ұйқы қашып.

Жүректе тұтанып бір өрт алауы,  
Сезімді селт еткізғен маржан шашып.

Сол далада қиялым қанаттанып,  
Қызығын жастық шақтың сан атқарып.  
Өткөріп гүл дәуренді төскейінде,  
Окуға кете бардым мен аттанып.

**1985 ж.**

### **ҮЛКЕН ШЕШЕМ ҚАРАШАШҚА**

Білген жоқ ем әлі айырып қандай жан,  
Сипаушы едің емірене маңдайдан.  
Тұсіретін қазір бір сәт есіме,  
Ең болмаса суретің жоқ саргайған.

Жас едім мен.  
Есімде түк қалмапты.  
Не бір ақыл, ойлы сөзің салмақты.  
Есімде тек – бүкіл халық сыйлайтын,  
Ауылдағы бір адам ед ардакты.

Менің барлық «қиқағыма» шыдаған,  
Саулығымды бір Алладан сұраған.  
Еркеліктің асқандығы соншалық,  
«Аспандағы Аүйды әпер!» ден жылағам.

Соғыстан соң ауыр жағдай қын кез,  
Тапшы еді аулымызда бүйым, бөз.  
Менің ғана ұсты-басым бүтін бол,  
Мақтаулы едім қайда болса жиын сез.

**1986 ж.**

## ШАҢЫРАҚТАУ

Торғын бұлт шың басына үйілінті,  
Көк аспан қабақ шытып, түйілінті.  
Шаңырактау – шың баеында тақия тас,  
Бөріктей дөңгелене киілінті.

Табиғат өзі жасан өз қолымен,  
Жөнен кеткен содан сөң өз жөнімен.  
Тақиятас жүректе бір арман ғой,  
Ешқашан қолың жетнес созғаныңмен.

Жидектер баурайында жайқалатын,  
Араласаң жан-жүрек жай табатын.  
Жай-жаққа шың басынан көзің салсан,  
Бас айналып, дүние шайқалатын.

Туган жер, тау биігі – Шаңырактау,  
Япыр-ау, ол да өзінше жаңарыпты-ау!  
Тағынып алтын алқа күн нұрынан,  
Жап-жасыл мақпал кілем жамылышты-ау!

Қараймын мен өзіңе келғенімде,  
Куанам паң тұлғанды көргенімде.  
Сауығып, ерен күшке ие болам,  
Қойнауыңнан бұлдірген тергенімде.

Дәм татсам жемісіңнен күш ап қалам,  
Суыңнан бал татыған ішіп қанам.  
Әрқашан ыстық маған көрінесің,  
Баурында анам жатыр құшақтаған.

## УАҚЫТ ПЕН ҰРШЫҚ

Откен күн кейін қайта бұрылмайды,  
Өрмектей бір бұзылса құрылмайды.  
Ой салып, сол құндерге отыр әжем,  
Ұршығы қолындағы зырылдайды.

Ұриныққа шірген жіп төгіледі...  
Әжемнің кезінде жас көрінеді.  
Елесі өткен күннің еске түсіп,  
Іштей тынын, жүрегі егіледі.

Байқасам көзиңдегі тамшы бірін,  
Оралам жібіне кеп ұршығының.  
Сол кезде дейді ақырын кейістіксіз,  
«Бөгемей, былайырақ тұршы күнім».

Кейде бір мұнды әуенмен ыңылдайды,  
Ұршығы жін ірген зырылдайды.  
Әжемнің жан серігі атам болса,  
Жантайын, төр алдында жымындаиды.

Ұршыққа көзін салып зырылдаған,  
Тарамдап сақал-мұртын қырылмаған.  
Бастайды әңгімесін жайлап қана,  
Шертеді өткен күннің жырын маған...

Уақыт та ұршықтай зырылдаған,  
Кете берді тоқтаусыз,  
Бұрылмаған...  
Ұршық та жек, бұл күнде, әжем де жоқ,  
Атам да жоқ төрдегі жымындаған...

## АНАМ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Қараймын күн көзіне нұрын шашқан,  
Қызу жоқ бұл галамда онан асқан.  
Тек қана әз ананың жүрегінің,  
Жылуы күн нұрымен тайталасқан.

Мен де бір әз адамның баласымын,  
Аяулы түгін сезбей анасының.  
Шерленін,  
Шерін төгіп,  
Буырқанып,  
Бөлінген быт-шыт болып санаеы мың.

Ұқсайды кей мінезім желді күнге,  
Ал, кейде тұқырамын жерге мұлде.  
Тагдырдың түсінбеймін тәлкегіне,  
Қалыштың жетім болып жергөгімде.

Анамның коз тоқтатпаған түріне мен,  
Өмірім етін келед күрсінумен.  
Жұдырықтай жүрегім інарқ ұрады,  
Сені ізден күні-түні дүрсілдеумен.

Сезбеген жылы алақан ес білгелі,  
Құлаққа адам даусы естілгелі.  
Сақтаулы жүрегімнің түкпірінде,  
Мүмкін емее есімің ескірмегі.

Аз емее, бас исем де қүнде келіп,  
Әттең-ай бір көрмейсің түрегеліп.  
Кейбіреу: «Анаңа, - дер, - бек үқеайсың»,  
Сол кездे жүре берер жүйем еріп.

Ерте етіп дүннеден асыл жүрек,  
Сондықтан жылы сөзді жүрем тілең.  
Бұл күнде алданыным балаларым,  
Жабықсам – жаиымдағы жарым тірек.

### БІЗ БЕСЕУМІЗ

Жеткен нәрсе бар ма еken сағынтай кеп?!  
«Бауыр етім, маздаған жалындай» деп,  
Сағынтып жеткен соң ба,  
Тұңғышынды,  
Атапсың «Сағындығым – Сағынтай» деп.

Соғыс жылы,  
Барлық ел алаң еді,  
Ер-азамат шетінеп,  
Жаралы еді.  
Майданға кеткен жарың сау келсін ден,  
Атадың бұл ұлынды -- Амангелді.

Жеңіс жетті,  
Шаттаиды барлық Адам.  
Жаудың мойны үзілді,  
Қанды қадам.  
Қобландыдай батырга сүйеу болғаи,  
Үміт күттің енді сен – Қарлығадан.

Нұрлы әлем орнады,  
Қаунды күн.  
(Мұндай күннің сезіп ең туарлығын).  
Жарқын жаздай жайнаған торсық шеке,  
Жадыратты жанынды – Қуандығын.

Куанып ең шаттанып,  
Сүйіп те,  
Кеткен кезің болып ед  
күйініп те.  
Қыста туған құлықтың құлышындаі,  
Дерт әкелген ең соңғы – Сүйіндік пе?!

Құйылған жарық жүлдyz самғауындаі,  
Қыека ғұмыр жарқ еткен арманындаі.  
Артыңа ұрпағынды қалдырының,  
Бесеуміз – бес жүлдзыздың тармағындаі.

1987 ж.

## АУЫЛЫМНЫҢ ҚАРТТАРЫ

Қарттар бар арайлы,  
Ақ қырау самайлы.  
Ауылға барғанда,  
Қол берем – қарайды.

Таныса жарады,  
Танымай барады.  
Әнеки тағы да,  
Бұрылым қарады.

- Кейінгі баланы,  
Ұмытын қаламын.  
Кәрілік женді ғой,  
Атың кім қарагым?

- Ұрпағы бабамның,  
Карттары даламның.

Қалада тұратын,  
Өзіңдің балаңмын.

- Уақыт алыстап,  
Болдық қой ұмытшақ.  
Келші бір, қарағым,  
Құшайын дұрыстап.

Оқыдың қарағым,  
Сен бала жарадың.  
Жүр үйге, дәм тат, - деп,  
Қаузайды тамағын.

Ақсақал арайлы,  
Ақ қырау самайлы.  
Ауылға барғанда,  
Елжіреп қарайды.

### **АУЫЛЫМДЫ АҢСАДЫМ...**

Аңсап келдім мен өзіңе, ауылым,  
Қайда кеткен нөсерлеткен жауыны?!  
Аңсадым ғой мінезінді ашулы,  
Қайда кеткен құйындартақан дауылың?!

Қайда кеткен тынбай сокқан самалың?!

Сағындым ғой өр мінезін даланың...

Күні-түні көслуге шама жоқ,  
Мезі қылды қызы мінезі қаланың.

Тұра салын жаңа отырған шайымнан,  
Зыр жүгіріп, бораида қой қайыргам.

Бебеу қағып, құлын даусым құраққа,  
Бөрілерден қозыларды айыргам.  
Аңсаи келдім бал бұлақты тынбаган,  
Айлы түнді жасырын сыр ұрлаған.  
Ыстық маған табиғаттың дүлейі,  
Қылышылдаған жігіт етіп шындаған.

### ЖАЙЛАУ ТҮНІ

Тамылжып тылсым үні тыныш тауыш,  
Пердесін қарандырып қымтап жауып,  
Жұлдыздар жымындаиды, ай қалықтап,  
Түнгі шақ ортасынан кеткен ауып.

Бұлақтың аққан сұзы еылдырайды,  
Құлындар кісінегін, құлдырайды.  
Жетеді қой күзеткен шопан даусы,  
Алыстан таулар бінк бұлдырайды.

Түн сұлу жазғы кеште қыр төсінде,  
Әжемнің әсем құрақ көриесіндей.  
Ңәр берер табиғаттың сұлулығы,  
Тұрғандай көркем сурет көрмесінде.

### КҮЗ СУРЕТИ

Үзіліп ағаштан жалырак,  
Жерге кеп қалтырап түседі.  
Сарғайған өңі օңып атырап,  
Алтындаі маржанды күз еді.

Сұрғылт бұлт төбеңнен түнеріп,  
Дамылсыз ақ жауын жауады.

Қызын аснаинан күн беріп,  
Басады қапырық ауаны.

Адамға өмір бір өң берсе,  
Құлнырып жаңың жаз боларсың.  
Көnlің құлазып өзгерсе,  
Сондай-ақ, сен де тез онарсың.

Сол шақтан жүргегі жай табар,  
Әркімнің өзінше күзі бар.  
Жан бақша – мәуесі жайқалар,  
Жемісін дер шақта үзіп ал.

## БОРАН

Долы боран ышқына кеп үрлейді,  
Таңға дейін түн түнегін түрмейді.  
Қарсы жүреен қара дауыл қиямет,  
Тұншықтырып, тыныс жолын күрмейді.

Аппақ түтек болжатпайды маңайды,  
Адастырған долы боран талайды.  
Бет қаратпай ысқырынған ызғырық,  
Шеңгелдейді қасы-көзді, самайды.

Бет-ауызды ақша қар сабалайды,  
Суық қылыш қытымыр мазалайды.  
Ақ қарымен табиғат осылайша,  
Жазықсыз жүргіншіі жазалайды.

## ҰСТАЗЫМА

Мен үшін сен аспандасың, асқарсың,  
Мен үшін сен ақын едің,

Жазушы ең.  
Сөйлеуші едің бұкнесіз-ақ, астарсыз,  
Білім кенін тек біз үшін қазушы ең.

Біз үшін сен теңіз едің, дария ең,  
Әлемде енбір жанды теңгермейтін.  
Бұл күнде ақ самайлы қариясың,  
Атасың еш немере кем көрмейтін.

Айтпадың ақылынды жалаң еөзбен,  
Көретін өз ісінмен дәрінедін.  
Жазып жүрмін хат танып, «қара» көрген,  
Әрімен өзің берғен әлінпенің.

### ДОСТАРЫМА

Қырандай шындан биік қанаттанған,  
Бәріміз жөнімізге кеттік шарлап.  
Өмірдің бізге сақтап алыш қалған,  
«Кетігін» алғандаймыз тауып, таңдан.

Ғылымның қия белін бірің жайлаи,  
Еңбекпен бірің шынға самгадындар.  
Бәрің де қыын іеке белің байлан,  
Бәрің де қыын жолды таңдадындар.

Бәріміз бір ұяның түлегіміз,  
Окушысы едік қой бір нартаның.  
Кездессек дүрсілдейді жүрегіміз,  
Қызығы еске түсіп сол ортаның.

## СЕҢ ҚӨШКЕНДЕ

Сең көшеді –  
Аласұрып,  
Есіріп,  
Ақ толқында ағып жатқан көсіліп.  
Ойнақтайды  
Ақ бұзаудай шапқылап,  
Байлауынан кеткен жаңа шешіліп.

Сең көшеді –  
Ағыспенен,  
Асығып,  
Күнмен ойнап  
Аппак маржан шашылып.  
Ақ бұзаудай  
Еркелеген ұрыншақ,  
Салып ойнак,  
Соқтығысып,  
Қасынып.

Сең кошеді –  
Бұзып-жарып,  
Жапырып,  
Астан-кестен  
Айдын бетін сапырып.  
Алым қашып,  
Ақ көбікті көкнар ғыш,  
Буырқанып,  
Бұрқ-бұрқ етіп атылып.

Сең көшеді –  
Дүлей күшнен жендіріп,

Табиғаттың құдыретіне сендерін.  
Арпалысып,  
Атей салған ақ жалдар,  
Кездескенді өз ырқына көндіріш.

Сең көшеді –  
Кемелерге бұйым ба,  
Бұзып-жарып өту оған қын ба?!  
Күштілердің күшті бетін қайтарар,  
Снын мейлі,  
Тәніріңе сиынба!..

Сең көшеді –  
Қанша салып «төбелес»,  
Бұзып өту мықтыларға сөз емее.  
Кеме болу қолдан шіркін келер ме,  
Сендері бұзу өмірдегі көп емес?!

## ОТЫЗ БЕС ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ ...

(Баллада)

Соғыс жылы жесір қалған Жаңылған,  
Босайды көңіл,  
шактарда жарын сагынған.  
Отыз бес жыл...  
Сонда да жарын ұмытпай,  
Жансыз бейне суретіне табынған.

Желбіреген ақ көйлегі бүрмелі,  
Кейбір жанның жанарында жүргені.  
Кейбіреулер күрсіпеді сыртынан,  
Байқап жатқан түріп тастан іргені.

Қайындары қалжындасып күледі:  
«Мықты ғой, - деп. – Женгеміздің жүрегі».  
Қашшама адам сөз айтқанмен құмартып,  
Ешбіріне оралмады білегі.

Қайындары – женгссінің тірегі,  
Еш әзілді кек тұтпасын білсді.  
Ал, женгесі жастық шағын еске алып,  
Түсіндс тек ерге шығып жүреді.

Ұстық сезім бір құшаққа жанасып,  
Алау жалын қое жүректе таласып,  
Келе жатад дарияны жағалап,  
От жанарлар құмарланғана қараесып...

Төсегінде аунайды тек,  
аунайды,  
Дене балқып,  
он сегіздей лаулайды.  
Оянады,  
демі бітіп,  
шошынып,  
Екі көздеи лағнет жасы саулайды.

Сұм соғыстың қайғы байлад қойғаны-ай,  
Қайтесін енді он сегізін тойламай?!  
Өтіп барад  
бар өмірі осылай,  
Өңінде тек екінші рет тойламай.

Тәлкегіне тағдырдың ол көнбекен,  
Той жасады өмірі ешкім көрмеген.  
Приюттен бала салын қойнына,  
Маздатсын деп өз ошағын сөнбекен.

Жаралар ед оның жанын ұқпаган,  
Шаңырағын сүйгенінің жықпаган.  
Жаңылғандар аз емес қой  
жары үшін,  
Бақытына жасамаған түк қадам.

1980 ж.

### ТАҢ КЕЛЕДІ...

Таң келеді...  
Ақ мамық шудаланып,  
Ақ лақтың жүніндей үлнілдеген.  
Жібек шашақ сәулесі таудан асып,  
Сынырып жер бетіне түн түнегін.

Таң келеді...  
Шығыстан арайланып,  
Таудың басын алтынмен тақиялап.  
Бойжеткендей қылымси қарай қалып,  
Бойы балқып маужырап жатыр алап.

Таң келеді...  
Нәр берін тіршілікке,  
Жердің бстін аймалап қолдарымен.  
Сұрагандай сүйіші копшиліктен,  
Жүгіреді масайрап жолдарымен.

### КӨШПЕНДІ КІМ?

Қыс қыстауды қыстадым,  
Басқа жаққа баспадым.  
Өзім малым бақсаным,  
Малы емес басқаның.

Жаз жайлауды жайладым,  
Шыңғыртып күлүн байладым.  
Көшсем – жері қазақтың,  
Қонеам – езім аймагым.

Не өзінің елі жоқ,  
Не өзінің тегі жоқ.  
Босқындар көн бүл күнде,  
Қоныстаиар жері жек.

Үрғен иттей көшке ерген,  
Ауып шыққан ішкі елден.  
Ел үстінен күн көрген,  
Сол емес пе көшпендің.

### ТҮСІНБЕЙ ЭЛІ КЕЛЕМІН...

Биіктеге өрлемдім,  
Ылғи қызық көргенім.  
Қуанышқа кенеліп,  
Тек тамаша жердемін.

Махаббатқа масайдым,  
Құшағында «Жас-Айдың»,  
Тамашага – тамаша,  
Қызықты өзім жасаймын.

Тұсінбей элі келемін,  
Осы ма бақыт дегенің?!

Орындалды арманым,  
Келер күнге жалғанып,  
Асау арман жолында,  
Көргенім жоқ алданып.

Қатарымнан қалыспай,  
Бет шарпысып, қағыснай,  
Жұрсөң-дағы бұл өмір,  
Кете берер алыстай.

Өзінде барлық керегің,  
Осы ма бақыт дегенің?!

Бір-бірінен қызғанып,  
Мансан іздел, жүз жаңып,  
Бірін алыш жүргенде,  
Басқасынан құр қалып.

Шар табақтан ет жесе,  
Бар қажетті ептесе,  
Қуаныш та, қызық та,  
Өз басынан кетпесе,

«Басында екі кеменің»,  
Осы ма бақыт дегенің?!

Тал шыбықтай таралып,  
Жан-жағына қаранып,  
Сырты сұлу, іш тұтіи,  
Құлқын үшін жаралып.

Биікке солай өрлеген,  
Еш қындық көрмеген,  
Енді қайтып ел құсан,  
Жүргісі жоқ жерменен.

Түсінбей әлі келемін,  
Осы ма бақыт дегенің?!

## ҚҰДАША

(Әзіл)

Қалжындал ем өзіңмен,  
Ұшқын көрдім көзіңнен.  
Сол-ақ екен, құдаша,  
Айырылдым төзімнен.

Бұл ісімді, құдаша,  
Құп көрмесеің тым аса.  
Мен қайтейін өзіңе,  
Көңіл шіркін құласа.

Тәлкеғіне көнгемнін,  
Тагдыр мені женғен мың.  
Әлегі ғой барлығы,  
Ағам менен женгемнің.

Аlam құнде есіме,  
Бейнене қарап тесіле.  
Ағам сенің әпкене,  
Үйленді деп несіне.

Дәлел емес ол да аса,  
Көңіл хошын ондаса.  
Құдаша қайдан болар ең,  
Ағам жездең болмаса.

Біз бәріміз іріміз,  
Біздің жарық құніміз –  
Екі асылдың біріне,  
Ие бөлдық біріміз!

Ағама жұрмін қуанып,  
Женғем үшін.  
Бұл – анық!  
Көңіл шіркін бәрібір,  
Өзіңе тұр сұранын.

Бұл ісімді, құдаша,  
Құп көрмессің тым аса.  
Мен қайтейін өзіңе,  
Көңіл шіркін құласа.

### ЖЕНГЕМЕ

(Әзіл)

Ағамның тұстің «торына»,  
Сақина салды қолыңа.  
Қайындарың жиіалды,  
Оңың менен солыңда.

Үлкендерден бата алдың,  
Қызықты өз қатарлың.  
Болыс та – өзің, би де – өзің,  
«Ерке келін» атандың.

Бір мінезден аумайсың,  
Кішілерге – таудайсың.  
Еркелікпен назданып,  
Елдің көңілін жаулайсың.

Ағамның әлде соры ма?  
Бәрін қызып жолыңа –  
Тапқан тиын-тебенін  
Жинап жұр сенің тоныңа...

## **АУЫЛҒА АСЫҚҚАНДА**

Жер баттасын, езіліп ақ жауынға,  
Жүргізбейді, жолдың үсті ауыр да.  
Машинанды екпіндеші, бауырым,  
Тез жетейік кеш батқанша ауылға.

Сағынышым қеудемдегі ұялап,  
Тапнай келед көңілімде тиянақ.  
Асығамын еол бір жерге жеткенше,  
Екі есімді қатар жазғам сиялап.

Белгілі ғой – жаңбыр оны жуганы,  
Белгілі ғой – сан айлы тұн туғаны.  
Бірақ ешкім өшірғен жоқ жүректен,  
Сол бір сөзің құлагымда тұрғаны.

Сол есімді өшірмее еш жауының,  
Үнінді де әкетпес еш дауылың.  
Бал сезімге ең алғашқы от берген,  
Қандай ыстық – туған жерім, ауылым!

Машинаңа «бас қамшыны», бауырым,  
Сағыныпның дала төсін, тау үнін.  
Өтін еді тоскейінде қызық шақ,  
Қайран тәтті балалық шақ дәуірім.

Жігіт болып шың қияға өрледік,  
Намыс туын қолымыздан бермедік.  
Түшіменен дубірлетін даланы,  
Ақ сүйекті Айлы асианға сермедік.

Сол ақ сүйек сол орнында жатқандай,  
Көңілім соны дәл өрнінан тапқандай.  
Сүйекті емес – ақ жүзінді іздеуші ем,  
Қайда екен сол Айлы тұнгі ақ маңдай?

## АҚТОҒАЙ ШАТЫРШАНЫң БАУРАЙЫНДА

Шынарлы шырайы боп кең даланың,  
Баурайды суретшінің қыл қаламын.  
Өзінді еске алғанда сезім шалқып,  
Қаламды жыр тасыған қолға аламын.

Шатырша бастау болған биіктеге,  
Сондыктан мақтанды ол, сүйікті елге.  
Алыстан Ақсоранға еәлем беріп,  
Жол сілтеп Тукөделік киіктеге.

Шатырша аспанменен таласады,  
Басында қойтастары жарасады.  
Әркімнің өскен жері өзіне ыстық,  
Бауырында өткен соң бала шағы.

1971 ж.

\* \* \*

Алыстан-ақ әр адамды арбаган,  
Тиянақ боп сан қияны шарлаған.  
Өз қолымсн жаеагандай әдейі,  
Табиғаттың тылсымына таң қалам.

Ақын сырын түсінер ме ұқнаған,  
Ардың туын ешқашан да жықпаган.  
Сарыарқаның түсінер ме кендігін,  
Шатыршиның басына бір шықнаған.

Ел сиғызып Шатырша етегіне,  
Немере ертіп әжсің жетегіне.  
Алты Алашқа айбынды айбар болған,  
Үш Арыстың айналып мекеніне.

1990 ж.

## **ҚЫЗ-БАЛҚАШ ПЕН ТОҚЫРАУЫН**

**(Аныз-баллада)**

*Тоқырауынның жаратылышы қызың – ағып жатқан өзен  
кенет құмга сіңіп, жоқ болып кетеді де, жер астымен барып  
Балқаш көліте құяды. Суы түщү. Қазір Балқаш қаласының  
халқы осы озенниң суын тұтынып отыр.*

Бұрандап арман-тұлкі келеді алдан,  
Саяқтай жалғызырап жеке қалған.  
Құлазып, Тоқырауын ынтығады,  
Ұмтылып Қыз-Балқашқа жете алмаған.

Кұлғыны барлық жаинан асырғандай,  
Ақ толқын – ақ моншағы шашылғандай.  
Ай маңдай ақ маржанын шашқан кезде,  
Сандығы нұр сәулениң ашылғандай.

Қылымсып, Құнгे қарал күлімдеген,  
Толқыны самал соқеа дірілдеген,  
Бір сыр бар көл мен өзен арасында,  
Көзіне басқалардың ілінбекен.

Тірелін құм-богетке аса алмайды,  
Аяғын әрі қарай баса алмайды.  
Ынтығын, сүйгеніне жете алмаған,  
Бөлмайды ғашықтарға оеал қайғы.

Жетті ол ақырында жер астымен,  
Сөйтті де бақыт талты жаасты тед, -  
Деп маган Әжем айтын ертеғісін,  
Жылайтын ғашықтардың жаастығын.

Бір ойды бір ой қозғап, жалғас келген,  
Есінен танарлықтай алғаш көрген,  
Есімін Арқа-Атырау түгел білген,  
Болыпты бір сұлу қыз Балқаш дегеи.

Жайлаган Күшоқы, Ақтас атырабын,  
Белгілі, талай елге аты мәлім.  
Большиты бір сал жігіт өзі көркем,  
Сымбатты сүмбі талдай – Тоқырауын.

Балқашқа Тоқырауын ғашық екен,  
Көруге перизатты асық екен.  
Ер жігіт ак наизадай жарқылдаған,  
Бетке алса – қайтпайтуғын жасын екен.

Бір күні қызды ауылды бетке алады,  
Жетекке бір торыны шетке алады.  
Шырқатын, әнге салып, әуслетіп,  
Барады думандатып кең даланы.

Тербетіп, думандатып кең даланы,  
Бұлбұлша сері жігіт ән салады.  
Арқаның бетіп желіп жібек желі,  
Толқытып өне бойын жан самалы.

Ойында тек, Қызы-Балқаш,  
Ойында тек!  
Ғашықтық бара жатыр бойын өртеп,  
Ән салып келе жатса сері жігіт,  
Бозбала қосылады тайын ерттеп.

Жиналды жанына көп нөкер болып,  
Ауылға симай қаптал кетер болып.

Ұзақ жол талай күндік артта қалып,  
Кез болды қызды ауылга жетер қопып.

Көрінді қызды аулдың белестері,  
Созылып көлбеп жатты дөнес-дөні.  
Жігіттің алып-ұшып ет жүрегі,  
Сұлудың пайда болды елестері.

Бір үміт жүректерін жақындағып,  
Бір үміт тілектерін қабылдағып.  
Бір үміт маза бермей аласұртын,  
Бір үміт ыстық қанын салқындағын.

Бір үміт алау болып жалындағып,  
Бір үміт асau болып арындағып.  
Бір үміт бөйды кернеп, мастандырып,  
Бір үміт маза бермей дамылдағып.

Бір үміт самал желден тың тыңдағып,  
Бір үміт әсем ойға балқып жатып,  
Бір үміт әлдеқайда жетелейді,  
Бір үміт күй шертеді сылқылдағып.

Сан ойлар көгершіндей қаптап кеткен,  
Есімін жургендіктен жаттап көптен.  
Іздейді толас бермей бір саяны,  
Іздейді түнгі самал, аспан-көктен.

Шең басы самал жеммен тербеледі,  
Кей сэтте жігіт көнді өзгереді.  
Ойында жалғыз гана қыз бейнесі,  
Ойласын осындауда өзге нені?!

Самалға жүрек үнін тыңдатады,  
Тұнгі аспан жымың-жымың үн қатады.  
Үйқыда барлық нөкөр, жігіт ояу,  
Мұндайда тыныш ұйықтап кім жатады?!

Сан толғақ ой-санасын мазалайды,  
Сан толғақ ой-санасын саралайды.  
Сан толғақ ой-қиялын шарықтаған,  
Арман-елес Балқашты жағалайды.

Ер жігіт ұйықтай алмай жатып еді,  
Жатарда насыбайын атып еді.  
Қыз-Балқаш пен насыбай әсеріпен,  
Елітіп, рахатқа батып еді.

Болғанда қызыл иек, таң білінін,  
Кеткен-ді екі көзі жаңа ілініп.  
Дір етті ғашық жүрек қапелімде,  
Кеткендей аспан асты жаңғырығып.

Шыққында аңы дауыс жаңғырығып,  
Атып тұрды жастықтан басын жұлып.  
Іле-шала жантайып, құлай берді,  
Алыстап бара жатты таңғы үміт.

Жанады сатыр-күтір қу тамызық,  
Барады ер жігіттің демі үзіліп.  
Қызғанған Қыз-Балқашты бір есерсоқ,  
Жіберген шақинасына у тамызып.

Ақтық сөз ең болмаса айта алмады,  
Балқашқа жаға болып жайқалмады.  
Кездесіп ғашығына, мауқын басып,  
Еліне аман-есен қайта алмады.

Түйілді күн қабагы назаланып,  
Ысқырды құмның желі азаланып.  
Жете алмай Қызы-Балқашқа қалды мәңгі,  
Құштарлық сезімі үшін жазаланып.

Дегенмен, Токырауын танты амалын,  
(Тәнір де бұл қылышын жақтары анық).  
Қалайда ғашығына қолы жеткен,  
Қалайша ер жігітті мақтамалық!?

Сілтеді Тоқырауын құлашты кең,  
Жөнелді өзен болып құм астымен...  
Ешкімге айтылмаған аныз еді,  
Халайық, осылайша сыр аштым мен.

**1985 ж.**

## **МАЗМҰНЫ**

Ақтогай – арыстар мекені .....	3
«Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда».....	19
Бегазыда көп сыр бар .....	24
Туган жердің тұтіні .....	29

### **Сұхбаттар мен портреттер**

«Ақтогайда мүмкіндік мол» .....	37
«Тіл саясаты – басты бағыт» .....	55
Ұлты үшін, үрпағы үшін еңбек еткен .....	61
«Аудан өмірінің шежіресі» .....	66
Шалқылған шаруа қожалығы .....	73
Пима басқан Қасым .....	77
«Кәсіпкерлердің мұддесі үшін құрылған» .....	81
Аудандагы аға инспектор .....	86
Құрметке бөлөнген азамат .....	89
Ауыл ардақ тұтты .....	93
«Алаш атауынан бас тартпайық» .....	98
Күй құдіреті .....	103
Халқы қадірлеген хатшы .....	108
«Куандық» қожалығының қызы .....	113
Мұғалім мерейі .....	117
Екі саланың ардагері .....	120
Мерейлі мейірбике .....	123
Қашқындар .....	127
Артында үрпағы бар .....	138
Ұстаз мәртебесі .....	141
Откен өмір көрген түстей .....	147
Ел билетін Біләл .....	151
«Төл тенгеміз әрқашан тегеуірінді» .....	155
Өз ісінің маманы .....	158
Ғасыр жасаған қария .....	161

Ауыл ардагері .....	165
Кәсіподақ тарланы .....	168
Ақәженің шәкірті .....	173
«Өнерді аялай білу керек» .....	179
Мәйнаның мәнді ғұмыры .....	183
Еңбегімен еңселенген .....	188
Өл белгісіз солдат емес .....	192
Откен күн өрнектері .....	195
Дәүіріміздің Дәуітәлісі еді .....	201
«Жайсыз тاماқ ішкен гой...» .....	205
Қызыларайдың Қазкең .....	208
Өнер жолында .....	211
Ұлагат – ұстаздан .....	216
Толарсақтан қан кешкен .....	222
Есімі оның Есенгелді .....	225
Биқтерге бастаған баспалдақтар .....	229
Ақтогайдың айтқыштары .....	237
Өлеңдер мен аңыз-баллада .....	263



**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

**АҚТОҒАЙ –  
арыстар мекені**

**Корректоры Орынтай Төлеубекова**

Басуға ...07.2015 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16

Каріп түрі Times New Roman

Қағазы оффсеттік. Көлемі 16,9 баспа табақ.

Тапсырыс № 5343

Таралымы 400 дана.

ЖШС «Tengri Ltd» баспаханасында басылды.

100022, Қарағанды қ., Космонавт қ, 1А үй.

Тел: 8 (7212) 43-19-54



Ақтогай ауданының Ұстыбұлақ (Еңбек) ауылында туып-ескең Сүйіндік ЖАҢЫСБАЙ - Қазақстан Жазушылар одағының мұшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Құрметті журналисі, облыс әкімі «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.

Шығармашылық еңбек жолын Қараганды облыстық теле-радио комитетінде редактор болып бастаған. Оның қаламынан туған мақалалар мен очерктер, әңгімелер, әзіл-сықақтар кезінде республикалық мерзімдік басылымдарда үзбей жарияланып тұрды.

Көптеген кітаптардың авторы. Солардың ішінен милиция өмірін «Өткініш» (орыс тілінде «Взятка») атты әңгімелер мен очерктер жинағын, «Адамша кел» әзіл-сықақ әңгімелерін, «Ауылымды аңсадым» өлеңдер жинағын, облыстың экологиялық мәселелеріне арналған «Сарыарқаның самалы» атты жинақты, орыс тілінен аударған «Алтай ертегілері» атты кітапты, «Кездесу» атты повестер мен әңгімелерді, «Ақабайдың ала қабы» атты әзіл-сықақтар кітабын атауға болжады. Ақтогай ауданының білім саласының тарихына арналған «Білімнің қия жолында» атты кітап құрастырды және оның жауапты редакторы болды. Кейіннен «Тәртіп сақшылары» - «На страже порядка» әңгімелері мен очерктерін, «Азаматым – ардағым», «Азаматым – аскәрим» деп аталған портреттер кітабын жариялады.